



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ -
ЖУРНАЛИСТ, ПУБЛИЦИСТ, ҒАЛЫМ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
МАТЕРИАЛОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«СУЛТАНМАХМУТ ТОРАЙГЫРОВ -
ЖУРНАЛИСТ, ПУБЛИЦИСТ, УЧЕНЫЙ»**

14 сәуір 2023, Атырау



УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
С89

Редакция алқасы: Идрисов С.Н., Айбульдинов Е. Қ., Бакирбекова А.М., Корган Б.Б.,
Исмурзина Г.Б., Мукашева М.Т.

ISBN 978-601-262-515-8

«Сұлтанмахмұт Торайғыров - журналист, публицист, ғалым» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы – **Сұлтанмахмұт Торайғыров – журналист, публицист, ученый**. Сборник материалов Республиканской научно-практической конференции. – Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспаханасы, 2023 ж. –177 б.

Жинаққа Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарының жас ғалымдар, магистранттар, студенттердің өзекті мәселелері бойынша ғылыми баяндамалары енгізілген.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых высших учебных заведений Республики Казахстан по актуальным вопросам.

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы электронды түрде берілген материал негізінде дайындалды. Материалдардың мазмұнына мақала авторлары жауапты.

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, предоставленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

ISBN 978-601-262-515-8

©Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің баспасы, 2023
©Издательство ASU Press

**ҚЫМБАТТЫ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫ
ӘРІПТЕСТЕР, СТУДЕНТТЕР!**

Бүгін Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, аса көрнекті ағартушы, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына арналған **«Сұлтанмахмұт Торайғыров-журналист, публицист, ғалым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысын** бастаймыз. Конференция жұмысына қатысуға еліміздің ЖОО оқытушылары, ғалымдар, магистранттар мен студенттер қатысып отыр.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қысқа ғұмырында артына мол мұра, өшпес із, тағылымды дүниелер қалдырып кеткен тұлға. Қаламгер шығармаларын зерттеу, жан-жақты зерделеу арқылы, тереңдеп оқу арқылы өздеріңіз де қазыналы мұраларын біле түскен шығарсыздар.

Ол-өмірдің қиындықтарын көре жүріп, өмір шындығын жырлаған ақын, жастарды оқу-білімге шақырған ағартушы, елдің әлеуметтік мәселелерін көтерген журналист. Өз тілімен айтқанда “Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды”, “Мұздаған елдің жүрегін жылытуды” арман етті. Ол қоғамдағы әділетсіздікті, әлеуметтік мәселелер мен әйел теңсіздігін көтерді. Қоғамдық құбылыстар мәнін түсінуге және ақиқатты айтуға бағыт ұстады. Шығармаларының негізгі идеясы жақсылыққа ұмтылып, жарқын болашақты арман етті.

XX ғасырдың басында жаңаша ой-пікірдің дамуына ықпал етті, өмірді шынайы суреттеді. Орда бұзар шағы — отызға да жетпей, құйрықты жұлдыздай ағып түскен Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы жасай берері анық!

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін! Білім мен ғылымды игеруге ұмтылған жастарымыз көп болсын!

Айбульдинов Е. Қ. —
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылым және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректоры, PhD

1 СЕКЦИЯ

С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

С.ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ БАҒЫТ

Асқарұлы Алаш-Омар

«Тұран» университеті, «Журналистика және аударма ісі»

кафедрасының 1-курс студенті

Жетекші: Ауезова Э.Ж. «Тұран» университеті,

«Журналистика және аударма ісі» кафедрасының сениор-лекторы

Сұлтанмахмұт Торайғыров – ерте оянған, елдің мұң-мұқтажын ерте түсініп жырлаған азамат ақын. Бала күннен жазған өлеңдерінің өзінен-ақ ол әлеуметтік теңсіздікті, халықтың қоғамдық өміріндегі мешеулікті жіті көзқараспен таниды. «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп, ақын қара басындағы міндетті ғана айтып қойған жоқ, өз халқының дертіне ем табу, мұқтаждықты, өнерсіздікті жою, сөйтіп халықты, мәдениетті, ерікті етуді ойлайды. Бар мақсаты оқу, өнер болған ақын кім не нәрсені ардақтай білсе, сол нәрсенің қадіріне жетіп жақсысын да асыра біледі деп насихаттайды. Сауат ашу, хат тану барысында Сұлтанмахмұт алдымен өзінің ана тілін қадірледі, соның барлық ерекше қасиеттерін танып білді.

«Сүйемін туған тілді, анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан,

Құлағыма сіңірген таныс үнін», - деп, халқының асыл мұрасын бойына сіңіріп, жақсылығын мақтан етті. Өнер-білімді игеру адам баласын бақытты болуға бастайды, надандықтан арылтады, өмір сүруді жеңілдетеді дегенді жастардың ұғымына жеткізуге тырысады.

«Жалғыз ғана оқумен теңелмейсің,

Алауыз азғын болсаң қоян жүрек», - деп жастардың намысына тие, арына қозғау сала сөйлейді. Сонымен қатар өнерлі, білімді болумен бірге ынтымақшыл, көпшіл болудың қажеттігін түсіндіреді. Өз халқын надандықтың қара түнек тұңғиығынан арылтып, тезірек жарқын болашаққа қарай талпынтса деген адал көңілі ақынның асқақ рухын ерекше байқатады.

«Ден сау болса, тағдырдың,

Көкке ұшырам күлдерін,

Түрлентемін гүлдерін,

Жігермен талап еткен соң,

Қоям ба екен сүлдерін?», – дейді өр ақын. Бұл – жігерлі, қайсар азаматтың ертеңге деген зор сенімінен туған шын ниет. Жастарымызды жігерлендіре, серпілте түсіп, арына асыл рух сепкен ақын өлеңдерінің тәрбиелік мәні осы тұрғыдан көрінеді. Қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыстың, жаңа жолдың иесі бола білген ақын өлеңдерінде саяси лирика мен табиғат лирикасы көп орын алады. Саяси-әлеуметтік тұрғыда халық мұң-мұқтажын, тілегін өз халі, өз арманы, өз мұңы етіп жырлайды. «Анау-мынау», «Қандай?», «Жарлау», «Бұлар кім?» деген өлеңдерінде ақын сол заманның өзекті мәселелерін алға тартады. Бұл жолдағы ақын ұстанымы – халқын шат өмірге жеткізу, көкірек көзін ояту, тас түнектегі жол көрсетер сәулелі жарық болу. Бұл өлеңдер Сұлтанмахмұттың қандай жағдайда да келешектен үміт үзбеген өр қасиетін,

асқақ арманы мен талабын танытады. Қоғамдық құбылыстарды, кейіпкерлер бейнелерін салыстыра суреттеу негізінде ұнамды-ұнамсыз шындықтың қарама-қарсылығын таныту оның жазушылық, ақындық келбетінің елеулі көрінісі болып табылады.

Торайғыров өз өмірінің мәнін туған халқының ағартушылығынан, рухани және әлеуметтік-саяси езгіден босатылуынан көрді. Ол адамдарды рухани жағынан бүлдіретін надандық пен қараңғылықты жек көрді, еркін өмір сүруді армандады, кейде көшпелі ауылды қайта құру жолдарын іздеді. Ел мен мәдениеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына апаратын жол ағартушылық арқылы, - деп ойлады және ол бәрінің жақсы болғанын қалады, бірақ бастамасы қалай болуы керек деген сұрақ туындап тұрды. Ақиқатты іздеуде дарынды жас әлеуметтік-саяси, философиялық әдебиеттермен таныса бастады - ол жалпы күресте өз орнын табу үшін қазіргі заманның күрделі мәселелерін түсінуі керек еді. Торайғыров өмірінің соңғы жылдарында, ауыр сырқат оны төсекке жатқызған кезде, Отанымыздың болашағына деген оптимизмге, сенімге толы көптеген шығармалары жарық көрді.

Сұлтанмахмұттың соңғы аяқталмаған поэмасы «Қалалық және дала ақындарының сайысы» тақырыпшасымен шыққан «Айтыс» поэмасы болды. Диалог түрінде жазылған шығармада ақын бұрынғы ескі сенушілердің өмір салтын бұзғысы келді. Дарындылық сипаты жағынан азаматтық көзқарасы басымырақ лирик, Сұлтанмұхмұт Торайғыров, өзінің қысқа ғұмырында сонша елеулі шығармалар жазып, ұлттық мәдениет тарихында лайықты орынға ие болған ақын. Халыққа деген жанқиярлық сүйіспеншілікке толы оның поэзиясы өзінің әлеуметтік бағыты жағынан Некрасовтың шабытымен ұқсастық табады, әлі күнге дейін азаматтық ерліктің толқуы естіледі. Ол айқындалатын ақиқаттың салтанатты сәтіне сенді, сондықтан «шуақты таңды» жақындатуға ұмтылды.

«Адамның орасан зор, ғарыштық масштабтағы орнын ұғыну әрекеті, - деп жазады зерттеуші Мұрат Әуезов, - өткеннің қазақ поэзиясында теңдесі жоқ құбылыс. Торайғыров поэзиясының лирикалық кейіпкері мәңгілік, өшпес, отты материяның бөлшегі ретінде өзін сезінеді. Ақынның сүйікті бейнесі - оның жылу мен жарықтың символы ретінде қабылдаған от бейнесі кездейсоқ емес».

Ғалам құпияларына, болмыс құпияларына ене алатын адам ақылының күшін даңқтай отырып, ақын Абай сияқты зорлық-зомбылық пен надандықты қабылдамайды, өз өмірінің мақсаты ретінде халықты ағартуды жариялайды. Осы жерде зерттеушінің дәл басып жеткізген ойы: «Оның жалынды, кейде күн ілгері болжау стилі, ұйқысыз, рухсыз өмірге бейімділікті масқаралайды, аштық пен кедейлікті тудыратын, адамның өзін-өзі бағалауын төмендететін өмір жағдайларына наразылық білдіреді». Кейде ақын өз жұмысының нақты нәтижелерін көрмей, ұмтылыстарының жауапсыздығынан зардап шегіп, өзін шөлге лақтырылған гүл тұқымымен салыстырады.

Әлеуметтік-философиялық поэзияның, азаматтық ерлік поэзиясының гүлденуі ғана емес, сонымен қатар әдебиеттің жанрлық, көркемдік байытылуы да Торайғыровтың есімімен байланысты. Алғашқы романдардың авторы — өлеңдер мен прозаларда, алғашқы философиялық және әлеуметтік өлеңдер мен очерктерде демократиялық дәстүрлердің мұрагері болды.

Қазақ поэзиясының биігіне өрмелеп шыққан ақын ол – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Абайдан кейінгі ұлы ақындардың бірі. Ұлт үшін күрескен қайраткер. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы елімізді, ең алдымен, мәдени мұрамызбен, шығармашылық әлеуетімізбен ілгерілетуге үндейді. Сұлтанмахмұт Торайғыров ұлттық идеяның жыршысы. Қай кезді алып қарасаң да, қоғамның қозғаушы күші жастар болып табылады. Сұлтанмахмұт жастық жігерімен, патриоттық жырларымен жастарға үлгі болады. Өлеңдерінде жастарды оқу-білімге шақырды. Демек, бүгін де һәм болашақта да елеулі өзгерістердің орын алуы – жастардың қолында. Оқырман ұрпақ – Қазақстанның болашағы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары, Алаш мұрасы - Алматы: Алаш, 2005
2. Тапанова С.Е. Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесі. Монография – Астана: 2013. – 264 бет.
3. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі – Алматы, Қазақ университеті, 1968
4. Кемеңгерұлы Қ. К, Үш томдық шығармалар жинағы. 1 – том. – Алматы: «Алаш», 2005
5. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1997. – 512 бет. Жұмабаев М. Ж 87 Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989

АСҚАҚ АРМАНДЫ АҚЫН

Абдрахманова Аида,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті гуманитарлық ғылым және өнер факультеті
журналистика кафедрасы, 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: **Кайрова Г. Ж.**, оқытушы

XX ғасыр басындағы қоғамдық саяси және тарихи әлеуметтік оқиғаларға қазақ жеріндегі өзгерістерге өзінің азаматтық, ақындық өнерін қосқан талантты қазақ ақындарының бірі Сұлтанмахмұд Торайғыров болды. Ақын өмір сүрген тарихи кезең Патшалық Ресей жеріндегі алапат сілкіністер мен төңкерістер заманы еді. Сол себепті де Сұлтанмахмұдтың ой санасы ерте оянды. Жастайынан жетімдіктің, жоқшылықтың қиындығын көп көрген ол айналасына сергек қарады. Алдына биік мақсаттар қойды, соған жетуге талпынды, ілгері ұмтылды, оқуға, білуге құштар болды. Мақсаты мен жүрек қалауын қашанда ашық айтты.

«Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,

Разымын не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығамын,

Бірақ бір табармын деп көңілім сонда» - деп өзі айтқандай ақынның барлық саналы өмірі шындыққа, әділетті заманға жетсем, жақсылықты көрсем, халқыма осы жолда қызмет етсем деген ізгі арманның жетегінде өтті [3, 19]. Сол жолда өзінің қиналатынын, шаршайтынын, адасатынын сезсе де қайраткер ақын оның бәріне көнуге өзіне - өзі серт береді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында осындай жігер мен алға ұмтылған ол туған халқының тарихындағы от жүректі ақын, әрі қоғам қайраткері, ұлтын шексіз сүйген азамат дәрежесіне көтерілді.

Сұлтанмахмұд Торайғыров 1893 жылы 29 қазанда қазіргі Ақмола облысының Қызылту ауданында туады. Екі жасында анасынан айырылып, әжесінің тәрбиесінде болған оның балалық - жастық шағы Баянауыл өңірінде өтеді. Кедейлігінен шоқпыт атанған әкесі Әбубәкір ақкөңіл, жомарт әрі айтқанынан қайтпайтын қайсар адам болған деседі. Сұлтанмахмұд алты жасында әкесінен оқып, хат таниды. Бұдан кейінде Шоқпыт бірде өзі оқытып, енді бірде ауыл молдаларына беріп баласының оқуын үзбейді. Болашақ ақын 1902 – 1905 жылдары Тордай, әрі 1906 – 1907 жылдары Мұхан деген молдалардан дәріс алады. Сұлтан Махмұд үшін әсіресе Мұхан молданың тәрбиесі ерекше болады. Мұхан молда көп оқыған, әдебиеттен хабары бар, өзі де аздап өлең жазатын адам болған. Оқушыларын үнемі қазақ ауыз әдебиетін, шығыс әдебиетінің үлгілерімен таныстыра отырып, шәкірттерін өлең жазуға баулиды. Сұлтан Махмұдтың 13 жасында жазылған «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» деп аталатын өлеңі осы Мұхан молданың ықпалымен туған еді. 1908 -1910 жылдары Сұлтанмахмұд Баянауылдағы медреседе оқиды. 1911 жылы Троицк қаласынан көрші ауылға келіп молдалы қорған Нұрғалидан дәріс алады. Нұрғалидің көмегімен бұл кезде қазақ, татар тілінде шыққан кітаптарды газет журналдарды көп оқиды. Өлең, әңгіме жазуға ден қояды. Білімі толысып, өнерге құштарланған Сұлтанмахмұд қаламынан «Дін», «Сарыбас», «Соқыр сопы», «Кезек

қашан келеді», «Оқу» атты бір қатар өлеңдер мен «Зарландым» деген әңгіме туады. Оларды талапкер ақын ескі оқу мен жаңа оқудың айырмасы, өнер мен білімнің пайдасы, байлық пен кедейлік туралы толғанады. 1912 жылдың күзінде Сұлтанмахмұд оқу іздеп Троицк қаласына барып, осындағы медресеге түседі. Қуанышында шек болмайды. Көңілін шабыт кернеп, «Оқудағы мақсат не?», «Анау – мынау» тәрізді бірқатар өлеңдерін жазады. Әйтседе бұл медреседе көп оқи алмайды, науқастанып амалсыздан Троицк маңындағы қазақ ауылдарына барып бала оқытады. Осында жүріп «Ауырмай есімнен жаңылғаным» деген белгілі әңгімесін жазады. 1913 жылдың күзінде Троицкке оралып, осында шығатын «Айқап» журналына қызметке орналасады. Бұл Сұлтанмахмұдтың шығармашылық жолындағы аса табысты кезең болды. Шабыты тоғысқан ол әртүрлі жанрда көптеген әңгімелер жазады. Атап айтқанда: «Қамал Сұлу» романы, өлең және айтушылары, қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан «Қазақ ішінде оқу оқыту жолы қалай?» деген тәрізді мақалалары осы «Айқап» редакциясында қызмет етіп жүрген уақытында дүниеге келеді. Осында жүріп «Тентектің жинаған шоқпары», «Тамшы» атты жинақтарын әзірлейді. Өкінішке орай бұл кітаптары жоғалып кетеді. 1914 жылдың жазында ауылда біраз болып, қаржы жинап, үлкен қалалардағы оқуларға бармақ ниетпен Сұлтанмахмұд Баянауылға келеді. Ел ішінде бала оқытады. Жастар арасында оқуға, мәдениетке шақыратын насихаттық жұмыстарын жүргізеді. Күзде орысша оқу мақсатымен Семейге барады. Бірақ оқуға іліне алмайды, қаржысы таусылады. Ақырында Шығыс Қазақстандағы Қатон Қарағай деген жерге барып екі жылдай осы аймақта бала оқытады. 1916 жылдың күзінде Троицкке барып, курсқа ілігеді. Әдебиет, тарих, философия кітаптарын көп оқиды. Ресей Патшасы тақтан құлаған 1917 жылдың көктемінде Сұлтанмахмұд Семей қаласына келеді. Қазақтың оқыған азаматтарымен танысады, араласады, қызметке кіреді. «Алаш қозғалысына белсене атсалысады. 1918 жылдың жазында Кеңес үкіметі құлаған аласапыран тұсында Сұлтанмахмұд Баянауылға келіп, шығармашылық жұмысын жалғастырады. «Социализм атты мақала неге жасаймын?», «Осы да әділдік пе?», «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларын жазады. Бұл шығармаларында ақын өз көзқарасын білдіреді, өмірге үмітпен қарайды. Өзінің ой, пікірлерін, түсінігін алға тартады. 1919 жылдың соңында Сұлтан Махмұд Павлодарға келіп, біраз уақыт Кеңес Үкіметіне қызмет етеді. Бірақ көп ұзамай төсек тартып жатып қалады. 1920 жылы 20 мамырда 27 жастағы Сұлтанмахмұд дүние салады. Сұлтанмахмұд Торайғыров өзінің қысқа уақыт ғұмырында халқына мол әдеби мұра қалдырып кетті. Ол әдебиеттің әртүрлі жанрларында өнімді еңбек еткен талантты қаламгер еді. Оның қаламынан 100-ден астам өлең, 5-6 поэма, 2 роман, 10 шақты мақала туды. Сұлтанмахмұд шығармаларының тақырыбы өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісіндей бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені, өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеумен басталады. Сұлтан Махмұдтың лирикалық сипаттағы өлеңдері әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы – мұңы, өкініші де, халықтың ауыр хәлге жүрегі сыздаған аянышпен жанашырлық сезімде болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық патриотизмі де бар. Бірақ, ақын өлеңдеріндегі мұң – зар, жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақыналдағы өміріне зор үмітпен қарайды [2, 379]. Сұлтанмахмұд өз заманының өзекті мәселелеріне арнап бірнеше поэма жазды. Атап айтқанда, «Кедей» поэмасы ғасыр басындағы қазақ кедейлерінің хал – жағдайын, сезім – күйін, ауыл тұрмысын бейнелесе, «Адасқан өмір» поэмасында ақын айналасында болып жатқан оқиғаларға, өмір құбылыстарына өз сезімі арқылы шолу жасайды. Қала ақыны мен Дала ақыны төрінде жазылған айтыс поэмасында қазақ даласындағы өзгерістер, әлеуметтік өмір көріністері суреттелсе, «Таныстыру» поэмасында төңкерістер заманында қазақ елін өрге жетелеген қайраткер азаматтар бейнесін сомдауға талпыныс жасалады. Сұлтанмахмұдтың «Қамар Сұлу», «Кім жазықты?» қазақ әдебиетінің даму тарихынан елеулі орын алады. Көркем прозаның қалыптасу кезеңінде дүниеге келген бұл романдарда өз заманының ащы шындығы бейнеленеді. Сол дәуірдегі әйелдердің бас бостандығы, қоғамдағы

әлеуметтік әділетсіздік мәселелері мен жаңа психология арасындағы тартысты, қоғамдағы адамдардың түсінік танымдары кереғар құбылыстарды бейнелеу арқылы Сұлтанмахмұд туған халқының болашағы туралы толғанады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілов Д. «Ақын арманы» қалай жазылды // Қазақ әдебиеті. - 1983. - 11 февр. Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы трилогияның жазылуы жайлы.

2. Әбілов Д. Ақын арманы: Роман. - Алматы: Жазушы, 1965. - 379 б. Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы.

3. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар / Дайынд. Р. Сарғожин // Қазақ әдебиеті. - 1990. - 10 тамыз. М.Жұмабаев, А. Байтұрсынов, С. Торайғыровтар туралы

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Ауезова Э.Ж.

«Тұран» университеті, «Журналистика және аударма ісі»
кафедрасының сениор-лекторы

Сұлтанмахмұт Торайғыров Ауыл молдасы Мұқаннан дәріс үйреніп, сол кісінің өнегесімен 13 жасынан өлең, әңгімелерін жаза бастады. Оның тұңғыш өлеңі «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» деп аталады. Осы тырнақалды өлеңі оны шын белеске жетелей отырып одан әрі публицистік қызметіне жол ашты. Сұлтанмахмұт медреседе көп оқи алмайды, денсаулығына байланысты тастап кетуге мәжбүр болады. 1912-1913 жылдары ол емделе жүріп жұмыс істейді. Осы кездері жазылған «Қандай?», «Анау-мынау», «Шығамын, тірі болсам, адам болып», «Түсімде», «Бұлар кім?», «Кешегі түс – бүгінгі іс» атты шығармалары әлеуметтік ойы тереңдігімен ерекшеленеді. Зұлымдық пен әділетсіздікті әшкерелей отырып, қазақ халқының жарқын келешегінен үміт үзбейді. Осы жылдары жазған «Түсімде кірген бір аянышты хал» атты өлеңінде Торайғыров алғаш рет қазақ әйелінің әлеуметтік жағдайы мен тағдырын өзек етіп көрсетеді. Бұл тақырып кейіннен оның шығармашылығында басты орын алды.

1913жылы жазда Торайғыров Троицкіге жақын қазақ ауылында балаларға білім берумен айналысады, ал күзде, қалаға қайтып оралады. Троицкідегі бұл кезде «Айқап» атты демократтық бағыттағы, қазақ халқы үшін аса көп прогрессивті істер атқарған журнал шығып тұратын. Ақын «Айқап» журналының редакциясына хатшы болып орналасады. Журнал беттерінде алғаш рет ақын, әдеби сыншы ретінде көріне бастайды. Бірақ, өзінің әрі ізденіп оқығысы келгендігінен, әрі ымырашылыққа төзбейтін, бетке айтар өрлігі әсерінен ақын, публицист болып қалыптасқан С. Торайғыров «Айқап» редакциясынан кетеді.

1911 жылдың басында Троицкіде шыққан «Айқап» журналы 1913 жылы Орынборда бірінші нөмірі басылған «Қазақ» газетінің жарық көруін тездетті деуге болады. Қазақтың осы бір журналы мен бір газеті ақпараттық кеңістікте бірер жыл қатар жүрді. Оқырман «Айқапты» қазақтың тұңғыш ұлы деп таныды, «Қазақ» газетін оның тетелес інісі деп білді. Аталған «ағайындар» арасында кейбір мәселелерге қатысты пікір алшақтығы да байқалмай қалмады. Соған қарамастан, журнал мен газет басқармалары, оның жазушылары қазақы кеңістікте қатар жүрген бір-екі жылда алдымен тақырып ортақтығын, шығармашылық татулықты, өзара түсіністікті ту етіп тұрды. Бейімбет Майлиннің сөзімен айтар болсақ, халық үшін «Қазақ» газеті көздің қарасындай, ал «Айқап» журналы көздің ағындай еді. Кеңестік ғылым журнал жарияланымдарын кедей тап мүддесі тұрғысынан бір жақты ұғындырып, «Айқапты» «демократияшыл» деп бағалады. Соған сәйкес XX ғасыр басында жарық көрген бірқатар газеттермен салыстырғанда, кеңестік заманда зерттеуге, ізденушілердің танысуына мүмкіндік

туған бірден бір көне басылым – осы «Айқап» еді.

«Өлең һәм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», т.б. әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды. Журналда аз ғана уақыт қызмет еткен ақын 1914 жылы жазда туған елі Баянауылға оралады. Ел ішінде мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін «Шоң серіктігі» деген ұйым ашпақ болғанымен, ісі жүзеге аспайды. Осы жылы орысша оқу іздеп Семейге барған Торайғыров діндеген оқуына түсе алмай, біраз дағдарысқа ұшырайды. Осындай көңіл-күй әсерімен «Ләпет бұтты шатырлап», «Алтыаяқ» сияқты өлеңдер жазған. «Ендігі беталыс», «Тұрмысқа», «Бір адамға», «Туған еліме», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүйе», «Гүләйім», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл», т.б. өлеңдерін, 1915 жылы «Кім жазықты?» атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелді.

Шығыс Қазақстанда жалданып бала оқытқан ол 1916 жылдың күзіне дейін әуелі Қатонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орыс тілін үйренеді. 1916-1917 жылдардың қысында Томскіде орысша оқиды. Өмірден көп қағажу көріп қажыған ақын арманына жетіп көңілі көтеріледі. «Шәкірт ойы» өлеңінде «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды», «Мұздаған елдің жүрегін жылытуды» армандайды. Осы тұста әлем әдебиетінің классикалық үлгілерімен, саяси кітаптармен танысты.

1917 жылғы ақпан айындағы төңкерістен кейін Семейде жаңа құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатынасып, «Алаш ұранын» жариялады. Бірақ ауруы асқынып кеткендіктен оқуды да, жұмысты да тастап, 1918 жылы сәуірде еліне біржола оралады. Онда Колчак үстемдігінен кейін қайта жанданған совдеп жұмысына араласып, ел шаруаларының дау-шарларын әділ шешуге қатынасты. Осы тұста саяси-философиялық әдебиеттерді көп оқып, «Шал мен қызға», «А, дүние», «Жас жүрек», «Сарыарқаның жаңбыры», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс», т.б. өлеңдерін жазды.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы — өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

С.Торайғыров өзінің публицистикасында материалға ерекше әлеуметтік, саяси тереңдік бере отырып, публицистикалық бастамаға басты орын береді. Әдетте публицистикалық шығармада өмірді көрсетуде қарапайымдылыққа, келтірілген суреттің қоғамдық ойын мазмұндауға бейім, мұнда образдық жүйе екінші орынға қойылады. Публицистика - әлеуметтік-саяси құбылыстардан, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, мәдениеттің түйінді мәселелерінен келелі ой қозғау, пікір айту үшін таптырмайтын форма. Өз пікірінің шындыққа сай екендігіне оқырман көзін жеткізу үшін жазушы сұрақтар қоя отырып, оған жауапты өзі қайтарып, болған оқиға дәйектерін суреттейді. Мұнда сюжет емес, публицистикалық тапсырма ұйымдастырушы элемент болып саналады. Өмірдің әр қырын автор көкейіндегі сұрақпен байланыстыра отырып, шығармадағы публицистика әрқашан бірінші орында тұрады. Публицистикалық туындыда автор әлдеқайда кеңірек көсіле алады, оқушысының санасы мен сезіміне бірдей әсер етуге тырысады, оқушымен тікелей әңгімелесіп, шүйіркелеседі, өзі суреттеген картина турасында ойласуға шақырады.

Сұлтанмахмұттың 1913 жылдары жазған публицистикалық туындылары қазақ халқының өмірінде болып жатқан сан қилы оқиғалар, заманның рухани көркі туралы болып келеді. Ол публицист ретінде өз кезеңіндегі өмірдің өзекті мәселелеріне үн қосып қана қоймай, журналистиканың күрделі жанрларының бірі – очерк жазуда да өзінің білімділігін, әдеби

әзірлігін байқата алған талант иесі. Саяси қайраткер қыруар қоғамдық жұмыстармен қатар, публицистикалық еңбектер жазып қана қоймай, редакторлық, баспагерлік жұмыстарды да қоса атқарған.

С.Торайғыровтың журналистік шығармашылығындағы назар аударатын, рухани мұра ретінде қабылдап, қызығып оқитын бір саласы - оның тарихи-әлеуметтік мәселелерге байланысты жазған публицистикалық очерктері дер едік. Публицистикалық очерктерінде алған тақырыбын терең зерттеп, көрген, білген, көкейіне түйгендерін оқушысына ұсынып отырған. С.Торайғыровтың шығармашылығына филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Марғұлан былай деп баға береді: “...Ауылған келгенде өзін басқадан жекелеп, ылғи ойға батуды, бір мәселелерді іздеуден уақытын алатын. Сұлтанмахмұтта ешбір жеңілтектік, бос сөзге үйір болу деген жоқ еді. Ол оқымаған жай халықтың арасында отырса да, ылғи мәдениет мәселесі туралы әңгіме айтып отыратын” [1,211],-дейді.

Өз кезеңінде автор әрбір тарихи оқиғаларға байланысты жеке көзқарасын білдіріп, қазақ халқының ұлттық мүддесін әр қырынан алып, XX ғасыр басындағы төңкерістердің шиеленісу, қазақ халқына тигізіп отырған әсерін нақты ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді. 1918 жылы жазған “Социализм” деген публицистикалық очеркінде заман талаптары, Қазақстандағы саяси ағымдардың құрамы, мақсат-мүддесіне кеңінен тоқталады. Онда әлеуметтік-саяси құбылыстарға, қазақ халқының түйінді мәселелеріне байланысты ой қозғау, пікір айту, қарапайым халықпен сыр шертісу формасын таңдаған. Публицист өз ойы мен сезімі арқылы өз дәуірінің тынысын, сол кездегі өмір картинасын көз алдыңызға елестетеді. “Міне Жан Жак Руссо, Толстой секілді данышпандардың «мәдениетті жер жұтса, е, демеймін» деп мәдениеттен қарайған себебі осы. Неғұрлым дене азығы – өнер өскен сайын адам баласының бақытсыздығының өскені”, - деп оқушымен шын сыр бөлісіп, шүйіркелеседі. Бұл публицистикалық очерктің ерекшелігі автор көкейіндегі ойды өз атынан баяндап, ой-өріс диапозонын, ақыл-парасатын, әр қилы мағлұмат-бағдардың молдығын байқата білген.

Бұл шығармасында публицист сол кездің де, бүгінгі күннің де күн тәртібінен түспей отырған мәселелер туралы өз пікірін білдіреді. Мұнда публицистикалық очерктің компоненттері молынан пайдаланылып, фактілерді іріктеп, шығармашылық електен өткізіп, әлеуметтік мәні бар мәселелерді қозғай білген деуге болады. Публицист сол кездегі замандастарының рухани көркі мен сыр-сипатын жақсартуға шақырып, уағыздайды. Ол әр туындысында өнер, әдебиет, құлдық мәселесі, дене азығы туралы да айта келе, нәтижелі үгіт-насихат жүргізгенін де айқын көруге болады. Сонымен, автордың - XX ғасыр басындағы қазақ тұрмысындағы оқиғалар мен құбылыстарды батыл, терең талдап, тартымды тілмен жазған тегеурінді публицист деуге толық негіз бар.

С.Торайғыров өзінің публицистикалық қарымын тіл, әдебиет, өнер мәселесіне бұрған тұста оқырмандармен тікелей әңгімелесіп, өзі әңгіме етіп отырған мәселе турасында халықпен ойласуға шақырады. “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан”, «Жаңа кітап», «Өлең һәм айтушылар», «Ескі сөз» атты мақалаларында публицистикалық сарындағы кең философиялық түйіндермен құнды мәселе төңірегінде әңгіме қозғайды. Автор ауқымды мәселелерді қозғап, қазақ елінің зәру проблемаларын публицист көзімен көре білген. Сол кездегі саясатты бағалай отырып, қорытындылары мен тұжырымдарын әрі нанымды, әрі дәлелді бейнелейді.

Бұл туындыларда нақты өмір шындығын көркем публицистикалық тұрғыдан ашып көрсетуге бағындырған. Келтірілген фактілердің бәріне дерлік көркем публицистикалық тұрғыда талдау жасауға, өз қабылдауындағы, түйсігіндегі бейнені суреттеуіндегі факті туралы әңгімелейді.

1913-1914 жылдары «Айқап» журналында редакциясына хатшы болып орналасады. Осы журналды қызмет істеген жылдары әр өнерге бой ұрып, өлең, әңгіме, мақаланы өндіріп жазған кезі екен. «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең және айтушылар», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» деген проблемалық мақалаларын жазады. Осы мақалаларымен қоса басқа да маңызы зор кітаптары жазғаны туралы сұлтанмахмұттанушы Б.Кенжебаев: «...Бұлардан басқа да ол «Тентектің жинаған шоқпары», «Тамшы» деген кітаптар

жазып баспаға береді. Бірақ ол кітаптары жоғалып кетеді» [1, 6],- дейді.

1913 жылы жазған «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» атты проблемалық мақаласы қазақ арасында оқу оқытып жүрген молдалар туралы. Молда атанған адамдардың ескі жолды таңдағандары да, жаңа жолды таңдағандары да ғылым мен педагогикадан хабарсыз екенін мақала авторы өкіне жазады. Бұл проблемалық мақалада автор осы жолдан шығудың жолдарын ұсынады.

Осы журналда қызмет істеп жүргенде «Жаңа кітап» атты рецензиясы шығады. Бұл М. Дулатовтың «Азамат» деген кітабына сын ретінде жазылған. Автор М.Дулатовтың бұл кітабына талдау жасай келе баспасы таза, бұрынғы жазғандарына қарағанда бөтен тілден аршыңқы, мағынасы тереңірек деп бағалай келе: «Әсіресе қышуға тиетін жері «Иә алла», «Қайтер едің?» «Газета, журнал» деп бастағандары. Қара жамылып, қайғы жұтып тұрған кезде жазған ғой. Кейбір уәзіндері бірінен бірі қысқа ойнақы емес, оқушының арбасы сазбен жүргендей ауырланып шығарлық»[2,87],- деп сынайды. Алдыңғы туған шығармаларға көш жүре түзелер деген ниетпен құрық тигізбеген сыншы кез келген шығарманың мінін бастан түзеу керек екенін де жазады. Бұл рецензияны жазу барысында Сұлтанмахмұт «жаманның барынан жоғы жақсы» деген принципті ұстанғанын байқаймыз.

1913 жылы осы журналда С.Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты сыни мақаласы жарық көреді. Автор бұл мақаласында «Зарқұм», «Салсал», «Алпамыс» сияқты қисса, ертегілердің қазақ әдебиетіндегі алып келген орнына тоқталады. Мұнда да қазақ тілінде шыққан өлең кітаптарының тілі, көркемдігі жайынан үзінділер келтіре отырып сынаған тұстары ұтымды. Бұл мақаласында автор сол кезде шығып тұрған газет-журналдар туралы: «Қазақ секілді қараңғы, көшпелі халықтың ішінде шыққан газет, журналдың малтықпай тез жүріп, жеңіл кетулері сол етпеттен тұруларының арқасы, өйтпесе, Самарқан, Түркістан, Бұхара, Ташкент жақтағы газеттер секілді адым жер шықпай, арбасы төңкіріліп қала берер еді. Олар мәдениетті болғаны қайда? Атам заман. Ата-бабаларымыз өнер-білімді сол жақтан іздеген»[2,91],- дей келе, жаңа газеттер мен кітапта туып тұрған кезде де бұрынғыларымыз «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына жақын келетіндіктен де өзін сүйіндіруші еді деп пікір айтады. Жаңа газеттер мен кітаптарды өзге тілдің сөздері көп кездесетінін сынай келе публицист осы мәселеге аса мін беруге шақырады. Қайда қазақ тілі, қайда қайысқан назым деген сауал да қояды. «Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болады-мыс деген жарыпсал жаңа әдебиетімізді «нысаны нұсқаған қол, көрсеткен жолы жоқ құр «қатын ойбайға» айналып, әркім соны ән көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алдарыңа салып айтып отырмын: құр ойбай дегенмен ойбайдың да ойбайы бар ғой, жылайдың да жылауы бар ғой»,- дей келе, туыстағы тұрмыс дерті мен анық аты жоғалмайтын өнер туғызатын кез келгенін айтады. Басқаларға қарағандай пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай соқыр кісі сыбдырынан танырлық аққұла Абай өлеңдерінің қасиеті туралы публицист төгілте жазады. А.Байтұрсыновтың «Қырық мысалынан» үзінділер келтіре отырып, әділ, шын деп баға береді. С.Торайғыров бұл сыни мақаласында қазақ тілінде бастырмалатып жазылған көп кітаптарда қазақтың иісі де жоқ екенін, рухы нашар, ана тілімізді алааланып, тілдің ағыны теріске бейімделіп бара жатқан шындықты бүкпесіз жазады. Бұл мақаланы жазып отырғанда сынап жазып отырмағанын, көзге ұрып тұрған кемшіліктерге шыдай алмай қолына қалам ұстағанын автор былай жазады: «Бұларды мен мен сыншы болып сынап жазып отырғаным жоқ: сыншы болуға өзім сыннан өткен кісі емеспін. «Сабасына қарай піспегі» деп көргенімше көзге шыққан көсеудей сүйелдерін ғана көрсетіп отырмын. Шын тездің қолына түсіп түзете бастаса, бір журналды бір кітаптың сыны толтырара әдебиетімізді бар деп атауға болады»[2,95],- дейді.

1913 жылы «Айқап» журналының №21 санында «Құран бұзған » атты мақаласы жарияланған. Мұнда Қазан қаласында Харитонов басып шығарған құран кітабына сын жазады. Бұл да құран кітаптарын аударудағы сол кзде жіберіліп отырған қателіктер мен тіл, стиліндегі кемшіліктерін көрсеткен құнды мақала болып есептеледі.

С.Торайғыров сөз тұсындағы қазақ ақын-жазушыларының ішіндегі әдебиет теориясы

мен мәселелерін тереңнен қозғаған авторлардың бірі. Ол өз заманында шыққан өлең кітаптарына қысқа рецензия жазудың шеберлігін көрсете алды. Бұл тек қысқа рецензия ғана деп қабылданған жоқ, керісінше, өз тұтастарының арасында қазақ әдебиетінің тарихындағы көркем өнерге, әдебиетке тұңғыш анықтама берілген теориялық мақала да болып табылады.

«Айқап» журналында аз ғана уақыт қызмет еткен ақын 1914 жылы жазда туған елі Баянауылға оралады. Ел ішінде мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін «Шоң серіктігі» деген ұйым ашпақ болғанымен, ісі жүзеге аспады. Осы жылы орысша оқу іздеп Семейге барған Торайғыров діттеген оқуына түсе алмай, біраз дағдарысқа ұшырайды. Осындай көңіл-күй әсерімен «Ләпет бұлты шатырлап», «Алтыаяқ» сияқты өлеңдер жазады. «Ендігі беталыс», «Тұрмысқа», «Бір адамға», «Туған еліме», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүй», «Гүләйім», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл», т.б. өлеңдерін, 1915 жылы «Кім жазықты?» атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелді. Шығыс Қазақстанда жалданып бала оқытқан ол 1916 жылдың күзіне дейін әуелі Қатонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орыс тілін үйренеді.

1916 жылы 9 ақпанда «Қазақ» газетінде С.Торайғыровтың «Жазықсыз тамған қан» атты әңгімесі «Торайғыр» деп қол қойылып шығады.

1913 жылы 2 ақпанда «Қазақ» газетінің жарық көруіне арналған «Міне, алақай» өлеңі жарияланады, қазақ-қырғыз елдерінің жаугершілік кезеңі туралы «Жалаңаш баба» аңыз-әңгімесі жарияланады.

1916 жылы осы газетте жарық көрген «Жазықсыз тамған қан» әңгімесінде әдет-ғұрып, салт-сана құрбаны болған жастардың өлімі туралы жазылады.

1917 жылы Семей қаласында шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің екі санында «Әлиханнның Семейге келуі» атты мақаласы жарияланған. Бұл оқиғалы очерк сипатында жазылған туындысы. Оқиғалы очерк - қазақ әдебиетінде көрнекті орын алатын очерктің белсенді түрі, себебі, әрдайым жазуға лайық ғажайып оқиғалар болып жатады және оқырмандарға эмоциялық әсер беру қызметін де атқарады. Бұл туралы Төлеубай Ыдырысов: «Очерктің бұл түрінің «оқиғалы» деп аталуы әсте бірыңғай оқиғаны суреттеу деген сөз емес. Очерктің бәрінде де негізгі кейіпкер болып еңбек адамы алынатыны сияқты, бұл түрдің де түп қазығы - адам» [3,88],- дейді. Жазушылар өмірде болып жатқан ғажайып оқиғалардың куәгері ғана болып қоймайды, қаламгер тіліне тиек, шығармасына арқау етіп өзі куә болған оқиғаларды алады. Оқиғалы очеркте де көркемдік элементтермен қатар, деректер, авторлық шегініс, публицистикалық ой мен түйін қатар жүреді.

Сұлтанмахмұттың оқиғалы очерктерінің қайсысын алсақ та, қазақ елінің тұрмыс-тіршілігін, кең байтақ өлке, небір батыр, қарапайым адамдар туралы, олардың басынан кешкен оқиғалар, талай қызық тағдырлар жайлы толғайды. Өмір құбылыстарын үңіле зерттеген очеркші жаңалық пен жақсылықтың жаршысы болу мақсатында оқиғалы, мазмұны тартымды очерктерді өмірге әкеліп отырған.

Семей қаласына Әлихан Бөкейхановтың келуі туралы бұл очеркінде автор Әлиханды көп халықтың асыға күткенін былай суреттейді: «...жұрт қадыр кісісін көргенде мұндай сүйсінбес. Әркім түрегеліп аяқбасқан жерінде қуаныштан бір-екі минут есінен айырылып па, әйтеуір дағдарыңқырап тұрды» [4,105],- дей келе, Әлиханнның аман-сәлем құттықтайды қабыл алғанын білдіріп, қысқа ғана сөйлеген сөзі де келтіреді.

Торайғыров публицистиканың жанрларын жаңа арнада дамытты. Ол өз публицистикалық мақалаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, өршіл ой-түйіндерін бүкпестен, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы «Таныстыруда» Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтарды таныстырып, олардың «бірі - күн, бірі - шолпан, бірі – ай» екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралады. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкерімді ерекше атап көрсетеді.

Публицистика Торайғыров шығармашылығының табысы. Мұнда автор аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән үнмен ашына, ақтара жазады. С.Торайғыров публицистикасына арқау болған кейіпкерлер түрлі

кәсіппен шұғылданған әділетті қоғам құрғысы келетін адамдар.

Торайғыров публицистикасы – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтасыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның теңденциясы да сыншыл.

С.Торайғыровтың публицистикалық мұрасынан байқайтынымыз - қай туындысын алсақ та, өз кезеңінің желпінісін, келелі істердің әуенін, дәуір үнін, сол оқиғалардың лебін сезініп отыруға мүмкіндік бар. С.Торайғыров өмір кешкен дәуір мен орта өзінің күрделілігімен ерекшеленеді. Публицистің өз заманында атқарған ісі мен журналистік мұрасы баспасөз тарихындағы тұтас жүйе болып саналады. Ол - қазақ елінің ұлт мәселесіне, тіл, әдеби-сын мәселесіне үн қосып, бірнеше дүркін мақалалар жазып, қоғамдық-саяси мәселелер төңірегінде публицистік қарымын танытқан қоғам қайраткері, мұсылман халықтары арасынан шыққан талантты ақын ғана емес, қаламы қарымды журналист ретінде де қазақ баспасөзі тарихында өзіндік орны бар тұлға.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары. Алаш мұрасы. - Алматы: Алаш, 2005.
- 2 Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі Алматы: Қазақ университеті, 1968.
- 3 Ыдырысов Т. Очерк туралы ойлар. - Алматы: Жазушы, 1976.
- 4 Торайғыров С. Шығармалары. 3 том. – Алматы: Алаш, 2005.

ВЕЛИКИЙ ПРОСВЕТИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА НАЧАЛА XX ВЕКА

Дюсенгалиева Зарема Талапқызы

Студентка 2 курса кафедры журналистики,
Атырауского университета имени Х.Досмухамедова
Атырау, Казахстан.

Научный руководитель: **Мукашева М.Т.**,
к.ф.н., ассоциированный профессор

Поэт-демократ Султанмахмұт Торайғыров родился в 1893 году в Кызылтауском районе Кокшетауской области. Он в 13 лет стал учеником аульного муллы, знатока казахского фольклора, занимавшегося литературным творчеством. Следуя примеру наставника, Султанмахмұт сам начал сочинять стихи и рассказы. Мечтая продолжить учебу, С. Торайғыров в 1912 году поступает в медресе в городе Троицке, но, не проучившись и года, оставляет учебу из-за болезни. В 1913 году он учительствует в казахском ауле близ Троицка, а осенью возвращается в город и становится секретарем редакции журнала «Айкап», на страницах которого впервые выступает как поэт и публицист. Благодаря журналу С. Торайғыров смог познакомить со своим творчеством широкий круг читателей, поверил в свое призвание и твердо решил связать свое будущее с поэзией. Юношескую лирику С. Торайғырова отмечает тяготение к гражданской общественной тематике, пафос обновления жизни на основе знаний, выработанных человечеством. В стихотворениях «К молодежи», «Думы ученика», «Какова цель учебы» поэт призывает казахскую молодежь к овладению высотами культуры и образования. [1, 236 – 260];

Социальное положение и судьба казахской женщины занимает особое место в творчестве С. Торайғырова (стихотворения «Во сне я видел жалостное положение», «Стройной красотке», «Любовь к девушке», «Гуляим», «Милая душа моя», поэма «Камар Сулу»). Одна из признанных вершин творчества С. Торайғырова – философская поэма «Жизнь в заблуждениях», рассказывающая о цели и смысле человеческого существования, о возвышенных идеалах и суровой реальности. Поэма «Бедняк» близка по тематике к философской поэме:

... «Мороз меня мучил и голод томил,
И ветер холодный мне тело студил,
И ныла спина, и кололо в груди,
И ноги болели, и не было сил.
Холодный, голодный я плелся домой.
Но разве был добр хозяин со мной?
Бросал, как собаке, остатки еды,
Ругал ненасытной и жадной свиньей.
И в лютую стужу во мраке ночном
Мы вместе с собакой овец стерегли.
Пугая коров, я кричу до зари,

Абай в теплой юрте спит сладким сном,» — так рассказывает главный герой поэмы о своей исполненной тягот и лишений жизни. Этой поэмой С. Торайгыров смело выступил защитником человеческого достоинства, борцом против социальной несправедливости. Положительный образ человека из народа в поэме «Бедняк» стал одним из самых значительным художественным достижением поэта-демократа.

Поэт умер в 1920 году, сломленный болезнью, прожив всего 27 лет. Вклад Султанмахмута Торайгырова в казахскую поэзию очень значителен, его стихи по праву вошли в сокровищницу казахской литературы. Войдя в школьную программу, они, несомненно, стали достоянием нескольких поколений.

Султанмахмут Торайгыров – последователь классической казахской литературы, основанной великим Абаем. В своем творчестве он отразил актуальные вопросы своего времени, описав жизнь простого народа, нуждающегося в образовании.

Султанмахмут Торайгыров посвятил всю свою жизнь служению Родине и просветительству: «Моя цель – освещать путь моего народа», – писал он в своих произведениях.

Его поэзия – это школа поэтического мастерства, патриотизма и гражданственности.

«В путь! Аул справедливости буду искать,
Буду землю правдивости – чудо искать,
Буду чахнуть от жажды, сбиваться с дороги,
Буду счастье высокое всюду искать».

Эти строки отражают жизненные ценности поэта, которых он придерживался в борьбе за просвещение народа. Он призывал молодежь открыться миру, заниматься наукой и саморазвитием: «Молодежь должна учиться, только знания и труд помогут преодолеть все трудности на их пути».

«Я бы солнцем взошел над землей,
Озарив родные края.
Как смогу я бороться с тьмой,
Если светить не сумею я?!» – писал поэт.

Проблемы, освещенные поэтом, сегодня не потеряли актуальность. По мнению автора, только справедливость может спасти людей от «ссор», «человеческих слез» и «кровопролития». Справедливость – это «ключ к счастью и силе».

Его слова должны послужить путеводителем для подрастающего поколения и навсегда останутся заветом. [2, 56-60].

Список используемой литературы:

1. Султанмахмут Торайгыров (1893-1920) //История казахской литературы в3т. Т.2. Дореволюционная казахская литература. /Под ред. И.Т. Дюсенбаева; Ин-т литературы и искусства им. М. О. Ауэзова.- Алма-Ата: Наука, 1979;

2. Роман «Камар-Сулу» (1914), Серия: Атамура кітапханасы,
Издательство: Атамура, Атамұра. Год издания: 2002.

С. ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Жақсыбергена Ақерке

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ

3 - курс студенті

Сұлтанмахмұт Торайғыров – небәрі 27 жас өмір сүрсе де артына мол мұра қалдырған қаламгер. Ол ғұмырының қысқа болғанына қарамастан, 5-6 поэма, ондаған мақала мен екі роман жазған. Сонымен қатар ақынның мұрасында өлеңдері де баршылық. Жан-жақты тақырыптарды сөз еткен жырларының ішінен әлеуметтік мәселелерді әңгімелейтін боламыз. Ақынның қысқа өлеңдерінің бірі – «Мысал».

Бір жерде бір бас қосқан жиын, топыр,
Ішінде бір бишара көзі соқыр.
Алдар деп көзі бардың соңына ермей,
Жоқ болған жарға құлап байғұс соқыр [1].

Соқырдың іс-әрекетін дұрыс санап, ақылға қонымды деуге келмес. Осы орайда ақыннан қалған:

«Жақсылық қылсам өзімнен,
Жамандық қылсам өзімнен...»

- деген сөздерді еске алайық. Неге соқыр өзге біреуден жамандық күтеді? Егер ол біреуге өз залалын тигізбесе, ешкімнің онда шаруасы болмайды емес пе?! Алданамын деп күдіктенгеніне қарағанда, соқырдың өзі де біреулерді сан соқтырған болар деген ой салады.

Ақын бізге ақыл боларлық мысал қалдырып отыр. Соқырдың көзі қараңғы, осыған орай оны ақылы аз немесе сауатсыз адам деп қарастырайық. Білмегенін сұрамай, өзінше әрекет етемін деп соңынан опық жеген пендені көреміз. Көмектеспек болған адамға сенбей, надандық танытқан жанды «соқыр» деуге әбден тұрарлық. Ақын өмір сүрген кезеңдегі «соқырлар» қазір де кездеседі. Өзгеден ақыл сұраса төмендеп қалардай сезінетін адамдар үшін бұл өлең нағыз сабақ. Білмегенді сұраудың ешқандай да әбестігі жоқ. Керісінше адам баласы білуге ұмтылуы керек. «Мен білемін, тек менікі дұрыс!» деген көзқараста қарауға болмайды. Сен өзгеден кеңес сұрасаң, ол пайдаңа тиеді. Ал сенің ақылың басқа біреу үшін маңызды болуы мүмкін.

Ақынның көпшілікке таныс деп «Бір адамға» өлеңін айта аламыз. «Бір адамға» өлеңі – ақын шығармашылығындағы ең негізгі шығармалардың бірі. Өлеңге бір дәуірдің негізгі шындығы сыйғандығын ақын қарапайым тілмен жеткізе білген. Сол кезеңдегі қазақ даласында шын реалистік өмірден, нақты өмірлік фактіден алынғандығы. Алайда, бұл өлең қандай адамға, кімге арнап жазылған? Бұл сұраққа жауапты ақын өзінің «Күнделік дәптеріне» жазып кеткен:

«1914 жылы 7 жолдаспен Шорман ауылына өзімді қазақшылық айнасында көру үшін бардым. Жолдағы елде менің көлеңкемді сыртымнан естіп, бадырайтып көрсетпеген ел жоқ. Іздеп барған Сәдуақас барған жерден мені түссіз буа сөйледі. Мен ауыл оныкі һәм үміт болған таза жауап қайырмай, ұтқызыңқырап отырдым. Жанаспайтын ауыл екен деп елдегі жайшылық қалпымды бұзбадым. Бәлкім, онан көрі ілтипатсыз отырдым. Білдім: ол ішінен менің бұл мінездерімнің жалғзын жақтырған жоқ».

Жастарды оқуға, мәдениетке бастайтын «Шоң серіктігі» деген мәдени-ағарту ұйымын құрмақ болып, аталас туысы Шорман баласы Садуақастан көмек сұрауы халқына қызмет көрсету жолындағы үлкен қоғамдық бастама еді. Ойлағаны болмай, Шорман тұқымдарына көңілі қалған ақын елдегі мықтылардан қайыр болмайтынына көзі жетеді. Байлығына мастанған Шорман ұрпақтары ата тегінің патша өкіметінен алған шен-шекпендерін, халықтың көзі жасымен жиналған қазына-мүлкін көрсетіп, мақтаныш білдіреді. Мұны жақтырмаған ақын осыған байланысты «Бір адамға» өлеңін шығарады [2]. Бай үйінің асыл жиһаздарын көрген ақын былай суреттейді:

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар!...»
Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан ғып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр - ай қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырлақ, теңге алыпты!

Бұл шумақтардан-ақ бай ұрпағы өздеріне қалған мұрамен қаншалықты мақтанғанын көре аламыз. Бірақ бұл дүниенің адал жолмен келмегенін бәрі біледі. Осы туралы келесі шумақтарда жақсы жазылған:

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: «Оңдырған - ау, баққан халқын».
Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқын.

Халықты жылатып жиған байлықтың пайдасы жоқ. Мақтануға тұрарлық нәрсе емес. Ақын өзінің сол кездегі ішкі сезімін өлең арқылы жеткізіп отыр.

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Бұл сөздер, бір қарағанда, мақтау сияқты көрінгенімен, олардың астарында зілді кекесін жатқанын байқау қиын емес.

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп.
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай - ақ.
Отырдым көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер жасқанба!» деп.
Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

Соңғы шумақтардан ақынды бай дүниесінен гөрі халықтың жағдайы алаңдатқанын байқаймыз. Осы жайында ақын күнделігінде де жазады:

«Мұнан былай: Малға басым имеске,
Рия тоным кимеске.
Кісі құрметін сүймеске,
Өз ісіме тимеске,
Кісі тіліне ермеске,
«Қазақшылыққа» енбеске,
Аштан өлсем адамға,
Намысымды бермеске,
Май тамызса тілінен
Еш адамға сенбеске,
Өз ақылымнан басқаға... көнбеске.
Кәміл уағда етілді! – дедім».

Сұлтанмахмұт «Бір адамға» өлеңінде ел ішінде байлығына масаттанған бір адамның басқаларға істеген қиянатын, озбырлығы мен жиіркенішті қылықтарын батыл әшкере етеді. Өлең ащы мысқыл түрінде берілді. Ол Шорман ұрпағының ісіне баға беріп қана қоймай, өзіне бөлек уәде берді [3].

Бұл шығарма бізге тек ақынның сезімін ғана емес, өсиетін де жеткізіп тұрғандай. Намысты болуға, өтірік мақтанға салынбауға, қолыңа тиген кез-келген нәрсенің қандай

еңбекпен келгеніне назар аударуға шақырады. Өзіңнен кейінгілерге қалдырған мұранды ұрпағың түсінсе жақсы. Бос дәулетке қарағанда жақсылық істеп, жақсы атыңды қалдырған дұрыс емес пе?! Жақсы атың қалса, ел жадынан өшпейтінің анық. Ақын бізге осыны түсіндіргісі келген.

Ақынның тілі – семсер. Ащы шындықты тек жеткізіп қана қоймай, өзгелерге өнеге болатындай етіп өлең жазу көрінген адамның қолынан келмейді. Осындай дара, намысшыл ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Оның өлеңдері халыққа рух беріп, пайдалы ақыл құяды. Осындай қаламгер өлеңдерін барынша түсініп оқу, оны келешекке жеткізу бізге қалдырылған жауапты іс.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Торайғыров С. «Шығармалар», 2 томдық, I том Алматы «Жазушы», 1967.
2. Орталық ғылыми кітапхана. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы, «Дәуір ақыны» (Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады), Алматы, 2002.
3. Тілеужанов М. С. Торайғыровтың сатиралық шығармалары // Лениншіл жас. – 1956.

ВЕЛИКИЙ ПРОСВЕТИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА НАЧАЛА XX ВЕКА

Жилкишиева Саида Еркебуланкызы

Студентка 2 курса кафедры журналистики,

Атырауского университета имени Х.Досмухамедова

Научный руководитель: Мукашева М.Т., к.ф.н., ассоциированный профессор

*«Стремись к знаниям, к науке.
Науку надо любить,
как мать любит родного сына.
Тогда и наука ответит тебе взаимностью».*
(Абай Кунанбаев)

Султанмахмұт Аубакирулы Торайғыров - поэт – демократ, писатель, публицист и литературный критик, один из ярких представителей казахской литературы начала XX века. Многогранное, богатое наследие автора является важной частью духовной культуры казахского народа. Султанмахмұт Торайғыров – просветитель, акын, оставивший значительный, огромный след в истории казахской литературы.

Он является единственным писателем, который писал произведения в различных литературных жанрах. У поэта, имеется огромное количество произведений. А именно: два романа, пять поэм и множество стихотворений, статей, очерков и публицистических сочинений.

Вклад С.Торайғырова в казахскую поэзию очень значителен. Его стихи стали достоянием нескольких поколений. Творчество поэта проникнуто мечтой о свободном обществе, несут идеи о человечности, воспитании и патриотизме.

С. Торайғыров родился в 1893 году на территории нынешнего Кзылтуского района, Северо – Казахстанской области. Отец его был человеком бедным, но трудолюбивым, знал грамоту. Отец мальчика Аубакир покинул родные места и переехал в аул, который находится близ Омска, где женился на матери Султанмахмұта – Зуфнун. Вскоре у него родилось два сына – Султанмахмұт и Башен. После, Султанмахмұда отдали на воспитание родителям матери, и до шести лет он воспитывался у своей бабушки. Мать Султанмахмұта умерла рано, когда ему было всего три года. Спустя некоторое время отец будущего поэта возвращается в свои родные края, где проходит детство поэта.

Султанмахмұт был смышленным ребенком, и отец, мечтая вырастить сына грамотным,

сам учил мальчика арабскому письму. Затем мальчика отдают на учение мулле. В 13 лет он оказывается в учениках у довольно образованного человека для своего времени – муллы Мукана. Знавшего много старинных казахских сказаний, легенд и народных поэм. Мулла Мукан помимо обучения детей грамоте, занимался переводами с арабского и персидского, и даже сочинял что – то сам. Таким образом, подражая своему учителю, юный Султанмахмуд тоже начинает пробоваться в художественном творчестве, сочиняя сатирические стихотворения о своих сверстниках и рассказы.

Позже, с трудом собрав средства Султанмахмуд, едет в Омск, а затем в Троицк, где обучалась тогда казахская молодежь. Там С.Торайгыров поступает в медресе, но из-за болезни ему пришлось оставить учебу.

*«Я бы солнцем взошел над землей
Озарив родные края!
Пусть сияние жарких лучей,
Обогреет сердца людей.»*

Так сказал о смысле жизни, о своей высокой мечте на заре поэтической юности Султанмахмуд Торайгыров, страстный поборник социальной справедливости и народного просвещения.

Жизнь поэта пришлась на сложнейшее время нашего века, время "бури и натиска", когда судьба Родины оказалась на перепутье двух дорог. Александр Блок, современник Торайгырова, писал: "В эпохе бурь и тревог, стремления души поэта переплетаются бурей и тревогой". Эти слова по праву можно отнести и к казахскому поэту.

В его произведениях нашли отражение экономические и социальные проблемы казахского общества начала XX века. Отличительной чертой его экономических воззрений является их социальная направленность, последовательная защита интересов трудящихся масс [1, с. 91]

Литературная деятельность С. Торайгырова началась в трудные годы, но он неустанно пропагандировал науку и просвещение, понимая, как необходимы знания простым людям.

С именем Торайгырова связан не только расцвет социально-философской поэзии, но и жанровое, художественное обогащение литературного творчества. Султанмахмуд был любознателен, и его жажда к познаниям приводит его в Баян-Аул, где он учится в духовной школе. Самостоятельно изучает основы наук, решает овладеть русским языком и начинает читать произведения русских классиков. Мир открывается перед его глазами, и поэт начинает понимать многое, о чем раньше не мог понять. В стихотворении «Что за цель в учении?» поэт сравнивает знания с «солнечным светом». В дальнейшем Султанмахмуд вынужден оставить учебу, он заболевает туберкулезом. Однако страстное желание получать знания мучает его. Вскоре, несмотря на тяжелую болезнь, он становится одним из сотрудников известного журнала «Айқап». В годы работы в журнале «Айқап» Торайгыровым было написано, кроме стихотворений и рассказов, ряд статей (О казахских сборниках стихов, песни и их исполнители, система обучений казахов).

Публицистическая деятельность и творческая биография С.Торайгырова тесно связана с журналом «Айқап» вокруг, которого группировались представители крестьянско-демократического направления. Экономические воззрения С.Торайгырова этого периода перекликаются с идеями журнала. Казахское общество оценивалось им как общество, нуждающееся в просвещении. Со степенью просвещенности народа он связывал и определенную структуру хозяйства, власть человека над силами природы. [1,50]

Наследие Торайгырова, богатое просветительскими идеями, - это художественная летопись в жизни современного ему казахского народа с ее сильными и слабыми сторонами. Его перу принадлежит ряд поэтических работ, в которых он говорил о важности и пользе знаний и культуры, особенностях нового образования, о труде и религии, о традициях, обычаях и быте казахского народа. Широко известны поэмы «Бедняк», «Заблудившаяся жизнь», стихотворения «Учение», «Слепой монах», «Религия», «Думы ученика», «Айт»,

«Қмш», критические статьи: «О казахских сборниках стихов», «Песни и их исполнители», «Система обучения среди казахов», роман «Камар-Сулу» и другие. [2,39]

Султанмахмұт Торайғыров за свою короткую жизнь создал столько значительных произведений, что заслуженно имеет право занять почетное место в истории национальной культуры. Гордо противостояв всем трудностям, которые встретились на его жизненном пути.

*«Я стану человеком - и если буду жить,
Никчемным, никудышным я не хочу прослыть.
Не лучше ли спокойно лежать в могиле тесной,
Чем на земле просторной слепым невеждой быть?!
Я - верный сын народа, мне нужен яркий свет.
Добыть сиянье солнца я твердый дал обет.
Мелькну и вновь исчезну в дали идущих лет?
Как месяц в полнолунье, но трепетной звездой
- Хочу я встать, пылая, над злою темнотою.
Не похвалбой, - поймите! - стремлением горячим
Охваченный, не в силах я совладать с собой.» «Летняя печаль».*

Список используемой литературы:

1. Исаханова К.С. И85 Просветители Павлодарского Прииртышья конца XIX - начала XX в.в. / Учебное пособие для студентов педагогических и гуманитарных специальностей. Павлодар, 2004г. – 79с.
2. Арын Е.М., Кадысова Р.Ж., Рахимов Е.К. “ӨЛКЕТАНУ-КРАЕВЕДЕНИЕ”, 2012
// СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ВОЗЗРЕНИЯ С.ТОРАЙГЫРОВА В
ИССЛЕДОВАНИЯХ ИСТОРИКО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ МЫСЛИ КАЗАХСТАНА КОНЦА
XIX – НАЧАЛА XX ВЕКА.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Зинелова Нұрай,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті гуманитарлық ғылым және өнер
факультеті журналистика кафедрасы, 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: **Кайрова Гүлсара**, оқытушы.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» аңсаған акын, журналист, публицист, ғалым – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қазақ публицистикасына қосқан үлесі өлшеусіз.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Белгілі акын, ағартушы. Бір жасында анасы қайтыс болады. Әкесі Шоқпыт (Әбубәкір) кедей болса да, әрі балажан, көзі ашық, көңілі сергек, бірбеткей, өжет, ақпейіл, жомарт адам еді. Ол Сұлтанмахмұтты тәрбиелеп өсіруге бар күшін салады. Сұлтанмахмұт 1912 жылға дейін ауылда өседі. Әкесінен, ауылдағы молдалардан сабақ алып, хат танып, көзін ашады. 1912 жылы Троицк қаласына барып оқи бастайды. Дәл, осы кезден әдебиетпен айналысуы, өлең жазуы басталады.

1915 жылы ол Семей қаласына барады, оқуға түспек болады. Бірақ оқуға түсе алмайды. Бір жағынан, жасы, білімі келмейді. Екінші жағынан, қаржы тапшы болады. Сондықтан 1915-1916 жылдары Зайсан жақта бала оқытады. 1916 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Томскіге барып оқуға түседі. Бірақ сырқаттанғандықтан, оқи алмайды. 1917 жылы Семей қаласына қайта оралады.

Ол өмірінің соңғы жылдарында өзінің «Айтыс», «Адасқан өмір», «Кедей» сынды поэмалары мен өлеңдерін жазып қалдырды.

Жалпы, ұлы ақынның өлең-жырларынан бөлек қазақ әдебиетінің алтын қазынасына айналған романдарына тоқталып өткен жөн болар. Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлуы» (1914) мен «Кім жазықты» (1915) сынды романдары М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» (1910) және С.Көбеевтің «Қалың мал» (1914) сияқты әдебиетіміздің тарихындағы тұңғыш романдардың бірі болып саналады.

Жартылай өлеңмен жазылған «Қамар сұлу» романы тілі қарапайым әрі түсінікті, оқығанға жеңіл. Автордың бейнелеп, сипаттау шеберлігін романның басындағы Қамар сұлудың бейнесін суреттегенінен байқауға болады:

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,
Балаусыз балбыраған тәні қандай.
Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,
Толықсып толып тұрған сәні қандай.
Еріткен іші-бауырыңды көзі қандай,
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.
Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,
Жайтаңдап жан күйдірген кезі қандай!
Күлгенде көзіңді алып кірсіз тісі,
Қайнамас оны көріп кімнің іші?
Алмас қылыш жүзіндей аударылған,
Сүйгізіп көлеңкесін әрбір ісі.
Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып,
Бойының мінсіздігі онан асып.
Өзгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді,
Ең арты жүрсе-дағы аяқ басып.

Бұл еңбекте негізгі сюжет басты кейіпкер Қамар төңірегінде құрылған. Романның тақырыбы — қазақ әйелдерінің теңсіздігі [2, 16]. Барлық игі қасиеттерді бойына жиған әсемдігі мен ақылы ада асқан Қамар Сұлудың әдет-ғұрыптардың құрбаны болуы, Ахмет екеуінің толассыз махаббаты автор шығармасына арқау болады.

Роман жанрындағы С.Торайғыровтың үлкен жеңісі — «Кім жазықты?» деген шығармасы. Бұл романында сол замандағы қазақ халқының тұрмысы мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, ел болмысы жан-жақты суреттеледі. Мысалы, роман осылай басталады:

Түскендей әуе жерге қырық күн шілде,

Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде,-деп сол кезеңдегі ащы шындық пен қазақ арасындағы түрлі тап, топ өкілдерінің дүниеге көзқарасын — бәрін толық және шебер көрсеткен.

«Кім жазықты?» романын жазу барысында Батыс философтары, социал-утопистері, ақыл-ой кемеңгерлері, социал-демократтарының еңбектерін оқып, көзқарастарымен жете танысып, олардан көп нәрсе үйренген. Өкінішке орай, роман аяқталмай қалған. Соған қарамастан, роман өзінің шынайылығымен ерекшеленген.

Бұл романдар — сол дәуірдің «жаттанды» тақырыптарынан өзге, басқа бағыттағы жаңашыл шығармалар [1,85]. Шындықтың бетін ашып, отты сөздерімен өзге еңбектерді ығыстырып тұрған. Яғни, бұл — Торайғыровтың реализмінің ең бір биікке көтерілген тұсы.

Ақын мұралары халқымыздың өткені мен бүгінін көрсетіп, еліміздің шежіресіне айналды. Себебі, Сұлтанмахмұт Торайғыров заманның шынайы бет-бейнесін жария қылуға қорықпады. Ол шығармаларында халықтың мақсат-мұратын дөп басып, ұштастырып отырды. Ақынның асыл сөздері ел жүрегін тоғыстырып, үндестік тапты.

Ақын қазақ халқының бейбіт өмірі мен бақытты ел болуын өмірлік арман етіп еді. Сондықтан, «қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам» деп өзіне ұлы мақсат қойған болатын. Қазірде, ғазиз ақынымыздың арманы орындалды. Біз өз алдына тәуелсіз, азат елге айналдық. Және, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың артында қалдырған мәңгі өлмес жарқын, бай әдеби мұрасы әлі де жадымызда сақтаулы!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті, Алматы «Атамұра» 2018
2. Торайғыров С. Қамар сұлу (роман) / Қазақ прозасы: Хрестоматия.
3. <https://storaigyr.wordpress.com/282-2/>

**ШӘКӘРІМ МЕН СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ
БАЙЛАНЫС**

Исмуриза Г. Б.,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті
Журналистика кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт тарихтың белгілі бір кезеңінде өмірге келіп, тарихта қалған, өздері өмір сүрген уақыттың тұтас дәуірін сипаттайтын талантты тұлғалар. Бірақ оларды не біріктіріп тұр? Ұлы ақындардың шығармашылығымен таныс зерек оқырмандар үшін де олардың дүниетанымының жекелеген жақтары әлі күнге дейін жұмбақ. Шәкәрім бір кездері: "мен өтіп, кетемін, уақыт мені еске алады", - деп ұлы ақындардың шығармашылық мұрасын ұрпақтар мәдениеттің тұрақты құбылысы ретінде қабылдайтын уақыттың келуін дұрыс болжады.

Шәкәрім (1858-1931) 73 жыл өмір сүрді, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920) 27 жасында өмірден өтті. Бірақ жылдар айырмашылығы мен олардың шығармашылығының ерекшелігіне қарамастан, бұл екі ақын рухани жағынан өте жақын. Сұлтанмахмұт Торайғыров дүниеге келгенде Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармашылығы көпшілікке белгілі болды. Олар бір-бірін бірден түсінді, өйткені олар бір-бірін бағалай алды. Жазушылардың талғамы олардың көркемдік қызығушылықтарын қалыптастыратыны белгілі.

Абайдың ағасы Шәкәрім ұлы ақынның ең дарынды шәкірттерінің бірі екендігі туралы мақтанышпен айтуға болады. С. Торайғыров, сөзсіз, Абайдың поэтикалық ортасындағы көрнекті тұлғаға айналды. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті енді біртұтас көркем әлем ретінде қарастырылуы керек. XX ғасырдың басындағы ақындардың шығармашылық мұрасы — Қазақ әдебиеті мен ұлттық руханияттың дамуындағы өзіндік "алтын ғасыр". С.Торайғыровтың Шәкәріммен алғашқы кездесуі қашан болғаны, олар қанша уақыт сөйлескені туралы даулар әлі де жалғасуда. Жас кезінен бастап екі ақын "Айқап" журналымен байланысты болғаны белгілі. Ш.Құдайбердиев пен С.Торайғыровтың осы журналдың тұрақты оқырмандары болғандығына күмән жоқ. Мәселен, 1911 жылы С. Торайғыров Баянауыл мұғалімі Нұрғалидің жеке кітапханасынан журналдар ала алатыны белгілі. Білімге деген тұрақты ұмтылыс оны 1912 жылдың күз айларында Троицк қаласына әкелді. Қалаға келгеннен кейін ол Ғабдрахман Рахманқұлов медресесіне орналасып, мұғалімі Нұрғалидің қолдауымен "Айқап" журналының редакциясын тапты. Осы уақытқа дейін С.Торайғыров журналдың редакциясында жұмыс істеді. 1913 жылы журналдың жауапты хатшысы Акрам Ғалымов қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай С.Торайғыров 1914 жылдың желтоқсанына дейін осы қызметте болды. Орынбор мен Семей қалаларында жарық көрген Ш. Құдайбердиевтің ағарту және білім беру мәселелеріне арналған еңбектері "Айқап" журналының назарынан тыс қалмады (1912 ж. № 4 қараңыз), Б. 96). Осылайша, Шәкәрім Құдайбердиевтің С.Торайғыровпен сырттай танысуына "Айқап" журналы ықпал етті. 1913 жылы ақпанда "Қазақ" газетінің бірінші нөмірі жарық көрді. "Халықтың ұлттық мәселелерін жариялау — біздің қасиетті ісіміз", — деген сөздермен жаңа газет ашылды. Ш.Құдайбердиев пен С.Торайғыров "Қазақ" газетінің беттерінде көтерілген сол кездегі шындықтың өзекті мәселелерін талқылауға белсенді қатысып, көпшіліктің құрметіне бөленді. "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің редакциялары арасында салқын қарым-қатынас орнаған кезеңде Шәкәрім әр сөзді қатаң өлшеп, үндеу жасады: «Надан адам көбінесе балаға ұқсайды: жаңа ойыншықты ұстап алып, ескісін бірден тастайды. Кейбір замандастар

"Қазақ" газетінің шығуын көріп, "Айқап" журналын ұмытып кетті, ал қырғыздар да, қазақтар да бір журналға немесе газетке ғана жазылмауы керек, оларға екі басылым керек!»

С.Торайғыровтың өмірбаянына сілтеме жасай отырып, оның 1917 жылдың күзінен бастап 1918 жылдың сәуіріне дейін денсаулығын жақсартуға барып, Медеу Оразбаев ауылында болған фактісі бар. Ол жер Абай елді-мекеніне жақын болды. Қымызбен емдеу және таза ауамен тыныс алу үшін осындай пайдалы жерлерге баруға тура келді. Ақынға Тұрағұл Абайұлы мен Мұхтар Әуезов кеңес берді. С.Торайғыров өзінің денсаулығын едәуір жақсартта алды.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Алаш партиясы тарихи аренаға ұсынылды, оны сол кездегі қарапайым халықтың мүдделерін қорғай бастаған алдыңғы қатарлы адамдар басқарды. "Алаш" көшбасшыларының идеялары жақын болған сол кездегі ең прогрессивті қайраткерлердің тағдыры Семей қаласымен байланысты болды. 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында Тұңғыш жалпықазақ съезі өтті.

Сол жылдардағы хронологиялық және фактологиялық сипаттағы құжаттар 1917 жылғы оқиғалар Семей қаласында болған сілкіністерде, атап айтқанда, сол жылдың сәуірі мен шілдесі аралығында көрініс тапқанын куәландырады. Прогрессивті адамдар патшалық отаршылдық саясатына қарсы шығып, патриархалдық рулық қатынастардың қалдықтарын каустикалық түрде мазақ етті. Бұл тұрғыда Алаш партиясының мүшелері ерекше белсенділік танытты. Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт Торайғыров-Абайдан кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясының жарқын өкілдері.

Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт Торайғыров XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің реалистік өнердің үздік дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа қасиеттерге ие болуы үшін көп жұмыс жасады. Сол кездегі әдеби процесте Шәкәрім мен С.Торайғыров ерекше даралығымен ерекшеленеді. С.Торайғыров өзінің "Таныстыру" ("танысу") поэмасын 1917 жылдың күзінен бастап Абай жерлерінде болған кезде жазады. Бұл әлеуметтік-философиялық поэма лирикалық кейіпкердің, ағартушының, ойшыл адамның Қазақстанда болып жатқан қоғамдық-саяси өзгерістерге қатысты бақылауларын жинақтайды.

Он тоғыз жасар С.Торайғыров Шәкәрім ақынның қолдауын атап өтті және жоғары бағалады, ал мерзімді баспасөз арқылы жалғасқан қарым-қатынас олардың рухани туыстығын одан әрі нығайтты. Шәкәрім де, С.Торайғыров та поэтикалық өнердің жоғары міндеттері туралы айта отырып, әдебиеттің мақсаттарын мұнаралардың биік шыңдарымен салыстырды. Олардың екеуі де экспрессивтіліктің көркемдік құралдарының алуан түрлілігін емес, жүректің ішкі бөлігінен келетін терең, шынайы және шынайы сезімдерді білдіру тәсілдерін іздеді.

Шәкәрім Құдайбердиев "Қазақ тілі" газетінде екі мақала жариялағаны белгілі: "Қазақ тілі" газетінің редакторына үндеу" (31.01.1924 ж. № 3 (412) және" Сын және сын" (04.03.1924 ж. № 26 (425)). Автордың аталған мақалаларда көтерген проблемалары, біздің ойымызша, бүгінгі Шәкәрімтану үшін ғана емес, жалпы әдебиеттану үшін де маңызды, өйткені ақын әдебиеттану ғылымының текстология, поэзия, сын теориясы мен практикасы сияқты бөлімдеріне назар аударады, қазіргі заманғы сынның мақсаттары мен міндеттері сияқты аспектілерді қарастырады, Шәкәрімнің қазақ әдебиеттану мәселелеріне қатысты осы ойларының барлығы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Шәкәрім сынның одан әрі даму болашағын қарастыра отырып, ең алдымен дүниетанымдық ұстанымдарды дамыту қажеттілігіне, нағыз өнерді әдеби жалғандықтан ажырата білуге баса назар аударады.

Шәкәрімнің «сын әділ болуы керек, бірақ қатыгез емес, әдеби процестің дамуына ықпал ету керек» деген ойы оған оқырмандарды көбірек тартты. Дәл осы уақыт, суретшінің пікірінше, жас қазақ әдебиеті үшін де, қалыптасып келе жатқан сын үшін де үлкен сынақ болып табылады. Бірақ бұған дейін С.Торайғыровтың "Қазақ білімінің жолдары қандай?", "Өндер мен әңгімешілер", "Саяси жинақтар мен қазақ тілі туралы", онда автор қазіргі заманғы сынның міндеттерін әзірлеуді жалғастыруда.

С. Торайғыров өзінің ренішін жасырмады және егер ол мазмұны төмен кітаптармен кездесе пікірін ашық білдіріп отырды. Оның пікірінше, мұндай "шығармалар" тіпті болашақ

өмірге мүмкіндік бере алмады. Сол жылдардағы басылымдар Шәкәрім мен С.Торайғыровтың әдебиет пен тілді дамыту мәселелері бойынша ұстанымдары көп жағдайда сәйкес келетіндігін айғақтайды.

Мұндай көзқарастардың біртұтастығын сол кездегі газет-журналдардың тұрақты оқырмандары да байқай алмады. Суретшілердің адам өміріндегі өнердің рөлі, әдебиеттің қоғам дамуындағы маңызы туралы көзқарастары да көп жағдайда сәйкес келді, ал жазушылардың түпнұсқа шығармаларында біз поэтиканың жекелеген элементтерінің ұқсастығын табамыз. Алайда, тарихи өмірбаяндық деректер осы ақындардың көркемдік талғамдары мен тәуелділіктерінің бір-біріне тартылуын көрсетеді. Сонымен, олардың екеуі де адам өмірінің әртүрлі кезеңдерін бейнелеуге ерекше қызығушылық танытты. Адамның өмірі-ол дүниеге келген сәттен бастап соңғы минуттарға дейін-бірнеше рет суретшілердің философиялық ойларының тақырыбына айналды. Кейде адам өмірі қаншалықты ұзақ көрінсе де, бұл мәңгілікпен салыстырғанда бір сәт қана-бұл екі ақынның көптеген өлеңдерінің ортақ ойлары. Бірақ өмірдің өзі маңызды емес, оның толықтығы туралы ой олардың адам өмірінің мақсаттары туралы ойларының бастапқы нүктесі болды.

Абай мен Шәкәрім көтерген философиялық мәселелер кең және көп қырлы, дүниетанымдық сипатқа ие. С.Торайғыров өз өлеңдерінде осы ақындар шығармашылығының жан-жақтылығына сүйенеді.

Халық өмірінің жер қойнауынан, сондай-ақ орыс және батыс әдебиетінің өлмес шығармаларынан күш алған С.Торайғыров ең алдымен қазақ сөз өнерінің демократиялық дәстүрлеріне сүйенді. Белгілі жазушы, ғалым М. Мағауин С. Торайғыровтың "Адасқан өмір" поэмасын сипаттай отырып, "ақын өз өмірінің бір кезеңінен екінші кезеңіне өтетін адам санасының табиғатын шебер жеткізе білді"деп атап өтті. Поэманың тараулары: "мен — баламын", "мен — жігітпін", "мен тоқтадым", "мен — қарт адаммын", "мен — мәйітпін", олардың құрылыс формасы бойынша конфессиялық сипаттағы монологқа ұқсас және сонымен бірге олар адам өмірінің мәңгілік идеясын ешқашан дәл жеткізе алмайды.

Абай, Шәкәрім және С. Торайғыровтың шығармашылығына шолу жасай отырып, біз олардың көркемдік ізденістерінің бірлігін, дүниетанымдық ұстанымдарының ұқсастығын табамыз. Ұлы орыс ақыны А. С. Пушкин: "...астрономиядағы, физикадағы, медицинадағы ғылыми жаңалықтар ескіруге бейім, тек бір поэзия мәңгілік өмірге арналған". Бұл сөздердің дәлелі-мұрасы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан белгілі ақындар Шәкәрім мен С.Торайғыровтың өшпес мұраларында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. XX ғасыр басындағы әдебиет: Хрест. оқу құралы/Құраст. Қ.Ергөбек. -Алматы: Білім, 1994. — 241-б.
2. Торайғыров С. Шығармалары. 3 том. – Алматы: Алаш, 2005.
3. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар: Таным-көпш. бас. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. — 182-б

С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ ОҚУ-БІЛІМГЕ ҮНДЕЙДІ

Қабдолова Аружан Қайратқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Журналистика кафедрасының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші: **Ахонова М.И., оқытушы.**

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ халқының сүйікті перзенті, асқан дарынды ақыны, ағартушы, педагогі. Аз ғұмыр сүрсе де соңына аса бай, мейлінше қызықты әдеби мұра қалдырған классик ақын, ұлағатты ұстаз, педагог.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» арман еткен Сұлтанмахмұт Торайғыров бүкіл ғұмырын халық ағарту ісі мен шығармашылыққа арнаған.

Ақын еңбектерінде өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті мәселелерін, яғни, оқу-ағарту жайын сөз ете отырып, заман сырын, замандас келбетін көркем кескіндей білген. С.Торайғыров - нағыз ағартушы, педагогқа тән еңбектерінің азабын тартқан жазушы. Ол шындықтың жолымен жүрді.

Ақын өмірінде көпшілікке белгісіз ақтаңдақтар бар, оның өмірінің кейбір кезеңдері туралы білетініміз де аз. С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы егжей-тегжейлі зерттеліп, туған әдебиет тарихынан орны сараланғанмен, оның ағартушылық қызметі саласында сіңірген еңбегі әлі де болса, өнер қазынасын мұра тұтқан ұрпақтар мойнына жүктелетін парыз. С.Торайғыровтың педагогика саласына қосқан үлесіне бүгінгі күн биігінен жаңа көзқараспен келуіміз керек, оның шығармаларын талдау арқылы қараңғы қазақ халқын өнер-білімге, мәдениетке шақырып, көзін ашу мақсатында сіңірген еңбегі, бала оқытып, ұстаздық ету жолындағы ақынның шеберлігінің поэтикалық қуатын көрсету қажет деп ойлаймын.

Сұлтанмахмұт Торайғыров Ресей тарихының, соның ішінде қазақ халқы тарихының аса бір өрлеу кезеңінде – тарихи дамулар, күрес – көтерілістер, қиян-кескі соғыстар, ұлы революциялар дәуірінде жасады. Осының бәрі ақынның көз алдында болды; күнделікті қызметіне, шығармаларының тақырыптық мазмұны мен жанр түріне, көзқарасына зор әсер етті, із-таңбасын салды.

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,

Разымын не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығамын,

Бірақ бір табармын деп көңілім сонда, - деп бастады. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, өз халқына өнер, білім, еркіндік, бақыт іздейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 28 қазанда Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келді. Оның туған әкесі кедей шаруа, момын, қазақша хат тани білетін адам болды. Болашақ ақынға бар болғаны бір жас толғанда, анасы қайтыс болды. Ол балалық шағынан аштық пен жалаңаштықты, қиындықты көріп өсті.

Сұлтанмахмұт алты жасар күнінде, әкесінен оқып, хат таниды. Осыдан соң 1902-1907 жылдары ауыл молдасына оқуға береді. Ол молдаға оқып жүрген кезінен бастап, он үш жасында өлең жаза бастайды. Оның тұңғыш жазған өлеңі «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп аталады.

Ол 1908-1910 жж. Баянауыл қаласында ашылған діни медреседе оқиды. 1912 жылы Сұлтанмахмұт Троицк қаласына келіп, мұсылман діни мектебіне оқуға түседі. Онда барып оқуға түскен кезде Сұлтанмахмұт іздегенім табылды, енді дегеніме жетем деген ойға келеді. «Шәкір ойы» деген өлеңінде:

Мұздаған елдің жүрегін

Жылытуға мен кіремін, - дейді ақын Сұлтанмахмұт Троицк қаласында мұсылман мектебінде оқып жүріп, өз бетімен діни емес ғылымдардың негізін оқып үйренеді, орыс тілін терең меңгереді, ол Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты оқиды. Оның ой-өрісі артады, дүниеге көзқарасы қалыптаса бастайды. 1913 жылы денсаулығының нашарлауына байланысты ол қаланы тастап, ауылға баруға мәжбүр болады, ауылда ұстаздық қызметпен айналысып, аз уақыт бала оқытады. Біраз уақыт өткеннен кейін Троицк қаласына оралып, сол кездегі алдыңғы қатарлы прогрессивтік бағыттағы, өзінің терең ойымен, демократиялық бағытының анықтылығымен ерекшеленетін «Айқап» журналының хатшылығы қызметіне орналасады. «Айқапта» (1913-1914 жж) жұмыс істеген кезеңі оның қайраткерлерінің, дүние танымының қалыптасу және шығармашылығының жемісті жылдары болды. Сұлтанмахмұттың ағартушылық-демократиялық көзқарасының қалыптасуына бұл кезеңнің мәні айырықша болды. 1914 жылдың жазында Сұлтанмахмұт өзінің туған елі Баянауылға қайтады. Кейін

Тарбағатайда ұстаздық етеді, бұл 1914 жылдың күзі мен 1915 жылдың жазы болатын, содан кейін Қатонқарағай, Зайсан жағында бала оқытып, ұстаздықпен айналысады. Сұлтанмахмұт қиян кескі күрес – көтерілістер, сұрапыл соғыстар, ұлы революциялар дәуірінде жасады. Өз заманының азамат ақыны, күресшіл ақыны болды. Бұл жағынан ол ұл Абайдың жолын дамытушы болды. Абай мен Сұлтанмахмұт арасындағы шығармашылық байланыс жөнінде әңгіме қозғағанда ескеруді керексінетін бір жай бар. Ең алдымен біз Сұлтанмахмұтты ағартушы, педагог ретінде оқыту мәселесі елеулі роль атқарады. Ұлы Абай бала оқытып, оқытушы болмаса да, оның шығармаларының өзінде оқу, ғылым-білімге үндеген мазмұн кеңінен байқалады. Ол да Сұлтанмахмұт секілді өнер-білім қуып, қараңғы қазақты да соған жетелеген, мәдениетке шақырған.

Ақынның бел шешіп жазу ісімен айналысқан кездері қазақ халқының тарихында өте бір ауыр жылдар еді. Ол мәдениеті озық, экономикасы дамыған елдердің жоғары жетістіктерін уағыздап, жаңалықтың жаршысы бола білді. Сол себептен ақын «Бүгінгі жастарға оқу міндет, бар қиындықты тек қана ғылым жеңбек» деген үлкен ой тастап:

Өрмелеп шығып, күн болам.

Қараңғылықтың кегіне

Күн болмағанда кім болам?» – деп жазды.

Ақынды толғандырған мәселелер бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Автордың пікірінше, әділдік қана адамдарды «өзара таласудан», «адамның көз жасынан» және «қан төгуден» құтқара алады. Әділдік – бұл «бақыт пен күштің кілті».

Оның сөздері жас ұрпақ үшін бағдар және мәңгілік темірқазық болып қала бермек.

Сұлтанмахмұт шығармашылығы – ақындық шеберліктің, ұлтжандылықтың, азаматтықтың мектебі. Ақын кітапханасы, оқып-тоқыған әлемі көпке үлгі болар ұлы дүние, әрі ұзақ зерттеуді қажет ететін қомақты қазына. Ақынның бүкіл шығармашылығы кейбіреулерден үйреніп тындырған іс емес, машықтанған үрдіс емес, дербес дүние, рухани жиһаз ғып жаратқан тұтас болмыс, өнер деуге болады. «Жалынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров творчествосының бастауы, нәр алған бұлағы өз алдына зерттеуді, тексеруді тілейтіні жеке мәселе», - дейді әдебиет зерттеушісі, Сұлтанмахмұттанушы Арап Еспенбетов (2, 24). Расында да қысқа ғана ғұмырында өшпес із қалдырған тұлғаның білім алған, көзқарасын қалыптастырған, танымын кеңейткен әдебиет әлемі көп-ақ. Бастауы халқымыздың ауыз әдебиетінен нәр алатыны да айқын дүние. Халықтың бай ауыз әдебиетінен қана сусындамаған бірде-бір қалам иесі жоқ шығар, сірә. «Қазақ әдебиеті, ең алдымен, ұшан-теңіз бай ауыз әдебиеті негізінде туып, дамыды. Қазақтың ауыз әдебиетінің сан алуан түрлерінен, жанрларынан бастап осы күнге дейін сақталып, дамып отырған ақындар айтысына дейін барлығы да біздің рухани шығармашылығымыздың тамаша байлығы, барлық елдердің ақын-жазушылары мен ғалымдарын қайран қалдырған көркемдік ерекшеліктерін танытады».

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындық кітапханасында қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті маңызды орын алады. О баста нәр алған бастау бұлағы десек те қателеспейміз. Өз шығармаларында мақал-мәтел, шешендік сөздер мен салт-дәстүр үлгілерін шебер қолдана білген. Ақын шығармашылығын зерттеуші, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Бейсенбай Кенжебаев Сұлтанмахмұтты «қазақтың бұрын-соңды ақын-жазушылары ішіндегі өз шығармаларында мақал-мәтелдерді ең көп қолданған жазушы» деп қараған (1, 111).

Сұлтанмахмұт ауыз әдебиеті үлгілерін, соның ішінде мақал-мәтелдер мен сөз тіркестерін беталды ала бермей, іріктеп, таңдап алған. Өзінің негізгі тақырыбына, ой-пікіріне сай келетін, саяси-әлеуметтік мәні бар мақал-мәтелдерді өзі айтқандай терең ойлы, халықтың, шығарған ортаның дүниеге көзқарасын, тұрмысын, көзқарасын, ойын көрсетіп беретін дәрежеге жеткізген. Сонымен қатар оларды орынды, келісті етіп қолданған. Кей ретте заңды етіп, қазақ тілінің грамматикасына дәл етіп өзінше жөндеген. Сұлтанмахмұттың сөз қолданысында Абай тілінің әсері бар. Мысалы, «Дүние бос махаббатсыз мал секілді», – деген Сұлтанмахмұт сөзі Абайдың «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар», - дегеніне дәлме-дәл, яғни Абайдың лексикасында кездесетін сөздер Сұлтанмахмұтта да бар. Абай

сияқты аз сөзге көп мән, нәзік сезім, жинақылық береді. «Сұлтанмахмұт әдебиеттегі Абай дәстүрін жалғастырушы, онан әрі дамытушы дегенде, біз оның қазақ поэзиясында өзіндік өрнегі, өзгелік тағылымы бар ірі ақын екенін ұмытпауымыз шарт. Торайғыров ақынның ғажаптығы сонда, ол ұлы Абайдың көлеңкесінде қалып қойған жоқ. Замана ұсынған көкейкесті, кезек күттірмейтін саяси-әлеуметтік тақырыптарды жырлауды жаңа дәуір бейнесін жинақтау ниетінде Абай ұстанған бағытты ілгері жалғастыра отырып, өз дәуірінің озық тұлғасы болды» - дейді әдебиет зерттеушісі, профессор Арап Еспенбетов (3, 236).

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебаев Б. «Сұлтанмахмұт Торайғыров». – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957 ж. - 111 б.
2. Еспенбетов А. Абай және Сұлтанмахмұт // Абай. – 1993. - №7. 24-26 бб.
3. Еспенбетов А. Асау жүрек. – Павлодар, 2010. - 236-241 бб.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қалим Жанарай Ерболатқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Журналистика кафедрасының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші: Мұқашева М.Т. , филология ғылымдарының кандидаты

Я бы солнцем взошел над землей

Озарив родные края!..

Пусть сияние жарких лучей

Обогреет сердца людей,—

Өмірдің мән-мағынасы туралы, ақындық жастық шағындағы асқақ арманы туралы әлеуметтік әділеттілік пен халық ағарту ісінің жалынды қайраткері Сұлтанмахмұт Торайғыров осылай деді.

Ақынның ғұмыры ғасырымыздың ең қиын кезеңіне, Отан тағдыры екі жолдың торабында тұрған «дауыл мен екпінді» заманға түсті. Талантты болмысымен азаматтық лирик Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қысқа ғұмырында талай елеулі шығармалар тудырғаны сонша, ол ұлттық мәдениет тарихынан лайықты орын алды. Халыққа деген сүйіспеншілікке толы оның поэзиясы өзінің әлеуметтік бағдары бойынша Некрасов мұзасына жақын, әлі де азаматтық ерліктің лебі естіледі. Ол ақиқаттың жеңетініне сенді, сондықтан да ол «шуақты таңды» жақындатуға талмай ұмтылды.

Сұлтанмахмұттанушы ғалым, профессор А.Еспенбетов: «Лирикалық өлеңдерімен өмір шындығын жан-жақты қамтып, халқымыздың жаңа ғасыр басындағы көркем шежіресін жыр жолдарында кестелеген. С.Торайғыров бірте-бірте үлкен формаға құлаш ұрды» [1,148], -деп пікір білдірген.

«Тұлғаның орнын ғаламат, ғарыштық ауқымда түсінуге талпыныс – кешегі қазақ поэзиясында теңдесі жоқ құбылыс», - деп жазады зерттеуші Мұрат Әуезов. Торайғыров поэзиясының лирикалық қаһарманы мәңгіліктің бір бөлшегіндей сезіледі. Ақынның ең сүйікті бейнесі - жылулық пен жарықтың символы ретінде қабылдаған от бейнесі деп бекер айтылмаған. Ғалам сырына, болмыстың сырына бойлай алатын адам санасының құдіретін дәріптей отырып, ақын Абай сияқты зорлық пен надандықты органикалық түрде қабылдамайды, халықты ағартуды өмірінің мақсаты деп жариялайды.

Кейде талпыныстың орынсыздығынан қиналған ақын өз ісінің нақты нәтижесін көрмей, өзін айдалаға тасталған гүл дәнімен салыстырады.

Торайғыров есімі әлеуметтік-философиялық поэзияның, азаматтық ерлік поэзиясының гүлденуімен ғана емес, әдебиеттің жанрлық, көркемдік жағынан баюымен де байланысты.

Торайғыров алғашқы романдардың – өлең мен прозадағы, алғашқы философиялық-әлеуметтік өлеңдер мен очерктердің авторы, демократиялық дәстүрлерді жалғастырушы болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда Баянауыл ауданында (қазіргі Павлодар облысы) малшы отбасында дүниеге келген. Көшпелі кедей әке еңбекқор, сауатты адам болған. Болашақ ақын бір жаста болғанда анасы өміден өтті. Қуанышсыз балалық шақ, жартылай аш тірлік – Сұлтанмахмұттың көргені. Бала әкесінен сауат ашып, кейін (1902-1907) молдадан дәріс алады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ізденімпаздығы, білімге деген құштарлығы оны сонау Баянауылға итермелеп, онда теологиялық мектеп – медреседе (1908-1910) оқиды.

1912 жылдың аяғында Сұлтанмахмұт Троицкіге келіп, мұсылман дін мектебіне түсіп, өз бетінше ғылым негіздерін оқып, орыс тілін меңгеруге бел буады, Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты сүйсіне оқиды. Көз алдынан жаңа дүние ашылып, Сұлтанмахмұт бұрын өзі түсінбеген көп нәрсені түсіне бастайды. Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Оқуда мақсат не?» өлеңінде (1914):

Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін шаламыз.
Іс істейік бір болып,

Ашылмасын саламыз [2,128],- деп өлең мақсаты молда болып ескілікті бағу емес, әкім болып, болуда емес, өнер табу, халыққа пайдалы іс істеу екенін айтады.

1913 жылы шілдеде Сұлтанмахмұт ұстаздық қызметінен кетуге мәжбүр болды. Жоқшылық пен аштық оның денсаулығына нұқсан келтірді - туберкулезбен ауырып, ауылға барып, балаларды оқытады. Оқуға деген құштарлық оны азаптайды және ол науқастанып, көп ұзамай Троицкіге оралады, онда әйгілі «Айқап» прогрессивті журналының жетекші авторларының біріне айналады. Торайғыровтың мақалалары, өлеңдері пайымдау тереңдігімен, шыншылдығымен, демократияшылдығымен, өткірлігімен, көркемдігімен ерекшеленеді. Оның шығармалары оптимизмге толы, оларды ауыр науқастың жазғанына сену қиын. С.Торайғыровтың әдеби қызметі бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырағаннан кейін келген қиын жылдарда басталды. Қарапайым халыққа білімнің қаншалықты қажет екенін жақсы түсінген С.Торайғыров кедей-кепшіктердің балалары үшін мектеп ашуды көздеп, қаржы жинап, бай ауылдарды аралайды. Үміт ақталмады: далалық тұрғындар, оның ішінде бай туыстары Сұлтанмахмұттың идеясын жүзеге асыруға көмектесуден үзілді-кесілді бас тартты.

Торайғыров «Айқапта» жұмыс істеген жылдары (1913-1914) өлеңдері мен әңгімелерінен басқа бірқатар сын мақалалар жазды (олардың ішінде ең маңыздылары: «Қазақ жыр жинақтары туралы», «Әндер мен олардың орындаушылары», «Қазақтың білім беру жүйесі»)

Сол жылдары С.Торайғыров «Қамар-сұлу» («Қамар сұлу») атты тұңғыш романын аяқтап, онда ру-тайпа байларының әдеп-ғұрпын әшкерелейді, әйелдерді азат етуді жақтайды. Феодалдық-патриархалдық өмір салтының құрбандарына, қатыгез озбырлықтың кесірінен аяусыз қырылған адамдарға жанашырлық танытылып, роман беттеріне сіңісіп, халық апатының нақты кінәлілері, билік орындары әшкереленеді.

Торайғыров өз өмірінің мәнін туған халқын білімге үйретіп, рухани және әлеуметтік-саяси езгіден азат ету деп білді. Ол азат өмірді армандаған надандық пен қараңғылықты жек көретін, көшпелі халықты түрлендірудің жолын қарқынды, кейде азаппен іздеген. Елдің, мәдениеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының жолы – білімде, – деп ойлаған ол әр адамның жақсы болғанын қалайды, бірақ қалай?

Ақиқатты іздеу жолында дарынды жас қоғамдық-саяси, философиялық әдебиеттермен таныса бастады – жалпы күресте өз орнын табу үшін қазіргі заманның күрделі мәселелерін түсінудің қажеттілігі соншалық еді. Оптимизмге, Отанның болашағына сенімге толы көптеген

шығармаларды Торайғыров дәл өмірінің соңғы жылдарында, ауыр дерт төсекке таңылып жатқанда тудырды.

Торайғыров лирикасы тақырыптық жағынан алуан түрлі: оның азаматтық, философиялық, махаббат пен табиғат туралы көптеген өлеңдері бар. Бірақ, бәрінен бұрын Сұлтанмахмұтты азаматтық ақын деп атайтынын ұмытпау қажет.

Ғалым Ш.Елеуқеновтың пікірі дәл ағартушы ақындар С.Торайғыровтың, Б.Күлеевтің, М.Жұмабаевтың және ақиық ақын Мұхамедсәлім Кәшімов мұраларына қатысты айтылды десек қателеспеген болар едік: «...Ағартушылар ешқашан халқын ру-тайпаларға, тап, топтарға жіктемеген. Олар халқым, ұлтым деп сөйлеуді артық көрген. Осы қасиет қазақ зиялыларына да дарыды. Қазақ эпосының рухына ана сүтімен бірдей қоректенген олар қазақ дастаны батырларындай ұлтын, тілін, ділін, дінін сүю міндетін алға қойып, оны өздері хакім тұтқан Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді қажымас қайратпен орындауға кірісті. Өз туындыларында қазақ қауымының толғағы жеткен мәселелерін айқын да нақтылы қоя білді, халқын өнер-білімге, отырықшылыққа үндеді.» [3,192].

«Қамар сұлу» романы (1914) – заңсыздық пен озбырлыққа, әйелдерді қорғауға жалынды наразылық – жас Сұлтанмахмұттың жан-жақты талантының тағы бір дәлелі. Торайғыровтың өзіне тән әлеуметтік өткірлігімен, жарқын да шабыттана жазылған роман бізді күшті, таза сезім әлеміне енгізеді. Бізді жас қаһармандардың стихиялылығы мен ашықтығы баурап алады, жарықты, мейірімділікті таптайтын қатыгез, арсыз адамдарға бойымызда өшпенділік туындайды.

Оның Қамар сұлу романында жастардың бір-біріне сезімі, қазақтың салты мен санасы, ел ішіндегі қожа-молдалар, бақсы-балгерлердің қорлау, қара жүректігі, көрсоқырлығы, екіжүзді, аярылығы ел жуандарының шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз қылық әрекеттерін бейнелейтіні ешбір талас тудырмайды [73,153],- деп осынау қасіретке душар еткен жайттардың бірі – оқу-білім алудың кенжелігінен, әйтпегенде халық ескіліктің шырмауынан шығып, мұндай жайтты болдырмас еді деген толағай ой тастайды.

«Қамар сұлу» романын прозадағы поэма деп атауға болады. Себебі, ақын толқып жазады, кейде ырғақты прозамен, поэтикалық мәтіндерді кірістіреді. С.Торайғыровтың өзі тудырған ауызша поэзиядан алынған түрлі-түсті эпитеттер мен салыстырулар, нақыл сөздер мен қанатты өрнектер роман стиліне ұлттық нақыш, поэтикалық әріптер, халық әндері (жар-жар, айтыс) өрілген мәтінге Торайғыров романының тілі шырынды, мақсатты, ақындық шығармашылықпен тамырлас. Бірақ Торайғыров ана тілінің байлығын пайдаланумен шектеліп қалмай, орыс тілінің сөздік қорындағы сөздерді де тың ойларды жеткізу үшін пайдаланған.

Торайғыровтың болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы адамгершілік, Отанға деген махаббат идеяларын қамтиды.

Ақын, ойшыл Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақиқатты, әділеттілікті, қазақ халқын асқақтату жолдарын іздеудегі шынайылығын мәңгілік құндылық ретінде қастерлеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 том. А, 1985 ж.
2. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. А, 1993 ж.
3. Өтебаев Е. Ақын жайындағы ақиқат. Қазақ әдебиеті, 1984 ж.

С.ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ТАТАР АҚЫНЫ Ғ.ТОҚАЙМЕН ҮНДЕСТІГІ

Мажитова Лаззат Қабдірқызы,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті,
журналистика кафедрасы аға оқытушысы

Сұлтанмахмұт Торайғыров – жұрт күтпеген өзгерістер мен дүрбелең сілкіністер дәуірінде тарих сахнасына көтеріліп, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік жол салған, шығармаларына тұтас бір дәуірдің шындығын сыйғызған суреткер. Ол артына өлмес те өшпес мол мұра, қымбат қазына қалдырған дара ақын.

XIX ғасыр мен XX ғасыр тоғысында орыс және еуропалық әдебиеттерінің даму тенденциясынан белгілі дәрежеде қуат алған татар әдебиеті жаңа белеске шығып, мықты қаламгерлер ортасы қалыптасты. Бұл сол кездегі қазақ әдебиеті мен қаламгерлеріне де әсерін тигізді. Олардың арасында Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығынан да көрініс табады. Ақын шығармашылығында, әсіресе алғашқы кезеңінде, татар әдебиетінен, оның классик ақыны Ғабдулла Тоқайдан үйренгендігі байқалады. Мұның өзіндік себептері де бар. Ол себептерді ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Сұлтанмахмұт шығармашылығын зерттеуші **Арап Еспенбетов үшке жіктеп қарастырады: «Біріншіден, XX ғасыр басындағы татар әдебиеті сол кездегі Азия, Қазақстан халықтары әдебиетінен идеялық эстетикалық деңгейі жоғары еді. Өйткені олар орыс әдебиетіндегі сыншыл реализм бағытын аз да болса бұрынырақ қабылдады. Екіншіден бала Сұлтанмахмұттың оқыған молдаларының дені татарша білім алған адамдар еді. Үшіншіден, сол кезде жарық көрген кітаптар, сондай-ақ мерзімді баспасөз тілінде татар мәдениетінің ықпалы сезілетін. Қазақ кітаптарының көпшілігі Қазан баспаханаларынан шыққандықтан, кейде татар тілі аралас келетін. Торайғыровтың татар әдебиетінің көрнекті ақыны Ғ. Тоқай творчествосына зейін қоюына жоғарыдағы жайлардың ықпалы болғаны анық»** – деп жазады. [1, 236-241].

С.Торайғыровтың татар классигінің осы жинақтарын оқығаны анық. Ғ.Тоқайдың өлеңдері 1907 жылы Қазан қаласында екі рет басылып шыққан, сол сияқты, «Жұбаныш» атты балаларға арналған өлеңдер жинағы 1908 жылы бөлек кітап болып жарық көрген және қазақ арасына кеңінен тараған. Ақын Ғ.Тоқайдың «Шурале» деген лақап атпен шыққан «Яшин ташлар» атты көк тысты екі жұқа кітабын ала келіп, ондағы сықақ, мысал өлеңдерін аудармақшы болған. 1910-1911 жылдары Сұлтанмахмұт Нұрғали молдадан сауат ашып, білім алады. Ал Нұрғалидің өзі Троицк қаласында оқыған. Өзінің шәкірттерін усули жәдит тәртібімен де оқытқан. Сұлтанмахмұттың Ғ. Тоқай және татар әдебиетіне ден қоюы осы кезден басталады. Бұған ақынның інісі Шәймерден Торайғыров қолжазбасындағы төмендегі жолдар дәлел бола алады: «Нұрғалидың бір қасиеті ол қазақ-татар тіліндегі газет, журналдарды, сол кезде шыққан өлең кітаптарды үзбей алдырып отырды. Оны ірі беделі, жақсы деген талантты оқушыларға оқып пайдалану үшін беріп отырды» [2, 265]. Демек, зерек те ұғымтал шәкірт Сұлтанмахмұттың ұстазы жаздырып алатын газет, журнал, кітаптарын оқып пайдаланғаны сөзсіз.

1912 жылдың қараша айында білім алу, оқу ниетінде С. Торайғыров Троицк қаласына барады. Сол уақытта баспасөзде Ғ. Тоқайдың қазақ елінде болған уақыттағы алған әсерлері жайлы мақала жарияланады. Осы хабарды оқыған Сұлтанмахмұт ұстазы Нұрғалиға хат жолдайды, онда: «Ардақты Нұрғали ағай! ...Мен шәкіртіңіз бұл күнде көп бір өкініштерге батып жүр. Өзіңіз айта беретін татар ақыны Ғабдулла Тоқаев өткен жаз осы Троицкіде болыпты. Ол мен оқып жүрген медресенің иесі Ғабдрахман хазірет Рахманкулинның досы екен. Хазірет оны Троицкіге қымызға шақырады екен... Мен өзім көптен сұқтанып жүрген тамаша ақын Ғабдулла Тоқаевты ауылға келгенде көре алмай қолғаныма өкінем» - деп жазған [3, 8-9]. Бұл жолдар Сұлтанмахмұттың Тоқай поэзиясына айрықша ден қойғандығын дәлелдей түседі. Сұлтанмахмұт Торайғыров Ғабдулла Тоқай поэзиясынан азаматтық асқақ әуенді көрді, туған халқына деген шексіз сүйіспеншілікті таныды. Татар ақынының жырларынан қоғамдық ой-пікірді халықтық тұрғыдан бағалауды, әлеуметтік теңсіздікті жер жебіріне жете сынау дәстүрін, рухани, мәдени мешеулікке барынша қарсылықты аңғарды. Ақынның татар әдебиетінің ұлы ақыны Ғ.Тоқай творчествосына зейін қоюына жоғарыдағы жәйттердің түрткі болуы анық. С.Торайғыров Тоқайдың небәрі екі-ақ шығармасын аударды. Олар: «Арыстан мен тышқан», «Екі тышқан» (1912) атты мысалдар. «Арыстан мен тышқанды» Тоқай орыстың атақты мысалшысы И.А.Крыловтан аударған. Сұлтанмахмұт пен Тоқай шығармаларындағы

күрескерлік идея, әйелдердің қоғамдағы теңсіздігін сынау, ана тілі жайлы тебіреністері һәм көркеменерге, әдебиет сынына көзқарастары біртектес. Айта кетуді қажеттетін бір түйін – Ғ.Тоқай жырлары мен Сұлтанмахмұт шығармаларындағы кейбір ортақ үлгілер мен мотивтер – олар өмір сүрген әлеуметтік орта ұқсастығынан.

Асқан дарын иесі, лаулап жанып өткен от жүректі ақын С. Торайғыров Ғ. Тоқай поэмасындағы сыншыл реалистік дәстүрді, революциялық рухты қабылдай отырып, өзіндік жол салды. Әлеуметтік-қоғамдық ортасына сай, замана тілегіне лайық туындылармен қазақ әдебиетінің дамуына қомақты үлес қосты, оны жаңа биікке көтерді. Ғ. Тоқай татар әдебиетінде шын мәнісіндегі сын жанрының қажеттігін түсіне біліп, оны қалыптастыруда үлкен еңбек сіңірді. Сұлтанмахмұт та «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең мен айтушылар», тағы басқа да мақала, еңбектерімен Қазан төңкерісі алдындағы қазақ әдебиетінде сынның дамуына алғаш болып із салды. Қазақтың бұрын-соңды әдебиет нұсқаларын талдай отырып, «көңілді түзейтін машина – «өлең-жыр» деуі әдебиеттің, өнердің қоғамдық, тәрбиелік қызметін дұрыс тануының белгісі. [1, 236-241].

Сұлтанмахмұт татар баспасөзі көтерген ұлттық ұранмен бірге оның Ғ.Тоқай, Ғ.Ғафури, Ғ.Камал, Ғ.Ибраһимов көтерген ағартушылық-демократиялық идеясының да жаршысы болады. Бұған оның сол Троицкіде жүріп жазған «Оқып жүрген жастарға», «Талибтерге», «Оқудағы мақсат не?», «Түсімде көрген аянышты хал», «Анау-мынау», «Арыстан мен тышқан», «Мағынасыз мешіт», «Екі тышқан», «Көк өгіз», «Зарлану», «Бір баланың тілек-батасы», «Алғыс», «Шығамын тірі болсам адам болып» деген өлеңдері мен мысалдары «Қазақ оқу оқыту жолы қалай?», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең мен айтушылары» деген мақалалары толық дәлел бола алады. Сұлтанмахмұт өмірінің Троицк кезеңіндегі саяси-мәдени және әдеби бетін анықтайтын, негізінен осы өлеңдері. Ал, ақынның бұл өлеңдеріне көбінесе сол кездегі татардың алдыңғы қатарлы ой-пікірлерінің, ең алдымен, татардың аса көрнекті халық ақыны Ғ.Тоқайдың игі әсері тигенін аңғару қиын емес.

Ғабдолла Тоқай – татардың ұлы ақыны

Ғабдолла Тоқай (толық аты-жөні – Ғабдолла Мұхаммедғариф ұлы Тоқаев) (26.4.1886, қазіргі Татарстан Республикасы – Қазан) – татар ақыны, публицист. Татардың жаңа бағыттағы реалистік әдебиеті мен қазіргі татар әдеби тілінің негізін салушы. 1895 жылы Орал қаласына келіп, Мутыгия медресесінде оқыды, орыс класына да қатысып, орысша үйренді. 1902 жылдан жаза бастады. 1905 жылдан «Уралец» газетінің (орыс тілінде) баспаханасында істейді, «Пікір» газетінде, «Әл-ғасыр әл-жадид» («Жаңа ғасыр»), «Оқтар» журналында өлеңдері, публицистикалық мақалалары, фельетондары басылды. Тоқай қалың бұқараның мүддесін қорғаушы, азаттық жыршысы болды. Оның алғашқы шығармаларында кейбір діни-реформаторлық сарындар ұшырасқанымен, өз тұсындағы революциялық өзгерістерді жырлады («Бостандық туралы», 1905; «Арамтамақтарға», 1906; «Мемлекеттік дума», 1906). Ақын саяси-идеялық жағынан өсіп, татардың саяси көркем поэзиясын биік белеске шығарды, сатиралық, революциялық, азаматтық лириканы дамытты. Демократияшыл жастардың «Әл-ислах» газетіне (1905-09) қатысты. 1908 жылы Ғ.Камалмен бірігіп, Қазандағы тұңғыш сатиралық «Яшен» («Жасын») журналын шығарды. 1910 жылдан «Ялт-йолт» («Жалт-жұлт») журналында қызмет етті. Реакция жылдарында революциялық-демократиялық бағытта сатиралық шығармалар жазды. Оның сатирасы патша өкіметіне, буржуазияшыл-ұлтшылдарға, мұсылман дін басыларына деген өшпенділікке толы болып келеді («Кетпейміз», 1907; «Ұлтшылдар», 1908; «Ауыл жырлары», 1909). Тоқай еңбекшілердің аянышты ауыр халін асқан шындықпен суреттеді («Заводта», 1910; «Күзгі желдер», 1911; «Дача», 1911; «Боран», 1912). Гуманист-ақын Тоқай әйелдерді қорғап және оларға азаттық, теңдік тілеп бірнеше өлең жазды («Татар қыздарына», 1906; «Әйелдер бостандығы», 1909). Біраз лирикалық өлеңдері ғазел түрінде жазылған («Әй, махаббат-ай», 1906; «Егер сен болсаң», 1907). Тоқай балаларға арнап өлеңдер мен прозалық шығармалар да жазды («Балаға», 1910; «Жұмысқа шақыру», 1911). Кейбір өлеңдері атеистік идеяда жазылған («Бәйіт», 1912; «Езгі», 1911). Ол А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, А.Н.Майков, А.Н.Плещеев, Я.П.Полонский, А.В.Кольцов,

И.С.Никитин, А.К.Толстой т.б.бірқатар шығармаларын татар тіліне аударған. Ақын С.Торайғыров оның «Екі тышқан», С.Дөнентаев «Ібілістің шайтанға айтқаны», Ә.Ғалымов «Сүтке түскен тышқан» т.б. өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Совет өкіметі тұсында Тоқайдың шығармалары қазақ тілінде алты рет жеке кітап болып басылды.

Қорыта айтқанда, Сұлтанмахмұт Торайғыров татар әдебиетінің тек оқушысы, әншейін үйренушісі деуден аулақпыз. Бойындағы ақындық қуатына сай, туған топырағының ерекшелігіне сәйкес күрделі де көркем әдеби үлгілер туғызған дара қаламгер.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Еспенбетов А. Асау жүрек, Павлодар 2010, 236-241-б.
2. Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы, қолжазбалар, №656 папка, 265-б.
3. Кенжебаев Б. «Асау жүрек», А., 1968, 8-9-бб.
4. С. Торайғыров. «Дүние дөңгелегі айналады» Таңдамалы. Алматы, «Халықаралық Абай клубы», 2009.
5. С. Торайғыров. «Сарыарқаның жаңбыры». Алматы, «Раритет», 2007.

**С. ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Медеу Аселя,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

Қазақтың маңдайына біткен, біртуар ұлы тұлға Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893ж 28 қазан күні қазіргі Қызылту ауданы, Көкшетау облысында дүниеге келді. Торайғыровтың 2 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Торайғыров алғаш әжесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) қаталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сан қырлы және әртүрлі жанрлы бай мұрасы – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ерекше құбылысы, қазақ халқының рухани мәдениетінің маңызды бөлшегі.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қысқа өмірінде көптеген маңызды шығармалар жазғаны соншалық, ол ұлттық мәдениет тарихында құрметті орынға ие болды. Өмірлік жолында кездескен қиындықтарға төтеп беріп, Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қайсар мінезін көрсетті. Ақынның өмірде ұстанған ұраны, оның білімге, ғылымға, өнерге деген талпынысы бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан емес.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінің тарихында өшпестей із қалдырған Абайдан кейінгі қазақ ақыны, екінші ағартушы.

Ол қазақтың жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен бірден-бір ақын. Сол уақытта жаңа, белгісіз жанрда өлең жазған ақынның әртүрлі шығармалары бар, атап айтсақ: екі роман, бес поэма, көптеген өлеңдер, мақалалар, очерктер және публицистикалық шығармалар.

С. Торайғыровтың шығармашылық мұрасын әдеби тұрғыдан зерттеу XX ғасырдың 30-жылдарынан басталды. Сұлтанмахмұт жайлы алғашқы мақалалардың авторлары І.Жансүгіров, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, А.Адалис, И.Маслова, Қ.Дәукенов, С.Айтмұқанов және т.б. болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналды.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманға қанық. Оның болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық мәніне ие.

«Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам,
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін».
Сұлтанмахмұт Торайғыров

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда Баянауыл ауданында малшы отбасында дүниеге келген. Әкесі-Әубәкір кедей болған, бірақ хат таныған адам. Бір жасында анадан айырылып, жетімдікті көріп өседі. Қуанышсыз балалық шақ, жартылай аш өмір — осының бәрін Сұлтанмахмұт басынан өткерді. Хат тануды ол әкесінен, кейін (1902-1907) молдадан үйренді.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың көгіне,

Күн болмағанда кім болам, - деп жырлаған ақынның шын мәнінде де, бүгінде қазақ аспанындағы рухани сәуле шашып тұратын ең жарық күндердің бірі болып мәңгілікке қалғанына ешкімнің де таласы жоқ екені анық.

Аз жасағанына қарамай, ол қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтеріп кетті. Реалист-ақын XX ғасырдың әдебиетінде жаңа жанрлар туғызды, роман жанрының, реалистік поэманың қалыптасуына әсер етті. Оның адам өмірінің мән-мағынасы жайлы “Адасқан өмір” поэмасы, XX ғ. басындағы қазақтың іріп- шіріген билеуші табының ескен, тәрбие алған ортасы, ескілікке қарсы үн кетерген “Қамар сұлу” шығармасы, жастарды асқақ қиял, зор талапқа бастайтын лирикасы – оны қазақ әдебиетіндегі демократтық әдебиеттің ірі өкілі етті [1, 56-б.].

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы – өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

1908-1910 жылдары Сұлтанмахмұт Баянауылдағы медреседе оқиды. 1911 жылы Троицк қаласынан көрші ауылға келіп, молдалық құрған Нұрғалидан дәріс алады. Нұрғалидың көмегімен бұл кезде ол қазақ, татар тілінде шыққан кітаптарды, газет-журналдарды көп оқиды. Өлең, әңгіме жазуға ден қояды. Білімі толысып, өнерге құштарланған Сұлтанмахмұт қаламынан бұл кезеңде "Дін", "Сарыбас", "Соқыр сопы", "Кезек қашан келеді", "Оқу" атты бірқатар өлеңдер мен "Зарландым" деген әңгіме туады. Оларда талапкер ақын ескі оқу мен жаңа оқудың айырмасы, өнер мен білімнің пайдасы, байлық пен кедейлік, т.б. туралы толғанады.

1912 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт оқу іздеп Троицк қаласына барып, осындағы медресеге түседі. Қуанышында шек болмайды. Көңілін шабыт кернеп, "Оқудағы мақсат не?", "Анау-мынау", "Қандай?", "Зарлау" тәрізді бірқатар өлеңдерін жазады.

Әйтсе де бұл медреседе көп оқи алмайды. Туберкулез індетіне шалдығып, 1913 жылы Троицкідегі оқуын тастауына мәжбүр болды. Амалсыздан Троицк маңындағы қазақ ауылдарына барып, бала оқытады. Өзі де көп оқиды, өлеңдер жазады. Осында жүріп "Ауырмай есімнен жаңылғаным" – деген белгілі әңгімесін жазады. 1913 жылдың күзінде Троицкіге қайтқан Торайғыров «Айқап» журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, «Өлең һәм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», т.б. әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды.

Ақынның 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. «Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады», тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады. Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді.

«Айқап» журналында жұмыс істеген жылдары (1913-1914) Торайғыров өлең мен әңгімеден басқа, бірқатар сыни мақалалар жазды (олардың арасындағы ең едәуірлері: «Қазақтың өлең жинақтары жайлы», «Әндер мен оны орындаушылар», «Қазақтарды оқыту жүйесі»), онда оқыту жүйесін жетілдіру қажеттілігі жазылған.

Сұлтанмахмұттың "Қамар сұлу" (1914), "Кім жазықты?" (1915) романдары қазақ әдебиетінің даму тарихынан елеулі орын алады. Көркем прозаның туу, қалыптасу кезеңінің бастауында дүниеге келген бұл романдарда өз заманының ащы шындығы бейнеленеді. Сол дәуірдегі әйелдердің бас бостандығы, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік мәселелері мен жаңа психология арасындағы тартысты, қоғамдағы адамдардың түсінік-танымындағы кереғар құбылыстарды бейнелеу арқылы Сұлтанмахмұт туған халқының болашағы туралы толғанады.

1914 жылы революцияға кейінгі кезеңнің ең үздік туындысы «Қамар сұлу» романы жарық көрді. «Қамар сұлу» романы қазақ әдебиетінде мәні зор туындылардың бірі.

Ұзақ түн, жолдасым жоқ иттен басқа,

Бүтін киім менде жоқ жаурамасқа,
Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,
Туғаннан міне шықтым талай жасқа.
Өкпемнен барады өтіп күзгі суық,
Бір жағынан қышытып биттер буып,
Бит жеген, ескі күпі жабағысы
Жөргекке оралғанда іштен туып.
Бұл битке сонан бері денем азық,
Көбінесе сондықтан да жүрмін азып.
Туысымен көргенім бәрі бейнет.
Тумай жатып қылып ем қандай жазық?
Жұрт айтады: «Еңбек қып, ерінбесең,
Маңдай термен ас тауып адал жесең,
Қызмет қылған байыңнан алғыс алсаң,
Ол сені алдап, арбап кетсе де есең,
Сонда сен көгерерсің», — дейді халық,
Көп өмір өтпеді де бұған нанып?
Ес біле басталғаннан бері қарай
Бір тыныш жаттым ба, ұйқым қанып?

Мұның бәрі Сұлтанмахмұттың жаңа жол – «шындықтың аулын іздеуге» ұмтылуының заңдылығын көрсетеді. Өзінің тегі жағынан Қамар бай қызы, бірақ өз әлінше оқыған, өмірді танитын қыз. Ол қазақ әдебиетінде көрінген жаңа тұлға, жаңа характер. Алғашқы кезде ол ұяндау болып көрінеді. Басына күн туып, ескі салтпен айқасқанда ғана Қамар өршелене бастайды. Сөйтсе де ол махаббат сезімінен құр емес. “Ахметтің алғашқы хатында оқығанда, ол бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі кеудесіне сыймай қысылып, қарап тұрып бір тынымсыздықта қалады”. Мұнда пәк сезім, шын сүюдің белгісі бар. Бірақ оны терең ойға батыратын нәрсе – өз ойы, арманы мен қоғам салты арасындағы зор қайшылық. Тағы мұнда «Қамар сұлу» романында теріс сипаттарын көреміз. Мынау залымдықты көргенше, қаңғып өлейін. Мұны Ахметтің кетер алдында Қасен деген досына жазған хатында байқаймыз. Шыдай алмай күйіп – жанып кеттім қашып, Қамауға көре күйік жан таласып. Бұл күнде өлетінім сол қайғыдан, Қамардың халін ойлап жаным ашып дейді. Оқуды сылтау қылып, екі жүз шақырым жерден шаһарға кетті. Бұл арадан Ахметтің Қамарға деген сезімі бар және ғашығы үшін қиналуы, жаны ашуын байқаймыз. Енді бірде Қамардың қандай халге түскенін байқайтын болсақ, мына шумақтан көреміз. Қорлықты зорлықпенен көрген Қамар, Амалсыз бәріне де көнген Қамар Айдай әлем аузының суын құртып, Арманда арсыздардан өлген Қамар.

Ал романның басындағы Қамар портретін ақын былай суреттейді. Бастапқы келтірген шумаққа қарағанда мұнан мүлде өзгеше, оны мына шумақтан аңғарамыз. Жіңішке сымға тартқан әні қандай, Бал ауыз, балбыраған тәні қандай. Ақыл-ой, мінез-көрік түгел келіп, Толысып, толып тұрған сәні қандай. Сұлтанмахмұт Торайғыров жоғарыда келтірілген екі шумақта Қамардың портретін сәтті суреттеген. Жаңа заманның қызының бейнесін ашуға ден қойған. Ақын кешегі еркін де балғын өскен сұлу қыз, озбырлыққа душар болып, бақытсыздыққа ұшыраған сәтін байқатса. Мұндағы қарсыласқан екі түрлі портрет автордың осы гуманистік, азатшылдық идеясын береді. Осындай мысал келтіретін болсақ Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” романындағы Жамал бейнесін алатын болсақ. Жамал – өз тағдыры үшін күресуге дайын, сауатты, саналы қыз. Бақыт жолында қандай қиындыққа да қарсы тұратын қайсар жан. Жамалдың рухани жан дүниесі, ішкі әлемі ғашығына жазған өлең хатында ашылады. Осындай дәрменсіздікті біз Ахмет сүйгеніне қолы жетпей арманда кеткен Қамар сұлудан да байқаймыз. Ағатай болдым ғашық мұрыныңа, Көк бурыл иектегі құрымыңа. Кірпідей аяқ – қолы жиырылған, Қосылар күн бар ма екен тұлыбыңа, – деген Қамар өлеңінен Нұрымды сүймейді тіпті мейлінше жек көреді. Оның кәрілігін, ұсқынсыздығын мазақ етіп, өлең шығарады.

Оллаһи, ант етемін Алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен.
История, география пәнді білмей,
Оллаһи тірі болып жүрмеспін мен.
Келгенше осылардың отыз жасқа,
Иншалла, бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,
Жер жұмсам, мәз болмаймын ішер асқа!

Сұлтанмахмұттың ақындық, азаматтық жаңа бағдарламасын ұсынған осы сөзінен лапылдап тұрған ақындық мінездің табандылыққа ұласуын көреміз. «Оян қазақ» деп жар салғанымен, оларға жауша қараған кейбір надандардың да іс-әрекетін, сезім күйін қатар алып көрсетеді. Өлеңнің соңында ақын өнерден құр алақан қалып бара жатқан елінің жағдайын баяндай отырып, жастарды осымен күресуге, алға қарай баруға үндейді.

Кәпір бар, мұсылман бар-барлығы адам,
Оларды алалайтын қандай надан
Өнер, білім, әділет кім қолдаса

Қай ұлт болсын-бәрі бір бауыр маған,- деп жазады «Ұлт» атты өлеңінде. Ұлттың тар шеңберінде шектеліп қалмауға, іздену көкжиегін кеңітіп, кім ақыл-ойына өріс алса, соны дос тұтып, бауыр санап, өзің де жоғыңды алуға кеңес береді. Халықтың көсегесін көгертетін де бізше осындай ірі мінездер.

Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығы туралы аз айтылмады. Дегенмен оның журналистік қызметі өте ерекше. Мәселен: «Айқапта» жемісті қызмет істеп, бірқатар шығармаларын бастырған, ақындыққа бет бұруына жол ашылған шағында, Сұлтанмахмұттың журналдан қызметтен кетуі - оның еркінен тыс болған оқиға. Оны өзі де «Мен өз пікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым. Махмұт кайбір адамның көңіліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым... «Айқапта» тұрған минуттарда бүкіл ғаламға өзім ие болғандай көтерілдім. Ойлап қарағанда, ақымақтық болмаса, көтерілетін не бар еді?» - деп мойындап жазған.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, сол кездегі «Айқап» пен «Қазақ» газетінің арасындағы пікір таластары Сұлтанмахмұттың тағдырына әсер еткен сияқты.

«Айқаптың» күзден бергі номерлерінде «Қазақтың», иә «Қазаққа» жазушылардың аты аталмаса, журнал мақсатына жете алмайтындай боп келеді. Бас қосу мәселесінде де «Қазақ» айыпты, жер мәселесінде де «Қазақ» айыпты, партия ісіне де себепші болып тұрған «Қазақ», «Айқапта» түс көрген өлеңші де «Қазақты» жырлайды, циркке барып балуан көргендердің есінен де «Қазақ» қалмайды, басқармадан біреуге жауап жазылса да, баяғы «Қазақ», қазаққа алалық қайдан келгенін жазғанда да аяғы келіп тағы да «Қазаққа» соғады, үлкен кісілерді де тіршілігінде «Қазақтың» пікірін қуаттағаны үшін сөгеді» - деп жазыпты Міржақып Дулатов «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы тартыс туралы. Осы сөздің ұшығы Сұлтанмахмұтқа тиіп жатқаны даусыз. Ондағы «Қазаққа» тиіп жатқан «Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс» («Айқап», 1913, №20), «Бір балуанға қарап» (1913, №21) деген өлеңдер Сұлтанмахмұттыкі. Оның үстіне Сұлтанмахмұттың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» («Айқап», 1913, №19, 20, 22-23), «Жаңа кітап» (Сонда, 1913, №17) атты мақалаларында М.Дулатов кітаптары сыналатынын ескерсек, «Қазақ» газетінің Сұлтанмахмұтты тікелей көздегені расқа шығады. Пікірін «дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамайтын» ақын «Қазақтағы» ағаларын ренжітіп алғанға ұқсайды. Өз шығармаларына қоса «Айқап» бетінде басылған «Қазақ» газеті және ұстанымы туралы пікірлер де ұйымдастырушы есебінде Сұлтанмахмұттың «кінәсі» саналған. Сондықтан «Қазақ» газетінің басындағылар «Айқаптың» шығарушысы М.Сералинге ықпал етіп, Сұлтанмахмұтты журналдан кетіруі әбден мүмкін. Редакцияның Сұлтанмахмұттың кеткенін хабарлап, енді оның журналмен «ешбір қатынасы болмайды» деп жазуының өзі де «Қазақ» алдындағы ақталу сияқты.

«Айқаптан» кеткеннен кейін, 1914 жылдың жазында Сұлтанмахмұт өз еліне - Баянауылға барады. Аулында біраз уақыт бала оқытып, қаражат жинап алып, үлкен қалалардың біріне оқуға кетуді ойлайды. Ел жастарын оқуға, білім жолына тартатын мәдени-ағарту ұйымын құруға талап жасайды. Өзі «Шоң серіктігі» деп атаған осы ұйымның алдына тұрмысы нашар, кедей оқушыларға көмектесу, оқуына қаражат беру, ел ішіне газет-журналдар алдырып, кітапханалар ашу, оған хат білетін адамдарды тарту, ақын-жазушылардың шығармаларын бастыру міндеттерін қояды. «Серіктіктің» мақсаты ақынның «Шоң серіктігін» ашарда «Шоң серіктігі» туралы көпке істеген баяндаманың басы», «Бұл баяндаманың арты мынадай сөздермен тынады» деген өлеңдерінде де айтылған. Алайда, ақынның ойы іске аспайды. Не «Шоң серіктігіне», не өзінің оқуына қаражат жинай алмайды. Көмектесер деген үмітпен барған адамдары ықылас-пейіл танытпайды. Тағдырына наразылық білдірген біраз өлеңдерді («Күнделік дәптерінен», «Қос үй», «Бір адамға») ақын осы кездегі көңіл күйі әсерімен жазған. 1914 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт Семей қаласына келеді. Бірақ төменгі дәрежедегі оқудан жасы асып кетіп, жоғарғы Дәрежедегі оқуға білімі сәйкес келмей, орналаса алмайды. Өз бетімен кісі жалдап оқуға қаражаты болмайды.

Бұл жағдайлар тағы да Сұлтанмахмұттың көңіл күйін бұзады. Ақын ойының іске аспағанына, мақсатына жете алмағанына күйініп, жан дағдарысын бейнелейтін біраз өлеңдер («Ләнет бұлты шатырлап», «Алты аяқ», т.б.) жазады. Ақырында басқа амалы таусылған ол Алтай бойына (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданына) жалданып бала оқытуға кетеді. Онымен Семейде кездескен Өр Алтайдағы Қаратай елінің болысы Әбдікәрім Ережепұлы Шыңғыстай аулынан төрт кластық мектеп ашқан екен. Соған орысша, қазақша оқытатын мұғалімдер тартқан. Сұлтанмахмұт қазақша бала оқытып, орыс мұғалімінен орысша

сабақ алуды да ойлайды. Сөйтіп Әбдікәрім болысқа еріп Қатонқарағайға кетеді. «Қатонқарағайға кеткенім, - деп жазды күнделігіне ақын, - ызаға шыдамай, ең шыны күн көру үшін. Қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жарайтын болды. Семей - қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой, арасында кем көрініп жүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым».

Қатонқарағайда бірер жылдай істеген Сұлтанмахмұт кейін Зайсанға ауысады. Оған Әбдікәрімнің Бағила деген қызына ғашық болуы, мұғалімнің ниетін білген болыстың қызын тездетіп, айттырған жеріне ұзатып жіберуі себеп болады. Сұлтанмахмұт осы тақырыпқа жаңа шығарма жаза бастайды да, «Әжібай болыс» («Кім жазықты?») атты өлеңмен жазылған романын Зайсанда аяқтайды. Оны

«Қазақ» газеті жариялаған (Есенғұл Мамановтың қаржысы) роман бәйгесіне жібереді. Бірақ қолжазба жоғалып кетеді. Қазіргі қолда бар нұсқа - ақынның өзінде қалған, толық емес қолжазбасы.

1916 жылдың жазында патшаның қазақтардан солдат алу туралы жарлығының шығуына байланысты ел ішінде қобалжу басталады да, Алтай, Тарбағатай бойындағы ел Қытайға ауа бастайды. Сұлтанмахмұт осы кезде Семейге қайтады. Бірақ онда көп тұрақтамайды. Еліне барады. Содан күзде оқу іздеп Томск қаласына жол тартады. Онда Томск Технология институтының студенті Әлімхан Ермековтің (кейін математика процессоры болған, репрессияға ұшыраған) көмегімен даярлық курсына түсіп орысша оқиды. Әрі емделеді. Тұрмыс қиыншылығына қарамай, орысша білім алуға жол ашылғанын ол қуаныш етеді. Сол кездегі күнделігіне: «Жұмасына екі ғана обед етем (ет татам). Құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. Киноға, вечерлерге бір мәртебе болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным - ала қағаздың беті... Халім осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң тұрмыс қандай жүк салса да, көтерем. Бірақ көңілім оқуда болмақ», - деп жазады. «Ол бір қыстың ішінде орыс тілі грамматикасын, әсіресе, синтаксисі мен этимологиясын жете меңгеріп алды. Орысша жақсы сөйлемегенімен, жазуға, ұғынуға келгенде, өте жетік болып шықты. Ол менің үйімнен Л.Толстойдың, Руссоның, т.б. саяси брошюра кітаптарын оқып жүрді және оны терең түсінетін еді» - дейді Ә.Ермеков.

1917 жылдың ақпанында Ресейде буржуазиялық-демократиялық төңкеріс жеңіп, патшаның тақтан түскені мәлім. Патша отаршылдығы мен қоғамдық әділетсіздікке қарсы күрескен

Сұлтанмахмұт «Мұндай заманда қазақ оқығандарының қазақ ішінде болмауы иттік» деп, 1917 жылдың 10 наурызында Семейге келеді. Семейде ұйымдасқан Қазақ комитетінің жұмысына қатысады. 1917 жылдың жазында Алаш партиясының құрылуын, Ұлттық автономия ұйымдастыру талабын қолдап «Алаш ұраны», «Таныстыру» сияқты шығармалар жазады. «Сарыарқа» газетінде өлеңдер мен мақалалар жариялайды. 1917 жылдың қазанында Семейге келген Әлихан Бөкейхановты қарсы алушылар ішінде болып, «Әлиханнның Семейге келуі» («Сарыарқа», 1917, 30 қазан, 13 қараша) атты мақаласын бастырады. Онда ұлт көсемінің халықтық еңбегі мен оны қарсы алушылардың сезімі көтеріңкі күйде суреттеледі. Осындай қарбаласта жүріп Сұлтанмахмұт денсаулығын нашарлатып алады. Қыс бойы Тобықты ішіне барып, қысыр сауғызып қымыз ішіп емделеді. Бірақ мендеген ауру бой бермейді. Қайтып келіп көрінген Семей дәрігерлері де жарытымды кеңес бере алмайды. Содан ол туған еліне - Баянауылға кетуге мәжбүр болады. Бұл кезде жаңа құрылған кеңес өкіметінің ықпалы ел ішінде тарай бастаған еді. Ол Керекудегі революциялық комитет жұмысына қатысып, елдің кедей шаруаларына ара түседі, дау-жанжалдарды әділ шешуге араласады. Елде ол қоғам дамуының жолы, таптар тартысы мен күресі жайында көп ойланады. Саяси-философиялық әдебиетке көбірек көңіл бөліп, К.Маркстің, Г.В.Плехановтың, Н.Г.Чернышевскийдің, В.И.Лениннің шығармаларын оқиды. «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» сияқты поэмалар мен «Осы да әділдік пе?», «Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?» деген өлеңдер жазады. 1920 жылы 21 мамыр күні ұзаққа созылған аурудан Сұлтанмахмұт қайтыс болады.

Пайдаланылған әдебиеттер (сайт) тізімі:

Wikipedia.org
Adebiportal.kz
Stud.kz
Baribar.kz

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТЕҢСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ

Мұрат Айсара

«Тұран университеті»

«Журналистика және аударма ісі» кафедрасының 1 курс студенті

Жетекші: Ауезова Э. Ж «Тұран» университеті «Журналистика және аударма ісі»
кафедрасының сениор- лекторы.

Қазақ қоғамы ерте заманнан бері салт-дәстүрдің сорпасын ішкен халық. Қазақ халқының қоғамында түрлі тарихта қалатындай оқиғалар да орын алды. Тарихқа көз жүгіртсек осы шеңберде ақын-жазушылардың жазған біршама еңбектері бар. Қазақ халқының бойжеткен қыздарының тартысқа толы тағдыры қайсібірімізді болсын ойландырмай қоймайтыны анық. Әлеуметтік мәселелерді сол кездегі болған қазақтың бет-бейнесінен біле аламыз. Өйткені сол замандағы қазақтардың ескі көзқараспен өмір сүріп біраз қыздың ғұмырын қыршыннан қиғаны баршамамызға мәлім. Тіпті трагедияға айналған қыз ғұмырлары да аз емес. Трагедияға айналған деп отырғанымыз осы бір мәжбүрлі түрде тұрмысқа берудің түбі өз-өзіне қол жұмсаумен яки өліммен аяқталатын. Ақын-жазушылардың еңбектерінде осыншама тағдырдың тарихы көрініс тапқан. Әлеуметтік зорлық-зомбылық пен мәжбүрлі түрде өзінен біршама жас үлкен адамға тұрмысқа шыққан қарақат көзді қыздарымыз туралы жаңаша көзқарас пен леп алып келген ағартушыларымыздың бірі- Сұлтанмахмұт Торайғыров. Қазақ халқының бет-бейнесін ерекше құбылыстармен өлең арқылы жеткізді. Қоғамның әділетсіздігіне ұшыраған әйелдердің ауыр тағдыры шығармада көрініс табады. Шығарма- «Қамар сұлу». Осы шығарманы негізге ала отырып қазақ халқының қазанында қайнаған біршама мәселелерді зерттейтін боламыз. Теңсіздік деген ұғым қазақ тарихында әйел деген ұғыммен қатар жүреді. Өйткені осы тақырыпта шығарылмаған өлең жазылмаған еңбек жоқ. Байлық пен кедейліктің бейнесі де осы тақырыптың айналасында көрініс табады. Әйел теңсіздігінің артында біршама санаға сіңіп қалған салт-дәстүрлер керітартпа әдет-ғұрыптар мен келеңсіз мінездер жатты. Қалтасын ойлаған арамтамақтар мен қызды малға сатып өз пайдасына көз жүгірткен байлар да аз болмады. Осындай ауыр болмысты көтерген әйел тағдыры, олардың бақыты деген дүние мүлдем назарда болмады. Осындай тақырыпта жазылған шығармалар әйел теңсіздігін тереңінен түсіндіреді.

Дәстүрлі отбасы құндылықтары мен әйел мәселесі қазақ әдебиетінде терең қозғалып, жілігі шағылған тақырыптардың бірі. Бұл өзекті мәселелердің ар жағында ұлт проблемасы, қазақ халқының проблемасы жатқаны айқын. Осы тұста Мұхтар Әуезовтің: «Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес. Бұлай болғанда алғашқы сөзімді қайта ай-тамыз. Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті, әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім

десең, әйелдің халін түзе!» [1, <http://el.kz/m/articles/view/content-4089>] – деген сөзін келтіре аламыз.

«Әдебиет сахнасындағы әйелдер бейне-сінің суреттелу жайын талдау – әдебиеттану ғылымының басты мәселелерінің бірі. Бұл саладағы зерттеу мәселесіне ерте кезден-ақ көңіл аударылған. Мұны біз барлық әдебиет зерттеулерінен де байқауымызға болады. Әйел тағдыры, теңсіздікті бастан кешкен әйел бейнесі – барлық қаламгерді тебіrentті де Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев әйел тағдырын шешуге дұрыс жауап тауып, әдебиеттегі қазақ әйелінің образын жан-жақты жасаумен қатар білімге, өнерге үндеу идеясын жүзеге асырды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар қазақ қызының теңсіздікте мұң кешіп отырғанын бейнелеп, оларды өздерінің бас бостандығы үшін күреске шақырса, Сәбит Дөнентаев қалың малдың құлы болған әкенің қаталдығы мен мейірімсіздігін аяусыз әшкереледі [2, 19-20-бб]. Әйелдер бейнесін сомдаумен қатар, XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазылған туындыларда дәстүрлі отбасы құндылықтарын дәріптеуге ерекше көңіл бөлген. Шығармалар тақырыбы жағынан сырт көзге тек әйел теңдігі тақырыбына арналған болып көрінгенмен, шығарманы оқу барысында детальдерге мән бере отырып авторлардың мынадай мәселелерді көтергенін байқай аламыз: 1) Ерлі-зайыптылар қарым-қаты-на-сы («Алтын сақина»). 2) Ене мен келін ара-сындағы қарым-қатынас («Алтын сақи-на», «Бәйбіше-Тоқал»). Бұл әдебиеттегі ортақ сюжетке ие болған шығармалардың желісінен көрініс табады. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазылған шығармалардың ішінде ерлі-зайыптылар қарым-қатынасына көңіл бөлген шығарма – Қошке Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасы. Пьесада ер мен әйелдің, келін мен қайын ененің қарым-қатынасы суреттеледі. «Қазақ танымына сай әйел еш уақытта еріне қол жұмсамауы керек, күш көрсетіп, таяқ ала жүгірмейді немесе сес көрсетпеуі тиіс. Ұрысқанда тілдеп бетке түкірмейді. Бұлай істеген әйелдің ақ некесі бұзылады, өзінен-өзі талақ болады деп есептейді» [3, 99 б.]. Міне, осы аталған қазақ әйеліне тән қа--сиет-тер пьесаның бас кейіпкері Хали-ма-ның бойынан көрінеді. Демек, автор Халима арқылы дәстүрлі қазақ отбасындағы үлгілі келін бейнесін көрсеткісі келген. Пьесаның бірінші пердесінде – жазушы ерлі-зайыптылардың татулық пен сыйластықта ғұмыр кешуін суреттейді. Екінші пердеде – Халиманың отбасы мүшелерімен қатынасы шиеленіседі. Бұған себеп болған жағдай – Халиманың қайын ене талабын орындамай анасы сыйлаған алтын сақинасын бермеуі еді. Бұл аруақты сыйлағанның белгісі болатын. Алайда, қайын енесі туысқаны Тәуіршенің азғырғанына еріп, келініне өшігеді, онымен қоймай, баласын да келініне қарсы қояды. Өмірі ұрыс пен балағат естіп, зорлық-зобылық кешумен өтсе де, Халима күйеуі мен келін боп түскен әулетіне адал болып қала береді. «...Осы үйден өліп кетпесем, тірі кетпеспін...», «...Мен бір-ақ кісіге қатын, екі кісіге қатын бола алмаймын...» [4, 246 б.] деген үзінділерде адал жардың бейнесі көрінеді. Зорлық пен бәле-жаладан жалыққан Халима отбасы берекесін шын ниетпен аңсайды. Халиманың көзқарасы Бану деген кедей келіншекпен сырласқанында байқалады: «... Ен дәулетің құрысын. Жалғыз атты кедейге тиіп күйеуіңмен тату тұрсаң, қайын ененің қарамағынан азат болсаң тұрмысы татулықта, ерлі-байлы кісінің тату тұруында...» [4, 249 б.]. Осылайша, Халиманың бейнесі арқылы қосағына адал, сабырлы, ұстамды, үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарайтын келіншекті, осы қасиеттер арқылы отбасын сақтап қалуды мұрат еткен асыл жарды көре аламыз. «Қазақтың байырғы әдет-ғұрыптық заңы бойынша әйел адамның әлеуметтік орта-дағы орны мен міндетін білдіретін және мүліктік меншікті иеленудің үле-сін біл-діретін құқықтық нормалар жиын-тығы бар. Байырғы заңдар жүйесі бойынша, ер азаматтың бірнеше әйелі болса, ең бірінші әйелі – бәйбіше деп аталған. Отағасы оны сыйлауға міндетті, алайда, қанша әйелі болса да, барлығы бірдей бәйбішеге бағынған. Әйелдердің жасауларының араласып кетуіне жол берілмейді, бұл анасының мүлкі тек балаларына тиесілі болсын деген түсініктен шыққан. Ертеде қазақ байлары бірнеше әйел алған-мен, әр әйелдің өзіндік құқығы мен атқаратын міндеті болған. Сондай-ақ, бәйбіше күйеуінің әйелдеріне қалай көңіл бөлетіндігіне байланысты күйеуінің малынан тоқалдарға енші бөліп берген, ал, бәйбішеде еншіленген шаруашылық болмайды,

себебі оған күйеуінің малын басқаруға, күйеуімен бірдей дәрежеде құқық берілгендіктен, бәйбіше де мал-мүліктің толық иесі болып саналған. Ерлердің бірнеше әйел алуға құқығы болған» [2,101б.]. Қазақтың дәстүрлі отбасында көп әйел алушылық, ең алдымен, ұрпақтың санын арттырса, екіншіден, оң жақта отырып қалған қыздардың санын азайтқаны белгілі. «Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазылған Мұхтар Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал» пьесасы абысын-ажын, келін мен қайын ене мәселесіне арналған. Пьеса 1918 жылы жазылып, 1923 жылы Ташкентте кітап болып басылды. Мемлекеттік театрда «Еңлік – Кебектен» кейін 1926 жылы қаңтар айында қойылды. Пьеса шағын экспозициядан басталған. Сахнада қаракөлеңке, күңгірт тартқан Есендік бай үйінің бір көрінісі. Үстіне қара жамылып, жүздері солғын, жадау тартқан байдың қызы Дәмеш пен келіні Күләш төмен қарап сөйлесіп отырады. Есендіктің бәйбішесі Бәтиманың дүние салғанына 20 күн толып, сонан бергі үй ішіндегі өзгеріс, Қайша тоқалдың лаңы, берекесіз тірліктен туған жанжал, дүние-байлыққа таласу сияқты оқиғалар берілген» [5, 111 б.]. Пьесада Күләш қайын ене қадірін білетін келін болып суреттеледі. Бұны біз Бәтима бәйбішені жоқтап, жақсы қасиеттерін «...Апам жарықтық кісіге жаманшылық ойлауды білуші ме еді? Бүгін тас-талқан болып отырса да, ертең кіші апамның бар мінезін ұмытып, кешіре беруші еді, «Бұл байғұсқа қылмағаным бар ма еді? Төркініне апартып тастамақшы да болдым. Бүгін теңессе, құдай көз жасын иген шығар», – деп, тоқалды шақырып татуласып алатын. Өмірі ішінен кегі кетпейтін – мына кісі ғой» [6, 52 б.] – деген жолдарда есіне алып отырғанынан көре аламыз. Бірде Күләш қайын енесін былайша еске алып отырады: «Апамның айтқаны: «Қуатжан тоқалдан туған болса, менен де туған. Алды-артында толып отырған інісі жоқ, басы жалғыз. Ертеден кешке жетім баладай көзге түрткі қып отырғанымыз лайық па?!...» [6, 53 б.]. Күләштің бейнесінде отбасына деген сыйластық қайын сіңлісіне деген елжіреген көңілінен білінеді. Қазақтың ғұрпына сай қайын сіңлісінің атын атамай «еркем», «қалқам» деп атап, Дәмешті үнемі қорғап жүреді. Бұл келін боп түскен әулет мүшелеріне деген қамқорлықтың белгісі іспетті. Пьеса соңында Күләш жарының опат болуына қайғырып, мұң-зарын төгіп, өзінің шын өкінішін көрсетеді. Тұтастай пьеса тартыс пен күреске толы болғанмен, қазақтың отбасылық құндылықтарындағы қазақ әйіліне тән жасы үлкендердің қадірін түсіну, туған-туысқа қамқорлық білдіру, парасаттылық пен даналықты тең ұстап, отбасының ұйытқысы бола білу деген сияқты асыл ұғымдар бір Күләштің бейнесі арқылы танылған. Қорытындылай келгенде, ұлттың баян-ды болашағы мен кемел келешегін ойлау – жас ұрпаққа дәстүрлі отбасы құндылықтарын насихаттаудан, ұлықтап, дәріптеуден басталады. Дәстүрлі отбасы құндылықтары – барша қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, таным-түсінігін, болмысы мен бейнесін көрсететін ұғым. Отбасы құндылықтарының ең басты қағидаттары күнделікті өмірде кездесетін анаға деген құрметтен, әжені ардақтаудан, қарындасты қадірлеуден, әкені сыйлаудан, ер адамға елдің қамын жейтін батыр ретінде қошемет көрсетуден басталады. «Анаға құрмет, жарға жаңашырлық, қызға қамқорлық – иманға ұйыған ұлтымыздың бас-ты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құр-метке лайық болды және құрметтелді де. Атамыз қазақ ел басына күн туса, ер азаматтармен бірдей атқа қонған, бейбіт күнде білігі асса билікке, өнері асса бәйгеге ерлермен бірдей таласқан әйелдеріне құқық атаулыдан тыйым салып көрген жоқ. Одан дәстүрлі қазақ қоғамы ұтпаса, ұтылмағаны тарихымыздан белгілі. Соның нәтижесінде қазақ халқы үлгілі ұлт болды. Қазақ әйелі азамат әйел болды. Өйткені, нағыз азаматты сол тәрбиеледі. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететінін сезініп, елдік пен имандылықты ана сүтімен перзентіне сіңіре білді. Ел болып еңсе көтергелі ұлтына үлгі ғана емес, ұран болған аналар легі азайған жоқ.

Сондықтан да, ұлт болып ұйысқаны үшін қазақ ұлдарына қандай қарыздар болса, қыздарына да сондай қарыздар. Кешегі қазақ жұртының қалыптасқан құндылықтары қыз баланың, әйел-ананың ешбір жағдайда қорғансыз қалмауын қамтамасыз етті. Туыстық қатынастар терең дамыған халқымызда әйел баласы жалғыз қалып көрген жоқ. «Қыз ағасыз, тон жағасыз болмайды», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген мақалдардың өзі қыз баланың қашан да қорғансыз, жоқтау-сұраусыз болып көрмегенін білдіреді. Ал,

асыраушысы жоқ отбасына келсек, «жесір ерден кетсе де, елден кетпейді», «жетім көрсең, жебей жүр», «аға өлсе, ініге мұра», «елде болса, ерінге тиеді» деп мақалдап, әрбір адамгершілік, туыстық қа-ты-насты өз орнына қойған кешегі қазақ қоғамы жетім мен жесірді қорғансыз қалдырмаудың қамын ойлап, тұтастай бір қамқорлық институтын қалыптастырған болатын. Астан – сыбаға, малдан – сойыс, егіннен кеусен беріп, кез келген жағ-дайда асыраушысы жоқ отбасына кө-мек көрсетуге бір рулы ел үшін айнымас дәстүр болған. Дәстүрлі қазақ қоғамында әйелдерге қа-тысты қалыптасқан құрметтеу, құқық беру және қорғау секілді тұғырлы ұстанымдар бүгінгі таңда зайырлы қоғам құндылықтарына сәйкес жаңғыртылуы тиіс» [7, 8 б.]. Демек, «әйел», «отбасы», «ұлт» деген үш түсінік бір-біріне байлаулы, ты-ғыз байланыста. Өйткені, әйел – отба-сының ұйытқысы, құт әкелушісі, берекесі мен бірлігінің тұтқасы. Ал, отбасы – ұлт тұ--тас-тығының, қуаттылығының, мыз-ғы---мастығының көрсеткіші деп айтуға толық негіз бар. Сондықтан да әйел теңсіздігі туралы қаншама еңбектің астында біраз терең мағына жатыр. Сөз соңында: ауыр тағдырдың арбасын сүйреген сол замандағы әйелдер теңсіздігі үлкен ауқымды тақырып. Теңсіздікті еңбек етіп жазған ақын ағартушыларға саяси сананы ұлттық сананы оятқан жазушыларға бөлек алғыс!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов.М «Адамдық негізі – әйел» <http://el.kz/m/articles/view/content-4089>
2. Тапанова С.Е. Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесі. Монография – Астана: 2013. – 264 бет.
3. Иманғалиева Индира, Бояубаева Альмира «ӘЙЕЛДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ», Қазақ әйелі: өткені, бүгіні, болашағы: дөңгелек үстел материалдарының жинағы. – Астана, 2013. –146 бет.
4. Кемеңгерұлы Қ. К29 Үш томдық шығармалар жинағы. 1 – том. – Алматы: «Алаш», 2005. – 320 бет.
5. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1997. –512 бет. Жұмабаев М. Ж 87 Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 бет.
6. Әуезов М. Ә 90 Жиырма томдық шығар-малар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1981. Т9. Пьесалар. – 492 бет. ҚазССР ғылым ака-демиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және Өнер ин-ты.
7. Әбдірәсілқызы Айнұр «ҚАЗАҚ ҚОҒА-МЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘРТЕБЕСІ: КЕШЕ МЕН БҮГІН», Қазақ әйелі: өткені, бүгіні, болашағы: дөңгелек үстел материал-дарының жинағы. – Астана, 2013. –146 бет.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ

Наурызбаева Гулдаурен, Мақсотова Қызғалдақ

Ақтөбе қаласы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті, филология факультеті,

Қазақ филологиясы білім бағдарламасының 3 курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: **М.О.Миров, ф.ғ.к., доцент**

Исламтанушы ғалым Марфуға Шапиян: “Сұлтанмахмұт десе, білімге ессіз құмарлықпен ұмтылған, қалай да ұлтының бір қажетіне жарауға талпынған жігерлі жас есімізге түседі. Қолындағы қысқа жібі күрмеуге келмей шарқ ұрған жалынды жүректің өнегелі өмір жолы көз алдымыздан фильмнің үзік-үзік таспасындай өтіп жатады. Алла тағала Сұлтанмахмұтты кедейлікпен де, аурумен де сынады. Анасынан да жастай айырды. Соған қарамастан Аллаға деген махаббаты бір сәт те бәсең тартпаған Махмұт 19 жасында Құранның 13 парасын жатқа білген екен. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болмаққа»

ұмтылған, небәрі 27 жас өмір сүрген ақынның өлең-ғұмыры да таңдануға тұрарлық”.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Баянауыл өңірінде кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Сұлтанмахмұттың әкесі Шоқпыт қайратты, қулық-сұмдықты білмейтін ақпейіл, қанша кедейшілік, жоқшылық көрсе де, кісіден дәме қылмайтын – сұңқар табиғатты, барын кісіден аямайтын жомарт адам болыпты. Махмұттың анасы бір жасында қайтыс болып, жетім қалады да, оны Мұнтай бәйбіше бауырына басады. Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атты ғылыми-зерттеу мақаласында: «Қақ-соқпен, ойынмен әуесі жоқ, мең-зең монтайған момақан Махмұт туған шешесінің мекіренген мейірімін көре алмады. Сұлтанмахмұт 6 жасар, інісі Бәшен 5 жасар кезінде әкесінен оқып, «еже» таниды. Содан кейін әкесі кейде өз үйінде жеке молда ұстап, кейде ел арасындағы молдаларға беріп, балаларын оқудан үзбейді. 12-13 жасқа келгенде Махмұт Мұқан молдадан оқиды. Мұқан молда араб, парсы, икейлерін қазақшаға айналдырып, өлең қылатын, біреуді мақтап, біреуді жамандап өлең шығаратын «арқасы» бар адам болды. Молдасына еліктеп, 13 жасар Махмұт та сықақ өлең жаза бастайды. Содан кейін Махмұт Баян қаласында медресе ашып, бала жинап жататын Әбдірахман молдадан (ел «күйеу Мағзұм» деп атайтын) оқиды. Махмұт молданың өз үйінде тұрды. Сабақтан босағанда, Мағзұм Махмұтқа шәй қайнаттырып, отын жарғызып, су әкелгізіп, малын күттіріп, малай қып алады. Сол кезде-ақ Махмұт қожа-молдалардың өтірік «әулие» болып, ел сауғанын жақтырмай, сөгіп өлең жазады, ол өлеңдерін молда көріп қойып, ұрсады, жек көре бастайды», – деп жазады. Ақынның өзі алған білімі туралы өлеңдерінің бірінде:

Әкемнен әліпбиді үйде оқыдым,
Үйреніп намаз, сабақ, жат тоқыдым.
Әлі молда алдында дәл екі жыл,
Өртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.
Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс аяған жоқ қолда барын.
Ғылымның орны бас пен көкіректе,
Бүйір шығып, қампая тоймас қарын.
Мұқаннан екінші жыл сабақ алам,
Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң.
Лепес қып өзі бастап, «ақын бол» деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған.
Қари болуға ұмтылған Махмұт «тақуа болды»

Білімге деген құмарлығы ерекше Махмұт қанша молданың алдын көреді. Осы кездері иманы артқан ақын туралы Ж.Аймауытов жоғарыда аталған мақаласында: «Қандай бейнет шексе де, жолына қандай бөгет тұрса да, беттеген мақсатына жетпей тынбайтын Махмұтта мінез бар. Махмұт тақуа болады. Тұла бойы тұнған тұмар, мойнында – тәспі, дұғалық, аузында – зікір, күн шықпай оқығаны – намаз, заулатқаны – «жасын», ол дәретсіз жер баспайды; «қари болам» деп Құранның 13 парасына дейін жаттап алады, сырлас жолдастарына: «күллі денем зікір айтқандай болады» деп жүреді», – деп жазады[1].

Расында да білім-ғылымның нәрінен сусындап қалған Сұлтанмахмұт енді тоқтай қоймайды. Надан елдің ішінде надан қожа, молдамен айтысып, өмірі босқа өтіп бара жатқанын бір ойлап, шетке барып оқиын десе, қаражаты жоқтығын екі ойлап, бір өз басының емес, бүкіл қазақ шәкіртінің жағдайына қайғырып, 1912 жылы «Зарландым» деген әңгімесін жазады.

Ақыры 1912 жылы 9 қыркүйекте туған жерін артқа тастап, оқу іздеп Троицк қаласына келеді. Онда Махмұт «Яуышев» медресесіне кіреді. Кейін «Айқап» газетіне хатшылық қызметке тұрады.

Сұлтанмахмұт – Ислам дінінің ең асыл құндылықтарын бойына терең сіңірген жан. Оның Шайбай туысқанына жазған: «Оразадағы уақытым қазақ шаруасынан аса алматындығы мәлім ғой. Неге десең, бала оқыту, құран, тарауық...» – деп келетін хаты ерекше назар аударуға тұрарлық. Осы хаты арқылы біз Сұлтанмахмұттың Рамазан айы кезінде уақытын қалай

өткізгеніне болжам жасай аламыз. Ақын үйренгендерін өзі біліп қоймай, бала оқытуға барын салған. Сонымен қатар, Құран оқып, оны жаттауға да көңіл бөлген. Әрі ораза кезінде оқылатын тарауық намазын да тастамағанын байқаймыз.

Сұлтанмахмұт өлең жазып қана қойған жоқ. Пьеса, роман, мақала, фельетон да жазды. Былайша айтқанда ақын да, жазушы да, публицист те болды. Оның жұлдыздай жарқ еткен аз ғұмырында артында қалдырған мол мұрасы бүгінде қазақ әдебиетінің төрінен ойып тұрып орын алады. Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев оған: «Абайдан кейінгі талассыз, даусыз заңғар тұлға – Сұлтанмахмұт ақын» деп баға берсе, ғалым Зәки Ахметов:

«Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінің классигі» деген екен. «Сұлтанмахмұтты мұншалық жоғары деңгейге көтерген қай қасиеті?» деген ой бізді де біраз толғанды. Ойлана келе, өзімізше жауап тапқандай болдық. Сұлтанмахмұт өлеңдерінде де, поэмаларында, тіпті романында да алдыңғы орынға адамдықты, адалдықты қояды, халықты жақсылыққа үндейді. Замандасы, белгілі ғалым Әлкей Марғұлан өз естелігінде ақынның бір қасиетін былай еске алады: «Сұлтанмахмұттың дүниеде жек көргені арамза бай мен залым болыстар еді. Бір жылы жаз күні, мен әлі күні ұмытқаным жоқ, менің ауыл мектебінде оқып жүрген бала күнім еді, Махмұтты көруге көршілес ауылға бардым. Онда Махмұттың менімен ісі жоқ, тек жиналған халықтың алдында империалистік соғыс жайында оларға әңгіме айтып отырғанын көрдім. Бір уақытта Махмұт пен біз қарайтын елдің болысы өзінің шабарманынан хат жіберіп «біздің үйге келіп, қала жайынан әңгіме айтсын» деп Махмұтты шақыртыпты. Махмұт хатты оқып болған соң, болыстың шабарманына ашуланып қарады да: «Мен Поштай ауылына барып сауын айтатын шапқыншы емеспін, әңгіме іздеген кісі өзі келер!» – деді. Махмұттың бұл сияқты еркін сөзі ол кезде жат болатын. Махмұтты тыңдап отырған жұрт қуанарын да, қорқарын да білмеді. Махмұт осы сияқты бірегей айтатын сөзін бөгеп қалмайтын турашыл болғандықтан, оны қалың бұқара өте жақсы көруші еді». Сұлтанмахмұт әр кез әділеттің жағында болды. Мұндай қасиеттер Құдайының бұйрығын орындаған, Алласын ақылмен таныған адамға тән екені белгілі.

Малға басым имеске,
Рия тонын кимеске,
Кісінің құрметін сүймеске,
Өз ісіме тимеске,
Кісі тіліне ермеске
«Қазақшылыққа» енбеске,
Аштан өлсем адамға,
Намысымды бермеске.
Май тамызса тілінен,
Еш адамға сенбеске,
Өз ақылымнан басқаға көнбеске,

Кәміл уәде етілді, – деп ақын бір өлеңінде өз-өзіне уәде етеді. Ал «Қамар сұлу» поэмасында:

Жұртым-ау Құдайыңды ойлаймысың,

Ұстап сату әдетін қомаймысың?! – деп, бұқараны Құдайын еске түсіре отырып, Одан қорқуға, жаман әдеттерден арылуға шақырады. Ал бір байдың үйіндегі алтынмен апталған заттар мен күміс кесені көргенде:

Кесені қолыма алып қарай бердім

Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп?! – деген өлең жазуының өзі жас та болса Сұлтанмахмұттың парасатын білдіреді. «Бұл қымбат дүние еңбекпен келді ме, жоқ әлде кедейдің көз жасы бар ма?» деген сұрақ қоя отырып, оқырманына да ой тастайды, өлеңімен оны да тәрбиелейді.

С.Торайғыров «Қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасында ата діні – Исламды былай сипаттайды:

Ислам деп қазағымның айтсам дінін,

Дос тұрсын, дұшпан таппас оның мінін.
Негізі ақылменен сонша үйлесер,
Мін іздеп, қозғай алмас ешкім тілін.
Мақсаты адам ұлын бақты қылмақ,
Дінімнің байқасаңыз ішкі сырын.
Әуелі бір Аллаға иманды айтқан,
Сорлысың деп, болмаса бір сенгенің.

Осындай бақыт жолы – дін-ислам. Алаштанушы ғалым Өмірхан Әбдиманов бұл жыр туралы: «Сұлтанмахмұттың дін туралы таным-білігінің құнарлы қайнары дала ақынының аузынан айтылады. Онда Ислам дінінің қадір-қасиеті туралы сан ғасырлар бойы санадан берін орын алған арналы наным-сенімінің қуатты күші айқын сезіледі. Мұнда діни уағыз да, діни насихат та жоқ, тек Құдай жолын тура көрген жанның имани сенімі көрініс тапқан», – деп жазады өз зерттеуінде.

Ал Сұлтанмахмұт «Топырақ» атты мақаласында қазақ жері орыс мұжықтарына қолды боп жатқанын көрген ақын қабырғасы қайысып: «Адам (ғ.с.) мақұлықтардың құрметтісі, артығы дейсіздер. Құдай тағала адамды алтыннан жаратқан жоқ, бағы жанға сая, жұртқа пана топырақтан жаратты», – дейді. Елге, жерге ие болудың маңызын басқа теңеулермен де жеткізуіне болар еді. Бірақ Сұлтанмахмұт олай істемейді. Ол адамның топырақтан жаралғанына екпін түсіреді. Осы мақаласында ары қарай: «Жанға қуат беретін, ғұмырға береке беретін, арысаң – ат, ашықсаң – тамақ болатын топырақ. Топырақ. Топырақ. Айтып-айтып келіп мынаны айтамын, шырақтарым. Бақ болсын, бақша болсын, кара болсын, тақыр болсын, тас болсын қолға тиген топырақтан айырылма. Мойындарыңдағы парыз осы», – деп, топырақты қорғауды, елге ие болуды, жерден айырылмауды бізге, кейінгі ұрпаққа аманаттайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Құранның 13 парасын жатқа білген Алаш зиялысы-Сұлтанмахмұт Торайғыров
2. Алаш мұрасы. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары 3 том
3. Нұрғали О. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дүниетанымдық көзқарастары.
4. Марфуға Шапиян (islam.kz)

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ КҮНМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Нұрлыбаева Оксана

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс студенті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

С.Торайғыровты зерттеу ісі қиын жолдардан өтті. Ол халқымыздың дарынды ақыны ретінде мойындалғанға дейін әрқилы бағаланды. Әдебиет тарихына біресе енгізіліп біресе енгізілмей бұрмалауға түскен кезеңдер болды. Ақын мұрасы бірде дұрыс, бірде бұрыс бағалауға ұшырады. Ақынның идеялық ой-танымы, дүниеге көзқарасы, ұстаған бағыт-бағдары, мақсат-арманы екі түрлі түсіндірілді. Кеңестік идеология шарпуымен «ұлтшыл ақын» ретінде бағаланады. Дүниетанымы, лирикасы, роман, поэмалары, көсемсөздері әр кезде әрқилы талданды. Өзінің биік эстетикалық шын бағасын алғанға дейін ақын мұрасы социологиялық сыңаржақ сындарға ұшырады. Оның бәрі қазір өткен күннің тарихына айналып отыр [1, 88 б.].

Қазақ халқының сүйікті перзенті Сұлтанмахмұт Торайғыров небәрі жиырма жеті жас жасап, өмірден ерте кеткенімен, туған халқына, барша адамзатқа үлгі-өнеге, рухани азық боларлық мол мұра қалдырып кеткен талантты тұлға, классик ақын. Өз замандастарынан таланты басым ақын қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалап, тарихтағы өзінің орнын

ойып тұрып ала алды. Ақын есімінің өшіп кетпей, бүгінгі ұрпаққа маңдайы жарқырап жетуінде көрнекті ғалым Б.Кенжебаевтың зор күрескерлік әрекеті жатқаны баршамызға белгілі. Бейсенбай Кенжебаев былай деген еді: «Сұлтанмахмұт поэзиясының негізгі қасиеттері – оның таң-тамаша қаларлық мазмұндылығында. Сұлтанмахмұт поэзияның сыртқы мәнерін, сыртқы құбылысын көп қуа қоймаған адам. Оның есесіне Сұлтанмахмұт өзінің поэзиясында ішкі мазмұндылықты, өткір сезімді, қуатты-қуатты үнді мол берген. Сұлтанмахмұт поэзия деген қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы болсын, бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болсын деген өз пікірін, өз көзқарасын жүзеге асырды.

Ол поэзия – поэзия үшін деп түсінген жоқ, поэзия өмірді жақсартып тұруға керекті құрал деп түсінді. Сондықтан да ол поэзияның сыртқы құбылысынан гөрі ішкі мазмұндылығын, халықтың сана-сезіміне неғұрлым тез әсер етуін көздеді. Ол поэзиясының көзге түсерлік ерекше өзгешілігі, стилінің көркемдігімен өлшенбейді. Кімде-кім ұлы идеяны ауызша жақсы етіп айтып берсе, сол асқан шешен деп айтылады, сол сияқты қай жазушы ұлы идеяны қаламмен жақсы етіп айтып берсе, сол үлкен жазушы».

Сондай-ақ ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің туралы жазған сүбелі дүниелеріде оның әлеміне сәуле түсіреді. Әсіресе, ғалым Сұлтанмахмұттың ақындық өміріне жан-жақты тоқталып, өзіндік социалистік қабілетін қамтыған «Сұлтанмахмұт және «Айқап»» атты мақаласының мазмұны ерекше. Ғалымның бұл мақаласында сол бір революция кезінде, отар езгісінен халқын алып қалуға тырысқан, қазақтың сауатын ашып, оқу-білімге жетелеген Сұлтанмахмұттың «Айқап» беттерінде жарияланған өлең-жырлары мен ағартушылық бағыттағы мақалалары жаңаша көзқарас тұрғысынан жазылған соны ізденістер санатынан көрінеді.

Осы уақытқа дейін ұлы ақынымыз Сұлтанмахмұт шығармаларының алаш идеясымен үндестігін толық танымай келгеніміз шындық. Тәуелсіз мемлекет болғалы Сұлтанмахмұт жайлы тың зерттеулер мен шығармалар жарық көруде. Сұлтанмахмұт өз елінің адал азаматы болды. Ол халықтың басындағы ауыр қасіретті терең түсінді. Зорлық пен зұлымдыққа қарсы айбынды үн көтерді.

Сұлтанмахмұт шығармашылығының көркемдігі, айшықтығы оның сөз өрнектерін кестелеудегі тілінен байқалады. Осы орайда, С.Торайғыров поэзиясының көркемдік әлемін қарастыру суреткер өмір сүрген заманның болмысын зерделеумен қатар, қазіргі қазақ ұлтының қоғамдық-әлеуметтік жай-күйін, психологиялық жағдайын анықтауға береді. Сөз мәніндегі мәдениетті, толыққанды лирика жайлы сөз қозғағанда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың орны айрықша екендігін айтуымыз шарт.[2, 46].

Торайғыров лирикасының тақырыптық ауқымы мен дәлдігі, мазмұны мен түрі, көркемдік нысанасы, бояуларының сан алуандылығы зерттеуді қажетсінеді.

Зерттелу көзі – ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігін, сөз өрнектерін талдау, зерттелуіне тоқталу болмақ.

Нысаны ретінде ақынның өлеңдері, романдары мен ақынның «Адасқан өмір» поэмалары алынды.

Өзі аз ғұмыр кешсе де, артына мол мұра қалдырған аса талантты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларын зерттеу және бүгінгі күнмен сабақтастығын қарастыра отырып, қазақ философиясына қосқан еңбектеріне баса назар аударуды мақсат еттік.

- Ақын шығармаларын зерттеген ғалымдарды анықтау;
- Ақын шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктердің, түрлі сөз қолданыстарының табиғат, қоғам, жеке адам өмірін сипаттауда алатын орнын айқындауды міндет еттік.

Зерттеу барысында талдау, жинақтау, салыстырмалы талдау, тұжырым жасау әдістері қолданылды.

Қазақ әдебиетін, оның ішінде поэзияның тіл кестесін, өлең өрімін, саздылығы мен әуезділігін, яғни, көркемдік, сапалық қасиетін жан-жақты қарастыратын әдебиет теориясы. Сол себепті ғылыми мақаланың негізгі мен нәтижелерін жоғары оқу орындарында С.Торайғыров бойынша оқылатын арнайы курстарда пайдалануға болады. Сондай-ақ оқу орындарында жеке қаламгер лабораториясын, ақындық әлемін арнайы курстар ашып оқытқанда, бұл еңбектің көмекші құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы көркемдік-эстетикалық және теориялық тұрғыдан жан-жақты, жүйелі қарастырылып, арнайы зерттеуге арқау болып отыр.

Осы тұрғыдан келгенде ақын С.Торайғыров шығармашылығын тұтастай алып зерттеу, шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне жіктеу, оның туындыларындағы автордың

шеберлігін, туындыларындағы көркемдік ерекшеліктерді кешенді түрде зерттеу және сол арқылы қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтау – жұмыстың басты жаңалығы табылады.

Халықтың бай ауыз әдебиетінен қана сусындамаған бірде-бір қалам иесі жоқ шығар, сірә. «Қазақ әдебиеті, ең алдымен, ұшан-теңіз бай ауыз әдебиеті негізінде туып, дамыды. Қазақтың ауыз әдебиетінің сан-алуан түрлерінен, жанрларынан бастап осы күнге дейін сақталып, дамып отырған ақындар айтысына дейін барлығы да біздің рухани шығармашылығымыздың тамаша байлығы, барлық елдердің ақын-жазушылары мен ғалымдарын қайран қалдырған көркемдік ерекшеліктерін танытады» [3,115 б.], – деп жазған еді Есмағамбет Ысмаилов. Халық мақал-мәтелдеріндегі терең философиялық ойлар, поэзиядағы образдылық пен мөлдірлік жас ақын Сұлтанмахмұтқа айрықша әсер еткендігі дау туғызбаса керек. Торайғыров қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жоғары бағалап, қастерлеп, құрмет тұтқан. «Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа» немесе «Даламның ақындарын айтам сізге, үлгіге сөз патшасын сонан ізде» дегенде халық әдебиетінің үлгілерімен жете таныс екендігін байқатады. Торайғыров шығармаларында «Берген перде бұзады», «Көш жүре түзелер», «Әркімнің өз аузына қолы жуық», «Бәрекелді құлды өлтірер» секілді мақал-мәтелдер мен нақылдарды қажетті жерінде пайдаланған. Кей ретте ақын халық даналығының рухын негізге алып, өзінше нақыштап кетеді. «Өзінің түйедей де мінін көрмей, біреудің түймедейін тінтіп табар», «Тұтылып шелек жалап тамам нашар, әлділер құтылысты айран ішкен», «Отқа жақ алтын ерің атқа тисе», «Өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен көрмессің дәнеңені» деген жолдардың түп төркіні әркімге-ақ белгілі болар. Сол кезде қазақ арасында кеңінен таралған «Зархұм», «Сал-сал», «Зипнұн» тағы басқа қиссаларды жаттап, тыңдап өссе, ол да елерлік жәйт. Қазақ поэзиясында Абай жалғыз. Сұлтанмахмұттың өзі де:

Асыл сөзді издесең,
Абайды оқы, ерінбе!

Адамдықты көздесең,

Жат тоқып ал көңілге [3, 120 б.], – деп ұлы ақын мұрасына ынтазарлана ден қояды. «Іші алтын, сырты күміс» асыл сөзді айнытпай танып, ондағы адамгершілікке, имандылыққа үндейтін үрдісті ойға тәнті болады.

Абай мен Сұлтанмахмұт арасындағы шығармашылық байланыс жөнінде әңгіме қозғағанда ескеруді керексінетін бір жәй бар. Біраз әдебиетшілер Торайғыров өнернамасын Абайдың ақындық мектебі аясында қарауға бейім тұрса, кейбір еңбектерде ол Абайдың, ақын шәкірттері қатарында аталды. Филология ғылымдарының докторы М.Мырзахметовтың: «Абайдың ақын шәкірттері деген нақтылы ұғымға кейбір әдебиет зерттеушілері меже, шек қоймай осы өнерлі жастар тобындағыларды бұл әдеби ортадан тыс, соңғы дәуір ақындары мен басқа өнер өкілдерін тоғытып жіберген тұстары да болған» [4, 182 б.], – деуі шындыққа жанасымды. М.Әуезовтің «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» кітабында «Ә.Жиреншиннің «Абай Құнанбаев» деген кітабы туралы пікір» атты шағын мақала – рецензия бар. Осы мақаласында М.Әуезов:

«Сұлтанмахмұт турасында оны Абайдың шәкіртіне қосу орынсыз. Жақсы болсын, жаман болсын, бұл акын басқа дәуір, басқа тарихтық әлеуметтік салт-саналық жәй-жағдайлардың өзінше бөлек, өзінше бір үлкен өкілі. Оны Абайдың шәкіртіне қоссақ, революцияға шейінгі қазақ әдебиетіндегі басқа барлық жазушыларды да Сұлтанмахмұтша Абай шәкіртінің қатарына тізе беруге болады», – дей келіп, принципті маңызға ие пікір ұсынады:

«Сұлтанмахмұтты шәкірттерден бөліп алып, «Абай әсерін көрген кейбір ақындар» деген жік жасап, оны кітаптың ең соңғы жағына салып, Сұлтанмахмұтқа қоса Сәбит Дөнен таевты беру керек» [5, 299-300 б.].

Сұлтанмахмұттың татар және шығыс әдебиетіне бойлап, шығармашылық қыры ашыла түсуіне жоғарыда атап өткен Мұқан молда берген тәлімінің игі ықпалы тиіп,

оның болашақта акын ретінде қалыптасуына зор әсері болғанымен, 1908 жылы баянауылдық Әбдірахман молдадан сабақ алу кезіндегі, бұл молланың тым қаталдығы, өзін еркін ұстап, алуан түрлі өлең шығарғаны үшін жаза жүктеп, қол тигізуінің салдарынан Сұлтанмахмұт шығармашылығында ислам діні мен оның қызметкерлері молдалар жайлы барынша сыни көзқарас қалыптасуға негіз болды деп айта аламыз [6, 265 б.].

Ұлттық қаламгердің шығармашылығы ұлттың танымдық ойлау жүйесі аясында қалыптасып, өлеңдерінде көрініс табатынын ескерсек, бір тақырыпты жырлағанның өзінде, әр ұлттың өзіндік көркемдік таным сипаты ерекшеленіп, көзге ұрып тұратыны белгілі. Отаршылдық дәуірді туған халқының төбесінен басқан қараңғылыққа теңеген Сұлтанмахмұт Торайғыров былайша жырлайды:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың
Күн болмағанда, кім болам? [7, 25 б.].

Байқап қарасаңыз, С.Торайғыров шығармашылығында қоршаған ортадағы жарымжандық, әлеуметтік жағдайдағы сәйкессіздік жүйелі философиялық ұғым дәрежесіне көтерілген. Жаңа заман тудырған талаптарға акын азаматтық позициясын үнемі білдіріп отыруды мақсат тұтқан.

Көп күндер көпті істеді, көпті істемек,
Адамзаттық ақылы күнде үстемек.
Ақылдың өскен сайын айтатыны
Жоқ құлдық, жоқ терелік, жоқ күштемек [8, 76 б.].

Немесе:

Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп [8, 81 б.].

Сұлтанмахмұт көптеген лирикалық өлеңдерін былай қойғанда, «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдарымен қазақ әйелінің қоғамдағы орнын түбегейлі қозғады, эпикалық планда саралай суреттеді. Кейіпкері Қамар арқылы:

Токтау бер мұнан былай қазағыңа,
Шалдардың қызды салмай мазағыңа [8, 166 б.], – деп қатал үкім

шығарды.

Ұлттық ояну мен саяси серпілістер майданына айналған XX ғасыр суреткерінің аузына ғана түсетін сөз. «Бір-ақ жазық қазақта ұлы-қызы мазақта» екенін жұдырықтай жүрегімен ұғынып, туған халқын ғылымы өскен, білімі жетілген, мәдениеті дамыған елдердің қатарынан көруді Алатаудай асқақ арманына айналдырған акын келбеті көз алдыңнан кетпейді.

«С. Торайғыров XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының арасында ерекше орын алатын өз уақытының дарынды өкілі. Ол Қазақстанның әдебиетіне, мәдениетіне, философиясына баға жетпес еңбек сіңіріп, белгілі қоғамдық-саяси, еркіндік пен халықтың бақыты үшін күрескен қайраткер» [9, 179 б.]. Лирикалық қаһарманның есейгендігін, ақынның өскендігін байқаудың тіпті де қиындығы жоқ. «Сұлтанмахмұт шығармаларының лирикалық кейіпкері – Абайға қарағанда, қоғамдық сорақылықтарды батыл айыптаушы. Ақын өзінен бұрынғы және замандас қаламдастарына қарағанда еңбекші халықпен бетпе-бет жақын келді. Оны халықтың қайғысы мен азабынан, арманы мен мұңынан, бостандық үшін күрес идеясынан бөліп қарау мүмкін емес» [10, 124 б.], – деген пікір тек қана қолдауды тілейді.

С.Торайғыров жасынан сезімтал, тебіренгіш, алғыр ойлы, зор талантты ақын, өршіл, бірбеткей азамат ретінде танылды. Алаштық идея дауылы оятқан, жігерлендірген

Торайғыров ақындық алғашқы қадамынан «жоқ-барды, ертегіні терген» жоқ, қазақ өмірінің реалдық қалпын, халықтың ізгі сезім-арманын көркем туындыларына арқау етті [10, 154 б.].

Сұлтанмахмұт шығармашылығында, әсіресе алғашқы кезеңінде, татар әдебиетінен, оның классик ақыны Ғабдулла Тоқайдан үйренгендігі байқалады. Мұның өзіндік себептері де бар сияқты. Біріншіден, бала Сұлтанмахмұттың оқыған молдаларының дені татарша білім алған адамдар еді. Екіншіден, сол кезде жарық көрген кітаптар, сондай-ақ мерзімді баспасөз тілінде татар мәдениетінің ықпалы сезілетін. Үшіншіден, екеуінің де өмірі ұқсас, тағдырлас. Пушкиннің «Гүл» шығармасының ізімен өлең жазуы, М.Әуезовтің Н.Некрасовтың «Русьте кім жақсы тұрады?» поэмасындағы шаруалар бейнесі мен С.Торайғыровтың «Кедей» поэмасындағы лирикалық кейіпкер кедей арасындағы ұқсастыққа назар аударуы, М.Қаратаевтың Сұлтанмахмұттың «Жан қалқам» лирикасы М.Лермонтовтың «Алғашқы махаббат» өлеңін еске салатындығын байқауы қалай десеңіз де кездейсоқтық емес. «Адасқан өмір» поэмасында әділдікті аңсаған лирикалық қаһарманын ақын былайша сөйлетеді:

Надсонның айтқанындай:

«Жауыз

Жүре алмай дымы құрыр онан әрі,
Талған күш, ауырған жан, қиналған тән,
Дертіне жақындықты етер дәрі»,
Әділдік қызметкері болғандарға
Алғысты сол күнде айтар баршалары

Семен Яковлевич Надсон (1862—1887) есімі бүгінгі қазақ оқырмандарына кең танылмаған. Оның өмірлік сапары Сұлтанмахмұтпен тағдырлас. Небәрі жиырма бес жас ғұмыр сүрген, өмірдің ащы, кермек дәмін көп татқан жан. С. Я.Надсон шығармаларындағы негізгі түйін – қоршаған ортадан шындық іздеу, күңгірт түнекті түріп тастап, нұр сәулелі жарқын болашаққа ұмтылу. Адамзат қоғамындағы трагедиялық халді жеке басының қайғысындай сезінетін, ақындық парасат пен поэтикалық рухты пайғамбардай қастерлейтін қос өнер саңлағы – Надсон мен Торайғыровтың іштей табысуы табиғи, әрі жарасымды [11, 107 б.].

«Аз өмірін төл шығарма жасауға барынша жұмсаған өршіл ақынның аударма жасауға жөнді уақыты да болмады» [12, 125 б.].

Түркі әлемі мен ежелгі қазақ поэзиясынан бастау алатын Күнге ұмтылу, оны бағдарда ұстау Сұлтанмахмұт тектес асқақ үнді, асыл мұратты «күннен туған» (Мағжан) ақынға жарасатын мінез.

«Лирика – ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі» [13, 17 б.], – дейді академик З.Қабдолов. Шығармашылық еңбегінің басы, тұңғыш өлеңі «Секілді өмір қысқа жарты тұтамнан» бастап, дүниеден қайтарында ескі досымен бақұлдасуы іспетті «Қожеке, келдіңіз бе көңілім сұрай» туындысына дейінгі әдеби мұрасында барлық ақындықтың шартындай жалынды, жанды, өткір сезімді шындалған

шеберлікпен өрнектеуге жетісті.

«Жарық күннен сәуле құған» ізденіс, талпыныс үстіндегі жастың адамзат алдындағы борышын елгезектікпен түйсінуі оқырманды жігерлендіреді, көкірегіне нұр сеуіп, кеудесін қуанышқа бөлейді [13, 113 б.].

Ғылым-білімге шақыру және әлеуметтік ортаға сын айтуда да Сұлтанмахмұт озықтығымен көрінді. Ол өзінен бұрынғы әдебиеттегі дәстүрлі формалармен қанағаттанбай, жиырмамыншы ғасырдағы әдеби процеске реалистік поэма, роман, рецензия, сын мақала, тағы басқа жанрларды батыл енгізді [14, 117 б.].

Торайғыров ақынға тән бір ерекшелік – лирикалық кейіпкердің көңіл- күйін, сыр-сипатын романтикалық биік пафоспен, көтеріңкі леппен шалқи жырлау. Кейіпкердің ірілігі, яғни асқақтық, тазалық, пәктік, алға қойған мақсатына қалай да жетемін деу Сұлтанмахмұттың дәуір талабы һәм заман деңгейшен көрініп, халқына пайдалы азамат болу ниетімен сабақтас.

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе?
Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Табиғат сыйлаған ақындық дарынға қоса, нәзік сезім һәм зор білімнің иесі С.Торайғыров қас қағымдай ғана уақыт ғұмыр сүріп, халқымыздың көркемдік ойы тарихынан мәңгілік орын алды. Мұның төркіні, қаламгер шығармаларының жан жүйесіне әбден сіңген халықтық рух, ұлттық дәстүр, азаматтық биік қасиеттермен тығыз байланысты [15, 12 б.].

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мұрасын жинауда, ақынның ғылыми өмірбаянын жіктеуде Ж. Аймауытовтың рөлі маңызды. Ж. Аймауытовтың 1927 жылы 15 қарашада Мәшхүр-Жүсіп Көпейұлына жазған хатында өзінің Сұлтанмахмұтқа, сонымен қатар, Мәшхүр-Жүсіпке деген құрметін білдіре отыра, ол былай деп жазады: «Быттыр Сұлтанмахмұттың туындыларын жинадым, үлкен кітап құрастырып және баспаға тапсырдым. Егер рас болса, ол басылып шығарылады деген хабар алдым. Бұл мен үшін адамгершілік борыш болды. Кейінгі міндетім мүмкіндік болса, сіздің есіміңізді тарихта қалдыру. Орындай аламын ба, жоқ па? Білмеймін. Өйткені ескінің даналығын бағалайтындар саны азайып барады».

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы мұрасының әдеби зерттеуі – XX ғасырдың 30 жылдары басталды. Торайғыров туралы мақаланың бірінші авторлары І. Жансүгіров, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, А. Адалис, И. Масловой, К. Дәукенов, С. Айтмұқанов және басқалар болды.

Ақынның өмірі және шығармашылығын зерттеуде Б. Кенжебаев ерекше үлес қосты, ол ақынның поэтикалық шығармашылығы бойынша кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады, сонымен қатар Торайғыров туралы бірнеше монографиялар және мақалалар жазды.

М. Әуэзов, Т. Абдрахманов, М. Базарбаев, Р. Бердібаев, К. Бейсембиев, А.Дербісалин, Ы.Дүйсенбаев, У.Есназаров, Б.Жақыпбайұлы, Н. Жандильдин, А. Жовтис, Ж. Ысмағұлов, Е. Ысмайылов, Т. Кәкішев, З. Кедрин, Т. Қожакеев, Н. Нартаева, А. Нұрқатов, К. Нұрмаханов, Т. Нұртазин, Б. Сахариев, М. Сильченко, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Тәжібаев, Ш. Торайғыров, М. Тілеужанов, Б. Шалабаев, К. Шаменов, М. Фетисов, Е. Ысмайылов сияқты жазушылар және филологтар Торайғыров поэзиясын әдеби зерттеуде үлкен үлестерін қосты, олар бірнеше монографиялар, мақалалар жазды, сонымен қатар қазақ әдебиеті бойынша жинақтарда оған тұтас тараулар арналды.

Жазушы Д. Әбілев Сұлтанмахмұт туралы трилогия жазды, ақынның бейнесін алғашқы рет көркем бейнеледі. 80-90 жылдары С. Торайғыров шығармашылығын А. Айманов, М. Әбдешев, К. Ергөбеков, С. Әшімбаев, А. Еспенбетов, Б. Жанымбет, Қ. Исабаев, А. Қабдыжанов, Б. Мамраев, Т. Рахымжанов, Е. Өтебаев, Қ. Шаяхметов сияқты әдебиетшілер зерттеді.

Торайғыров – лириктің тілі бай, құнарлы, кестелі әрі көркем. Қазақ халқы әдеби тілінің сөздік қорын еркін игерген, керегінде араб-парсы, орыс сөздерін ұтымды кірістірген ақын бейнелемек зат яки құбылысты өмірдің өзінен ойып алғандай етіп жанды, сәнді қалпында қағазға түсіреді [16, 59 б.].

С.Торайғыров – төтенше өзгерістер мен дүрбелең сілкіністер дәуірінде тарих сахнасына көтеріліп, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік жол салған, шығармаларына тұтас бір дәуірдің шындығын сыйғызған суреткер. Ол артына өлмес те өшпес мол мұра, қымбатты қазына қалдырған ұлы ақын.

«Ақынның хаты өлмейді», – дейді халық нақылы. Осы дана тұжырымды Торайғыровтың өміршең шығармалары дәледей түспек [17, 97 б.].

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығын көркемдік-эстетикалық және теориялық тұрғыдан жан-жақты, жүйелі қарастырып, арнайы зерттеу жұмыс арқау болды.

С.Торайғыров шығармашылығын тұтастай алып зерттелуіне тоқталып, шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне жіктеп, туындыларындағы автордың шеберлігін, туындыларындағы көркемдік ерекшеліктерді кешенді түрде зерттеу, сол арқылы қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтау – жұмыстың басты жаңалығы болып табылды.

Шын мәніндегі мәдениетті, толыққанды лирика жайлы сөз қозғағанда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың орны айрықша екендігін белгілі. Торайғыров лирикасының тақырыптық ауқымы мен дәлдігі, мазмұны мен түрі, көркемдік нысанасы, бояуларының сан алуандылығы төңірегінде ой өрбіту жөн мәселе. Сұлтанмахмұт сөздерді жаңаша қиюластырып, жаңа мағынада, жаңғыртып қолданған. Тақырыбы, халық өмірінде болған жаңалық ділгір, қажет еткенде, бұрынғыны ұстарту, өңдеу жөнімен жаңартқан, тапқырлықпен шебер жаңартқан.

Суреткер «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдарымен өткен ғасырлар тоғысындағы қазақ аулының реалдық қалпын, ондағы әлеуметтік мешеулікті қалтқысыз көрсетіп берді, ал «Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» туындылары қазақ поэмасы тарихындағы жаңа беттер ғана емес, әдебиетіміздегі бедерлі белес, үрдісті үлес, кезеңдік шығармалары екеніне көзіміз жетті.

Жалпы, Сұлтанмахмұт көркем әдебиеттің барлық саласында да өзіндік ізін қалдырған талант иесі екені мәлім. Аз ғұмырында соншама күрделі, сүбелі, кесек дүниелерді туғызып, өнімді еңбек еткеніне қайран қаламыз.

Бір өкініштісі, ақын «Қайғы», «Айтыс» секілді поэмаларын аяқтай алмай кетті. Әдебиет – халық өмірінің көркем шежіресі болып, халық тарихы мен әдебиет тарихы біте қайнасып жататыны анық. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары жайында әр кезеңде талай зерттеулер, ғылыми еңбектер жазылғаны туралы жоғарыда айтқанбыз. Қорыта айтсақ, Сұлтанмахмұт Торайғыров өз заманындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік оқиғаларды шығармаларына өзек етіп, көптің мұңын жоқтаған халық ақыны. Ол – қазақ лирикасын түрі, жанры жағынан байытып, биік идеялық, эстетикалық сатыға көтерген тұлға, қазақ поэзиясының классигі.

С.Торайғыров лирикасы жарасымды, сәнді ырғаққа, алуан-алуан буындық өрнектер мен ұйқастық үйлесімдерге негізделген, тақырып ауқымдылығы және саяси өткірлікке қоса биік көркемдік дәрежеге көтерілген шынайы өнер туындылары, қазақ халқы өлең мәдениетінің гүлденгендігіне кепіл деп қорытындылауға келтірілген мысалдар айқын дәлел.

Торайғыров – лириктің тілі бай, құнарлы, кестелі әрі көркем. Қазақ халқы әдеби тілінің сөздік қорын еркін игерген, керегінде араб-парсы, орыс сөздерін

ұтымды кірістірген ақын бейнелемек зат яки құбылысты өмірдің өзінен ойып алғандай етіп жанды, сәнді қалпында қағазға түсіреді. [18, 118 б.].

Әдебиет – көркем өнер. Ол көркемдегіш құралдарсыз бейне жасай алмайды. Осы орайда, С. Торайғыров поэзиясының көркемдік әлемін қарастыру суреткер өмір сүрген заманның болмысын зерделеумен қатар, қазіргі күнмен сабақтастығы қазақ ұлтының қоғамдық-әлеуметтік жай-күйін, психологиялық жағдайын анықтауға мүмкіндік берді. [19, 225 б.].

Қорыта айтқанда, Сұлтанмахмұт шығармашылығының көркемдік жанрлық, тақырыптық ерекшелігін айқындау қазақ әдебиетінің құнды бір байлығы ретінде ерекше орын алады. Поэзия сұлтаны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөз танымындағы көркемдік политра бояуы өзінің қанықтылығымен, нақтылығымен ерекшеленіп, бүгінгі күнмен сабақтасып жатқаны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. Шығармалары 50-томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 256 б.
- 2 Садықов Е. Ұлт ұранды ақын. – Егемен Қазақстан газеті, 2021.
- 3 Исмаилов Е. Жаңа белеске. – Алматы: Ғылым, 1962. – 198 б.
- 4 Еспенбетов А. Шәкәрім және сұлтанмахмұттану. Ғылыми зерттеу. – Алматы: Раритет, 2008. – 240 б.
- 5 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 345 б.
- 6 Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алма-Ата: Ғылым, 1988. – 365 б.
- 7 Абай. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1996. – 420 б.
- 8 Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер. – Алматы: Өнер, 1990. – 182 б.
- 9 Торайғыров С. Дүние дөңгелегі айналады. – Алматы: Халықтық Абайтану, 2009. – 356 б.
- 10 Қожакеев Т. Адам. Қоғам. Сатира. – Алма-Ата: Қазақстан, 1980. – 168 б.
- 11 Қирибаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
- 12 Философия және мәдениеттану. Құраст. Алтаев Ж, Ғабитов Т., Қасабеков А., және т.б. – Алматы : Қазақ университеті, 1998. – 205 б.
- 13 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алма-Ата: Санат, 2002. – 344 б.
- 14 Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологисының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 190 б.
- 15 «Айқап», 1913. – № 1. – 42 б.
- 16 Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 356 б.
- 17 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 368 б.
- 18 Қабдолов З. Арна. – Алма-Ата: Жазушы, 1988. – 308 б.
- 19 Талжанов С. Өткен күндер сөйлейді. – Алма-Ата: Жазушы, 1979. – 244 б.

ҰЛТЫНА ҰЛ БОЛУ – ҰЛЫЛЫҚ

Нұрсұлтанова Гүлжан Жаманбайқызы,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі, медиатренер

Белгілі бір замандағы белгілі
бір халықтың ақыны болғандықтан,
ол өз заманының, өз халқының
ұлы болды... Өз заманының
дәрежесінде болды...
Н.А.Добролюбов

Ұлылық дегеніміз – ұлтына ұл болу. Кез келген ұлттық ақын адамзат алдында өз халқының өкілі, өз елінің елшісі ретінде сөйлейді екен. Ендеше,

Үміт қып менен қарайсың,
Балалыққа жарасам, аталыққа жарайсың,

- деп азаматтық арман-мұратын айқындап алып, қазақтың басқа жұрттармен қатар тұрмай азап-бейнет қасында «ұйқысы көп, оқуы аз» халде тұрғанына қан жылаған еді.

Ешқандай университетте де оқымаған Сұлтанмахмұт Торайғыров ұлы тұлға, дана ақын деймін. Неге? *«Ар азығы – әділдік табылмай, басқа дене азығы өнерлердің көбеюімен жалпы адамзат баласының күнкөрісі ауырламаса, жеңілдемейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды. Ар азығының ер жетпегендігінен Еуропадағы адам баласының күн көрісін жеңілдетеді, бақытты қылады деген өнерлердің бәрі адам баласының бірінің етін бірі жеуіне, бірінің қанын бірі ұрттауына жұмсалып жатыр»* - депті ақын-журналист 1918 жылы «Социализм» баспасына берген мақаласының бірінде. 100 жылдан астам уақыт өтсе де Сұлтанмахмұт айтқан бұл сөз қазір де проблема. Осыдан соң оны қалай ұлы тұлға демейміз. Торайғыровтың пайымдауынша, бақытсыздықтың бәрі әділдіктің жоқтығынан екен. Сондықтан ол ар азығы жетілу үшін адам баласы «Әділдік қызметкері» болуға шақырады. Бұл тұрғыда ол бүгінгі қазақ қоғамының бірінші ақынына айналып отыр десем де артық айтқаным емес. Сол кезеңдегі молда, оқу, тұрмыс-тіршілік, қазақ ауылының ауыр халін толғандырған Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетіне ғана емес сол кездегі баспасөз бетіне үлкен үлесін қалдырады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – екі дәуір тоғысында, аса күрделі кезеңде тіршілік кешті. Ол Ресей тарихының, Ресейге біріккен қазақ халқы тарихының аса бір өрлеу кезеңінде – тарихи дамулар, күрес-көтерілістер, қиян-кескі соғыстар, дүрбелеңді төңкерістер дәуірінде жасады. Ресейде капитализмнің өркендеп, әуелі прогресшіл әсер етуі, кейін империализмге ұласып, реакцияшыл бағыт алуы; 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция, 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс; қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы февральда болған буржуазиялық-демократиялық революция, сол жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясы, Совет өкіметінің орнауы; 1918-1920 жылдар арасындағы азамат соғысы... осының бәрі ақын өмір сүрген заманда болып жатты. Сондықтан да ақынның өмір-тіршілігіне, күнделікті қызметіне, дүниетаным-көзқарасына, шығармаларының тақырыптық мазмұны мен жанр, түріне зор әсер етті. Из-таңбасын салды. Өйткені, ақын-заман перзенті. Сұлтанмахмұттай ірі ойлы, асау жүрек, асқан шабытты, лапылдап жанып тұрған ақын көз алдында болып жатқан ірі өзгерістің қайсысына да бейтарап қарай алмайтын еді. Заманына лайық, ірі табиғатына сай Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің саналы саяси өмірін, творчестволық қызметін:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,

Разымын не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығармын,

Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда,-

деп бастады. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, халқына өнер-білім, еркіндік, бақыт іздеді.

Ақын «Айқап» журналының редакциясына хатшы болып орналасады. 1913-1914 жылдың қысында «Айқап» редакциясында қызмет істейді. Сұлтанмахмұттың ойы толысып, өрісі кеңейген, әр өнерге бой ұрып, оның қайсысына болсын жетем деп сенген, шабыты тасқындап өлең, әңгіме, мақала дегендей әр жанрда өңірде жазған кезі – осы «Айқап» басқармасында қызмет істеп жүрген кезі.

«Айқапта» жемісті қызмет етіп, бірқатар шығармаларын бастаған, бастырған, ақындыққа бет бұруына жол ашылған шағында, Сұлтанмахмұттың журналдан қызметтен кетуі – оның еркінен тыс болған оқиға. Оны өзі де «Мен пікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым. Махмұт қайбір адамның көңіліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым... «Айқапта» тұрған минуттарда бүкіл ғаламға өзім ие болғандай көтерілдім. Ойлап қарағанда, ақымақтық болмаса, көтерілетін не бар еді?» - деп мойындап жазған.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, сол кездегі «Айқап» пен «Қазақ» газетінің арасындағы пікір таластары Сұлтанмахмұттың тағдырына әсер еткен сияқты. «Айқаптың» күзден бергі номерлерінде «Қазақтың», иә «Қазаққа» жазушылардың аты аталмаса, журнал мақсұты жете алмайтындай боп келеді. Бас қосу мәселесінде де «Қазақ» айыпты, жер мәселесінде де «Қазақ»

айыпты, партия ісіне де себепші болып тұрған «Қазақ», «Айқапта» түс көрген өлеңші де «Қазақты» жырлайды, циркке барып балуан көргендердің есінен де «Қазақ» қалмайды, басқармадан біреуге жауап жазылса да, баяғы «Қазақ», қазаққа алалық қайдан келгенін жазғанда да аяғы келіп тағы да «Қазаққа» соғады, үлкен кісілерді де тршілігінде «Қазақтың» пікірін қуаттағаны үшін сөгеді» - деп жазыпты Міржақып Дулатов «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы тартыс туралы. Осы сөздің ұшығы Сұлтанмахмұтқа тиіп жатқаны даусыз. Ондағы «Қазаққа» тиіп жатқан «Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс» («Айқап», 1913, №20), «Бір балуанға қарап» (1913, №21) деген өлеңдер Сұлтанмахмұттыкі. Оның үстіне Сұлтанмахмұттың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» («Айқап», 1913, №19,20,22-23), «Жаңа кітап» (Сонда, 1913, №17) атты мақалаларында М.Дулатов кітаптары сыналатынын ескерсек, «Қазақ» газетінің Сұлтанмахмұтты тікелей көздегені расқа шығады. Пікірін «дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамайтын» ақын «Қазақтағы» ағаларын ренжітіп алғанға ұқсайды. Өз шығармаларына қоса «Айқап» бетіне басылған «Қазақ» гаезті және ұстанымы туралы пікірлер де ұйымдастырушы есебінде Сұлтанмахмұтты «кінәсі» саналған. Сондықтан «Қазақ» газетінің басындағылар «Айқаптың» шығарушысы М.Сералинге ықпал етіп, Сұлтанмахмұтты журналдан кетіруі әбден мүмкін. Редакцияның Сұлтанмахмұттың кеткенін хабарлап, енді оның журналмен «ешбір қатынасы болмайды» деп жазуының өзі де «Қазақ» алдындағы ақталу сияқты.

1926 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!» деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: «Ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын деген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жаннан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемесін!» - деп жазған екен. Сұлтанмахмұт – шын мағынасында осы сөзге татитын ақын.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, заманының қайшылықты шындығын шығармаларында жан-жақты бейнелеген, көркем сөздің халықтық мән-мағынасын көтеріп, жаңа жанрларда ізденістер жасаған ол туған халқын отаршылдық пен ұлттық езгінің екі жақты қанауынан азат етуге, ел бостандығына үн қосты. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» ұмтылды. Қағамдық шындық пен әділет жолын талмай іздеп, туындыларына арқау еткен ақын көп жабының бірі болып қалмай, от боп жанды, құйрықты жұлдыздай ағып өтті. Сен армандаған ел, сен армандаған сауатты ұл мен қыз, сен армандаған баспасөз өсті, өркендеді, дамыды. Қазақ елі – бақытты!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Торайғыров «Сарыарқаның жанбыры» - Алматы: Раритет, 2007
2. Қазақ әдебиетінің тарихы, XX ғасыр бас кезі (1900-1917)6-том, Алматы 2006
3. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Дүние дөңгелегі айналады» Халықралық «Абай» клубы. Жидебай-2009 ж.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ӨЛЕҢ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ ЖӘНЕ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Орда Еркежан Кенжеғалиқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Миров Мұхтар Орынбасарұлы, ф.ғ.к, доценті.**

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ халқының әдебиетінде үлкен ереуілді, рөл атқарған тұлға болды. Қазақ халқының тарихындағы ең көрнекті ақынның да өз өлең шумақтарында көтерген мәселелері әйел теңсіздігі, ұлттың әдеби мұрасы мен мұрағатының аяққа тапталуы болды. Өзінің бар жоғы 27 жыл қысқа ғұмырында әлеуметтік-саяси мәселелерді көтеріп қана қоймай, оны шешу жолында талай жанрлық поэзияны, өлең мен прозамен жазылған роман, очерктерді әдебиет арнасына ұсынды. Онда қоғамдағы азаматтық ерлікті ғана емес, қазақ

халық әдебиетінің көркемдік қолдануындағы негізгі деген қате қағида түсітіктерді ашып, әдеби-сын мақалаларын, философиялық роман мен бірнеше өз жеке өлең шумақтарын, аударма істерін жазып қалдырған еді.

Ақын жазушының өміріне қысқаша шолу жасайтын болсақ, ол жастайынан жетім қалып, әжесінің тәрбиесін алған, кейіннен хат танып, ең алғаш бар болғаны 13 жасынан бастап сол кездегі Әбдірахман мен Мұқан сияқты молдаларынан тәлім алған жас бала еді. Сол сәттің өзінде жас ақынның назары шығыстың классикалық сюжеттерінің негізінде жасалған туындыларға басты назары түскені де рас еді. Бұл оның үлкен шығармашылыққа жасаған алғашқы қадамы десек те болады. Себебі кейіннен 1911 жылы ол өзінің жетекші ұстазы Нұралының ертуімен қазақ тіліндегі кітап, газеттермен кеңінен танысады. Ал небәрі бір жылдан кейін ақын медреседе оқып жүріп, бір екі жыл шамасында өз туындыларын жазып баспаға ұсына бастайды. «Шығамын тірі болсам адам болып», «Балалық күн», «Байлық», «Шәкірт ойы», «Оқып жүрген жастарға» сияқты алғашқы өлең шумақтарында-ақ адам баласының рухани құндылықтарын қалыптастыру, бойымызды өзіміздің басқара алуымыз сияқты сөздерді қозғады. Ал кейіннен алғаш роман, поэзияларды жазып сол кездің өзіндегі өзекті мәселелерді сөз етіп, сан ғасырлық қатаң үрдісті бұзуға жол ашты. Жазушы өз романында қазақ халқының дәстүрлі түсінігін ашып қана емес, сол кездегі солақай саясатты астарлап жеткізе алды [1, 22].

Оған дәлел С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» атты романы. Мұнда ақын қазақ әйелінің образын негізге алып, сол арқылы өз дәуірінің қоғамдық шындығын аша отырып тәлкіге алып талдайды. Қоғамдағы әлеуметтік проблеманы көтеріп, өзімізді өзіміз қорлап жатқандымыз туралы баяндап көрсетеді. Ұлттың болашағы, қыз баланың тағдырын ойыншыққа айналдыру мәселесін көрнекті түрде суреттеу арқылы, әлділердің әлсіздерге зорлығын, күш қауқары жоқ қара халықтың қараңғыдағы қапас тіршілігін өткір сынайды. Әрі жазушының халыққа үндеуі бұл әлеуметтік мәселе ғана емес, өзінің өзіне осы бастан жаның ашып, қарайласпасаң өзгеден ол жылулықты күтпеді астарлы үндейді. Яғни саясаттағы сан жылдық феодалдық-патриархалдық салт-сананың күйреуін, оны ұға алмай отырған елдің надан мінез-құлқын сынға алып, халыққа жеткізеді.

Өз өлеңдерінде С.Торайғыров лирикалық жанрды жиі қолданады. Ақын өз атынан жеке сөйлей отырып, сол дәуірдегі аузы байлаулы халықтың келешек ұрпаққа үндеуін, мәдени мұра сөз етуі арқылы сөз қылады. Әрі жастардың ой санасын білім мен ғылымға, қоғамдағы болып жатырған үлкен өзгерісті шешіп, басқаруға бар назарын бөледі. Әуелі ұлттың тарихы мен дәстүрін, кейін жеке образды қоғамға келістіріп, әдебиеттің түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы түсіндіреді. Оның бастамасы «Шығамын тірі болсам адам болып» атты туындысынан бастау алады. Автор өзін негізгі позицияға ала суреттеп, жастардың назарын негізгі адам бойындағы құндылықтарды ашуға бағыштап отыр. Ал кейін «Оқып жүрген жастарға» атты туындысында өз кеңесін ұлттың жас өкілдеріне беріп, жас қауымды көзі ашық көкірегі ояу қылуға шақырды [1, 56].

Өмірінің соңғы жылдарында ақын өмір мәні мәселесін көп көтерді.

Себебі ол өзінің өлеңінде:

Дүниедегі қызықтың,

Бәрі де арам мен үшін.

Дауасы жоқ бұзықпын,

Талпынбаймын ем үшін.

Тосқаным — қабір құшағы,

Қашан ол келіп құшады, —

деп жазды жас ақын 1914 жылы «Дүниедегі қызықтың» атты өлеңінде [2; 119–120].

Үшінші көтере кететін, ең негіз тақырыбым: бұл Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өз шығармаларындағы грамматикалық сауаттылығы болады. Жалпы кез келген халықтың бетке ұстар азаматтары өз туындыларында көрініс тапқан тақырып пен ойға ғана емес тілдің сауаттылығы мен негізгі ережелері сақталуына да назар аударуы тиіс. Мысалға Сұлтанмахмұт

Торайғыровтың өлеңіне талдау жасайтын болсақ, Құдайберген Жұбановтың сөздері айқын дәлел бола алады.

Қазақ халқының жалынды ақыны С.Торайғыровтың
Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда кім болам? – деген жолдармен үндеседі».

Мұнда айтып отырған «қараңғы түкпір» өзі қызмет істеп жүрген Темір уезі болуы ықтимал. Сонымен бірге аталған «Ай» журналында М.Горькийдің «Хан мен ұлы», «Сұңқар жырын» аударып бастырған. [2].

С.Торайғыров төтенше өзгерістер мен дүрбелең сілкіністер дәуірінде тарих сахнасына көтеріп, қызыл тілімен сурет салатын шешен жазушы ретінде танылғаны да осы іспетті. Себебі өлең шумақтарында буын мен бунақты, суреттеу құралдарын жүйелі, сауатты пайдалануы арқылы өз ойын жүзеге асырып отырды. Яғни алып қарасақ сөз байлығы ғана емес тіл грамматикасына басты назарына ілігуі де рөл атқарған.

Қорыта келгенде, ақынның жазған мақала, очерк, роман т.б. тақырыбы да алуан түрлі. Ал оның негізгі мақсаты – қара халықты сауаттандыру, елдегі әлеуметтік қайшылықтарды, қатып қалған қағида мен теңсіздік, әділетсіздік сияқты көптеген өмірлік мәселелерді қозғады. Тіпті кей кезде оны, Абайдан кейінгі ең биік асқар“ деп те көрсетеді.

Қазақ арасында оқу-білімнің таралмауының себептерін Сұлтанмахмұт надандық пен тағылыққа негізделген патриархалдық құрылыстан көргенімен, оны өзгерткен кезде ғана халық ағарту ісін өркендетуге мүмкіндік туатындығын түсінбеді, оған өресі жетпеді. Алайда, тарихи дамудың бағдарынан хабардар Сұлтанмахмұт ең әуелі халық ағарту системасын өркендету үшін қажетті материалдық база жасалуын негізгі мәселе етіп қойды. Ауылда арнаулы мектеп ашу, мұғалім ұстау, оны қаражат жағынан қамтамасыз ету керектігін ашық тұжырымдады.

Бірақ өз баласына «оқуды бүгін бітіріп, ғылымды хатим қылсаң да, бір тыйын шығарып, әперетін кітабым жоқ», — деп тарығатын «құдай сүйген біздің қазақтың» оқу-ағарту ісіне жәрдемдеспейтіні аян болса керек. Және «бұратана» халықты тағылықта, қараңғылықта ұстауды көздеген патша үкіметі бұл мақсат үшін қаражат шаша алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Сонымен, оқу-ағарту ісінің өрістемеуінің негізгі себебі — материалдық базаның жоқтығы болды. Қазақ арасында оқу-білімнің таралмауының енді бір мәнді себебі — педагог кадрлардың жоққа тәндігі. Рас, азды-көпті сауаты бар, көзі ашық адамдар байлар мен молдалардың ызыңын естімеу, материалдық езгісін көрмеу үшін оқу-ағарту мекемелерінен іргесін аулақ салды. Сондықтан да жаңа молдалар ескі оқу жүйесімен сабақ беруге, «жұрт баласын өз қолымен бүлдіруге беті шыдамайды да, көзіне күйік қылғанша, бойын таса қылып өлгісі келеді» — деп жазды Сұлтанмахмұт[3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Айманов Ә. «Балалық шағым бірге өтті»: Естелік // Қазақ әдебиеті. - 1993. - 14 мамыр[1,22-56 бб]. С. Торайғыровтың балалық шағы туралы.
- 2 Досанов С. Дарқан дарын // Көкшетау правдасы. – 1968. – 26 окт. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 75 жыл толуына орай.
- 3 Мирон М.О. Қ.Жұбановтың лингвистикалық танымдары.- Ақтөбе,2014.-200б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР

Сарсенова Гүлжанай,

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті,
журналистика кафедрасы, журналистика мамандығының
3 курс студенті Ғылыми жетекшісі аға оқытушы **Мажитова Л. Қ.**

Дүниедегі қызықтың,
Бәрі де арам мен үшін.
Дауасы жоқ бұзықпын,
Талпынбаймын ем үшін.
Тосқаным — қабір құшағы,

Қашан ол келіп құшады,-деп, тәуелсіздік ісіне, халықтың прогресс пен мәдениет жолымен дамуына зор үлес қосқан ақын - Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ол өткір сыни бағыттағы, әділетсіз өмір бет пердесін ашатын, надандық пен қараңғылықты түйрейтін тамаша туындылар жазды. Торайғыровтың пікірінше, халық өз тағдырын өзі жасайды. Бұл үшін оған ұйқыдан оянып, ілгері жүру және басқа халықтар сияқты даму керек болды.

С. Торайғыровтың қысқа да, бірақ жарқын, күрделі өмірі және өте бай шығармашылық

мұрасына әдебиетшілер, зерттеушілер және қазақ әдебиетінің теоретиктері үлкен көңіл бөлді.

"Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,

Күн болмағанда, кім болам?" – деп, өмірлік жолы ұрпаққа үлгі болатын ақын ағамыздың халқын қалтқысыз сүйген патриот болғандығының тағы бір айғағын бірнеше замандас жолдастарының ол туралы жазған пікірлерінен көре аламыз.

Солардың бірі–ақын, сыншы **Жарасқан Әбдірашевтің** мынадай пікірі: «Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы несімен бағалы, несімен құнды? Туған халқын надандық құрсауынан құтқаруға ұмтылып, әділет пен шындық жолын шарқ ұра іздеген демократтығымен, парасатты патриоттығымен бе? Әрине! Әлеуметтік теңсіздіктің бетпердесін ашып, тұтас бір кезеңнің келбетін жасаған сыншыл реализмді дамытып, орнықтырумен, азаматтық тұғыры биік, белсендігі жоғары ақындығымен бе? Әлбетте! ...Бүгінгі замандас, болашақ ұрпақ, бүкіл адамзат үшін ше? Меніңше, ... адамды адам болуға үндеген ұлы гуманистігімен құнды!».

«Сұлтанмахмұт қараңғылық басқан қазақ көгіне «өрмелеп шығып күн болуды» ойлаған, қазақ халқының кемеңгер перзенті еді.»- деп, **Рахманкүл Бердібаевтың** “Өшпес мұра” естелігіне назар салсаңыздар:

“Міне, ақынның қайтыс болғанына отыз бес жыл толды. Бірақ, оның есімі халықтың жадынан шығар емес. Ақын мұралары халқымыздың өткен өмірінің дәл шежіресі секілді қадірлі. Өйткені, әрбір ұлы ақын сияқты Сұлтанмахмұт өз заманының рухын, көңіл күйін шыншыл көрсете білді. Ол шығармаларында өз жүрегін тебіrentкен, айтпауға болмайтын жайларды ғана жырлады. Сондықтан оның әрбір өлеңі халықтың арманына, тілегіне терең ұштасып отырды. Ақынның асыл сөздері ел жүрегінен үндестік тапты. Сұлтанмахмұт шығармалары нағыз халықтық шығармалар. Оның поэмаларында, лирикалық өлеңдерінде қазақ халқының ойы, салт санасы, мінезі сондай айқын, дәл суреттеледі. Сұлтанмахмұт мұралары өз заманының айнасы сияқты. Біз одан сол замандағы әлеуметтік теңсіздікті, халық санасындағы өзгерісті барлық қайшылығымен көреміз. Бұл ақынның кінәсі емес, қайта ұлылығы деп білеміз. Өз табиғатын жасырмай, шындықты іздеп, сол жолда адасуға, да ұшырағанын бар даусымен айта білген адамды шыншылдығы, таза ниеті үшін айыптау кешірілмес өкініш болар еді.»

Иа, осы естеліктен Сұлтанмахмұт өз елінің адал азаматы болды. Ол халықтың басындағы ауыр қасіретті терең түсінді. Зорлық пен зұлымдыққа қарсы айбынды үн көтерді. Ақын, әсіресе, рухани езудің тілсіз құрбандығы болған қазақ әйелінің ауыр тағдырын тебірене жырлады. Оның «Қамар сұлу» сияқты шығармалары ашынған жүректің қанымен жазылды. «Кедей» поэмасы қазақ еңбекшісінің ауыр халін, қазақ сахарасындағы езушілікті аяусыз әшкереледі. Кемеңгер ақын өз қоғамының барлық құбылысын көрсете білді. Оның шығармалары алған мәселесінің кеңдігі, тереңдігі жағынан Абай дәстүрін ілгері дамытты. Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі ең биік асқары. Ол қазақ өмірінің шындығын

жырлаған нағыз ұлттық ақынымыз еді. Өзімен тұстас ақынның ешқайсысы да дәл Сұлтанмахмұттай поэзиясын жалпы халықтық дәрежеге көтере алған жоқ.

Ақынның өмірі және шығармашылығын зерттеуде **Тұрсынбек Кәкішевтің** ерекше үлес қосты :

“Ақын Сұлтанмахмұттың творчествосын терең зерттеу, оның дүние тануын, идеялық позициясын айқындай түсу үшін осы күнге дейін жеткілікті мән берілмей келген оның публицистикалық шығармаларына тоқтап өткен жөн. Өйткені, публицистикалық шығармалар әрқашан да автордың өмірге өз көзқарасын баяндаудан, осылай болуға тиіс деген бір пікірді насихаттауынан, түсіндіруінен туады, яғни қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістерге автор қолма-қол араласып, өзінің нақты пікірін айтады.

Сұлтанмахмұттың публицистикалық шығармаларында негізінен оқу-ағарту, әйел теңдігі, искусство мен әдебиет және социализм туралы мәселелер әңгіме етіледі.

Сұлтанмахмұт «қараңғы қазақ көгіне күн» болудың бірден-бір жолы — оқу, білім деп таныды. Бұл мәселені ол өзінің көптеген поэтикалық шығармаларымен қатар, 1912 жылы жазған «Зарландым», 1913 жылғы «Қазақ ішіндегі оқу, оқыту жолы қалай» деген публицистикалық еңбегінің арқауы етті, Қазақ халқын сауаттылық жағынан үш топқа бөлді: әліпті таяқ деп танымайтындар; хадимшыл надан молдадан оқып, мыйларын шатастырып, қара танымай шыққандар; жәдитшілдер. Сұлтанмахмұт осы топтың біріншісіне аяныш сезімін білдірсе, екіншілерін өлтіре сынайды. Ал жәдитшілердің әрбір игілікті қадамын құптады.

Шындығына келгенде, жәдит оқуы «төте оқу», ескі хадимге қарағанда әлдеқайда прогрессивті еді, дін оқуымен қатар шәкірттерге тарих, есеп, география, тағы басқа пәндерден білім берілетін. Мәдениетте кенже қалған қазақ халқы үшін төте оқу системасының қолайлы және прогрессивті екенін түсіне білген Сұлтанмахмұт қазақ халқына «туғаннан бері ата мұрасындай болып сүйегіне сіңіп, көңіліне орналасып қалған надандық шіркін жуыр маңда жақсылық сөзді естірте қояр ма» деп қынжылды.

Қазақ арасында оқу-білімнің таралмауының себептерін Сұлтанмахмұт надандық пен тағылыққа негізделген патриархалдық құрылыстан көргенімен, оны өзгерткен кезде ғана халық ағарту ісін өркендетуге мүмкіндік туатындығын түсінбеді, оған өресі жетпеді. Алайда, тарихи дамудың бағдарынан хабардар Сұлтанмахмұт ең әуелі халық ағарту системасын өркендету үшін қажетті материалдық база жасалуын негізгі мәселе етіп қойды. Ауылда арнаулы мектеп ашу, мұғалім ұстау, оны қаражат жағынан қамтамасыз ету керектігін ашық тұжырымдады.

Қазақ арасында оқу-білімнің таралмауының енді бір мәнді себебі — педагог кадрлардың жоққа тәндігі. Рас, азды-көпті сауаты бар, көзі ашық адамдар байлар мен молдалардың ызыңын естімеу, материалдық езгісін көрмеу үшін оқу-ағарту мекемелерінен іргесін аулақ салды. Сондықтан да жаңа молдалар ескі оқу жүйесімен сабақ беруге, «жұрт баласын өз қолымен бүлдіруге беті шыдамайды да, көзіне күйік қылғанша, бойын таса қылып өлгісі келеді» — деп жазды Сұлтанмахмұт.

Сонсын, Сұлтанмахмұт оқу системасының өмірге жанасымды емес екендігін сынады. Тыянақты, қалыптасқан оқу программалары мен оқулықтардың жоқтығы, шәкірттерді білім дәрежесіне қарай класқа бөліп оқыту тәртібінің еңгізілмеуі мұғалім еңбегін еш етті. Мұның үстіне «үлкендердің», «кұдай жолын көріп келгендердің» молданы еркіне жібермеуі және менің балам жүйрік, зерек, жорға деп, қу кедейдің «жетесіз», «жалқау» баласынан бөлек оқытуды талап етуі шәкірттерге сапалы білім беруге тосқауыл бола берді. Сондықтан Сұлтанмахмұт «мұғалімдердің жүгін жеңілдету жағын қарастыру керек» деген мәселе көтерді. Ол халық ағарту системасы жөнінде өзінің айқын жоспарын, алған бағытын баяндай келіп: «Тегінде, малым көп деп басты қақайтқанға оқу, білім табылмаса керек. Бір аяқ саумал бермей қояр деп қорқатын, оқу байлардың қасындағы көршісі емес қой. Оқу бай, кедей, жақсы, жаман деп танымайды, кім іждаһаттанып ықласын салса, оқу соған табылады» деген бірден-бір дұрыс қорытынды жасады...”

Сұлтанмахмұттың елгезек жүрегі өз тұсының барша болмысын жіті аңдай алды, Сұлтанмахмұт Абай тіккен реализм туының еңсесін түсірмеді – деп, **Әбіш Кекілбаевтің** “өнегелі өлең” естелігінде:

“Сұлтанмахмұт жырлары жалаңаш та жайдақ, сусыз саясыз жапан дүздің бар тұз, бар сөлін түгел сіңіріп, шаң мен суыққа, аптап аңзаққа қаймықпай бой түзейтін дала жусанындай, қазақ өмірінің барша қайшылығы мен қатігездігінен қаймықпай өркен жайған түс перзент жырлар. Онда нұр мен нәр деп телмірген шикісолық мінез жоқ. Өңшең қиынға салып, қияға ұмтылған өжет өлеңдер. Өйткені, ол өмірді сүйеді. Өмірді сүйген өскін шөл мен жерден жеңілмей, жаңқиярлық жасап өркен жая бермек.

Сұлтанмахмұт ұлы Абайды ұстаз тұтты. Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жөнінде ойлағанда ол Абай өнегесін өз тұсындағы басқа ақындардан атымен бөліп, аса жоғары бағалайды. Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетіне өлеңмен жазылған алғашқы реалистік роман («Кім жазықты?») берді. Реалистік прозаның негізін салу жолында еңбектенді. Ол — қазақ өмірінен туған тұңғыш реалистік поэмалардың авторы. Ол қазақтың реалистік лирикасын да үздік туындылармен молықтырды. Осынау еңбектерімен ол қазақтың реалистік әдебиетінің классигі ретінде біздің мәдениетіміздің төрінен орын алады.

Сұлтанмахмұт аз жасап, аз қызық көрді. Оз бойындағы барды сарқып беруге үлгергенмен үлкен өмірдің қызығы мен қуанышына ортақтасуға үлгере алмады. Бірақ, оның асыл бейнесі халық махаббатының бесігіне бөленді. Ол -- туған жұртымыздың сүйінерге жарайтын сүйер ұлы.”

Шығармашылығынан бөлек, ақынның Мәлике қызға деген ғашық көңілі жайлы **Ермек Өтебаевтың** жазбасында былай делінеді: «Сұлтанмахмұт айлы кештерде Шідертінің жағасында серуен жасағанды ұнатқан.

Оны білетіндер ұйқысынан ояңған сұңқардай бойын түзеп, көзін жайнатып, ойынан тез айығып, сергітін деп сипаттайтын.

Сол Шідертінің жағасында бір түні кейіпсіз, реніш, қайғылы халде болды. Ол жайт Мәликеге байланысты еді. Көп ашылып сөйлемей, туысы Шәйбайдың: – Саған бүгін не ой түсті?

Ауырамысың, неге ренжідің? – дегеніне: «Сен білмейсің, жан қимақ пен жар қимақ бірдей-ау өзі», – деп тағы үндемеді. Біраздан кейін: «Мақал деген – көптің ұнатқан сөзі. Халық айтса, қалт айтпайды. Бұл бір өзгермейтін шындық-ау өзі. «Көз – көңіл айнасы» дейді, жан мен жүректің айнасы деп неге айтпады екен?» – деп тағы ойға кетті.

– Мен, – деді, бұл дертімнен жазылмайтыныма көзім жетеді, ақыры мені алады ғой. Бұл туралы көп брошюралар оқыдым. Сондықтан бүгіннен бастап Мәликені алмасқа бел байладым. Бекіндім, – деді де: – Сен Мәликенің көзіне бір қарап көрші?!

Көзі қандай ашық, қандай терең сырлы, күлкісі қандай таза, жаны қандай таза, – деп Мәликенің әр түрлі өзгеше жайын айтып мақтай түсті.

– Бір жақсы адамға кездесіп, бақытты жасаған күнін көрсем, жаным жай табар еді. Неге көрдім, неге сүйдім, неге күйдім, неге қидым? Амал не қимағанмен, менен не бақыт табады?

Маған тиіп, менен айырылып қалса, оның жаны мәңгі қасіретте қалмай ма? Онда Мәликелік заты жоғалады ғой. Қой, ол бақытты болсын! – деп өз шешімін бекіткен» дейді.

Музафар Әлімбаевтің ақындардың сұлтаны ”Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы мөлтек сыр” жазбасынан:

Кейде «Есіл — қайран ерім-ай, еліне берерін түгел бере алмай кетті-ау», — деп өкінетіміз бар. Иә, өкінішсіз өлім жоқ. Әйтсе де! Аз жасаса да, өртеніп өтетін, асыра асыл сыйлап үлгеретін арманына жететін алыптар болады! Олар, әрине саусақпен санарлықтай өте аз. Сол аз ғана әзіздердің біреуі қыршын классик, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров! Әдебиет тауларын нөмірлеуге мен де қарсымын. Сонда да пайғайбар ақын Абайдан кейінгі талассыз даусыз заңғар тұлға — Сұлтанмахмұт ақын! Жиырма жеті жасының өзінде жүздегі абыздың ақылмен сөзін айтып кеткен, туған халқының туын биік еткен, кемеңгер перзенттерінің бірі де ақындардың сұлтанындай осы Сұлтанмахмұт!

Ұлы ақынның өлең-жырларын мен тілім шыға жаттап өстім. Өйткені, менің нағашыларым да, өз әкем де қадымша оқыған азаматтар еді. Нағашым Әбдірахман мен әкем Айтмағамбет — Уфадағы медресе Ғалияны бітірген кісілер. Ал анам Зейнеп тумысында ақын боп жаратылған уақыттан болар — балаларына Бұқар жырау, Көтеш, Абай, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев, Иса, Естай... өлеңдерін жастай жаттатты.

Тірлігінде де, дүниеден баз кешкеннен кейін де сорлап бағатын пенделер болады. Сұлтанмахмұт тағдырын ойлағанда да мен сол сормандайларды еріксіз еске аламын. Ұлы ақынның өзі де әлі күнге дейін мерей сыбағасын толық ала алмай келе жатқаны соның айғағы!

Көзі тірісінің өзінде де көзтүрткіге ұшырағаны бар деп есітеміз. Ол аздай көз жұмған соң да шет қақпайды, сын сойылын көп көрді: сан-саққа жүгіртілді, «буржуазияшыл, ұлтшыл» да атанды. Мұрасы қайшымен туратылды. Толық-түгел күйінде, академиялық басылым болып әлі бір рет те жарық көрмей келеді.

Осындай салдар-себептердің қырсығынан Сұлтанмахмұт мұрасының зерттелуі де көңілдегідей мардымды емес. Профессор Бейсембай Кенжебаевтың монографиясы күні кешеге дейін жалғыз-дара жұбаныш боп келді. Ол кісінің де өз көкейінде түйген биік бағымдауын айтуына мүмкіндік бермедік, ауыздан қақтық.

Халық жазушысы Дихан Әбілевтің трилогиясы да Сұлтанмахмұттануға қосылған үлкен үлес. Алайда автор қызыл империяның қыспағында қиын да күрделі бейненің күшін сырларына тереңдей бойлап тебіренуіне қолбайлау болған көптеген қитұрқыдан құтыла алмағаны тағы да аян.

Қыршын классик қысқа ғұмыр кешкенімен, қазақ қаламгерлерінің келер буындарына ұстаз, мәңгілік ұстаз боп қалады.

«Елімнің мен шын ұлы екеніме

Тағдырдың өзі берер куәлікті».

Өзі кәміл сеніп кеткен кемеңгер ұстаздығы парасатты да, құдіретті де. Мәселен, «Адасқан өмір» мен «Дала ақыны мен қала ақынының айтысы» атты публицистикалық-философиялық поэмалардан ғибрат алмаған ақындарымыз кемде-кем: бұл қатарда өзгені былай қойғанда, өзі де кейін классик ақын атанғай Ілияс Жансүгіров те, алып ақын Қасым Аманжолов та бар. Оны айтасыз, Мағжан Жұмабаевтың поэмаларындағы шалқулар, ұлттық аруақтылық төркінін де анықтау қиын ба?! Ұлттық рухты тудай биікке көтеруде Торайғыров үлгісі айрықша. «Бір адамға» сияқты баллада бастауы, алғашқы гимн үрдісі, өлеңмен жазылған романның пионерлігі — осының әрқайсысы бір-бір сала болса, тарихта өшпей қалуға берілген мандаттай.

Сұлтанмахмұт поэзиясы — ақындық шеберліктің, ұлтжандылықтың, азаматтықтың мектебі. Шынайы ақындарымыздың бәрі де мың бейнелі классиктердің ізбасарлары екені де даусыз. Қайталама басылымы қарымсыз әрі тым сирек, насихатталуы да мардымсыз, зерттелуі ауыз жарытпастай аз болса да Сұлтанмахмұт мұрасына деген халық құштарлығы қашанда биік! Өз басым рухани да, әдеби ұстазымның екі томдығын Абай кітабымен қатар жастығымның астында сақтап, әлсін-әлсін парақтаймын. Оқыған сайын өзім де, өзгелер де аңдамаған ақындық өрнектер мен ой кестелеріндегі өзгешеліктерін, яғни жаңалықтарын ашамын! Ғибрат алуға талаптанамын. Жастай жабысқан дерт — сырқаттық, жоқшылық пен тапшылықтың қасіретінен діңкелеп жүрсе де, мойымай қыруар білім теріп, өнер ізденіп, өлең шыңдап, өзіне дейінгілер көтерілген өр асқарларға құлаш ұрып, қыз бұрымындай қысқа ғұмырында тыңнан сөз асылдарын жасап үлгеру — ерлік емес пе?!

Жиырма жеті жасымызда ел құлағына сіңер екі сөзге ие бола алмағанымызды еске алсақ, Сұлтанмахмұт сияқты заңғарлардың өлшеусіз еңбегіне ой көзін еріксіз саласын — ғибрат табасың! Сол жиырма жеті жасында бос белбеу бозым, тізгін тұта алмас болбыр (әрине, бұл сөзді мен әдебиет саласына қатысты айтып отырмын) болғаннан саусың ба деп, өзіңді-өзің ойша сілкілейсің...

Тағыда бір өкінішім бар: осы күнге дейін Абайдан бастап әр алуан ақын-жазушыларымыз жайында әр тұста зерттеулер жазсам да, ұлы ақын Сұлтанмахмұт

шығармашылығы жөнінде екі-үш өлең арнағаным болмаса, шәкірттік түйіндерімнен, үйренісімнен хабардар етер лебіз білдірмеппін.

Күні кеше ғана ортамызға оралған Алатаудай асқар ақын Мағжан өнегесі хақында машинкаға басылғанда алпыс беттей эссе жариялап, 1992 жылы жарық көрген «Толқыннан толқын туады» кітабыма қоссам да, ақындардың сұлтаны Сұлтанмахмұтке келгенде кешеуілдегенімді өзіме тіптен кешірместеймін... Содан былтыр және биыл «Қыршын классик» деп аталатын эссе-зерттеуімді тәмамдадым. Көлемі екі баспа табақтан астам. Бұл ақын жайындағы ақындық ой толғаныс.

Облыстар аралық «Алматы ақшамы» газетіне ұсындым...

Сұлтанмахмұттану ғылымын өрістету келешектің уәзипасы... Бұған көп болып, ұлы ақынның өнегелі, өміршең шығармашылығын барлық қырынан, сала-сала тұрғыдан жаңаша зерттеп, халыққа таныту, оның ұлттық ұлағатын жастар бойына дарыту парызымыз! Сұлтанмахмұт Торайғыров ақындығын ең алдымен мектепте оқытуды жақсартудан бастап жаңартуды, классик мұрасына деген ынта-құштарлықты оятуды ізденімпаздықпен жолға қоюға керек. Осы күнге дейін «жоғары идеяшыл» әдебиетшілеріміз тақырыптар төңірегінде ғана тамсанудан әрі аса алмай келді. «Кедей» дастаны керемет!» — деумен шектеліп жүрді. Әр қаламгердің алдындағыларға да, замандастарына да ұқсамас айырым-алабөтен суреткерлік құдіреті ерекшеліктерін ажырата көрсетуге келгенде көптеген зерттеушілердің зеректігі де, зергерлігі де жете бермейді. Зерттеушілердің жаңа ұрпағы да әдебиет сахнасына көтерілер, таланты да, білігі де биік болар көне замандардан басталатын әдебиетіміздің қадыр-қасиетін өз халқымызға да, алыс-жақын көршілерге де, өзгелерге де өнерлілікпен, ғалымдықпен таныта түсер деп сенеміз.

Ақындардың сұлтанын тудырған халқымыздың өзіндік өнер қасиетін үздіксіз зерттеп. Тани берейік.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын қайтадан оқығандары әсер туралы **Аманжол Шамкенов** “Аққан жұлдыздың сыңары” естелігінен:

Соңғы екі ғасырдың ішінде қазақ халқының маңдайына сыймай, дүниеден тым, ерте өткен екі дарын иесіне деген ынтық көңіліміз суыған емес, ешқашан суымайды да. Он тоғызыншы ғасырда Шоқан Уәлиханов пен жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Сұлтанмахмұт Торайғыров аз ғана ғұмыр кешіп, өмірден аққан жұлдыздай зу етті ғой. Өткен не керек, құдайым екеуіне тым болмаса тағы бір оншақты жылды бұйыртқанда, қаншама мұраға кенелер едік. Бірақ, екеуінің де мәңгі өшпейтін із қалдырғанын ескерсек, өкініштің де реті жоқ секілді. Мәселе кімнің көп, кімнің аз жасағанында емес-ау, сірә. Ең құнды шығармаларын жасы ұлғайған шақта жазғандар бар да, аз уақыттың ішінде баға жетпес мол дүние қалдырған орыстың Лермонтовы сияқты дарындар әр халықтың әдебиетінен де кездеседі. Соның бірі — өзіміздің Сұлтанмахмұт.

Ғұмырының аққан жұлдыздай жалт беретінін сезгендей, Сұлтанмахмұт алты жасынан хат тани бастап, он бір жасынан-ақ өлең жазумен әуестенген екен. Әуелгі әуесқойлық оны он төрт жасынан бастап, осы өнерге әбден мойындатады:

«Қаламды шын беріліп алдым берік,

Әлдеқандай бір күшке көңіл сеніп.

Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,

Енді оған өлең жазу болсын серік», —

деп енді өзінің осы жолдан айнымайтынын білдіріп, өзіне өзі серт бергендей болады.

Он жеті, он сегіздің арасында-ақ, кәдімгі көргені көп салиқалы жыршыдай, адамгершіліктің биік сапынан көрінеді. Оған «Ұлт» деп аталатын мынау бір-ақ шумақ өлеңі айқын дәлел:

«Кәпір» бар, «мұсылман» бар — барлығы адам.

Оларды алалайтын қандай надан!

Өнер, білім, әділет кім қолдаса,

Қай ұлт болсын — бәрі бір бауыр маған».

Бұдан сексен екі жыл бұрын жазылған осынау өлең жолдарынан ақынның парасаттылығы аңғарылғандай емес пе? Арада қаншама өзгерістер болды. Қазан төңкерісі, азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы, социализм жылдары, міне енді әр халықтың өз тәуелсіздігін алған дәуірге енгендейміз. Дәл осы тұста айтылар көкейіміздегі сөз ғой бұл. Ақын ұлт араздыктан сақтандырып, елдің болашағына көз жіберіп, ең маңызды мәселенің жәй-жапсарын түсіне білген.

Тіршіліктің тауқыметін бала кезден сезінген ақын еліне елеулі адам болу үшін, бәрінен бұрын білім керектігін әр кезеңде еске салып отырады. Бар қиындықты тек ғылым жолымен жеңуге болатынын уағыздайды. Өнерлі ел өзіне керек бар мұқтажын жерден өндіріп табатынын, басқаға малайлыққа жеккен күшін адам өзі үшін жұмсаса, көрінгенге жем болмай тер төгіп еңбек етсе, сонда ғана теңдікке қолы жетер еді дегенге шақырады. Әйтеуір надандықтың бұғауынан құтылып, іргелі ел болу үшін бар күш-жігерді соған қарай бейімдеу керектігіне баса назар аударады:

«Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек,
«Біз үшін отқа, суға түсіп жүр» деп.
Ер өлсе де, еңбегін ел өшірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек!»

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақтың ұлы ақыны Абайға да мінездеме беріп, оны қазақ әдебиетінің өкілдерінің бәрінен ерекше, дара тұлға деп бағалайды. Ол аз өмірінің ішінде (небәрі 27 жас жасаған) әлденеше лирикалық өлең, ондаған мақала, екі роман, 5-6 поэма жаңа сатыға көтерген, Абайдан кейінгі ірі суреткер, реалист ақын болып табылады.

Сұлтанмахмұт аз жасап, аз қызық көрді. Оз бойындағы барды сарқып беруге үлгергенмен үлкен өмірдің қызығы мен қуанышына ортақтасуға үлгере алмады. Бірақ, оның асыл бейнесі халық махаббатының бесігіне бөленді. Ол - туған жұртымыздың сүйінерге жарайтын сүйер ұлы. [1, 126]

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиханда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп, надан болып.
Мен балаң жарық күнде сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толғанадай балкып туған.
Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы, қолжазбалар, №656 папка, 265-б.

2 <https://storaigyr.wordpress.com>

С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Сәлімгерей Дильназ Амангелдіқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті гуманитарлық ғылым және өнер факультеті журналистика кафедрасы, 1 курс
Ғылыми жетекші: **Гүлсара Кайрова**, оқытушы

Шындықты іздеуде дарынды жас әлеуметтік-саяси, философиялық әдебиеттермен таныса бастады - оған жалпы күресте өз орнын табу үшін қазіргі заманның күрделі мәселелерін түсіну қажет болды. Оптимизмге, Отанның болашағына деген сенімге толы көптеген туындыларды Торайғыров өмірінің соңғы жылдарында, ауыр ауру оны төсекке жатқызған кезде жасаған. Торайғыровтың лирикасы әр түрлі: оның азаматтық және философиялық өлеңдері, махаббат пен табиғат туралы көптеген өлеңдері бар. Бірақ бәрінен бұрын Сұлтанмахмұт азаматтық ақын болған.

Көрнекті қазақ ақыны - демократ Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда Көкшетау облысының Қызыл-Тау ауданында малшы отбасында дүниеге келген. Сұлтанмахмұттың балалық шағы қуанышсыз болды. Бала кезінде ол ауыр, жартылай аш өмірдің барлық ащысын, үнемі айырылуды білді. Ілім оған үлкен қиындықпен берілді. Бастапқыда бала әкесінің көмегімен үйде сауаттылықты үйренді. Содан кейін бірнеше жыл (1902-1907) ауылдық молдадан оқыды. Табиғи дарынды бала діни мазмұндағы ескі кітаптарды оқудан қанағат таба алмады. Оның өмірге деген өз көзқарасы қалыптасты. Оның алдында көшпелі ауылдың патриархалдық-феодалдық қоғамға тән өмір салтының суреттері тұрды. Ол өмірдің әртүрлі аспектілері туралы ойлады, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ әдет-ғұрыптарының мағынасын түсінуге тырысты. 1907 жылғы өлеңінде Сұлтанмахмұт ақын болу туралы нақты шешім туралы айтады.

1908-1910 жылдары Сұлтанмахмұт Баянауылдағы діни мектеп-медреседе оқиды. Ізденімпаз және еңбекқор Сұлтанмахмұт мақсатқа жетуде ерекше табандылық танытады. Күнкөрісі жоқ отбасында өмір сүрген ол молда үшін барлық ауыр жұмыстарды орындауға мәжбүр болады. Бірақ бұл кезеңде де, 1911 жылы ауылға көшкеннен кейін де Сұлтанмахмұт білім алудан қол үзбейді [3, 129]. Сол кездерде ол діни уағыздарға өте күмәнмен қарайды, байыпты білімге құштар болады.

1912 жылдың соңында Сұлтанмахмұт білімін жалғастыру үшін Троицкке келді. Ол орыс тілін меңгеріп, орыс тілін оқып, тарих және география сияқты ғылымдарды оқуды шешті. Троицк қаласында ол рухани мектепке түседі. Сондықтан оған білімін көбіне өз бетінше толықтыруы керек болады. Ол Абай шығармаларын зерттейді, ұлы ағартушының аудармаларында Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларымен танысады. Біраз уақыттан кейін ол орыс жазушылары мен ақындарының шығармаларын түпнұсқада оқиды.

1913 жылы шілдеде Сұлтанмахмұт оқудан кетуге мәжбүр болады. Оның өміріндегі қиындықтар денсаулығына зиян келтіреді - ол туберкулезбен ауырып, балаларды оқытатын ауылға барады. Оқуға деген құштарлық оны азаптайды және ол көп ұзамай Троицкке қайта оралады. Ол әйгілі прогрессивті "Айқап" журналының жетекші қызметкерлерінің бірі болды, оның беттерінде Сұлтанмахмұт алғаш рет ақын, публицист және эссеист ретінде көріне бастады. Демократиялық ақын өз мақалаларында жастарды жаңа дәуірдің прогрессивті және демократиялық өзгерістеріне сәйкес болуға шақырды: "Еуропаның жетістіктерін үйрену. Құдайды ғана емес, туған халқының тарихын да білу. Алдыңғы қатарлы ұлттармен көбірек қарым-қатынас жасау керек. Бостандық, адамгершілік, шынайылық бізді бірлікке, әлемге, жастарға, ғылымға үйренуге, өзінді тәрбиелеуге, егіншілікпен айналысуға еріп жүруі керек". Осы жылдардағы ақынның шығармашылығында жастарды білімге, ғылымға шақыратын, мәдениет пен өнерді насихаттайтын туындылар маңызды орын алды. Өлеңдерде "Оқудың мақсаты неде?", "Оқушының ойлары", "Қайғырамын" әңгімесінде ақын надандық пен артта қалушылықты айыптайды, туған халқын білім алуға шақырады.

Торайғыров өз өмірінің мәні туған халқының сауатты болып, оны рухани және әлеуметтік-саяси қысымнан босату деп түсінді. Ол адамдарды рухани азғындаған надандық пен қараңғылықты жек көрді, еркін өмір сүруді армандады, кейде көшпелі ауылды өзгерту жолдарын іздеді. Ел мен мәдениеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына апаратын жол ағартушылық арқылы деп ойлады және ол бәрінің жақсы болғанын қалады, бірақ қалай? Шындықты іздеуде дарынды жас Сұлтанмахмұт әлеуметтік-саяси, философиялық әдебиеттермен таныса бастады, оған жалпы күресте өз орнын табу үшін қазіргі заманның

күрделі мәселелерін түсіну қажет болды. Оптимизмге, Отанның болашағына деген сенімге толы көптеген туындыларды Торайғыров өмірінің соңғы жылдарында, ауру мендеп, төсекке таңылған кезде жазды.

Сұлтанмахмұттың аяқталмаған соңғы өлеңі "Қалалық және дала ақындарының сайысы" деген тақырыпшасы бар "Айтыс" поэмасы болды. Диалог түрінде ақын бұрынғы ескі өмір салтының бұзылуын көрсеткісі келді. Дарындылық сипаты бойынша азаматтық лирик Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қысқа өмірінде соншама маңызды туындылар жасағаны соншалық, ол ұлттық мәдениет тарихында құрметті орынға ие болды. Халыққа деген риясыз сүйіспеншілікке толы оның поэзиясы, оның әлеуметтік бағыты Некрасов мұражайына жақын, әлі күнге дейін азаматтық батылдықтың батыры болып көрінеді. Ол шындықтың алдағы мерекесіне сенді, сондықтан "шуақты таңды" жақындатуға тырысты.

"Адамның орасан зор, ғарыштық ауқымдағы орнын түсінуге тырысу,— деп жазады зерттеуші Мұрат Әуезов, - өткен Қазақ поэзиясында теңдесі жоқ құбылыс. Торайғыров поэзиясының лирикалық кейіпкері Мәңгілік, жойылмайтын, отты материяның бөлшегін сезінеді. Ақынның сүйікті бейнесі — ол жылу мен жарықтың символы ретінде қабылдаған от бейнесі кездейсоқ емес". Ғаламның құпиясына, болмыстың құпиясына ене алатын адам санасының Күшін дәріптей отырып, ақын Абай сияқты зорлық-зомбылық пен надандықты органикалық түрде қабылдамайды, халықты ағарту өз өмірінің мақсаты деп жариялайды. Зерттеуші: "отты, кейде қызу пайғамбарлық сөздер стилінде, ол ұйықтауға, рухсыз өмір сүруге бейімділікті стигматизациялайды, аштық, кедейлік тудыратын, адам бойындағы өзін-өзі бағалауды төмендететін өмір сүру жағдайларына наразылық білдіреді", - деп баса айтқан кезде дұрыс айтады. Кейде өз жұмысының нақты нәтижелерін көрмей, ұмтылыстарының жауапсыздығынан зардап шегіп, ақын өзін шөл далада тасталған гүл тұқымымен салыстырады [1, 12].

Торайғыровтың есімімен әлеуметтік - философиялық поэзияның, азаматтық батылдық поэзиясының өркендеуі ғана емес, сонымен қатар әдебиеттің жанрлық, көркемдік байытылуы да байланысты. Алғашқы романдардың авторы - поэзия мен прозада, алғашқы философиялық және әлеуметтік өлеңдер мен очерктерде ол демократиялық дәстүрлердің ізбасары болды. Оның әйгілі "Қамар Сұлу" романын прозадағы өлең деп атауға болады. Ақын толқып, кейде мықты прозамен жазады, өлең мәтіндерін енгізеді. Түрлі-түсті эпитеттер мен салыстырулар, мақал-мәтелдер, ауызша поэзиядан алынған және С.Торайғыровтың өзі жасаған қанатты өрнектер роман стиліне өзіндік ұлттық талғам береді, мәтінге поэтикалық хаттар, халық әндері (жар-жар, айтыс) тоқылған. Торайғыров романының тілі шырынды, дәл, тамыры поэтикалық шығармашылықтан бастау алады. Бірақ Сұлтанмахмұт тек ана тілінің байлығын пайдаланумен шектелмеді, ол жаңа ойлар мен идеяларды жеткізу үшін орыс лексикасындағы сөздерді де қолданды.

С. Торайғыровтың шығармашылығы еркін қоғам туралы жалынды арманға толы. Болашаққа ұмтылған оның әдеби мұрасы адамгершілік, отанға деген риясыз махаббат идеяларын жеткізеді. Халық сүйгіш ақын өзінің аскеталық өмірі мен шығармашылығымен адамның моральдық идеалын бекітеді. Шығармашылық ізденістердің жемісі алғашқы қазақ романдарының бірі болды. Өзінің жанрлық формасы бойынша Қазақ әдебиеті үшін өтпелі болып табылады және шығыс дастан дәстүріне – поэзия мен прозадағы эпикалық баяндауға сүйенеді.

Сұлтанмахмұт қазақ халқына не қажет деп ойлана отырып, білім, мәдениет, ғылым, техниканы бірінші орынға қояды. Оның пікірінше, тәрбие мен оқытуда денеге қамқорлық жасаудан басқа, ар-ождан, жан, руханиятқа үлкен орын алу керек деп санады. Онсыз ешқандай техникалық жетістіктер адамды бақытты ете алмайды. Қазақ халқы еуропалық өркениет деңгейіне қосыла ала ма? Сұлтанмахмұт шамадан тыс оптимизммен 30-40 жыл ішінде қазақ халқы білім, ғылым және техника бойынша Еуропа деңгейіне жетеді деп болжайды. Осы кезеңдегі Торайғыровтың философиялық ойларының өткірлігі оның жазған мақалалары мен

өлеңдерінің атауларымен дәлелденеді: "Социализм", "Бұл әділеттілік пе?", "Мен неге тұрамын?", "Жоғалған өмір", "Дауыл кезінде", "Сенім", "Құдай кім?". Оларда ойшыл Руссо, Толстой және марксистердің еңбектеріне сүйенеді.

Сұлтанмахмұттың аяқталмаған соңғы өлеңі "Қалалық және дала ақындарының сайысы" деген тақырыпшасы бар "Айтыс" поэмасы болды. Диалог түрінде ақын бұрынғы ескі өмір салтының бұзылуын көрсеткісі келді.

Ақын және философ Сұлтанмахмұттың ақиқатты, әділдікті, қазақ халқын көтерудің жолдарын іздеудегі шынайылығы мәңгілік құндылық ретінде құрметтелуге, құрметтелуге тиіс.

Қорытындылай келсем, революциядан кейін Торайғыров Шідерті болысының революциялық комитетінің төрағасы болып тағайындалды, кеңестердің жұмысына белсенді қатысты. Алайда, ақын ұзақ жылдар бойы туберкулез сырқатының салдарынан 1920 жылы 21 мамырда 27 жасында өмірмен қош айтысады. Жасына қарамастан, ол бай әдеби мұра қалдырды, соның арқасында қазақ мәдениетінің тарихына өз халқын ілгерілету үшін белсенді күрескер ретінде енді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдірахманов Т. Мұраға мұқият болайық // Қазақ әдебиеті. - 1968. - 21 сәуір. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың творчествосы туралы.
2. Акбаева Л. Проблема человека в мире С. Торайгырова: Учеб. пособие. - Алматы: Казахский университет, 1993. - 104 С.
3. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. - Алматы, 1965. – 129 - 141 б.
- б. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен қызметі.

СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Сейтман А.К.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті
«6В02305 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының
2-курс студенті alnur.seitman23@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – **Г.Б. Мамаева ф.ғ.к., профессор** м.а. gulnar.mamaeva@mail.ru

XX ғасыр қазақ тілі мен әдебиеті үшін ауыр кезең болды. Ресей патшалығының озбыр саясаты күшейген тұста жүрегі «алаш» деп соғатын азаматтар үшін негізгі мақсат – халықтың көзін ашу, санасын ояту болды. Сондай біртуар ақын-жазушы «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болуды» мақсат еткен – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ол қилы заман, қысылтаяң кезеңдегі қоғам шындығын бейнелеуде поэтикалық өнердің барлық мүмкіндіктерін пайдаланған қаламгер.

Сұлтанмахмұт өзінің қысқа, саналы, саяси, шыншыл өмірін:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,

Разымын не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығармын,

Бірақ бір табамын деп, көңлім сонда, – деп бастайды [1,9]. Ол өмір жолын тек ақиқатты жазуға арнаған.

Осы тұрғыда оны халық ақыны десек артық болмайды. Бұл ұғымға Бейсенбай Кенжебаев «... қандай да болса бір ақынды халық ақыны деп айту үшін оның жалпы халық мүддесін жырлауы ғана жетпейді, сонымен қатар оның халық тұрмысын дұрыс, толық, шебер көрсетуі, халыққа ұғымды, жуық болуы, халықпен біте қайнап, бірге болуы керек» деген анықтама ұсынып, Сұлтанмахмұтты халық ақыны деп бағалайды [2,10].

Бұл пікірдің растығын ақын шығармашылығынан көреміз. Оған дәлел мына өлең жолдары:

Ұмтылып ілгері аяқ басқан қандай,
Пән оқып, тараққиға асқан қандай?
Басқалар жанын салып ұмтылғанда,

Басымыз шоршып түсіп, қашқан қандай? – деп, өз халқының тағдырына налып, өмір сүрудің жаңа жолын іздейді [2,56].

Ел-жұртына қызмет ету жолында 1913-1914 жылдары «Айқап» журналында жұмыс жасайды. Журналдағы қызметі кезінде көптеген өлең, мақала, әнгіме жазған. Оның «Қамар сұлу» романы, «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең және айтушылары», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», «Әлиханнның Семейге келуі» деген мақалалары және біршама өлеңдері осы кезде жарық көрген.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – әдебиет, қазақ әдебиеті жөнінде де пікір айтқан. Оны ақын өзі әдебиет майданына араласқаннан, яғни 1913 жылы жазған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында», «Өлең мен айтушылары» атты мақалаларында баса айтқан. Онда Сұлтанмахмұт:

«Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге иіпа болады-мыс деген. «Жарып сал жаңа әдебиетімізді» нысана нұсқаған қолы, көрсеткен жолы жоқ, құр «қатын ойбайға» айналып, әркім соны сән көріп бара жатқан соң, қазақ «ойбай» дегенмен, ойбайдың да ойбайы бар ғой: жылаудың да жылауы бар ғой.

Туыстығы тұрмыс дерті, зығырыңды қайнатып, бармағыңды шайнатып, ықтиярсыз ызалы ызғарын төгеді; сай-сүйегің сырқырарлық ащы, зарлы бебеулерін қағып, көңіл толғағын, жүрек түйінін тарқатады. Мен анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын өлең деп, өнер деп соны айтамын. Сырт көрінісі «қатын ойбай» тұрсын «шайтан ойбай» болып көрінсе де дәмі бар, маңызы бар «ойбай» сол, қиналған қанның, қайнаған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы сол.

Соның үшін ондай «ойбай», ондай «бебеу» табыла қалса, салған жерден өзі де дертке иіпа бола кетеді... Соқыр кісі сыбырынан табарлық, аққұла иіпа ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері секілді», – дейді [4,202].

Сұлтанмахмұттың бұл шығармалары әдебиет, көркем өнер тақырыбына библиография, рецензия, әдеби сын ретінде жазылған. Ақын бұл еңбектерінде қазақтың бұрын-соңды шыққан әдебиетіне, өз кезінде басылған бірқатар өлең кітаптарына тоқталады, дәлелді сын айтады, әдебиеттің бағыты, міндеті жөнінде құнды, жаңа пікір білдіреді.

Сұлтанмахмұттың «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», «Социализм» деген шығармалары оқу, мәдениет, техника тақырыбына жазылған. Оларда қазақ халқының ілгері дамуы, мәдениетті ел болуы, адам баласының жеңіл күн көруіне қажетті мәселелерді көтерген.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтасыз, жалтасыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген.

«Қамар сұлу» романы – қазақ әдебиеті үшін үлкен мәні бар шығарма. Бұл романда заманның ащы шындығы бейнеленген. Әйел бостандығы, қоғамдағы әділетсіздік мәселелері мен адамдардың түсінік-танымындағы кереғар құбылыстарды бейнелеу арқылы Сұлтанмахмұт халқының болашағы туралы толғанады. «Қамар сұлу» – әлеуметтік шындық туралы роман. Ақын шығарма арқылы тек әйел теңсіздігін ғана емес, қоғам тіршілігін, жай-күйін, ауылдарды құрт ауруындай жайлап бара жатқан кертартпа дәстүрдің бейнесін көрсетіп, әшкерелейді.

Осыдан кейін жазылған «Кім жазықты?» романы да автордың дәуір туралы ой толғауы. Мұнда ол қоғам бейнесін ел басқарып отырған белді адамдардың мінез-құлқы, өмір жолы, тәрбиесі, ісі арқылы суреттеген.

1917 жылдың ақпан айындағы төңкерістен кейін Семейде жаңа құрылған Алаш партиясы мен алашорда үкіметінің жұмыстарына қатысып, «Алаш» ұранын жариялады. Ресей үкіметі патшасының құлауын:

Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,

Өшті залым қарасы, – деп жырлайды. Ол қазақ халқы үшін бұғау, теңсіздік, қанау жойылады, еңбекші қазақтың тұрмысы оңдалып, көзі ашылады деп сенеді [1,17].

Қызыл империя С. Торайғыровтың бостандық сүйгіштікке баулитын ерекше әсерлі өлең-жырларынан, публицистикалық дастандарынан қорықты, қазақтың жас өрендерінің, зорлық-зомбылыққа төзбес, намысшыл, тәуелсіздікке ұмтылғыш өжет боп өсуіне көмектесер ұлы ақын мұрасының жанды, пәрменді ықпалынан қауіптенді.

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің алашты

Қорлығына бермейміз! – деген асқақ намысты асыл жырлар құлағы барды құлшындырып, ынталыны ышқынтады (Алаш ұранынан).

Ақын бұл шығармаларында заманға үміттеніп қарайды. Осы жолда өзінің қиналатынын, шаршайтынын, адасатынын сезсе де, қайраткер ақын оның бәріне көнуге өзіне-өзі серт береді.

«Алаш ұраны» – Алашорданың гимні. Ол – Алаш партиясының, адамзат баласының көзі көріп, құлағы естімеген өзгерістерді өткеріп жатқан қазақтың ұраны.

Ол алашордашыларды құрметтеп, оларды халық білсін деп, болашақ саналы ұрпаққа дәріптеп «Таныстыру» поэмасын жазады. Бұл поэмасында төңкеріс заманындағы қазақ елін өрге жетелеген қайраткер азаматтар бейнесін сомдайды. Халыққа жаны ашитын, жол сілтейтін қазақ зиялыларының жарқын бейнесін ерекше мақтаныш сезіммен жырлайды. Бұл поэма қара қазақ пен оқыған зиялы қазақ арасындағы диалогқа құрылған. Қара қазақ:

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам.
Тап біздің осы Семей облысының,
Көшбасшы адамдарын айтшы маған.
Біз-дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Аумалы-төкпелі кезеңде бұл сауал ұлт болашағын ойлайтын әр адамның қоятын сұрағы. Бұл сауалға оқыған қазақ зиялысы:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі.

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,

Зарығып алаш үшін бейнет көрген, – деп Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлын таныстырып, олардың “бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай” екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкәрімді де ерекше атап көрсетеді [3,138].

Сұлтанмахмұт – еліне емірене, жұртын тебірене сүйген ұлтшыл азамат. «Оян, алаш баласы» деген өлеңінде ел-жұрт, туған жер үшін отқа да, суға да түсуге дайынбыз дейді:

«Ел үшін жан береміз,
Жау қайратын көреміз.
Сүйген жарым теңдікті
Кімге тегін береміз?

Біз де ұлттың ұлымыз,
Жолына құрбан құлымыз».

Ақынның қуанышысы ұзаққа созылмады. Құлдық, қанау, теңсіздік, зорлық жойылмады. Халықтың бостандық, теңдік жайлы талаптарын патша үкіметі құлақтарына да аспады. Керісінше халықтың бұл талаптарына қарсы соққы берді. Сұлтанмахмұттың үміті, сенімі ақталмаған соң, бәрінен көңілі қалады. Өзінің адасқанын түсінген ақын, 1917 жылдың соңында «Жас жүрек» өлеңін жазады.

Шындық, достық таппадым сандал қағып,
Өмір бойы алдандым тапқанымнан.
Бұл күнге адасудан көз ашпадым,

Не нәрсені көздесем тап баспадым, – деген жолдарынан оның күйзеліске түсіп, үмітсіздікке ұшырауын көреміз [1,19]. Бұл оның «Әкелші!», «Соғыстың кесірі», «А, дүние!» деген өлеңдерінен де сезіледі. Оның «Социализм» деген мақаласы, «Осы да, әділдік пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?» деген шығармалары да осы кезде туған.

Ақын үмітті жастарға артып, олардың ел, қоғам алдындағы міндетін түсіндіреді. Оның «Оқып жүрген жастарға», «Талиптарға», «Окуда мақсат не?», «Анау-мынау» сияқты өлеңдерінде жастарға оқып білім алып, елге қызмет ету идеясын, осы салада бірігіп, күш қосу қажеттігін ұсынады.

1918 жылы Сұлтанмахмұт шоқтығы биік шығармасы «Адасқан өмірді» жазды. Шығармада басты кейіпкер қанша жұмыс жасаса да, еңбектенсе де теңдік, әділеттікті іздейді. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ қоғам бейнесі жасалады.

С. Мұқанов Сұлтанмахмұтты қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі асқар ақыны, оның шығармаларының мазмұны, шығармаларында қозғалған мәселелердің тереңдігі, кеңдігі жағынан Абай дәстүрін дамытқан тұлға деп бағалайды.

Бар болғаны 27 жыл өмір сүрген ақын, қазақ халқының бақытты, мәдениетті ел болуын арман етіп өтеді. Өмірінің соңына дейін шындықты іздеген ақын өзінің бұл жолда істеген еңбегінің жемісін көре алмай кетті. Оның шындығы: халықтың мұздаған жүрегін жібіту, көз жасын тыю, теңсіздік, мұқтаждық, қанауды жою еді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында осындай жігермен алға ұмтылған ол туған халқының тарихындағы от жүректі ақын әрі қоғам қайраткері, ұлтын шексіз сүйген азамат дәрежесіне көтерілді.

Қорыта келе, әрбір шығармада сол дәуірдің өмір шындығы ащы да болса, нақты бейнеленген. Сұлтанмахмұт шығармаларының қарапайым тілмен жазылуы халықтың түсінуіне оңай, тіпті ел ішіндегі шындықты «өз тілімен» баян еткендей әсерде қалдырады. Оның туындылары таза шындық, өзі сүрген дәуірдегі қазақ өмірінің айнасы. Қайғы-қасіретке толы жылдардағы қазақ қоғамының шындығын аша білген. Ол – XX ғасырдың басында шығармалары арқылы халықтың рухын көтере білген классик ақын. Сұлтанмахмұттың туындылары, сол кезеңдегі өмір шындығының көркем бейнесі, әдеби ескерткіші болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыров: өмірі мен творчествосы / – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. – 110 б.

2 Мұсаханова Р. Бейсембей Кенжебаев және Сұлтанмахмұттану мәселелері: монографиялық еңбек. – Қарағанды: Қазақстан-Ресей университетінің Баспа-полиграфиясы орталығы, 2014. – 120 б.

3 Торайғыров С. Романдар, поэмалар, өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 240 б.

4 Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. II кітап. Поэмалар, романдар, мақалалар, әңгімелер, хаттар. – Алматы : Жазушы, 1987. – 224б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Смағұлова Аружан Ізтілеуқызы,

студент, Ақтөбе қаласы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе

өңірлік университеті, филология факультеті

Ғылыми жетекшісі: **М.О.Миров, ф.ғ.к., доцент**

Сұлтанмахмұт Торайғыров - қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын - жазушысы, ақыл - ойшысы. Сұлтанмахмұт Ресей тарихының, оның ішінде казак елі тарихының аса бір өрлеу кезсінде - тарихи дамулар, күрес-көтерілістер, қиян-кесті соғыстар, ұлы революциялар дәуірінде өмір сүрді. Ресей капитализмнің өркендеп, прогресшіл әсер етуі, кейін империализмге ұласып, реакцияшыл бағыт алуы ақынның көз алдында өтті.

1905-1907 ж.ж. буржуазиялық-демократиялық революция, 1914-1918 ж.ж. дүниежүзілік бірінші империалистік соғыс, 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы Ұлы Қазан революциясы және Кеңес өкіметінің орнауы Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыптық мазмұны мен жанр, түріне, көзқарасына зор әсер етті.

Сұлтанмахмұт алғашқы ақындық, жазушылық өмірін:

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,

Разымын не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығамын,

Бірақ бір табармын деп көңілім сонда

деп бастады [1]. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, өз халқына өнер, білім, еркіндік, бақыт іздейді. "Шәкірт ойы" деген өлеңінде:

Мұздаған елдің жүрегін

Жылытуға мен кіремін [2, 88], - дейді ақын Сұлтанмахмұт Троицк қаласында мұсылман мектебінде оқып жүріп, өз бетімен діни емес ғылымдардың негізін оқып үйренеді, орыс тілін терең меңгереді, ол Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты оқиды. Оның ой-өрісі артады, дүниеге көзқарасы қалыптаса бастайды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров лирикасының идеялық - тақырыптық ерекшелігі XX ғасырдағы қазақ поэзиясының көтерген маңызды мәселелерімен үндесіп жатты.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өз лирикасында қазақ халқын алға, ілгері бастыру жолдарын, халықтың теңдік алу, мәдениет жағын өркендеу, жету жолдарын қарастырды. Ақынның тапқан жолы - халықты еңбекке, оқуға шақыру, халықты ағарту болды. Ақын лирикаларында халық пен жастарды дүниелік оқуға, өнер үйренуге, мәдениетке жетілуге шақырды.

Ұмтыл, ілгері аяқ басқан қандай!

Фән оқып, тараққиға асқан қандай!

Қарасақ басқалардың жастарына,

Өнер, ғылым толып тұр бастарында.

Өзі әне от, жел, суды жалшы қылып,

Алланың сайран етер аспанында! –

деп ақын бүкіл қазақ жастарын ғылым үйреніп, алға басуға, көзі ашық, көкірегі ояу жастардың санын көбейтуге тырысты. Сонымен қатар, ақын лирикасының көп бөлігі қазақ халқын ояту, өнер, білім іздеу, еркіндік алу үшін ұмтылуға үндеу болып табылады.

Сұлтанмахмұттың «Оқудағы мақсат не?» деген өлеңінде:

Яки мақсат: өнер, білім алуға,

Алға қарай баруға.

Намыстанып қорланып,

Хұқықтан махрұм қалмауға.

Миллет көзін ашуға,

Терістіктен кашуға.
Заманаға кез салып,
Аяқты жөндеп басуға.
Жақсы тұқым шашуға,
Дария Нілдей тасуға.
Микроб болған наданның
Пітіселерін басуға [2, 54], -

деп ақын адам өміріндегі оқу-білімнің, өнердің маңыздылығын, құндылығын, бағасын көрсетеді. Оқу-білімге шақырып, халықтың көзі ашылса екен деп ниеттенеді.

Сонымен қатар, Сұлтанмахмұттың саяси лирикасын ерекше атап өтуге болады. Ақынның осы тақырыптағы өлеңдерінде де оқу-білім мәселесі көтеріледі. Оның саяси лирикасына «Оқып жүрген жастарға», «Оқудағы мақсат не?», «Ендігі бет алыс», «Бір адамға», «Шәкірт ойы», «Сарыарқаның жаңбыры», «Туған еліме», «Сымбатты сұлуға» сынды өлеңдерін жатқызуға болады. Ақын өлеңдерінде махаббат, табиғат лирикасынан саяси және көңіл-күй лирикалары басым екенін атап өткен жөн. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 107 өлеңінің 15-20 ғана махаббат, табиғат лирикасына, ал қалғаны саяси және көңіл-күй лирикасына арналып жазылған. Мұның өзіндік себебі де бар. Ақын халықтың мұң-тілегі, арманы оның саяси лирикасына арқау болды. Ол саяси лирикада күрделі, ауқымды тақырыптарды, заманның келелі мәселесін қозғайды. Ақын көбіне осы тақырыпта қалам тартқандықтан оның өлеңдері идеялы, терең мағыналы болып келеді. Ақынның табиғат табиғат, көңіл-күй, махаббат тақырыбындағы лирикасынан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өзіне ғана тән әдеби стилі сезіледі.

Ж. Күзембаев Сұлтанмахмұт лирикасы жайлы былай дейді: «Сұлтанмахмұт Торайғыров лирикалық өлеңдерінде романтикалық сарын басым. Ақын сөз мағынасын дағдыдан тыс, әсерлеп, көтере қолданады. Сұлтанмахмұттың лирикасында лирикалық кейіпкер бейнесі әсерлі, тартымды суреттеліп, үнемі талмай іздену үстінде көрініп, лирикалық кейіпкер бойында зор талап, асқақ қиял, өршілдік басым келеді» [3, 16].

Ақынның романтикалық сарындағы өлеңдерін қарастырғанда, оның прогресшіл, өршіл бағытта жазылғандығын ескерген жөн. Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінде прогресшілдік бағыттағы өршіл романтизм басым, түр мен идея өзіндік үйлесім тапқан. Сондай-ақ, шығармаларында өткенді аңсау жоқ, тек алға, ілгері ұмтылады. Талап, жігері, мақсаты айқын көрінеді. Осы сөзімізге ақынның «Туған еліме», «Шәкірт ойы», «Өмірімнің өрлері» атты лирикалық өлеңдері дәлел.

Торайғыров шығармалары - 20 ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтасыз, жалтасыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның тенденциясы да сыншыл [4].

Қорытындыласақ, ақын лирикасы өмір сүрген заманына қарай өзгеріп отырады. Мысалы, ақын бір өлеңінде діни оқуға шақырса, келесі өлеңінде мәдениет пен оқуға үндейді. Осындай дәуір сипатымен байланысты ерекшеліктерді поэзияда бейнелеу мақсатымен Сұлтанмахмұт лирикаға публицистикалық сарын енгізді. Оның лирикасындағы романтикалық сарын лирикалық кейіпкер бейнесінде көрініп, ақынның ішкі әлемімен үндесіп отырады. Сұлтанмахмұт лирикасының тілі жатық, лирикалық кейіпкер жасаудағы шеберлігі эстетикалық талғам тұрғысынан жоғары бағаланады. Ол XX ғасыр әдебиетін тақырыптық жағынан молайта білді. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы көрнекті ақыны, жазушысы, ойшылы Сұлтанмахмұт Торайғыров лирикасы өз дәуірінің лирикасын танытатын әдебиеттің жарқын үлгілері болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) <https://bilim-all.kz/olen/845-Endigi-betalys>
- 2) Торайғыров С. «Сарыарқаның жаңбыры» - Алматы : Жазушы, 1987. — 17000 дана. Кітап 1. Өлеңдер— 160 бет

- 3) Күзембаев Ж. Сұлтанмахмұттану: оқу-әдістемелік құралы / Ахмет Ясауи ат. Қазақ-Түрік университеті... – Түркістан : [б. ж.], 2009. - 74 б.
- 4) <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1157>

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ӨМІРІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Тургамбаева Айнаш Токтарбаевна

Ақтөбе көлік, байланыс және
жаңа технология колледжі
тарих , география пәнінің оқытушысы

Сұлтанмахмұт – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, заманының қайшылықты шындығын шығармаларында жан-жақты бейнелеген, көркем сөздің халықтық мән-мағынасын көтеріп, жаңа жанрларда ізденістер жасаған ол туған халқын отаршылдық пен ұлттық егзінің екі жақты қанауынан азат етуге, ел бостандығына үн қосты.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» ұмтылды. Қоғамдық шындық пен әділет жолын талмай іздеп, туындыларына арқау еткен ақын көп жабының бірі болып қалмай, от боп жанды, құйрықты жұлдыздай ағып өтті.

Сұлтанмахмұт 1893 жылдың 28 қазанында туған. Шешесі қайтыс болғаннан кейін, болашақ ақын алты жасқа дейін әжесінің тәрбиесінде болады. Содан кейін Шоқпыт екі баласын алып туған жері - Баянауылдағы ата қонысына көшеді. Торайғыр көліне таяу жерден қыстау салады. Сұлтанмахмұттың балалық шағы осы жерде өтеді. «Баян тауы Қозы Көрпештің Баян сұлуы туған тау деседі. Аспанмен тілдескен асқар шың, тік жартас, түпсіз күз, таудың ұшар басынан етегіне дейін сыңсыған сыпсың қарағай, ақ қайың, барғын, мойыл, киядан ойға, ойдан орманға сүңгіп, сыбдырлап, бұраңдаған бура бұлақ, шеккен алыптай асқар Баянның оң қолтығында айнадай жарқыраған Сабындыкөл, сол қолтығында түндей түнерген Шойындыкөл (Жасыбай көлі бұрын солай аталған деседі), жамбасында тас аралды, көк құрақты Торайғыр көлі, жаз болса көкорай шалғын, көк балауса, жасыл жапырақ жеміс, тау іші ың-шың аң, бұта толған жыршы құс. Міне, сол секілді зәулім жаратылыстың бауырында бала Махмұт балдырғандай балалық шағын өткізеді» - деп жазған Жүсіпбек Аймауытов.

Сұлтанмахмұттың аталары – Торайғыр, Шоң деген кісілер қазақ даласына аттары кеңінен таныс, атақты би, батырлар болған. Шоң би есімі Қалмұқан Исабаевтың осы аттас романынан белгілі. Ал Торайғыр – елін сыртқы, ішкі жаудан қорғаған, белгілі батыр әрі би. Баян тауының бауырында Торайғыр есімімен аталған үлкен көл бар. Ақынның өз әкесі Әбубәкір момын, кедей адам болған. Шаруасы күйсіз, үнемі малшы киімінде жүретін оны замандастары Шоқпыт атандырған. Күнкөріс қамымен Шоқпыт сол кездегі Омбы уезінің Шағрай болысына қарасты Қарауыл Шабар ауылында (Кейін Көкшетау облысының Қызылту ауданына қараған) бай жездесі – Шабар баласы Қанапияны паналап, соның малын баққан. Сол жақта үйленген. Жездесі сүйек жаңғыртпақ болып Шаншарұлы Жабайдың Зуфнүн деген қызын әпереді.

Шоқпыт кедей болғанмен, жаны жомарт, кайратты, ескіше сауаты бар адам болған. Ол Сұлтанмахмұтты үйде оқытып, алғашқы сауатын ашады да, ауыл молдасына береді. Болашақ ақын Әлі, Тортай, Мұқан деген молдалардан сабақ салады.

Әкемнен әліп, биді үйде оқыдым.
Үйреніп намаз, сабақ, жат тоқыдым.
Әлі молда алдында дәл екі жыл,
Әртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.
Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс аяған жоқ ойда барын.
Ғылымның орны бас пен көкіректе,
Бүйір шығып, кампия тоймас қарын.

Мұқаннан екінші жыл сабақ алам.
Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң.
Лепес қып өзі бастап ақын бол деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған, -
деп жазған Сұлтанмахмұт алғашқы өлендерінің бірінде.

Сұлтанмахмұт бұл молдалардың ішінен ақындық жолға батасын берген деп, Мұқан молданы ерекше атайды. Мұқан өзі де өлеңге үйір, ескі шығыс сюжеттерін өлең етіп жазатын, біреуді мақтап, біреуді мазақ етіп жанынан шығаратыны бар адам болған. Ол шәкірттерін өлеңге қызықтырып, халық ауыз әдебиетімен, араб, парсы үлгілерімен таныстырып отырған. Жоғарғы өленді де ақын 1907 жылы «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деген атпен Мұқан ықпалымен жазғанға ұқсайды.

1908 жылы Баянауылда Әбдірахман деген молда медресе ашып, Сұлтанмахмұт соған оқуға барады. Онда екі жылдай оқыған болашақ ақын оқуын бітірмей кетіп қалуға мәжбүр болады. Өз үйінде жатып оқыған баланы молда малай орнына жұмсайды, оның үстіне қатал ұстап, әр түрлі сылтаулармен ұрып-соғатын болады. Молданың надандығын, қаталдығын айтып, Сұлтанмахмұт сықақ өлендер шығарады. Молда баланы одан әрі жазалап, өлең жазуына тыйым салады. Жасынан әр түрлі молда алдын көріп, олардан жарытымды білім ала алмаған Сұлтанмахмұттың дін мен молда жайлы көзқарасы осы кезден қалыптаса бастағанға ұқсайды. Ол молдалардың надандығын, ескі діни мектептің балаға ешнәрсе үйрете алмайтын схоластикасы мен қатал тәртібін алғашқы өлендерінің өзінде-ақ («Орнымыз медресе оқып жатқан», «Дін», «Соқыр сопы», т.б.) қатты сынға алады.

1911 жылы Сұлтанмахмұт бір қыс бойы Нұрғали деген мұғалімнен сабақ алады. Ол жаңаша оқыған адам екен, оқушыларын пән негіздерімен таныстырып, олардың білімге деген ынтасын ұштайды. Нұрғалидың көмегімен Сұлтанмахмұт қазақ, татар тілдерінде шығатын көркем әдебиет кітаптары мен газет, журналдарды оқуға дағдыланады. Болашақ ақын одан әрі оқуды армандайды.

Осы мақсатпен Сұлтанмахмұт 1912 жылы Троицк қаласына барады. Онда Ахун Рахманқұли деген татардың медресесіне түседі. Бірақ Сұлтанмахмұт мұнда да ұзақ оқи алмайды. Тұрарға үй таппай, әрі қаражаты болмай көп қиыншылық көрген ол өкпе ауруына шалдығады. Медреседе қыс бойы ғана оқып, жазғытұрым Троицк маңындағы бір ауылға бала оқытуға кетеді. Ондағы ойы - бала оқыта жүріп, денсаулығын көтеріп, қаражат жинап алып, қайта оқу іздеу болады. Мектептен бос кезінде ол өзі ізденіп оқиды, өлендер жазады.

Күзге қарай Троицкіге қайта оралған Сұлтанмахмұт тағы да оқудың ретін келтіре алмай, сонда шығатын «Айқап» журналына жауапты хатшы болып қызметке кіреді. Қыс бойы журнал редакциясында белсенді жұмыс жасаған ол 1914 жылдың көктемінде жұмыстан шығады. «Айқап» хатшысы Сұлтанмахмұт Торайғыров хатшылықтан шықты. Мұнан былай оның «Айқаппен» ешбір қатынасы болмайды» - делінген хабар журналда жарияланады.

«Айқапта» жемісті қызмет істеп, бірқатар шығармаларын бастырған, ақындыққа бет бұруына жол ашылған шағында, Сұлтанмахмұттың журналдан қызметтен кетуі - оның еркінен тыс болған оқиға. Оны өзі де «Мен өз пікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым. Махмұт кайбір адамның көңіліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым... «Айқапта» тұрған минуттарда бүкіл ғаламға өзім ие болғандай көтерілдім. Ойлап қарағанда, ақымақтық болмаса, көтерілетін не бар еді?» - деп мойындап жазған.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, сол кездегі «Айқап» пен «Қазақ» газетінің арасындағы пікір таластары Сұлтанмахмұттың тағдырына әсер еткен сияқты.

«Айқаптың» күзден бергі номерлерінде «Қазақтың», иә «Қазаққа» жазушылардың аты аталмаса, журнал мақсатына жете алмайтындай боп келеді. Бас қосу мәселесінде де «Қазақ» айыпты, жер мәселесінде де «Қазақ» айыпты, партия ісіне де себепші болып тұрған «Қазақ», «Айқапта» түс көрген өлеңші де «Қазақты» жырлайды, циркке барып балуан көргендердің есінен де «Қазақ» қалмайды, басқармадан біреуге жауап жазылса да, баяғы «Қазақ», қазаққа алалық қайдан келгенін жазғанда да аяғы келіп тағы да «Қазаққа» соғады, үлкен кісілерді де

тіршілігінде «Қазақтың» пікірін қуаттағаны үшін сөгеді» - деп жазыпты Міржақып Дулатов «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы тартыс туралы. Осы сөздің ұшығы Сұлтанмахмұтқа тиіп жатқаны даусыз. Ондағы «Қазаққа» тиіп жатқан «Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс» («Айқап», 1913, №20), «Бір балуанға қарап» (1913, №21) деген өлеңдер Сұлтанмахмұттыкі. Оның үстіне Сұлтанмахмұттың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» («Айқап», 1913, №19, 20, 22-23), «Жаңа кітап» (Сонда, 1913, №17) атты мақалаларында М.Дулатов кітаптары сыналатынын ескерсек, «Қазақ» газетінің Сұлтанмахмұтты тікелей көздегені расқа шығады. Пікірін «дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамайтын» ақын «Қазақтағы» ағаларын ренжітіп алғанға ұқсайды. Өз шығармаларына қоса «Айқап» бетінде басылған «Қазақ» газеті және ұстанымы туралы пікірлер де ұйымдастырушы есебінде Сұлтанмахмұттың «кінәсі» саналған. Сондықтан «Қазақ» газетінің басындағылар «Айқаптың» шығарушысы М.Сералинге ықпал етіп, Сұлтанмахмұтты журналдан кетіруі әбден мүмкін. Редакцияның Сұлтанмахмұттың кеткенін хабарлап, енді оның журналмен «ешбір қатынасы болмайды» деп жазуының өзі де «Қазақ» алдындағы ақталу сияқты.

«Айқаптан» кеткеннен кейін, 1914 жылдың жазында Сұлтанмахмұт өз еліне - Баянауылға барады. Аулында біраз уақыт бала оқытып, қаражат жинап алып, үлкен қалалардың біріне оқуға кетуді ойлайды. Ел жастарын оқуға, білім жолына тартатын мәдени-ағарту ұйымын құруға талап жасайды. Өзі «Шоң серіктігі» деп атаған осы ұйымның алдына тұрмысы нашар, кедей оқушыларға көмектесу, оқуына қаражат беру, ел ішіне газет-журналдар алдырып, кітапханалар ашу, оған хат білетін адамдарды тарту, ақын-жазушылардың шығармаларын бастыру міндеттерін қояды. «Серіктіктің» мақсаты ақынның «Шоң серіктігін» ашарда «Шоң серіктігі» туралы көпке істеген баяндаманың басы», «Бұл баяндаманың арты мынадай сөздермен тынады» деген өлеңдерінде де айтылған. Алайда, ақынның ойы іске аспайды. Не «Шоң серіктігіне», не өзінің оқуына қаражат жинай алмайды. Көмектесер деген үмітпен барған адамдары ықылас-пейіл танытпайды. Тағдырына наразылық білдірген біраз өлеңдерді («Күнделік дәптерінен», «Қос үй», «Бір адамға») ақын осы кездегі көңіл күйі әсерімен жазған. 1914 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт Семей қаласына келеді. Бірақ төменгі дәрежедегі оқудан жасы асып кетіп, жоғарғы Дәрежедегі оқуға білімі сәйкес келмей, орналаса алмайды. Өз бетімен кісі жалдап оқуға қаражаты болмайды.

Бұл жағдайлар тағы да Сұлтанмахмұттың көңіл күйін бұзады. Ақын ойының іске аспағанына, мақсатына жете алмағанына күйініп, жан дағдарысын бейнелейтін біраз өлеңдер («Ләнет бұлты шатырлап», «Алты аяқ», т.б.) жазады. Ақырында басқа амалы таусылған ол Алтай бойына (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданына) жалданып бала оқытуға кетеді. Онымен Семейде кездескен Өр Алтайдағы Қаратай елінің болысы Әбдікәрім Ережепұлы Шыңғыстай аулынан төрт кластық мектеп ашқан екен. Соған орысша, қазақша оқытатын мұғалімдер тартқан. Сұлтанмахмұт қазақша бала оқытып, орыс мұғалімінен орысша сабақ алуды да ойлайды. Сөйтіп Әбдікәрім болысқа еріп Қатонқарағайға кетеді. «Қатонқарағайға кеткенім, - деп жазды күнделігіне ақын, - ызаға шыдамай, ең шыны күн көру үшін. Қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жарайтын болды. Семей - қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой, арасында кем көрініп жүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым».

Қатонқарағайда бірер жылдай істеген Сұлтанмахмұт кейін Зайсанға ауысады. Оған Әбдікәрімнің Бағила деген қызына ғашық болуы, мұғалімнің ниетін білген болыстың қызын тездетіп, айттырған жеріне ұзатып жіберуі себеп болады. Сұлтанмахмұт осы тақырыпқа жаңа шығарма жаза бастайды да, «Әжібай болыс» («Кім жазықты?») атты өлеңмен жазылған романын Зайсанда аяқтайды. Оны «Қазақ» газеті жариялаған (Есенғұл Мамановтың қаржысы) роман бәйгесіне жібереді. Бірақ қолжазба жоғалып кетеді. Қазіргі қолда бар нұсқа - ақынның өзінде қалған, толық емес қолжазбасы.

1916 жылдың жазында патшаның қазақтардан солдат алу туралы жарлығының шығуына байланысты ел ішінде қобалжу басталады да, Алтай, Тарбағатай бойындағы ел Қытайға ауа бастайды. Сұлтанмахмұт осы кезде Семейге қайтады. Бірақ онда көп

тұрақтамайды. Еліне барады. Содан күзде оқу іздеп Томск қаласына жол тартады. Онда Томск Технология институтының студенті Әлімхан Ермековтің (кейін математика процессоры болған, репрессияға ұшыраған) көмегімен даярлық курсына түсіп орысша оқиды. Әрі емделеді. Тұрмыс қиыншылығына қарамай, орысша білім алуға жол ашылғанын ол қуаныш етеді. Сол кездегі күнделігіне: «Жұмасына екі ғана обед етем (ет татам). Құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. Киноға, вечерлерге бір мәртебе болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным - ала қағаздың беті... Халім осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң тұрмыс қандай жүк салса да, көтерем. Бірақ көңілім оқуда болмақ», - деп жазады. «Ол бір қыстың ішінде орыс тілі грамматикасын, әсіресе, синтаксисі мен этимологиясын жете меңгеріп алды. Орысша жақсы сөйлемегенімен, жазуға, ұғынуға келгенде, өте жетік болып шықты. Ол менің үйімнен Л.Толстойдың, Руссоның, т.б. саяси брошюра кітаптарын оқып жүрді және оны терең түсінетін еді» - дейді Ә.Ермеков.

1917 жылдың ақпанында Ресейде буржуазиялық-демократиялық төңкеріс жеңіп, патшаның тақтан түскені мәлім. Патша отаршылдығы мен қоғамдық әділетсіздікке қарсы күрескен

Сұлтанмахмұт «Мұндай заманда қазақ оқығандарының қазақ ішінде болмауы иттік» деп, 1917 жылдың 10 наурызында Семейге келеді. Семейде ұйымдасқан Қазақ комитетінің жұмысына қатысады. 1917 жылдың жазында Алаш партиясының құрылуын, Ұлттық автономия ұйымдастыру талабын қолдап «Алаш ұраны», «Таныстыру» сияқты шығармалар жазады. «Сарыарқа» газетінде өлеңдер мен мақалалар жариялайды. 1917 жылдың қазанында Семейге келген Әлихан Бөкейхановты қарсы алушылар ішінде болып, «Әлиханның Семейге келуі» («Сарыарқа», 1917, 30 қазан, 13 қараша) атты мақаласын бастырады. Онда ұлт көсемінің халықтық еңбегі мен оны қарсы алушылардың сезімі көтеріңкі күйде суреттеледі. Осындай қарбаласта жүріп Сұлтанмахмұт денсаулығын нашарлатып алады. Қыс бойы Тобықты ішіне барып, қысыр сауғызып қымыз ішіп емделеді. Бірақ мендеген ауру бой бермейді. Қайтып келіп көрінген Семей дәрігерлері де жарытымды кеңес бере алмайды. Содан ол туған еліне - Баянауылға кетуге мәжбүр болады. Бұл кезде жаңа құрылған кеңес өкіметінің ықпалы ел ішінде тарай бастаған еді. Ол Керекудегі революциялық комитет жұмысына қатысып, елдің кедей шаруаларына ара түседі, дау-жанжалдарды әділ шешуге араласады. Елде ол қоғам дамуының жолы, таптар тартысы мен күресі жайында көп ойланады. Саяси-философиялық әдебиетке көбірек көңіл бөліп, К.Маркстің, Г.В.Плехановтың, Н.Г.Чернышевскийдің, В.И.Лениннің шығармаларын оқиды. «Аласқан өмір», «Кедей», «Айтыс» сияқты поэмалар мен «Осы да әділдік пе?», «Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?» деген өлеңдер жазады. 1920 жылы 21 мамыр күні ұзаққа созылған аурудан Сұлтанмахмұт қайтыс болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Алматы: қазақпарат, 2006. - т. 6. – [1, 249 – 292]

ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ С.ТОРАЙГЫРОВА

Фау Егор Константинович

Студент группы ФКиСМ-22-2 1-курса

По специальности: Физическая культура и спортивный менеджмент

Факультет Бизнеса, Права и Технологии

Карагандинский Университет Казпотребсоюза

Научный руководитель м.п.н., старший преподаватель **Никамбекова А.Б.**

Султанмахмұт Торайғыров – поэт, публицист, великая, и по-моему, не до конца оцененная личность.

Его мысли, чувства настолько созвучны нам, настолько современны и актуальны до сих пор. А быть актуальным, современным – удел очень талантливых, необычных, не таких, как все, людей. Но на их долю приходится и непонимание, и неприятие их поступков, которые идут в разрез с общепринятыми.

Ему хотелось быть, как солнце, ярким, теплым, несущим родному народу свет истины, быть борцом с тьмой, невежеством. Это непохвальба, не самолюбование. Это единственное желание – быть нужным своему народу, быть защитником, быть проводником правды. Делать всё для того, чтобы его народ был сильным, достойным, свободным. “Из всех проблем есть одна – заботы народа, внедрение культуры в него, освоение опыта цивилизованных наций. Пора положить конец униженному смирению, иначе ожидает казахов самое худшее” [1, 87].

Призывая молодежь учиться, воспитывать себя, Султанмахмут учился и совершенствовался постоянно и сам.

“Обедаю два раза в неделю, остальные дни живу хлебом и чаем. День и ночь сижу над книгой... Но не горюю, духом не падаю... Буду учиться до последней копейки” [2, 36].

Многие ли из нас, обедавая каждый день, а чай попивая между делом с конфетами и

плюшками может заставить себя так энергично, так истово трудиться.

Талант, заложенный в этом незаурядном человеке, не давал ему покоя. Он много пишет, продолжает заниматься самообразованием, он энергичен и деятелен. Он активно вмешивается в жизнь аула, борется с несправедливостью и произволом. Показывает в своих произведениях острые социальные противоречия.

Его рассуждения о справедливости как нельзя лучше соответствуют и сегодняшним нашим реалиям. Он и тут необыкновенно современен.

Жизнь, по его мнению – это мерное движение колеса. И почему жизнь одних возносит, ласкает, дарит все блага земные. Люди богатые в роскоши купаются, не знают цену деньгам. А бедняк, в поте лица работающий, создающий это изобилие и богатство, имеет меньше, чем стоит одно кольцо богача, меньше, чем тот тратит на румяна. И почему же всё, чем щедра жизнь, чем богата земля – всё достаётся праздному богачу, а не работающему бедняку.

Удивительно и то, что такие мысли высказывает очень молодой человек. И, повторюсь, насколько они точны и современны.

Поэт-реалист создал новые жанры в литературе XX века повлиял на формирование жанра романа, реалистической поэмы. Его поэма «Заблудшая жизнь» о смысле человеческой жизни, его воспитанная среда, выросшая, воспитанная казахским правящим классом начала XX века, его произведение «Камар сулу», звучащее против старины, его высокая фантазия, его лирика, которая ставит молодежь под большие требования, сделали его крупным представителем демократической литературы в казахской литературе.

Творчество Султанмахмута Торайгырова – это поиск истины, это вера в лучшее будущее родной страны. Его размышления о смысле существования человека, его нравственных идеалах и достоинствах.

А для достижения этого нужно учиться. “Если бы ожил сейчас Яссаи, не столько бы к намазу призывал, сколько к просвещению, движению от беспомощности к цивилизованности”.

И Султанмахмут призывает учиться, “надо больше общаться с передовыми нациями, учиться достижениям Европы”.

И знать, “во-первых, бога, во-вторых – родной народ”.

Он считает, что довольство собой, а вернее сказать самодовольство, “тянет назад, делает глухим к образованию”. А нужно учиться, “стремиться стать вровень с ушедшими вперёд”.

Для достижения этого должны быть у казахов медресе, которые содержались бы за счёт местных властей, обучение в которых велось бы и по-мусульмански, и по-русски.

Социальные проблемы – главная тема творчества С.Торайгырова. Писатель- демократ, он боролся за просвещение своего народа, за право каждого человека на достойную, красивую жизнь.

Я безучастным быть не мог,
бродила злость во мне,
и золотой посуды блеск я видел, как во сне.
Все думая: «Какой бедняк все это оплатил?
И чей ребенок голодал
и плакал в тишине? [3, 49].

Служить своему народу призывает поэт и молодежь, а для этого нужно много и усердно учиться.

Из публицистических произведений С.Торайгырова видно, что виной бедности и отсталости казахского народа является существовавший в то время социально-политический строй.

Чтобы его произведения были понятны любому человеку, С. Торайгыров пользовался богатствами разговорного казахского языка:

Люби язык народа своего!
Казахским словом и сердечным чувством,

Владей словесным над людьми искусством
Чтобы счастливым стало большинство!
Люби язык народа своего! [3, 129].

От Султанмахмута осталось огромное литературное наследие. Это аманат поэта, которую он оставил для народа. Мы должны дорожить этим наследием, получать его золотое питание. Наследие поэта, произведения которого глубоко укоренились в духовной жизни народа, дорого и любимо каждому ученику. Это самая большая цена Султанмахмута. Такой любовью могут обладать только великие гиганты литературы. Существуют непреходящие истины, которые верны в любое время. Читая произведения С.Торайгырова поражаешься, насколько они актуальны до сих пор. А это свойственно только очень талантливым людям, каким и был Султанмахмут Торайгыров.

Список используемой литературы:

1. Торайгыров С. Избранное [Переводы] / С. Торайгыров; предисл. З. Ахметова. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 166 с.
2. Б.Кенжебаев, Х.Суюншалиев. Султан-Махмуд Торайгыров, библиографический очерк -Алма Ата; 1958 г., 242 стр.
3. Акбаева Л. Проблема человека в мировоззрении С.Торайгырова: учеб.пособие / Л. Акбаева. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1993. - 104с.

СУЛТАНМАХМУД ТОРАЙГЫРОВ И ЕГО НАСЛЕДИЕ

Шапошников Георгий,

студент 3 курса специальности «журналистика»

Научный руководитель:

Мукашева М. Т. , к.ф.н., ассоциированный профессор

Султанмахмут Торайгыров - казахский поэт, который оставил внушительный след в истории казахской литературы, он считается просветителем номер два после Абая Кунанбаева.

Он является уникальным поэтом, создавшим произведения в различных литературных жанрах. Султанмахмут Торайгыров, сочинявший стихи, создал множество разнообразных и значимых произведений. Поэтому справедливо занял почетное место в истории национальной культуры. Несмотря на все трудности, которые встретились на его жизненном пути, поэт продемонстрировал сильный характер и преодолел их. Его жизненное кредо, стремление к науке, знаниям и искусству до сегодняшнего дня остается актуальным и вдохновляет многих людей.



Султанмахмут Торайгыров внес огромный вклад в казахскую поэзию, его стихи заслуженно стали частью сокровищницы казахской литературы и унаследованы несколькими поколениями.

Жизнь была недолгой для Султанмахмута Торайгырова: он родился 29 октября 1893 года и ушел из жизни весной 21 мая 1920 года. С самого начала своего творческого пути его произведения были пропитаны идеями гуманизма, просвещения родного народа и переустройства социальных условий его существования на основе справедливости. В последние семь лет своей жизни С. Торайгыров боролся с тяжелой болезнью и понимал неизбежность своей скорой кончины. Это неизбежно повлияло на его творчество. Однако, удивительно то, что в поэзии Торайгырова мотивы скорби по поводу горестных обстоятельств собственной жизни почти не встречаются. Иногда они звучат в его стихах, но воспринимаются как размышления о противоборстве света и тьмы, жизни и смерти, добра и зла, пропитанные философским осмыслением. [2, 1-4]

«Зачем я живу»

*«Не дано мне видеть плоды
Завязь которых – наших труды.
Зато откроется даль тому.
Кто пойдёт по пути моему»
Султанмахмут Торайгыров*

К учащейся молодёжи!

Есть ещё надежда у нас:
Наши дети смотрят вперёд.
Кто искал – всегда находил,
Только ищущий и найдёт!

Мы добудем из-под земли
То, что нужно добыть, друзья!
Нет на свете такого коня,
Чтоб догнать его было нельзя!

Станем, братья, к плесу плечо,
Станем, братья, к руке рука!
В нашем сердце так много ран,
Нанесенных исподтишка!

В нашей жизни так много зла!
Так в казахской степи темно!
Неужели несчастней всех
Оставаться нам суждено?!

Прочь, ребячья возня и игра!
Приниматься за дело пора!

Основная идея стихотворения заключается в том, что у людей всегда есть надежда, даже когда кажется, что все потеряно. Стихотворение призывает детей смотреть вперед и что если человек ищет, то он всегда найдет. Автор также обращается к идее о том, что у людей есть

сила и способность преодолевать трудности и достигать успеха. Он говорит, что люди смогут добиться того, что им нужно, и преодолеть любые препятствия.

В стихотворении также присутствует обращение к идее о том, что люди должны объединяться и работать вместе, чтобы достигать своих целей. Автор говорит, что люди должны стать единой командой и работать плечом к плечу, чтобы преодолеть трудности и достичь успеха. Он также упоминает о том, что в нашей жизни много ран и зла, но что мы должны сделать все возможное, чтобы преодолеть эти трудности.

В заключении Торайгыров обращается к идее о том, что люди должны перестать заниматься детскими играми и взяться за дело, что время пришло начать работать и попытаться достичь своих целей. [1, 22-23]

Казахский писатель Дихан Абилев написал роман-трилогию о судьбе казахского поэта-демократа Султанмахмута Торайгырова («Мечта поэта», 1965; «Путь мечты», 1969; «У подножья Баянаула», 1975):

Султанмахмуту Торайгырову установлен памятник в Павлодаре (скульптор Ескен Сергебаев).



Его именем названы Павлодарский государственный университет, улицы в Павлодаре, Экибастузе, Алма-Ате, Нур-Султане и других городах Казахстана.

Также именем Султанмахмута Торайгырова названа Областная универсальная научная библиотека имени С.Торайгырова в Павлодаре,



Озеро и населённый пункт в Баянаульском районе Павлодарской области. [4]

Торайгыров скончался в возрасте 27 лет, но несмотря на то, что он прожил не так много, автор оставил огромный след в казахской литературе. Его творчество стало настоящим наследием, которое продолжает вдохновлять и возвышать национальную культуру. Он был известен как активный борец в продвижении казахского народа к прогрессу и своим талантом умел выразить национальные идеи и ценности в своих произведениях. Сегодня он остается символом молодости, творчества и преданности своей нации. [3]



Мавзолей Султанмахмута Торайгырова в Баянаульском районе Павлодарской области

Список используемой литературы:

- 1 Торайгыров Султанмахмут. Стихи и поэмы- Алматы: Жазушы, 1989
- 2 БСЭ, т.43.. стр 4. – М. БСЭ,1956
- 3 <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 4 <http://toraygyrov.pavlodarlibrary.kz>

С. ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚ ШЕЖІРЕСІ

Шынғалиева Аружан

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, журналистика кафедрасы, журналистика мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **аға оқытушы Мажитова Л. Қ.**

«Сөндіріп ай мен күнінді, Тек денімді сау қылшы!»- деген өмірді шексіз сүйген жас ақын - Сұлтанмахмұт Торайғыров аз жасап, көп арманы көкірегінде кетті. Өз кезеңінде жанартаудай жарып шығып, қараңғы түнде жарқыраған айдай сәулесін шашқан ақын, аққан жұлдыздай небәрі 27-жасында дүниеден қыршын кетті.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Ш. Уәлиханов ауданында дүниеге келген. Оның туған әкесі Әбубәкір кедей шаруа, момын, қазақша хат тани білетін адам болды. Анасы Зүппен өте ақылды, әдепті, ауыл арасының өсек-аяңына араласпайтын биязы жан болған. Тұңғышы Сұлтанмахмұтты еркелетіп Мақыш, Мақыжан деп атапты. Болашақ ақын бір жасқа толғанда, анасы өмірден озды. Ол балалық шағынан өмірдің небір соқпақ қиындықтарына тап болып, аштық пен жалаңаштықты көріп өскен жан болатын.

Сұлтанмахмұт алты жасар күнінде, әкесінен оқып, хат таниды. Осыдан соң 1902-1907 жылдары ауыл молдасына оқуға береді. Ол молдаға оқып жүрген кезінен бастап, сонан көріп,

он үш жасында өлең жаза бастайды. Оның тұңғыш жазған өлеңі «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп аталады.

Ол 1908-1910 жж. Баянауыл қаласында ашылған діни медреседе оқиды. 1912 жылы Сұлтанмахмұт Троицк қаласына келіп, мұсылман діни мектебіне оқуға түседі. Онда барып оқуға түскен кезде Сұлтанмахмұт іздегенім табылды, енді дегеніме жетем деген ойға келеді. «Шәкір ойы» деген өлеңінде:

Мұздаған елдің жүрегін

Жылытуға мен кіремін, — дейді ақын.

Сұлтанмахмұт бұл медреседе көп оқи алмайды, денсаулығына байланысты тастап кетуге мәжбүр болады. 1912-1913 жылдары ол емделе жүріп жұмыс істейді. Осы кездері жазылған «Қандай?», «Анау-мынау», «Шығамын, тірі болсам, адам болып», «Түсімде», «Бұлар кім?», «Кешегі түс – бүгінгі іс» атты шығармалары әлеуметтік ойы тереңдігімен ерекшеленеді. Зұлымдық пен әділетсіздікті әшкерелей отырып, қазақ халқының жарқын келешегінен үміт үзбейді. Осы жылдары жазған «Түсімде кірген бір аянышты хал» атты өлеңінде Торайғыров алғаш рет қазақ әйелінің әлеуметтік жағдайы мен тағдырын өзек етіп көрсетеді.

Мен көрдім қызыл гүлді түсі кеткен,

Тәнінен әлсізденіп күші кеткен.

Мағлұм бір түйткіл болып көптен,

Сол түйткіл қазір оған келіп жеткен.

Толып тұрған кеуделері от пен жалын:

Есітіп тұра алмастай айтқан зарын.

Аңғарттым бір-екі ауыз сөз мазмұнын,

Білдіріп зарлаған соң маған халін,

Түскендей бастарына қалың тұман,

Тағдырда жазылған соң осы... план.

«Жазмыштан озмыш болмас» деген сөзге,

Болса да түседі екен сайып қыран, - деп Торайғыров алғаш рет қазақ әйелінің әлеуметтік жағдайы мен тағдырын өзек етіп көрсетеді.

Ақынның небір шығарған туындылары қазіргі таңда да өзекті тақырыптардың қатарында. Соның бірі жоғарыда айтып кеткен өлең қазақ әйелінің сол кездегі әлеуметтік жағдайы. Иә шыны керек сол жылдары әйел адамзатының теңсіздігі, құқығы төмен болды. Әйел қырық жанды демекші ол- бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербейтін жан.

Тағы да сол секілді жанды жабырқатып, көңілді толғандыратын 1914 жылы жартылай өлеңмен, жартылай прозамен жазылған «Қамар сұлу» романы жарық көрді. Роман көлемі жағынан аз бірақ қоғамда маңызды рөл алады. Себебі қазіргі таңда да әрбір әйел, қыз баласының кей-кездері теңсіздігі сақталмай қалып жатырады. Романның идеясы - сұлу Қамар мен жас жігіт Ахметтің арасындағы махаббат трагедиясымен қатар қоғамда әйелдің адамдық құқығы бұзылып, ескірген әлеуметтік тұрмыс пен салт-дәстүрдің салдарын көрсетеді. Роман Қамар мен Ахметтің бір-біріне деген адал сезімінен басталып, бұл хикаяға ақымақ Жорға Нұрымның араласуымен өкінішті аяқталады. Бұл романды оқығанда ашуға берілмей қарлығаштай Қамардың тағдырына налымайтын адам жоқ шығар сірә... Мен бұл туындыны оқи отырып кімдерге өкпелі болдым? Қалтаның қалыңдығы үшін қаршадай қызды сақалы сақсиган сары шалға сатып, надан болған қазағыма налыдым! Бес тиын үшін Қамардай жанның тағдыры жәй ойыншық болғанына ашуландым! Қамардың жеке ойына, жүрегіндегі үніне ешкім назар аудармады. Оның көз жасына қарамай қаршадай қыздың өмірін қор қылды.

Міне, XX ғасырдағы әйел теңдігінің жоқтығын, сонымен қатар көзі ашық қазақтарды “орыс” деп, білімге ұмтылуды жат санайтын, адамды қорлаудан жасқанбайтын қазақтың нағыз

бейнесін ашып көрсеткен. Бәрі де “Ұят! Ел не дейді? Жұр не дейдіге” келіп тірелген. Өкініштісі бұл тақырып әлі де солай жалғасын тауып келеді. Бұл - біздің арыла алмай жүрген менталитет! Қазіргі таңда да Қамардың күйін кешіп жүрген қаншама бақытсыз арулар мен әйелдер бар. Мысалы, еріксіз түрде күштеп алып қашқан қыздар, өз құқығын қорғай алмаған арулар, зорлық-зомбылықтан зардап шегіп жүрген әйелдер, бәрі-бәрі сол Қамардың кейпінде жүр... Яғни, 100 жыл өтсе де, әйел теңдігі үшін күрес әлі де жалғасуда. Бірақ, бүгінгі бұлыңғыр деп айта алмаймын. Себебі, осындай ұлы туындылар мен білім, ғылымның арқасында көптеген оң өзгерістер болып жатыр. Ер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін заңдар қабылданып, көзі ашық жастардың көбейіп жатқаны мені еріксіз қуантады...

Осы романымен қазақ қызының басындағы ауыр халді көрсетіп, әйел теңдігіне ұмтылған Сұлтанмахмұт Торайғыров пен қазіргі таңда қыздардың құқығын қорғау үшін жансалмай ерен еңбек етіп жүрген жандарға басымды изеп алғыс білдіремін!

1912-1913 жылдардан кейін біраз уақыт өткесін Сұлтанмахмұт Троицк қаласына оралып, сол кездегі алдыңғы қатарлы прогрессивтік бағыттағы, өзінің терең ойымен, демократиялық бағытының анықтылығымен ерекшеленетін «Айқап» журналының хатшылығы қызметіне орналасады. «Айқапта» (1913-1914 жж) жұмыс істеген кезеңі оның қайраткерлерінің, дүние танымының қалыптасу және шығармашылығының жемісті жылдары болды. Сұлтанмахмұттың ағартушылық-демократиялық көзқарасының қалыптасуына бұл кезеңнің мәні айырықша болды.

Сұлтанмахмұт – ұлы Абайдың және Ыбырайдың ағартушылық идеяларын дамытқан ақын. Абай мен Ыбырай өзінің туған халқын қараңғылықтан, надандықтан құтқару үшін, оқуға, білімге шақырған еді, туған халқын жарық күнге шығаруға талпынды. Жастарды өнер-білім жолына түсуге үндеді.

Сұлтанмахмұт тәрбиенің күшіне сенді. Дұрыс тәрбие арқылы адамгершілік жақсы қасиеттерді қалыптастыруға болады деп есептейді. Ақын адамның әділ, адал болуы тәрбиеге байланысты деп қарап, «Сүйекке біткен мінез, сүйекпен кетеді» дейтін көзқарасқа қарсы тұрып, өмірді өзгертуші адам, адал мінезін қалыптастырушы ұлы күш, саналы тәрбие дейді. Бұл көзқарасты Абайдың «Заң қуаты қолымда болса, адам мінезін өзгертуге болмайды деген адамның тілін кескен болар едім» деген қағидасымен ұштасып жатқанын аңғару қиын емес.

Ұстаздық етуден жалықпаған ұлы ағартушы «Оқу» (1911 ж) деген жаңа өлеңнің бірінде:

Надандықтан екенін білмейміз бе,
Көрінгенге болғаның семіз жемдік,
Ел болуға алдымен білім тірек,
Бір сөзді, бір ауызды, намыс керек, — деп білім алуға шақырады.

Ақынның өмірі өте қысқа болғанымен, оның артына қалдырған мұрасы, халқына істеген игілік істері, қазақ педагогикасына сіңірген еңбегін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Тұлғаның өмір сүрген кезеңі тарихи патшалық Ресей жеріндегі алапат сілкіністер мен төңкерістер заманы еді. Сол себепті Сұлтанмахмұттың өмірге деген ойы, көзқарасы ерте оянды. Жастайынан жетімдік пен небір қиыншылықты көрген ол жан- жағына сергек қарады. Алдына ауқымды мақсаттар қойып, соған жетуді аңсады. Сол заманда өмір сүрген халықтың үнін жас ақын өзінің өлеңдерімен жеткізіп, қашанда жүрек қалауын еркін айтты:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,
Разымын, не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ бір табамын деп көңілім сонда, -

деп қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырын жас ақын әділетті заманына жетсем, жақсылықты көрсем, халқыма көмек берсем деген ізгі арманның жетегінде өмірден кетті. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы өз кезеңінің шындық шежіресі ғана емес, бүгіннен болашаққа ұласқан қысқа ғұмырының ұзақ та мағыналы жолы, өнер сапарының өнегелі құбылысы деуге әбден болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Торайғыров.«Дүние дөңгелегі айналады». Таңдамалы.Алматы «Халықаралық Абай клубы» 2009.
2. С.Торайғыров.«Сарыарқаның жаңбыры», Алматы, «Раритет», 2007.
3. С.Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том Құрастырушылар Б.Мәмраев. А.Еспенбетов, Қ.Ергөбеков .Астана, «Елорда», 1999.
4. С.Торайғыров. «Қамар сұлу» Астана, «Елорда»,1999.
5. «Дәуір ақыны» Алматы 2002

II СЕКЦИЯ ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

КОМПАРАТИВТІК ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ЖІКТЕМЕЛІК БЕЛГІЛЕРІ

Айдашева Арайлы Токеновна –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының

II курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы - филол.ғ.к.

Ж.А.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

Уәж, уәжділік мәселелеріне қатысты зерттеулер қазақ тіл білімінде кең көлемде жүргізіліп, бұл ретте Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, М.М.Копыленко, К.Ш.Хұсайын, М.М.Гинатуллин, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, Б.Момынова, А.Салқынбай, Г.Смағұлова, Б.Қасым, Р.Шойбеков т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі «уәж», «уәжділік» туралы пікірлері мен ой-тұжырымдарын атап көрсетуге болады. «Уәжділік» мәселесі лингвистика, философия, социология, психология, семиотика сияқты көптеген ғылым салаларында зерттеу нысаны болып, тілдегі «уәжділік» ұғымы мынадай лингвистикалық категорияларды – сөз мағынасы, сөз формасы, мазмұны, белгісі, аталымы т.б. зерттеудің негізі болып отыр. Е.Жанпейісовтің зерттеу еңбегінде материалдық мәдениетке байланысты атаулардың тарихи-лингвистикалық негіздері анықталып, олардың шығу тәркіні, уәжділігі жөнінде құнды пікірлер айтылса [1,Б.7-38], профессор Ж.Манкееваның зерттеу жұмысында заттық мәдениет лексикасы ұлттық-дәстүрлі мәдениет сипатын көрсететін, рухани танымдық тілдік құрал деп. танылады [2,116.].

Ғалым Б.Қалиев «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының лексика-грамматикалық және морфологиялық құрылысы» атты монографиясында қазақ тіліндегі өсімдік атауларына байланысты уәж белгілеріне жан-жақты талдап, олардың семантикалық-құрылымдық ерекшеліктерін арнайы зерттеген [3,Б.52-56].

Қазақ тіл білімінде уәжділік мәселесін тарихи сөзжасам тұрғысынан қарастырған ғалым А.Салқынбай: «Уәжділік тек философиялық ұғым ғана емес, ол тіл білімімен де тығыз байланысты. Тіл таңбалық жүйе болғандықтан сөздің васалу негізділігін айқындайды. Туынды сөздер құрылымдық және әлеуметтік негізділігімен ерекшеленіп, сондықтан да оның уәжділік аспектісінде қарастырылуы, уәжділіктің бір ұшын этимологиямен байланыстырады. Этимологиялық зерттеулер болмаса, негіздеме мәні айқындалмайды», – деп. Көрсетеді.

Оқа Ардақтың «Киіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық жүйесі» атты кандидаттық диссертациясында кіз үйдің болмыс-бітімін ономасиологиялық жүйе негізінде анықтап, мынадай қорытындыларға келген: кіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық негіздерімен уәжді белгілері айқындалған; көшпелілерге тән кіз үйдің пайда болуының

алғышартымен даму барысы көрсетілген; киіз үй атауларындағы ұлттық, ұлыстық белгілер анықталған; киіз үй құрылысын сипаттайтын жіктемелік белгілері талданған; киіз үй жабдықтарын дайындау технологиясына қатысты тілдік бірліктер айқындалған; кіз үйге қатысты атаулардың лексика-грамматикалық сипаты, компонент тік құрылымы, тұлғалық ерекшелігі анықталған [5,б.4-5].

«Қазақ музыка аспаптары атауларының этнолингвистикалық сипаты» деп аталатын Т.Б.Жаубасованың зерттеу жұмысында музыкалық аспаптар атауларының және оларға қатысты ұғымдардың этнолингвистикалық табиғаты айқындалып, олардың негізгі уәждері белгіленген [6,5б.]. Автор өзінің зерттеу жұмысында музыка мәдениетінің тарихында лайықты орны бар музыка аспаптарының басым көпшілігінің (түгелдей десе де болады) қазақ этносы тарапынан қазақ топырағында дүниеге келгендігіне ешбір басқа елдің дауы жоқ, таза қазақы, ұлттық феномені құбылыс екендігін олардың негізгі уәждері тұрғысынан пайымдаған.

Уәжтану саласындағы атауға негізгі тірек болатын ұғым-түсініктің бірі – «уәж» термині. Уәж адамның белгілі бір қажеттілігін өтеу үшін, іс-әрекетке негізделген саналық тұрғыдан саралау, анықтау. Зерттеуіміздің алғашқы бөлімінде айтып өткеніміздей, «уәж» терминін ғалым Н.Уәлиев ұсынған. Бұл термин бір топ ғалымдар тарапынан (Р.Сыздық, Б.Қалиев, Ж.Манкеева т.б.) қолдау тауып, қазіргі зерттеулерде кеңінен қолданылып жүр.

Зат атауының уәжі – белгілі уәждердің нақты түрде атаудан көрінуі, уәж бірлігі әртүрлі деңгейдегі абстракция деп түсініледі. Ғалымдар құс атауларындағы уәжділікті 10 түрге бөліп:

1) «үні, дауысы (дыбыс еліктеуіш); 2) «үні, дауысы (дыбыс сипаты); 3) «басқа нысандармен ұқсастығы»; 4) «көлемі», пішіні»; 5) «басқа соматикалық белгілер»; 6) «мекені»; 7) «тағамы»; 8) «түсі»; 9) «іс-әрекеті (тіршілігі)»; 10) «иісі», – деп көрсетсе, М.М.Копыленко «Түркі тілдеріндегі жануарлар атауларының уәжділігі» атты зерттеу мақаласында зерттеушілер көрсеткен 10 уәж санын 18-ге жеткізеді; 11) «іс-әрекет атқарушы»; 12) «іс-әрекет нысаны»; 13) «іс-әрекет нәтижесі»; 14) «жасы»; 15) «культтік шығу тегінің қайта аталуы»; 16) «белгінің иесі»; 17) «сыртқы пішіні»; 18) «тұрмыс-тіршілікте пайдаланылуы» [7,Б.105–107].

Мұндай белгілер түрлі болып (көлем, пішін, қызмет, жасалу материалы, екінші бір нысанға қатысы т.б.), келеді де, тіл білімінде бұл белгілер уәждеуіш белгілер деп аталады. Таңба мен таңбаланушы арасындағы осы уәждердің төркіні лингвистикалықпен қатар, экстралингвистикалық та негіздерге байланысты. Өз кезегінде бұл уәждер атау берушінің (номинатор) тұрмыс-тіршілігінің, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің көрінісі болып табылады.

Қазақ тіліндегі қолөнерге байланысты атаулардың уәжділік сипатын қарастырған ғалым Р.Шойбеков алғашқы аталым мен екінші аталымның ерекшелігі туралы былай деп жазады: «Қолөнеріне байланысты атаулардың уәжін іздегенде ең алдымен (бірінші кезекте) жалпылауыш атаулардан, одан кейін жалқылауыш атаулардан іздейміз. Қолөнері бұйымдары атауларына мұрындық болып тұрған атаулардың тірек сыңары жалпылауыш сөз де, жалқылауыш сөз де болуы мүмкін. Мысалы: **сырға** – әшекейдің жалпылауыш атауы. Өйткені бұл әшекей бұйым басқа әшекейлерден өзінің формасы, материалы, қолданылатын орны т.б. ерекшеліктерімен (белгілерімен) ажыратылады. **Алтын сырға, маржан сырға** дегенде «сырға» – жалқылауыш атау. Жалқылауыш атауларға бір бұйымның түрлерін көрсететін атаулар жатады. Жалпылауыш атаулар көбінесе бір компонентті болып келеді (**арба, үй, киім, білезік, кілем** т.б.) Бұндай атаулардың қандай уәжбен аталғанын анықтау қиын. Өйткені түбір сөздерде көбіне уәж болмайды. Уәжділік, көбіне, көп туынды сөздерде болады. Уәжділік мәселесі, негізінен, туынды сөздерге тән қасиет екендігі белгілі. Жалпылауыш атаулар алғашқы аталымдар болғандықтан, оларды тарихи-диахронды түрде халықтың дүниетанымымен, өмірлік тәжірибесімен, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерімен, жалпы тілден тыс факторларымен байланыс-тыра отырып зерттеген жөн» [8,15 б.]. Ғалым «уәж», «уәжділік» жөнінде мынадай тұжырым жасауға болады деп көрсетеді: уәжділік – мақсатты процесс; уәжділік – тілдік бірліктің белгісінің тілде көрініс табуы; уәжділік – жаңа ішкі форманың жасалу процесі; уәжділік – сөзжасамдық актінің нәтижесі; уәжділік – ішкі формамен, мағынамен тығыз қарым-қатынаста; уәжділік – ішкі формаға тікелей бағытталған; уәжділік дәрежесі – сөз мағынасының дамуына қарай өзгеріп

отырады; уәжділік – ішкі формаға заттың ең айқын белгілерін көрсететін сипат береді; уәжділік – өзінде бар хабарларға байланысты ішкі формадан ажыратыла алады [8, б.29-30].

Адам ғаламның тілдік бейнесінде (мінез-құлқы, әлеуметтік жағдайы, келбеті, тұр-сипаты жағынан) үнемі басқа адаммен салыстырылады: *ағама жеңгем сай, апама жездем сай, әйелше киіну, кербез әйел секілді, қатынша қарғау, ерше жасау, ерше бару* т.б. Қазақ тілінің компаративтік бірліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ теңеулерінің құрылымдарына мынандай сөзжасамдық үлгілер тән екенін анықтадық:

- 1) Зат есім + зат есім (*ши аяқ, қазан бас, оймақ ауыз, құс ұйқы, ит өмір*);
- 2) Сын есім + зат есім (*асыл арман, терең ой, салқын ақыл, жылы жүрек*);
- 3) Зат есім + дай, дей, тай, тей аффикстері (*үйдей пәле, күректей тіс, қазандай бас, таяқтай мойын, шелектей танау, алақандай көз, жұдырықтай бұршақ*);
- 4) Зат есім, етістік + ша, ше аффикстері (*итше тепкіледі, балаша қуанды, таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін*);
- 5) Зат есім + нан, нен, дан, ден, тан, тен аффикстері (*сүттен ақ, судан тұнық, бетегеден биік, жусаннан аласа, алтыннан ардақты, күмістен салмақты, айдан анық*).

Қазақ тіл білімінде теңеулерді топтастыруға, олардың құрылымдық, құрамдық, стильдік ерекшеліктерін ашуға, тілдік және поэтикалық табиғатына алғашқы болып зерттеу жүргізген Т.С.Қоңыровтың «Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке» атты теориялық еңбегінде: «Специфика сравнения, отличающая его от других языковых категорий, заключена в его компаративной структуре, компаративной семантике и в его образно-изобразительной функции», - деп берілген [9,5 б.].

Біздің ойымызша, теңеулердің семантикасы ең алдымен ғаламның тілдік бейнесіндегі ұлттық мәдени сипатты айқындаумен ерекшеленеді. Тілдік деректер тіліміздегі теңеу мағынасында жұмсалатын мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің халықтың тұрмыстық, әлеуметтік тәжирибесінің негізінде пайда болғанын анық көрсетеді. Тіліміздегі теңеу мағынасына байланысты туған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер халықтың ұлттық болмысын, ұлттың психологиялық, философиялық ойының мазмұндылығын дәйектейтін, этносқа тән ғаламның тілдік бейнесін көрсететін тілдік бірліктер болып саналады.

Қорыта келгенде, компаративтік фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени сипатын олардың құрамындағы теңеу белгісі ретінде алынған ұлттық-мәдени элемент айқындайды. Ал, ұлттық-мәдени элемент дегеніміз – сол халықтың өзіне ғана тән бейнелеу образдары болып табылады. Олардың лингвомәдени және ұлттық танымдық сипатын анықтау бүкіл ұлттық дүниетанымның ерекшеліктерін нақты танып білуге септігін тигізеді. Сондықтан да компаративтік фразеологиялық бірліктердің танымдық түрлері мен үлгілерін зерттеу антропоэзеттік парадигмада, тілді адаммен және оның әлемімен тығыз байланыста талдауды басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауезова). – Алма-Ата: Наука, 1989.–288 с.
- 2 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- 3 Калиев Б.К. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алма-Ата: Мектеп, 1996. – 168 с.
- 4 Салқынбай А. Тарихисөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: і бар
- 5 Ока А. Киіз үйге қатысты атаулардың ономазиологиялық жүйесі: фил. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 29 б.
- 6 Жаубасова Т.Б. Қазақ музыка аспаптары атауларының этнолингвистикалық табиғаты: фил. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02.–Алматы, 2006.–30 б.
- 7 Копыленко М.М. О мотивации наименований животных в тюркских языках // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – С. 102-108 стр.

8 Шойбеков Р.Н. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы: филол. ғыл. докторы ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 54 б.

9 Коныров Т.С. Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке (компаративные конструкции). Алма-Ата, Мектеп, 1985.

10 Қазақ тілінің сөздігі. ҚР ҒЖБМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі институты. Алм., 1999.

М.СЕРҒАЛИЕВТІҢ СТИЛИСТИКА ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕН

Аралбаева Акерке Қуанышбаевна –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының

II курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы - филол.ғ.к.

Ж.А.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

Қазақ тіл білімінде стилистикаға қарасты мәселелердің зерттелуі А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектерінен басталады. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» еңбегінде көркем сөз бен көсем сөзге қатысты ой-тұжырымдары, Қ.Жұбановтың Абай поэзиясын зерттеп, зерделеген мақаласы және басқа да ғылыми жұмыстары бұл саланың алғашқы іргетасы болды. Ал стилистиканың жеке ғылым тармағы ретіндегі қалыптасуы М.Балақаевтың есімімен тығыз байланысты. Алғаш рет 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығы стилистиканың пәні мен нысанын, ғылымдар ішінде алатын орнын анықтаған тұңғыш еңбек болды. Мұнда стилистика ғылымының мақсат-міндеттері, функциональды стиль түрлері, әсіресе, қазақ тілі стилистикалық құралдарының сипаты бір жүйеге түсіріліп қарастырылады [1,9 б.].

Соңғы кезеңдерде қазақ стилистикасы Ісмет Кеңесбаевтың, Ахмеди Ысқақовтың, Маулен Балақаевтың, Рабиға Сыздықованың, Ербол Жанпейісовтің, С.Исаевтың, Ф.Мұсабекованың, Н.Х.Демесинованың, Мырзатай Серғалиевтың, Нұргелді Уәлиевтің, Рақыш Әмірдің, Бағдан Момынованың, О.Бүркітовтың, Ж.Құрманбаеваның, Б.Хасановтың, Т.Қоңыровтың, Х.Нұрмұқановтың, Х.Кәрімовтың, Б.Шалабайдың, Ш.Мәжітаеваның, Д.Әлкебаеваның, Г.Әзімжанованың, Қ.Сарекенованың, С.Қоянбекованың, т.б. ғалымдардың зерттеулерімен толықты. Сондықтан да синтаксис пен стилистиканы өзара сабақтастықта алып, қарастырған тілші-ғалым М.Серғалиев терең білімділігімен, ізденісімен көзге түседі. Ол ұстазы М.Балақаевтың «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығын одан әрі дамытып, қайта жарық көруіне мұрындық болды. Стилистиканың өзекті мәселелеріне арналған еңбектерінде де оның ұғымдары мен категориялары, лингвистикалық стилистиканың салалары, түрлері, олардың тілдік тұлғаларда қолданылуы, көркем әдебиеттің өзіне тән стилистикасы, тіл мәдениеті туралы терең де тың ойларды ортаға салады.

Келесі бір еңбегі – «Лингвистикалық стилистиканың түрлері» деп аталатын мақаласы [2,75-79 бб.]. Автор лингвистикалық стилистиканы түр-түрге бөлген кезде, ең алдымен оның зерттеу бағыттарын негізге алғанды жөн деп санайды. Көбінесе, қазіргі кезде стилистиканың түрлері деген ұғымның орнына стилистика бағыттары дегенді қолданып жүргендігін жазады. Ғалымның ойынша, осы бағыттың біреуі – мәтіннен тысқары стилистикалық ресурстар. Ол тіл ресурстары деп те аталады. Ал екіншісі – қоғамның сан қырлы саласында тілдік қолданысқа түсу заңдылықтары, яғни жоғарыда «қарқынды дамыған стилистика бағыты» деп атап кеткен функцио-налды стилистика.

Одан әрі зерттеу нысандарының мөлшеріне, көлеміне байланысты жалпы стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика, ішінара стилистика және дара стилистика деп бөлінетіндігін атап өтеді. Әрі осы стилистика түрлеріне арнайы жеке тоқталып, олардың зерттеу объектісін анықтайды.

Лингвистикалық стилистика мазмұны мен бағыттарына сәйкес ең басты функционалдық және тіл ярустары стилистикасына сараланатынын да көрсетеді. Функционалдық стилистика қолданыс тілі стилистикасы деп те аталатынын айта келіп, оның басты бағыты түрлі болып келетіндігін айқындайды. Атап айтар болсақ, шығарманың немесе мәтіннің құрылымы, ондағы тілдік құралдардың орнымен қолданылып, тыңдарманға немесе оқырманға ойды дәл, нақты жете білуін қадағалау. Әрі оның ішінара бәрімізге белгілі стильдің бес түріне жіктелетіндігін де жазады.

Тіл ресурстары стилистикасының мәтіннен тыс сөздердің стилистика-лық қызметін қарастыратындығына, алдында айтылған стилистикадан айырмашы-лық және ұқсастық жақтары болатындығына баса назар аударады. Оның басты нысаны тіл салалары екендігін ескертіп өтіп, тіл деңгейлерімен жіктеле алатындығын, яғни фонетикалық стилистика, лексикалық стилистика, фразеологиялық стилистика, морфологиялық стилистика, синтаксистік стилистика болып келетіндігін санамалап көрсетеді.

Лингвистикалық стилистиканың синхронды және диахронды стилистика болып бөлінетіндігін де қалыс қалдырмайды. Оларға жеке-жеке түсінік береді. Деректерді сипаттауға қатысты теориялық және практикалық стилистика болып ажыратылатындығын көрсетеді. Соңында стилистиканың теориясынан хабарсыз әрі тіл мәдениеті туралы түсініктен жұрдай кез келген журналист, не зерттеуші, не тілшінің біреудің еңбегін қарастыра алмайтын-дығын ескертеді. Сондықтан стилистика саласын, оның ұғым-түсініктерін меңгермей, тұщымды дүние тумаытындығын ашық айтады. «Көркем әдебиет тілі» атты еңбегінде ғалым: «Ойлаудың, сөйлеушінің сана құрметінің дербестігі: не туралы айтылып тұрғанына және ол сөздің кімге бағытталып арналып тұрғанына назар аудару; сөздің мәнерлілік құралдарын жақсы білу, тілдегі функционалдық стильдерді бір-бірінен анық ажырата білу, тілдік дағдыларды қолдануда тәжірибе жасап отыру, мәнерлілікті сақтау үшін психологиялық қажетті жағдайларды жасау, жаттығу ісі; сөйлеушінің немесе жазушының өзінің мәнерлілікті қамтамасыз ететін құралдарды игере білуі де, осы шарттардың барлығы бір жерден шығып, біріккенде ғана сөз мәнерлілігінің күш-қуаты, қолданылуының қолайлылығына көз жеткізуге болады», - деп нақты салиқалы тұжырым жасайды [3,189-191 бб.].

Тіл тазалығы тіл мәдениетінің ең басты коммуникативтік сапаларының бірі болғандықтан, сөздің нақтылығына ерекше мән беріледі. Нақты айтқанда, сөзді қолданғанда ұғынықты, ана тілінің тазалығын танытатын сөзді таңдай білу керек. Ана тіліміздің айдынын шалқытатын арналы қозғалысқа мұрындық бола білген ғалым-академик М.Серғалиев тіл құдіретінің тереңіне бойлап, «сөзге орын тар болсын да, ойың кең болсын» деген қағиданы ескертіп, үнемі еске салып отырады.

Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Тілді ешкімге түрткілетпеуі-міз керек. Өттең, ана тілінің сөздік қорын, байлығын сақтап отыруға тиісті болсақ та, кейбір адамдардың, әсіресе, кейінгі кезде елімізде қалыптасқан жаңа қазақтардың тілді құрметтемеуі, өз тілдеріне неқұрмайды қарауы қатты қынжылтады. Қазіргі кезде емле қателеріне мән бермейтін, сауатсыз жазатын адамдар қарасы да көбейіп кетті. Жастар жағы қазіргі заманның жетілдірілген жаңа технологиялары арқылы бір-бірімен хабарласып, байланысу кезінде сөзді қысқартып жазу және қатемен жазу үдеріске айналып кетті десе де болады.

Әдетте, тілдің дыбыстық жүйесі грамматикалық тұлғасы, лексика құрамы – бәрі жиналып, біртұтас қарым-қатынас түзейді. Әрбір әдеби тілдің бұғанасы бекіп, өркен жаюының құнарлы бір арнасы – халық тілі болмақ. Осы тілде говорлар да, диалектілер де, қарапайым дублет сөздер де бар. Сонымен бірге жұртшылықтың көңілін өзіне аударып жүрген жарыспалы сөздер дегендер де қолданады.

Ғалым тіл байлығының ең басты белгісі оның байлығы екендігін түсіне отырып, тіл байлығы ой байлығының өлшемі екендігін, тілді бай тарихы халықтың бай тарихын паш ететіндігін, яғни халық пен тіл егіз ұғым екендігін терең ұғынған. Тіл құдіреті – халық құдіретінің айғағы. Сондықтан бұл еңбекте халықтық дәстүр мен мінез де, кісілік те тіл арқылы қалып-тасатындығын және тілінді білмей тұрып, халық психологиясын жете ұғыну

мүмкін емес екендігін де еске сала кетеді. Өз тілін білмейтін адамдардың өзегі бөлек болуымен қатар, психологиялық жағынан өмір бойы бір бүйірі олқы болып тұратынын да жасырмайды.

Қорыта келгенде, ғалымның еңбектерінен өзі нысан еткен стилистика ғылымын терең әрі жан-жақты білетіндігін, соның әр қырын ашуда аянбай еңбек етіп келгендігін, осы салада басқа жас ғалымдарға бағыт-бағдар сілтеп, оларды түпсіз ғылым жолына жетелеп жүрген жан екендігін айқын аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Балақаев М. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1966.-206 б
- 2 Серғалиев М. Лингвистикалық стилистиканың түрлері // әл-Фараби атындағы ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. №31. 1999ж. 75-79 бб.
- 3 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995. -172 б.
- 4 Қазақ тілінің сөздігі. ҚР ҒЖБМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі институты. Алм., 1999.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПЛАТФОРМЫ НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Айтенова А.Т.

магистр пед.наук

г.Актобе, АРУ им.К.Жубанова

aitenova8925@mail.ru

Цифровая компетентность является необходимой целью в экономической, юридической и т. д. сфере, но особенно в сфере образования, ведь именно здесь начинается подготовка человека к повседневной жизни. В современном мире возникает острая необходимость применения информационных технологий в процессе обучения русскому языку как неродному, так как они не только облегчают сам процесс, но и расширяют аудиторию обучаемых. Возможность использовать интернет- платформы для занятия позволяет преподавателю проводить полноценные занятия в режиме полного времени, используя ресурсы интернет- платформы. Тем не менее, большинство преподавателей с осторожностью относятся к подобному виду обучения, предпочитая традиционную форму новейшим технологиям.

Интернет платформы мы можем отнести к универсальным дидактическим средствам, так как в процессе восприятия информации при обучении с применением интернет-платформ задействованы слух и зрение, также происходит отработка определенных умений с помощью современных тренажеров. При понимании дидактического средства как средства нематериального характера мы имеем дело с дидактическими формами организации обучения, среди которых традиционно выделяются общеклассные формы организации занятий, групповые формы обучения, индивидуальные формы в работы.

Возможности интернет-платформы позволяет проводить общеклассные формы организации занятий, не влияя на качество обучения. Об этом свидетельствует использование вебинар- платформ для обучения. К примеру, вебинар- платформа ZOOM имеет возможность проводить вебинар с одним или несколькими ведущими участниками в режиме реального времени, что соответствует традиционной форме обучения- лекция. Групповые формы работы обычно реализуются с помощью созданий определенных чатов между членами вебинара. Индивидуальные работы присылаются в общегрупповой чат или на электронную почту ведущего семинара. Таким образом, можно сделать вывод о том, что интернет-платформа как дидактическое средство ничем не уступает традиционным материальным дидактическим средствам.

Организация обучения также возможна с помощью интернет- платформы без потери качества обучения. Можно ли считать, что дистанционное обучение отлично от

традиционного обучения? Термин «электронное обучение» понимается как организация образовательной деятельности с применением содержащейся в базах данных и используемой при реализации образовательных программ информации и обеспечивающих ее обработку информационных технологий, технических средств, в также информационно-телекоммуникационных сетей, обеспечивающих ее обработку информационных технологий, технических средств, в также информационно- телекоммуникационных сетей, обеспечивающих передачу по линиям связи указанной информации, взаимодействие обучающихся и преподавателей. То есть к электронному обучению можно отнести не только дистанционное обучение, но и самостоятельное обучение с использованием информационных технологий.

Дистанционное обучение несомненно имеет ряд преимуществ над традиционным обучением. Первым и основным преимуществом, безусловно, является свобода доступа. То есть учащиеся могут заниматься практически в любом месте, получая то качество образования, которое доступно везде. То есть у обучающихся появляются равные возможности независимо от их места проживания. Для организации учебного процесса онлайн требуется продумать предъявление материала, возможность использовать доску, проконтролировать выполнение заданий учеником в тетради, или же использование сторонних сервисов для проведения занятий. Большинство преподавателей используют Skype для обучения русскому языку как неродному. Стоит заметить, что возможности Skype ограничены только передачей звука и видеосвязи, использованием чата для предъявления нового лексико-грамматического материала.

Для организации учебного процесса онлайн в настоящее время существуют различные платформы. Одна из новейших платформ, созданных для преподавателей, являются Wordwall, Genially.

Цифровые игры — отличный способ активизировать обучение и улучшить навыки решения проблем. При проектировании игровой учебной деятельности необходимо определить элементы, характеризующие учебную игру. Педагогические ценности имеют определенный результат, если учитель учитывает тот факт, что он может обучать учащихся не только одним способом, но иным, в зависимости от личных умений, ситуации, в которой происходит обучение, и содержания, которое предстоит усвоить.

Wordwall — это платформа, на которой можно создавать различные интерактивные задания для учащихся: рабочие листы, анкеты, сопоставления, словесные игры, определение пропущенных слов.

Genially — это онлайн-платформа, позволяющая создавать более 10 видов интерактивного контента (презентации, инфографика, плакаты, интерактивные игры, видеоролики, руководства, тесты и т. д.), что позволяет учителю создавать разнообразные цифровые образовательные ресурсы, как в чистом виде, так и в комбинированном, вводя простые элементы в более сложные, с элементами интерактивной навигации. Для каждого типа интерактивного контента на платформе есть примеры цифровых ресурсов, которые можно взять в качестве шаблона использования, что дает наглядность выбранного контента и представление о направлениях его использования.

Список используемой литературы:

1. Львов М. Р. Словарь-справочник по методике преподавания русского языка: Пособие для студентов педагогических вузов и колледжей. — М.: Издательский центр «Академия»; Высшая школа, 1999. — 199 с.
2. Методы научно - педагогического исследования. — <http://www.studfiles.ru/preview/> [Электронный источник] (дата обращения 28.11.2015).
3. Методы обучения. — https://ru.wikipedia.org/wiki/Методы_обучения [Электронный источник] (дата обращения 27.11.2015).

4. Презентация «Интерактивные формы обучения». — http://magistr.tstu.ru/upload/29_12_2012-13_doc [Электронный источник] (дата обращения 27.11.2015).

5. Технология интерактивного обучения — http://kms.s14.ippk.ru/_private/Deyatelnost/Konfe [Электронный источник] (дата обращения 28.11.2015).

ТӘЛІМГЕР ТЕҢДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Балмағамбетов Исатай,

«Атырау-Ақпарат» медиахолдингі Бас директорының орынбасары,

ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі

...1987 жылы облыстық газеттің редакторы Құмар Кенжеғалиев «Полиграфия» өндірістік басқармасына бас директор болып ауысты да, оның орнына бұған дейін облыстық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Теңдік Жауырұлы келді. Бұдан бұрын да облыстық «Коммунистік еңбек» газетінде редактор болған оның қолынан 1978 жылы ҚазМУ-ге оқуға аттанарда жолдама алғанмын, содан танымын. Оның үстіне газеттерге ой-пікірлерін, өзі түсірген фотосуреттерін жолдап тұратын әкем Құндызбай да «сендердің жаңа бастықтарың менің құрдасым» деп бөлекше бір мақтанышпен сырттай тағы да бір таныстырып қойды. Түр-келбетінен аса бір зиялы адамның кейпі көрінген Тәкеңнің өзі де маған әп деген-ақ ерекше әсер қалдырған.

Түйсігім алдамапты. Ешкімге дауыс көтеріп сөйлемек тұрсын, әр сөзін екшеп, салмақтап, тіпті, бипаздап айтатын ол шын мәнінде зиялы жан болып шықты. Өмірде «күнә» деген іс-әрекеттерден жаны да, тәні де ада, көңілі таңғы шықтай таза екі адам болса, соның бірі, ал, бір адам болса, соның тап өзі Теңдік Жауырұлы деп білемін. Оны осыншама адал етіп қалыптастырған өзінің ортасы, қоғамы – кеңестік жүйе (*сол бір кезеңнің де тәрбие ісінде жақсы жақтары болғанын ешкім жоққа шығармас — И.Б.*) болатын. Партиялық орган — газеттің редакторлығы да, обкомдағы бөлім меңгерушілігі де оны қоғам мүддесіне шынайы берілген мейлінше таза қызметкер (*шын мәніндегі талаптың өзі сондай еді ғой — И.Б.*) етіп шыңдаған. Турасын айту керек, біз білетін Тәкең осы бір «періште» қалпынан өмірден өткенге дейін де еш өзгерген емес.

Теңдік Жауырұлы редактор болып келерден бір жылдай бұрын редакцияда кадр тапшылығы сезіліп, газетке хабар-ошар жолдап тұратын өзге саланың екі-үш маманы қызметке алынған еді. Солардың бірі — сенім үдесінен шыға білген Меңдібай Сүмесінов — бұрынғы электрик. Ол өндіріс саласынан қаламы жорға кәнігі журналист атанды, қазір зейнет демалысында. Ал, өзгелері жаңа редактордың қатаң талабына төтеп бере алмай, бас-аяғы үш-төрт айдың ішінде редакциядағы орындарын босатты. Мұны көріп, «бастық жәй кісі ғой, мінезі де жұмсақ» деп сырттай тон пішіп жүрген жас қызметкерлердің көпшілігі іштерін жиып қалып еді. Сөйтсек, қатал болу дегеніңіз – аузынан ақ көбігі атқылап айқай салу емес, айтарын қабағымен ұқтырар берік ұстанымда жатыр екен ғой.

Тәкең газет мақалаларына да өзіндік принциппен аса қатал қарады. Бір күні өзім қызмет жасайтын ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Төлеген Жаңабайұлы:

— Исатай, Нарын құмынан жазған циклың жақсы екен, маған ұнады. Редакторға бердім, — деп жымия қарады. Бастығымнан мақтау естіген соң, көңілім көкке көтеріліп, қанаттанып қалдым. Сол екпінмен:

— Аға, мен тағы да командировкаға шығып келейінші, — деп сұрадым. Ол кісі де:

— Жарайсың, Қызылқоға ауданына кімді жіберемін деп отыр едім, — деп орнынан ұшып тұрды да, кабинеттен шыға жөнелді. Бес минуттай өтер-өтпесте қайта оралған Төкең «редактормен келістім, ертеңнен бастап іс-сапарға жөнеле бер» деп тапсырмасын тиянақтады. Сөйтіп, жігерімді жани түскен мен бір аптадан кейін жексенбі күні іс-сапардан келдім. Келдім де, бірден соңғы поштаны ақтардым. Газеттен өзімнің

бөлім меңгерушісі мақтаған Нарыннан жазған циклымды іздеймін келіп. Жоқ, жарияланбапты. Неге?

Ертеңіне редакцияға келген соң, Төкең сәлемдескеннен кейін бірден:

— Менің материалым шықпапты ғой, аға, онысы несі? – деген ренішке толы сауалымды қойып қалдым.

— Редактордан шықпай жатыр ғой, Төкең мұқият қарайды, шыдау керек, шығады ғой, — деп Төлеген Жаңабайұлы тағы да бір жымылып қойды. Мен жымыюдың сырын сонда ғана түсіндім. Теңдік Жауырұлының алдына барған мақаланы бүге-шүгесіне дейін талдап оқып, соның өзінде де екі шұқып, бір қарап отыратын аса сақ редактор екеніне көп ұзамай-ақ өзімнің де көзім жете бастады.

Ол кезде газеттерде «бас мақала» аталатын, бүкіл нөмірдің бетке ұстары делінетін салмағы ауыр материал болды. Оны редактордан бастап бөлім меңгерушілері, яғни, редакциялық алқа мүшелері ғана жазатын. Бірде Теңдік Жауырұлының өзінің бас мақаласын машинистка Ақлима апайдың алдынан көріп қалып, таң-тамаша қалғаным бар. Төкең өз қолжазбасының да сау-тамтығын қалдырмай сызғылап тастапты.

Өзін-өзі қайтадан сын көзімен оқып, бейне өзге біреудің дүниесіндей қайтадан шимайлаған. Соны көрген мен «бұл кісі тіпті өзіне-өзі мынадай қатты қарағанда, бізді қалай бір оқып жібере салсын...» деп тәубеге келгем. Бір қызығы, тек редактор ғана емес, оның орынбасары Шөпенғали Дәуенов те тілшілердің материалына қырғидай тиіп, сілікпесін шығаратын. Редакция ішінде «Шөкең мақаламызды осының қаламақысын өзі алатындай қарайды» деген сөздің де шығуы тектен-тек емес еді. Сөйтсек, соның бәрі жауапкершілік деген салмағы зор міндетке деген шынайы адалдық екен ғой. Сол еңбекқор да, өз кәсібіне мейлінше адал жандардың тәлімін көріп, тағылымын көкейге тоқығандықтан шығар, бүгінде өзім де мүмкіндігінше кімнің жазбасын оқысам да, олпы-солпы сөйлем көрсем, түзеп жібергім келіп отырады. Әрине, газет жұмысы үздіксіз алға жөңкілген конвейер ғой, кейде олқы тұстар да көзден қағыс кетіп жататынын да жоққа шығаруға болмас.

Қазақта «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген де ғибратты нақыл бар. Бұл «шешімді асықпай ойланып-толғанып қабылдайтын жандардан үлгі ал» дегенге үндейді. Теңдік Жауырұлынан осы тұрғыдан да үйренгеніміз мол болды. Бірақ, турасын айту керек, кезінде жастықтың буымен оны бірден түсіне де қоймаған сәттер аз емес-ті. Бір күні кабинетімде алаңсыз хат қорытып отырған *(сол шақта оқырман хаттарымен жұмыс жасауға, оларды мүмкіндігінше газет бетінде көптеп жариялауға баса көңіл бөлінетін — И.Б.)* мені редактор шақыртты.

— Ә-ә, Исатай, кел, отыр, — деп Төкең әдеттегіше сыпайы қалыпта қарсы алды. — Қалай, хал-жағдайың жақсы ма?

— Шүкір...

— Ә-ә, дұрыс... Саған айтайын дегенім... — Теңдік Жауырұлы асықпайтын дағдысымен алдындағы әлдебір хатты алақанымен бір сипап қойды. Сосын ойланғандай үнсіз қалды. «Не айтар екен?» деп дегбірім кетіп отырмын.

— Мынау бір арыз хат. Бір топ оқырмандар жолдапты. Авторларының аты-жөндері анық жазылған, ендеше, оларға сенім артып, газетке жариялап жіберуге болады...

— Жақсылап дайындап берейін, жариялаған дұрыс шығар, — дедім мен де.

— Жақсы, ол бір варианты дейік, тағы да ойланып көрейікші, — деген Төкең хаттың кей жерлерінен үзінді оқыды. — Ауылда жалғыз клуб бар дейді, алайда, ол құлыптаулы тұратын көрінеді... Ал, бұл хаттың көшірмесін тексеруге салып жіберсек қайтеді?

— Сөйтсек, сөйтеік, жауап келеді ғой... — Мен «ең оңай жолы осы ғой, осыған тоқталса екен...» деп тілеп-ақ отырмын.

— Ал, сүйкей салды, шығарыпсалма жауап келсе ше? — деп сәл үнсіз қалған редакторым ойына тағы да бір тың идея келгендей шапшаң тіл қатты. — Мұны арнайы барып тексеріп келуге де болады...

— Болады ғой...

— Әлде... Жарайды, мына хатты саған берейін, оқып, мұқият танысып шық. Сосын қалай істейміз, сол жағын ойланып шықшы, — деген редактордың кабинетінен кәдімгідей ойланып шықтым. «Сонда мұны не істейтін болдым, қызық екен, бастықтың өзі де кесіп ештеңе айтпады...» деп әрі-сәрі күйге түскен мен хатты оқымастан тартпаға салып тастадым. Өзімше тапсырмасын нақтылап бермеген бастыққа деген өкпем де жоқ емес...

Сөйтсем, бұл да басшының жас қызметкерге берген тағы да бір өзіндік тәлімі екен ғой. «Тек шайнап бергенді жұтуға үйренбесін, өзі де ойланып-толғанып шешім жасай білуге жетілсін» дегенді сол шақта қайдан түсінейік? Кейін республикалық, облыстық газеттерде бас редактор болғанымда Тәкеңнің сол әдісін есіме түсіріп, өз қарамағымдағы жас тілшілерге еркіндік те беріп жүрдім. Іле-шала «бір кездегі өзім сияқты бұлар да түсінбей жүре ме?» деген күдік те көңіл терезесін тырналағанын жасырмаймын. Десек те, шығармашылық жолдағы адамға қыспақ емес, мейлінше еркіндік берілуін өз басым құптаймын. Бірде қателесер, бірде нысанасын дөп табар. Ізденіс дегеніңіздің өзі де осы ғой.

Теңдік Жауырұлының облыстық газетке екінші мәрте *(обкомға қызметке барғанға дейін де осында редактор болғанын жоғарыда айттық – И.Б.)* редакторлық еткен кезеңі ел өміріндегі қайта құру, жаңару жылдарымен тұспа-тұс келді. Мемлекеттік тіл мәселесі дабыл қаға көтерілді, тарихи атауларымызды қайтару дүрбелеңі басталды. Тап осы ұлт үшін ең өзекті саналатын проблемаларды көтеруде облыстық газет тарихи маңызды міндетті абыроймен атқарғанын айрықша атап айту керек. Нөмір сайын дерлік жұртшылықтың ой-пікір, ұсыныстарын газет бетіне жариялап, өзіміз сандаған пікірталастар ұйымдастырдық. Тіпті, жұмыстан шыға салысымен қаладағы балабақшаларды табанымыздан тоза аралап, қазақша топтарды көбірек ашуға үндедік. Сол кездегі «жалаңтөс баһадүрлер» қатарында ғалымдар Қадыр Жүсіп, марқұм Қүсекен Шәукенов, журналист Айтқали Нұрғалиев, инженер Мәлік Оңғалиев, облыстық білім беру басқармасының қызметкері Жәмила Садықова, дәрігер Халел Сағын, заңгер Сабыр Ұзақбаев, ақын Гүлнар Шәмшиева және басқа да (ішінде өзім де бармын) патриот қыз-жігіттер жүрді. Ал, олардың бәрінің бас қосатын бас штабы редакция болатын. Өзім де қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы тиіс екендігі жөнінде жиі жаздым. Сонда бір байқағаным — Теңдік Жауырұлының тап осы мәселеге бүйрегі ерекше бұрғандығы. Баяғыша апталап оқу былай қалып, бұл материалдарды Тәкең аса шұғыл қарап, нөмірге кідіртпей жіберіп отырды. Тап сол тіл мәртебесін бекіттіруде, қала мен облыстың «Атырау» атауын иеленуінде қазақ тіліндегі облыстық газеттің атқарған ролі зор десем, бұған ешкім дау айта алмас. Өйткені, сол дүбірлі доданың ен ортасында жүрген бізден артық айтар жан табыла да қояр ма екен?!

Өмірде жөн-жосықсыз кекеп-мұқап, жөн ісіңнің өзінен инедей болса да кінәрат іздеп отыратын, мына опасыз жалғаннан бәрін өзінің қара басына ғана жиып, басқаға болғанын көпе-көрнеу қызғанатын жандарды көріп, еріксіз қынжыласың. Бір жаманы ондай қараулық қазіргі компьютердің вирусы секілді кейінгілердің де бойына жұқпалы келеді. Мұны өз басым, әсіресе, шығармашылық ортадан көбірек көргендіктен айтып отырмын. Ал, керісінше, үнемі ізгі ниеті мен қамқор көзқарасынан айнымайтын, титтей жетістігіңе өзіндей қуанып, онысын жеткізгенше асығатын да адамдар болады. Өкінішке орай, олар аса көп емес. Бәлкім, «өмір — күрес» деген сөз мына жалғанда жақсылардың жамандардан аз болатындығынан да шыққан шығар. Теңдік Жауырұлының бекзат болмысына үңілгенде өзім осылай толғанамын. Өйткені, оған қызғаныш атаулы атымен жат, әділін айтып қарап отыратын, жазатайым біреуге біреудің қиянат жасағанын естісе,

«апырау, бұл қалай болғаны, өйтпеуі керек еді ғой, бұлай болуы мүмкін бе өзі?...» деп таусылып отыратын еді, жарықтық...

1990 жылдың мамырынан бастап мені республикалық «Лениншіл жас» газетінің басшылығы республикамыздың батыс аймағы бойынша меншікті тілшісі етіп қызметке шақырды. Бұған шет облыста жүріп-ақ орталық басылымдарда жиі көрініп жүргендігім себеп болса керек. Барғым келеді, бұл бұрын атақты ақын Фариза апамыздың атқарған қызметі! Бұл өзімнің сыйлас ағам — белгілі журналист Төлеген Берішбайдың атқарған қызметі! «Ат тұяғын тай басар» дегендей, енді жеделдес әріптесім Самат Ибрайымовтан эстафетаны мен алсам, несі айып? Алайда, бұл жаңалықты редакторым Теңдік Жауырұлына айта алар емеспін. Өйткені, соның алдында ғана редакцияшiлiк еңбек жарысы қорытындыланып, маған «Коммунистік еңбектің» үздік журналисі» куәлігі мен 100 сом ақшалай сыйлығы, бір апталық еркін іс-сапарға жолдама берілген болатын. Азды-көпті еңбегім еленіп, осылайша зор сенім артылып отырғанда «кетем» деу «өзіңнің су ішкен құдығыңа түкіргенмен» бірдей болмай ма екен? — Осылай әрі-сәрі ойда жүргенімде Тәкеңнің өзі шақырып алды. Жанында редакцияның жауапты хатшысы Қабижан Сағиев отыр.

— Ә-ә, Исатай, кел, сенде осы бір жаңалық бар дейді ғой, — деп көзәйнегінің астынан сынай қарады Тәкең. Мен аузымды ашып үлгергенімше, сөзін жалғап та кетті. — «Лениншіл жастан» Уәлихан ініміз телефон соғып жатыр, сені бізге бер дейді...

— Иә, аға, ұсыныс өздерінен... — деп күмілжідім. Ұшқан ұямыздағы тәрбиеден болар, үлкеннің алдында суырылып сөйлеп, қақшандап көсемдік жасау бойымда мүлдем жоқ еді, бұл жолы да сөлбірейіп отырмын.

— Жоқ, сен қысылма, республикалық беделді басылымның *(«Лениншіл жастың» атақ-даңқы дүрілдеп тұрғанын, республикадағы таралымы ең көп, әрі сүйіп оқылатын тартымды басылым екенін сол кездегі көзқарақты оқырман жақсы біледі — И.Б.)* қалауы саған түсіп жатса, оған өзің де, біз де тек қана қуануымыз керек. Әрине, бізге де жақсы қызметкер қажет. Дегенмен де, өзіңнің ойың қалай?

— Барсам деймін...

— Дұрыс, жолыңа бөгет болмаймыз, солай емес пе, Қабижан, ә? — Алдында екеуара әңгіме болған болуы керек, Қабекең де жедел басын шұлғыды. — Сәт сапар, айналайын...

Осылайша, Тәкең батасын әп-сәтте берді.

Қабижан аға *(өте талантты ақын, еңбекқор журналист, қабілетті жастарға ерекше қамқор, аяулы жан болатын, өмірден тым ертерек кетті — И.Б.)* кабинетіне ертіп келіп, менің еңбек кітапшамды аса бір ыждағатпен толтырды, тіпті, редакция басшылығынан, комсомолдан әр кезде алған марапаттарымды да тәптіштеп жазуды ұмытпады. Бүгінде еңбек кітапшамды қарап отырсам, марапат бетшелеріне содан кейін ешкімнің қолы тимепті. Әрине, жоқ болғасын жазбаса, бір сәрі, өзіңнің барыңды өзіңнен көп көретін пендешілікке не дерсіз. Сондайда өзгенікін өздерінің дүниесіндей көріп, бар жан-тәнімен қамқор болатын осындай ағаларды еріксіз аңсайсың...

Республикалық ақпарат айдынына ақ тілекпен шығарып салған Тәкең де, Қабекең де енді «Лениншіл жастың» бетіндегі материалдарым туралы күнделікті ой-пікірлерін білдіріп отырудан еш жалыққан емес. Бұрынғыдан да бетер шығармашылық тығыз байланыс орнады. Арагідік облыстық газетке де мақала, көркем әңгімелер жариялап жүрдім. Бір жылдан кейін экология тақырыбындағы жарияланымдар сериясы үшін Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты атанғанымды телетайптан алғашқы болып оқыған осы Теңдік, Қабижан ағалар үйге телефон шалып, өзімнен бетер қуана құттықтаған. Өзгенің қуанышын өзінікіндей сезінген кәусар көңілдерден шашылған шұғыла-шуаққа шомылған сол бір сәттер-ай!..

Журналистер де ақын-жазушылар ауылымен қонсы қонатындықтан шығар, көбіне сал-серілікке, еркін жүріп, еркін тұруға бейім ғой. Үлкенді-кішілі әріптестеріміз хақында анекдотқа пара-пар әзіл-оспақтар да аз емес. Бірақ, журналистердің ішінде ғұмыр бойына

жұмыстан басқаға мойын бұрыңқырамаған, қақ-соқпен ісі жоқ Теңдік Жауырұлы кезінде жұмысшы-село тілшілері үшін арнайы кітапша жазған болса, өмірінің соңғы кездерінде өзінің мол тәжірибесінен университет студенттеріне дәріс оқыды. Оған журналистика саласындағы мол тәжірибесі ескеріліп, академиялық доцент атағы берілді.

Шәкірттері үшін ғұмыр бойына тәлімгерлік қалпын сақтап қалған Теңдік Жауырұлы «Атырау» газеті редакциясына да апта аралатып телефон соғып, кейде аяқтай келіп, ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуды өмірінің соңына дейін ұмытпаған еді. Кезінде ҚазМУ-дегі тау тұлға ұстазымыз Тауман Амандосовтың төбесі көрінсе-ақ, көк базардың қасындағы тоғыз қабатты редакция ғимаратындағы қаптаған шәкірттері жапатармағай сәлем беруге жүгіретінін көзіміз көрген. Атырауда да сол үрдіс қайталанушы еді, Теңдік Жауырұлы редакцияға кіріп келе жатқанда қолын алып, тілдесуге асығып тұратынбыз...

Бүгінде ол туралы естеліктер жазу, сол арқылы бітім-болмысын кейінгі буынға ұлығылаудың өзі біз үшін басты парыздың бірі болып қалды. Осы мақсатта 2021 жылы «Атырау журналистикасының абызы» атты естеліктер кітабын құрастырып шығарғанымды тәлімгер аға рухы алдындағы бір борыштың өтелгендігі дер едім. Әрине, әлі де талай естеліктер жазылар, есімі түрлі деңгейде ұлығыланар. Бүгін өзі ұзақ жылдар тұрған үйінің қабырғасына мемориалдық ескерткіш тақта орнатылуы – осы құрметтің басы...

ПОДГОТОВКА МЕДИАСПЕЦИАЛИСТОВ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЭТНИЧНОГО РЕГИОНА

Белолипская Галина Сергеевна

Астраханский государственный университет им. В.Н. Татищева
г. Астрахань, Россия

В XXI веке Астраханская область сохранила свое многонациональное разнообразие и мирное добрососедство.

Сегодня в Астраханской области проживают представители более 140 национальностей [1]. При этом казахи составляют более 26% населения и присутствуют практически во всех районах и городах области. «Важным связующим звеном между Казахстаном и Астраханской областью выступает проживающая там самая многочисленная казахская диаспора в России. Выражаю вам благодарность за всестороннюю поддержку астраханских казахов в части укрепления их духовных связей с исторической родиной, сохранения языка и культуры своих предков», – сказал президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев во время встречи с губернатором Астраханской области Игорем Бабушкиным [2].

В современной астраханской прессе значительное внимание уделяется освещению национальных праздников и юбилейных дат из истории культуры разных народов многонационального региона. Таким образом, благодаря медиа сохраняются традиционные ценности в многополярном мире.

К примеру, инфоповоды ГТРК «Лотос», посвященные межэтнической тематике за период 2022 г. – начало 2023 г.: В Астраханской области отметили казахский праздник «Жайлау той» (для справки: Жайлау той – это казахский национальный праздник перехода на летние пастбища); Как мусульмане встречали Курбан-байрам в Астраханской области; В Астраханской области в Сарай Бату прошёл этнопраздник «На земле кочевников»; В Астраханской области прошёл концерт в честь 200-летия Курмагазы (для справки: Курмангазы Сагырбайулы – казахский народный музыкант, композитор).

Региональные СМИ довольно часто транслируют новости о том, как в образовательном пространстве вузов, школ и лицеев проходят многочисленные мероприятия, направленные на развитие межнациональных отношений среди молодежи. Так, например:

Астраханский государственный университет организовал этногастрономическую экспедицию; В Астраханском суворовском училище прошёл праздник национальных культур; В Астрахани выбрали победительницу фестиваля «Мисс Этно-2023» и др.

В астраханских СМИ часто можно встретить с упоминанием известных мастеров культуры казахского народа. Так, например, СМИ рассказали о книге «Дина Нурпеисова – великий композитор тюркского мира», изданной на двух языках – казахском и русском, где впервые представлены ранее неизвестные факты из жизни народной артистки Казахской ССР [3]. Астраханская область была для нее второй родиной. Здесь она прожила 15 лет. Именно на астраханской земле талантливая домбристка написала произведения, ставшие впоследствии известными.

На VI Каспийском медиафоруме (2021 г.) по итогам конкурса на лучшую журналистскую работу «Каспий без границ» обладателем Гран-при конкурса стал краевед из Атырау Асылбек Сигалиев, автор очерка «Музыка Дины ковала Победу», посвященного памяти композитора Дины Нурпеисовой. Таким образом, межкультурные коммуникации между Казахстаном и Россией становятся предметом медиаотражения в астраханской прессе.

Региональная пресса информировала, к примеру, о том, как в 2018 г. в Астрахани проходил первый хореографический форум «День балета на Каспии». Участниками форума стали выдающиеся деятели культуры и искусств из России, Белоруссии, Казахстана, Японии. В 2020 г. в рамках Международного фестиваля имени Барсовой и Максаковой принимали участие главный дирижер Казахской государственной филармонии им. Жамбыла Канат Омаров и солист Алматинского театра оперы и балета Таир Тажи. Новая форма культурного диалога между регионом и республикой Казахстан – обменные гастролы дирижеров – также были отмечены в информационной повестке дня СМИ Астраханского региона. В рамках III Международного фестиваля «Шёлковый путь», который проходил в Астане, художественный руководитель и главный дирижер Астраханского театра оперы и балета Валерий Воронин возглавил симфонический оркестр театра «Астана Опера» в опере «Травиата». Его коллега – Абзал Мухитдинов, заместитель главного дирижёра Государственного театра оперы и балета «Астана Опера» – в эти дни находился в Астрахани. Затем в рамках сотрудничества в мае 2021 г. художественный руководитель и главный дирижер Астраханского государственного театра оперы и балета Валерий Воронин дирижировал программой в Казахской государственной филармонии им. Жамбыла.

Со 2 по 11 сентября 2022 г. в Астрахани прошёл второй Каспийский фестиваль классического искусства OperaFirst Astrakhan 2022. В расширенной концертной программе приняли участие звезды мировой сцены, солисты театров из России, Азербайджана, Ирана, Туркменистана и Казахстана. 10 сентября отмечался как «День Казахстана». В этот день знаменитый струнный квартет Abay-Quartet исполнил ярчайшие произведения казахской музыкальной культуры: композиторов Газизы Жубановой, Евгения Брусиловского, Латифа Хамеди и Абая Кунанбаева.

Важным культурным медиасобытием для астраханцев в 2019 г. стало открытие персональной выставки известного астраханского художника Биргали Алиева в Астраханской картинной галерее. Картины, созданные в разные годы, а также книги казахского писателя Ануара Алимжанова, народные сказки и учебник казахского языка, иллюстрированные художником афиши выставок, многочисленные дипломы за участие в региональных, межрегиональных, всероссийских и международных выставках – всё это позволяет представить многолетний творческий путь автора. Журналисты информировали аудиторию о том, что работы художника находятся в собраниях Музея изобразительного искусства города Атырау Республики Казахстан, в частных коллекциях и в собрании Астраханской картинной галереи [4].

Для региональных СМИ важным аспектом являются примеры профессионального содружества, которое демонстрирует редакция газеты «Прикаспийская коммуна» (общественно-политическая газета Атырауской области Казахстана), где встречаются публикации о представителях культуры и образования Астраханской области. Так, например,

в одном из номеров было опубликовано интервью с председателем Астраханского регионального отделения Союза писателей России Юрием Щербаковым [5]. Поводом для интервью стал выход книги его переводов произведений Абая Кунанбаева «Иной дороги, к

счастью, нет». «Прикаспийская коммуна» опубликовала также материал «Ты живи своим умом», в котором доцент кафедры русской филологии Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Гульнара Умарова рассказала, как она читала лекции по казахской литературе студентам Астраханского государственного университета – этническим казахам, живущим в России. Преподаватель посчитала важным изучение творческого наследия Абая как в оригинале, так и в переводе. Все это подавалось в сопоставлении с русской и мировой литературой [6].

Итак, через региональные СМИ выстраивается диалог культур двух соседних областей, имеющих важное географическое значение для таких государств, как Россия и Казахстан [7].

Хочется особо отметить такой астраханский журналистский проект как рубрика «В большой семье» в сетевом издании «Пункт-А», который носит образовательный характер. За три года в рубрике вышло 70 публикаций, автор которых Вероника Иошко. Многие материалы этой рубрики посвящены этнографической тематике. Это, в первую очередь, описание народных праздников, национальных традиций («В большой семье. Откуда у астраханских казахов столько родственников?»), где подчеркиваются дружественные отношения между народами. Один из героев ее журналистского материала рассуждает: «Казахская община в Астраханской области – вторая по численности после русских и самая крупная в России. И живем мы здесь в таком тесном соседстве, что в казахском доме на празднике или поминках можно увидеть и русских, и татар, и армян, и представителей любых народностей, живущих по соседству». Большой отклик у читателей получают публикации, связанные с национальной кухней. Например: «Калмыцкий, ногайский, татарский? Какой чай на самом деле пьют астраханцы»; «Как приготовить вкусный бешбармак – мастер-класс от казахов Астрахани» и другие. Но материалы рубрики не ограничиваются только описанием этнографических особенностей. Тематика ее очень разнообразна. Кроме того, журналистка щедро делится своим практическим опытом, преподавая будущим медиаспециалистам. И как результат – публикации студентов-журналистов 2 курса Астраханского государственного университета им. В.Н. Татищева, которые, изучая основы межэтнической журналистики под руководством наставника Вероники Иошко, создали в рубрике «В большой семье» под рубрику «Мои корни». В ней студенты факультета филологии и журналистики опубликовали свои рассказы об истории своей семьи и связанных с ней традициях. Выяснилось, что существует много семейных историй о смешанных браках. К примеру, материал студентки Виолетты Корнеевой имел заголовок, подтверждавший уникальность культурного кода астраханцев: «На вопрос о национальности прабабушки мама отвечала: она – астраханка» [8]. Студентка 2 курса АГУ им. В.Н. Татищева (направление подготовки «Журналистика») Марьям Альмуханова опубликовала материал «Бабушкин бешбармак», где она рассказала о том, что это одно из главных блюд казахской кухни, которое обычно подается на торжественных мероприятиях или в кругу семьи на разных праздниках. Студентка особенно выделила главную мысль своей публикации, которая состоит в том, что «Казахское общество традиционно, мы сохраняем традиции, которые передаются из поколения в поколение. Семейная обрядность – это обыденная жизнь. Если говорить об историческом образе женщины-казашки, то, конечно, это в первую очередь мать, жена, хранительница традиций, которая потом научит им и своих детей. Это женщина, которая может достойно воспитать своих детей и передать им уважение к старшим, к семейным традициям» [9].

Всё это говорит о том, что межэтнические отношения являются актуальной, востребованной временем темой. Она грамотно подается и даже начинающими медиаспециалистами, так как региональная журналистика имеет многовековой опыт по формированию положительного контента о дружбе наций и народов, населяющих Астраханскую область.

В итоге, с 2018 г. в учебный план студентов, обучающихся по направлению «Журналистика», была включена дисциплина «Журналистика полиэтнического региона». Проявленный интерес, социальная значимость и успешный опыт реализации на базе

факультета филологии и журналистики АГУ им. В.Н. Татищева свидетельствуют о том, что данная дисциплина носит практикоориентированный характер и отвечает современным профессиональным требованиям. Помогает осваивать материал по данному курсу учебное пособие Маншук Мукашевой «История казахской журналистики» [10].

Список используемой литературы:

1. Сызранов А.В. Этноты и этнические группы Астраханской области: справочное пособие. – Астрахань: ОМЦ НК, 2008. – 72 с.
2. Игорь Бабушкин предложил президенту Казахстана создать центр приграничной торговли // ГТРК «Лотос». – 27.07.2021. – Режим доступа: https://lotosgtrk.ru/news/igor-babushkin-predlozhit-prezidentu-kazakhstan-sozdat-tsentr-prigranichnoy-torgovli/?sphrase_id=144295 (дата обращения: 1.04.2023 г.).
3. Попов С. Великий Кюйши // Газета «Волга». – 30.11.2021. – №91 (677). – С. 9.
4. В картинной галерее открылась выставка к 75-летию астраханского художника Биргали Алиева // ГТРК «Лотос». – 12.02.2019. – Режим доступа: <https://lotosgtrk.ru/news/v-kartinnoy-galeree-otkrylas-vystavka-k-75letiyu-astrahanskogo-khudozhnika-birgali-alieva/> (дата обращения: 1.04.2023 г.).
5. Ким А. Путь до Абая (интервью с Ю. Щербаковым). Празднование 175-летия со дня рождения Абая Кунанбаева // Прикаспийская коммуна. – 1.03.2020. – С.12–13.
6. Ким А. «Живи своим умом». Празднование 175-летия со дня рождения Абая Кунанбаева // Прикаспийская коммуна. – 25.02.2020. – С. 2–3.
7. Белолипская Г.С. Своеобразие межэтнического контента в Астраханских СМИ: традиция и современность // Региональная журналистика: культурные коды, пространство смыслов, полиэтнический дискурс: материалы I Всероссийской конференции (г. Ростов-на-Дону, 10–12 ноября 2022 г.). – Ростов-на-Дону: Издательство Южного федерального университета, 2022. – С. 33–36.
8. Корнеева В. Мои корни. На вопрос о национальности прабабушки мама отвечала: она – астраханка // Пункт А. – 2022. – Режим доступа: https://punkt-a.info/news/glavnoe/moi-korni-na-vopros-o-natsionalnosti-prababushki-mama-otvechala-ona-astrahanka?sphrase_id=147026 (дата обращения: 1.04.2023 г.).
9. Альмуханова М. В большой семье. Бабушкин бешбармак // Пункт А. – 2022. – Режим доступа: <https://punkt-a.info/news/glavnoe/v-bolshoy-seme-babushkin-beshbarmak> (дата обращения: 1.04.2023 г.).
10. Мукашева М.Т. История казахской журналистики: учебное пособие. – Алматы: Казахский университет, 2018. – 468 с.

СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ УАҚЫТ СЕМАСЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ботаева Назира Алтаевна –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының II курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **филол.ғ.к. Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы**

Ж.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

Қазақ халқы өзінің өмір сүру салтында баланы қатты құрметтеген, балаға өмірлерінің жалғасы ретінде қараған. Ұлт тіліндегі «балалы үй базар, баласыз үй мазар» дейтін мақалдың

баланың жоқтығын мазарға, яғни өлімге, мән-мағынасыз өмірге теңеуінде де үлкен мән бар. Қыз бала туылса, «қыздың жолы жіңішке» деп, туғаннан бастап мәпелеп, ауыр жұмыс істетпей, болашақ ана болуға дайындаған. Әдептілікке, іскерлікке (тігін тігу, кесте тоқу т.б) баулыған. Ұл бала туылса, мұрагер, шаруашылығының, шаңырағының иесі ретінде ат шаптырып, балуан күрестіріп, ұлан-асыр той жасаған. Ұл балаға қыз балаға қарағанда қаталдау қараған. Шымыр, төзімді, батыл боп өсуіне жағдай жасаған. Қазақтың «ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деуі де осындай гендерлік тәрбиемен байланысты. Бала тәрбиесіне отбасының барлық мүшесі ат салысқан. Аңыз-ертегілерді, өлең-жырларды тыңдатып, баланың бойына сіңіріп отырған. Бала көпті көрген ата-әжелерінің өсиеттерін тыңдап өсетін болған.

Сондай-ақ қазақ халқының өмір сүру салтында баланың әрбір жас кезеңімен байланысты тәрбие беру, еңбекке баулу, шешім қабылдау т.б әрекеттердің түрі де әртүрлі болған, яғни бала тәрбиесінде жүйелілік болған. Бұл жағынан алғанда қазақтар баланың физиологиялық, психологиялық жетілу мүмкіндіктерін де ескергендігі байқалады. Мәселен, қазақ мәдениетінде қырық күнге дейінгі уақыт – бала үшін қатерлі, нәзік уақыт. Бұл кезеңде үш киелі сан бар: олар 3, 7, 40. Мұндағы «үш» саны – кіндіктің түсуімен, «жеті» саны – бесікке салу ғұрпымен, «қырық» саны – ит көйлекті тастап, алғашқы шашын, тырнағын алу рәсімімен сипатталады. Бала қырқынан шыққанша бала жатқан бөлмеге кіріп, балаға қарауға, сүйеге, баланы алып шығуға тыйым салынған. Қырқынан шыққаннан кейін барып балаға құтты болсын айтып келуге рұқсат етілген, қырық қадам ұзатып, қырық үйге қыдыртып, барған үйінен сый-сияпат алатын болған. Қырқынан шығару жаңа дүниеге келген баланың алғашқы мерекесі, қызықшылығы болып есептелген. Қазақтар мұны «шілдехана» тойы деп атаған. Яғни баланы «қырқынан шығару» рәсімі баланың дүниеге келген күнінен бастап санағандағы қырқыншы күн. Яғни бұл рәсімнің уақытқа қатысты есептеу нүктесі баланың туу сәтімен өлшенеді.

Бала жүруге талпынған шағында, шамамен 1 - 1, 5 жас аралығында, «тұсаукесер» рәсімін жасаған. Осы кезеңде шаш қою рәсіміне қарай ұл балаға айдар қалдырып, қыз балаға тұлым қалдырған.

3-7 жаста ұл баланы сүндетке отырғызып, айдар шашын қырқып тастаған, ал қыз балалардың шашын өсіретін болған. Қазақ мәдениетінде шілдеханадан кейінгі үлкен той сүндетке отырғызғанда жасалатын «сүндеттой» (ұл тойы) болған. Бұл тойдың ұл бала үшін үлкен маңызы болған. Себебі бұл, біріншіден, діни тұрғыдан мұсылман болу рәсімімен сипатталса, екіншіден, той үстінде жасалатын әдет-ғұрыптармен байланысты. Яғни той үстінде сүндетке отырғызылған баланың нағашы жұрты балаға арнап ат әкелетін болған. Елдің алдында, атты сән-салтанатымен, жөн-жоралғысы, сый-сияпатымен алып келіп, нағашы жұртынан ең беделді адам баланы атқа мінгізген. «Сүндеттой» адам өміріндегі ең үлкен тойдың бірі болған. Осы күннен бастап, ұл бала мұсылман болып, сонымен қатар атқа мінуге баулынған. Этнограф ғалым Х.Кустанаевтың айтуынша, қазақтар атқа мінуді балаға ерте жастан бастап үйреткен [1,39 б.]. Тіпті 7-8 жастағы балалар атжарыстарға қатысып, бәйге алатын болған. Атқа мінуді үйренген баланы бос жүріске салғызып қоймай, әрі қарай еңбекке баулыған. Ер балалар ат үстінде жүріп, мал қайыру, қозы бағу сияқты жұмыстарды атқарған. Ал 5-6 жасар қыз балалар қуыршаққа арнап көйлек-көншек тігіп, іскерлікті бала күнінен бастап игере бастайтын болған.

Қазақ халқының дүниетанымында балалық шақ 13 жасқа дейінгі уақыт, ал 13-ке келген баланы «он үште отау иесі» деп санап, баланың оң-солын танып, есейіп, жігіт болған шағы деп есептеген. Бөлек отау құрып, үйлендіріп, үйлі-жайлы қылған. Осы кезеңде ұл баланы «бозбала», «жігіт», қыз баланы «бойжеткен» деп атай бастаған. «Бойжеткен» деген сөздің уәждемесі бұл сөздің сыртқы формасынан-ақ айқын байқалады. Бой, яғни дене-бітімі жетіліп, толысқан, «күйеуге шығуға дайын», «тұрмыс құратын уақыты келген» қыз деген мағынаны білдіреді. Қысқасы, қазақ дәстүрінде 12-15 жастағы ұл-баланың үйлі-жайлы болып, жеке шаруашылықпен айналысуға құқы болған. Осы жас кезеңіне дейін баланың сана-сезімінің пісіп-жетілуіне қазақтар үлкен мән берген. 3-4 жастан атқа отыруға баулынған бала ерте

бастан үй шаруашылығымен айналысып, мал-жанды жайғап, үйдің отағасы атқаратын жұмыстарға қолғабыс тигізген. Ауыл ақсақалдары балаларды дау-дамай сияқты әлеуметтік мәселелерге, ақындар айтысы т.б. жиын-тойларға қатыстырып отырған (М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбайдың оқудан келген Абайды үлкен кісілердің мәслихатына әдейі қатыстыруы да осындай тәрбиелік мәнге ие: «*Әкесінің бағанағы кешке күткен кісілері осы үлкендер болды. Абайдың бала күнінен сезетін бір жайы: мұндай кісілермен, әсіресе, дәл осы төрт-бес кісімен бас қосу ел ішінде басталатын бір үлкен істің, оқшау істің белгісі болатын. Бұрын ондай сөздеріне Абай араласып та, тыңдап та көрмеген. Бүгін бірінші рет әдейі алғызып отыр. Бір ойдан Абай өзіме бірдеме айтпақ па екен деп те ойлады. Бірақ ешнәрсенің қисынын таба алмады*» (М.Әуезов, Абай жолы). Әсіресе, хан-сұлтандар ертеңгі билік иесі ретінде мұрагерлерінің озық ойлы, жүйрік, жан-жақты, білімді, саналы боп өсуіне көп мән берген. Олардың балалары қолжетер жердегі барлық ілім-біліммен сусындап, әскери, шаруашылық, қолөнер, аңшылық т.б. кәсіптерді меңгеруге жаттықтырылған. Бұл тек қазақ халқында ғана емес, басқа әлем халықтарының мәдениетінде де бар.

Жастайынан еңбекке баулынған, әр нәрсені көріп, миына тоқып өскен бала ерте есейген. 12-15 жастан үйлі-жайлы, балалы-шағалы болып, өз алдына шаңырақ көтерген. Дәстүрлі қазақ қоғамында қыздың тұрмыс құрып, ұлдың үйленіп шаңырақ көтеруі парыз саналған. Және осы дәстүрдің іске асып, орындалып отыруын ата-ана, ауыл үлкендері қатты қадағалаған. Атастыру, құда түсу рәсімдерін жасау арқылы бұл істің орындалуын жеңілдетіп отырған. Демек, дәстүрлі қазақ қоғамында бала тәрбиесіндегі адамның жас кезеңдеріне қарайғы әрбір тәрбиелік, моральдық әрекеттер уақытылы, **жүйелі** түрде жүргізіліп отырған. Және бала тәрбиесіне өте үлкен мән берілген.

Балалық шақтың басқа кезеңдік атауларға қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар, біріншіден, балалық шақ – адамның жарық дүниеге келген күннен бастап саналатын алғашқы қадамы, ең пәк, бейкүнә шағы. Екіншіден, биологиялық-физиологиялық тұрғыдан өсіп-жетілу кезеңі. Үшіншіден, бұл кезең адам өмірінің ең ұзаққа созылатын шағы. Осымен байланысты балалық шақтағы адам атаулары да, кезеңдік жас атаулары да көптеп кездеседі. Балалық шақтың сәбилік шақ, балалық шақтың бірінші кезеңі, балалық шақтың екінші кезеңі болып бөлінуі де осындай балалық шақтың кезеңдік ерекшеліктерімен байланысты.

Қазақ тілінде адамның сәбилік шағын білдіретін бірнеше адам атаулары қалыптасқан. Олар: *бөбек, нәресте, бөпе, сәби, бүлдіршін, балдырған, бала*. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде осы аталған атауларларға берілген түсіндірмелер аталған сөздердің семантикасын толық ашып бере алмайды. Өйткені, түсіндірме сөздіктегі мұндай сөздерге берілген анықтамалар синоним сөздермен түсіндіріліп, бірін-бірі қайталап отырады. Айталық,

«Шақа» - жаңа туған нәресте, жас сәби (X, 98);

«Бөбек» - жас нәресте, сәби (II, 392);

«Сәби» - жас нәресте, бүлдіршін, бөбек (VIII, 226);

«Нәресте» - жас бала, сәби (VII, 333);

«Бөпе» - жас бала, нәресте, сәби (II, 421);

«Бүлдіршін» - жас буын жеткіншек (II, 567);

«Балдырған» - жасөспірім, жеткіншек (II, 82).

Осы берілген атаулардың ішінде «бүлдіршін» мен «балдырған» сөздері алдыңғыларына қарағанда бөлектеу түсіндірілген, яғни бұл атаулардың жасөспірім, жеткіншек, жас буын деп аталуына қарағанда, бұл екі атау *шақа, бөбек, сәби, нәресте, бөпе* сөздеріне қарағанда жас шамасы жағынан ересегірек, сәбиліктен гөрі балалық шақ кезеңінің (балалық шақтың бірінші кезеңі) құрамына кіретін сияқты. Ал жоғарыдағы бес сөз семантикалық жағынан бір-біріне өте жуық. Сол себепті де түсіндірме сөздіктерде олардың ара жігі нақты ажыратылып көрсетілмеген. Біздің ойымызша, түсіндірме сөздіктегі бұл сөздерге берілген дефинициялардың айқын болмауы олардың лексикалық мағыналарының құрылымдық жағынан толық ашылмауына байланысты.

Сөздің мағыналық құрамына жасалатын мұндай талдау тіл ғылымында *компонентті талдау* (семдік, семалық) деп аталады. «Физикадағы молекулалардың атомдардан, олар өз

ішінде электрон, нейтрон сықылды ұсақ бөлшектерден тұратыны секілді сөздің лексикалық мағынасының құрылымы да макрокомпоненттермен қатар, микрокомпонент-терден тұрады» [2,105 б.]. Осы сөз мағынасының құрамындағы микрокомпонентті ғалымдар түрліше (семантикалық маркер, дифференциалды белгі, семантикалық белгі, сема т.б.) атаған. Соның ішінде «сема» термині тілші-ғалымдар тарапынан қолдау тапқан. И.А.Стернин семаны сөздің нақты белгілерін бейнелейтін бөлшек, микрокомпонент деп атайды [3,44 б.].

Қазақ тіл білімінде бұл мәселені алғаш көтерген М.Оразов сөздерді семалық бөліктерге ажырату арқылы етістіктің лексика-семантикалық топтарын анықтайды, ал орыс тіл білімінде Л.М.Васильев [4], А.М.Кузнецов [5], Э.В.Кузнецовалардың [6] еңбектерінде орын алған.

Қазақ тіл білімінде сөздің лексикалық мағынасының құрылымын зерттеген Ғ.Хасанов: «Компонентті талдау дегеніміз – тіл бірліктерінің мазмұндық жағын құрылымдық мағына көлемінде зерттеу және мағынаны минималды, яғни кіші мағыналық бөлшектерге бөлу», - дейді [2,107 б.].

Тіл білімінде сөздің мағыналық құрылымын (макро және микрокомпоненттерін) ғалымдар түрліше жіктейді. Мәселен, В.Г.Гак семаның үш түрін көрсетеді: **архисема, дифференциалды сема, потенциалды сема немесе салыстырмалы сема** [7,156.]. Бұдан басқа архисеманы – «ядерлы сема» (Васильев), «идентификациялаушы» (Гайсина), «инвариантты» (Комарова), «интегралды сема» (Д.Н.Шмелев), «гиперсема» (М.Никитин), ал дифференциалды семаны – «индивидуалды», «диагностикалық» (Арнольд), перифериялы (Васильев), «гипосема» (М.Никитин) т.б. деп әр ғалым өзінше атайды.

Өзбек ғалымы Н.Кучкартаев семаларды үшке бөледі: идентификациялаушы сема; дифференциялаушы сема; қосымша сема. [8,29 б.].

М.Оразов архисеманы – жалпылаушы сема деп атап, оның бірнеше сөздерге ортақ сема болып, сөздерді бір лексика-семантикалық топқа топтастырып тұратынын, ал дифференциалды семаны – ажыратушы сема деп атап, оның жеке сөздердің өзіне тән болып, оны сол лексика-семантикалық топтың басқа мүшелерінен ажыратып тұратын, сөздердің жеке дербестігін қамтамасыз етіп тұратын сема деген қағиданы қолдайтынын айтады [9, 185 б.].

Қорыта келгенде,біздің ойымызша, архисема дегеніміз – бірнеше сөздің мағыналық құрылымында болатын және сол сөздерді біріктіретін компонент, сонда архисема мен интегралды семаны бір сема ретінде тану қажет. Біз мақаламызда сөздердің мағыналық құрамындағы уақыт семасының семантикалық құрылымын айқындадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізім:

- 1 Кустанаев Х. Этнографические очерки киргизов Казалинского и Перовского уездов. – Ташкент, 1894. – 52 с.
- 2 Хасанов Ғ. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 1997. – 175 б.
- 3 Стернин И.А. Лексическая значения слова в речи. – Воронеж, 1985. – 170 с.
- 4 Васильев Л.М. Семантика русского глагола. – М.: Высшая школа, 1981. – 184 с.
- 5 Кузнецов А.М. Структурно-семантические параметры в лексике.–М., 1980.–158 с.
- 6 Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка. – М.: Высшая школа, 1989. – 216 с.
- 7 Гак В.Г. Сопоставительная лексикология. На материале французского и русского языков. – М., 1977. – 269 с.
- 8 Кучкартаев Н. Суз мағъоноси ва унининг валентлиги. – Тошкент, 1977. – 168 с.
- 9 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
- 10 Қазақ тілінің сөздігі. ҚР ҒЖЖБМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі институты. Алм., 1999.
- 11 Ақкөзов Ә.Ә. Сапалық сын есімдердің функционалды-семантикалық аспектісі. ҚР БЖҒМ РОӘК. ҚҰУ. Оқу құралы. Алматы, 2016 жыл.

ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНДАҒЫ МЕДИА-МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Білбебекова Әлия Тасболатқызы, ф.ғ.к., доцент,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Қазіргі ғаламдану дәуірінде аудиторияға жаңалықтарды жеткізу журналистің кәсіби шеберлігіне байланысты екені мәлім. Бұл салада қоғамның сауатын арттыруда бұқаралық ақпарат құралдары мен өкілдерінің арқалар жүгі ауыр.

«Медиа кеңістігінде журналистердің кәсіби этикасы көбірек айтылып жүр. Журналистиканың қазіргі мәселелері журналистің кәсіби этикасы жайында болып тұр. Журналистің кәсіби этикасы сөз бостандығымен де, мәдениетпен де тығыз байланысты. Негізгі журналист этикасына әсер етуші фактор өте көп. Әсіресе телеарнаның тәуелсіздігі тележурналист үшін маңызды. Бостандықтың мүмкіндігі артып, көлемі ұлғайған сайын журналистің қоғам алдындағы жауапкершілігі еселене түседі. Журналистің кәсіби тәжірибесі арқылы санасындағы имандылық нышаны да байиды» [1, 116].

Бүгінгі күні ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей құдірет қарымы күшті болып тұрған телеарнаның жағдайы баршаға мәлім. Қазақ телевизиясындағы жағдай бүгінгі таңда ауыз толтырып мақтауға тұратындай емес. Себебі, адам көрсе шошырлық бағдарламалар, небір өрескел тақырыптарды мәселе етіп көтеріп, экран алдына шығарып жатқан арналар көбейіп кетті. Эфирлік кеңістігіміз ресейлік арналарға, көшірме бағдарламаларға толықты. Телеарна қалай бағыттаса, адамзат та ырқына көнетін жағдайға жетті. Кез-келген эфирден өткен жаңалықтар мен бағдарламалар бүкіл адамзаттың жан дүниесі мен көзқарасына әсер ететін болды. Телеарналар қай тілде сөйлесе, халық та сол тілде сөйлеп, эфирде қандай бағдарлама берілсе, халық та соған қарай дағдыланатын болды.

Азаттығымызды алғаннан бері отыз жылдан аса уақыт өтсе де ұлттық тіліміз, дәстүріміз, тәрбиеміз телеарналарда кеңінен насихатталып тұрғаны көңіл көншітпейді. Қанша қалап, қанша тырысып-тырмысасқ та қазақ телевизиясы әлі күнге дейін тәрбие құралынан өзге басқа елдің өнімін беруден алыстай алмай отыр. Амал нешік, бүгінгі телеарналар бірыңғай мағынасыз көрсетілімдердің, әсіресе «Қос Лайк», «Бір болайық» секілді жеңіл-желпі бағдарламалардың ошағына айналды.

Телебағдарламаларымыздың тізгінін кәсіби шеберлігі бар, қаламы қарымды, жүзі тартымды, көрерменнің көзайымына айналған журналистер емес, әу дегеннен әнші болған жұлдыздар басып алды.

«Ресей академиясы Марр әлемдегі ең бай, ең әдемі, ең көркем тілдің бірі түркі тілдерінің ішінен «қазақ тілі» деп атаған. Сол шырайлы да шұрайлы қазақ тілін орыс тілінің көшірмесіне айналдырған телеарналар екенін жақсы білеміз. Иә, телевизия өте қуатты қару және оның тиіп кетер қаупі де бар. Теледидар экран алдында өзіне бағынып отырған адамның санасына, миына ықпал етеді. Тележурналистер қалай сөз саптаса солай көрермендерде өзгереді. Сол себепті, кез келген телемаман тіл мәдениетін сақтауға тиісті. Тілдің тазалығы, құнарлығы, мәдениеті ең бірінші хабарлардан көрінеді. Әдеби тіл сөйлеу тілімен нәрленсе, баспасөз тілі сөйлеу тіліне тікелей әсер етеді. Сондықтан, тележурналистер тілдік қорды байытып, тіл тазалығын сақтау үшін жұмыстануы қажет» [2, 383].

Қазір көгілдір экран алдында тіл мәдениетінің бұзылуы, сөз арасында «жанағы», «құрайды», «белгілі болғанындай» деп сөйлейтін журналистикадан не болмаса әдеби тілден хабары жоқ әнші, әртіс, эзілкештердің бағдарлама тізгіндегендерінен болып отыр.

Телеарна эфир аудиториясына, саяси үрдістерге, ұлттық идеялар мен мінезге және қаражатқа тәуелді. Телехабарлардың сапасы бір бөлек әңгіме. Тележүргізушілердің сөз саптауы, тіл шорқақтығы бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып тұр. Телеарнада хабар тілінің жұтандығына байланысты көрермендерде наразылық туындайтын жәйттар болады. Оның да бірнеше себебі бар. Біріншіден, қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын дұрыс ажырата алмау.

Екіншіден, сөйлемді дұрыс құрамау. Үшіншіден, үндестік заңын ескермей, сөздерді дұрыс қолданбау. Теледидардың тілінде сөз бен дауыстың құлаққа жағымды естілуі маңызды болғандықтан басқа ақпарат құралдарына қарағанда телеарнада талап жоғары. Журналистік әдепті бұзатын тағы бір нәрсе телеарнада сөзді өз орнымен қолданбау.

Телеарнадағы ток-шоу, ойын-сауық, реалисти-шоу бағдарламаларының да олқылығы бағдарлама жүргізушілерінің тіл заңдылықтарын білмеуі. Тақырыптарды бағдарламаларда алып шыға алмауы. Мұның барлығы жоғарыда атап өткендей кәсіби деңгейлі мамандардың емес, әнші актерлардың жүргізген бағдарламаларында орын алатын жағдай. Телеарна фонограммамен ауыз жыбырлатып ән айту емес, жүргізушіден шешендік тілді, энциклопедиялық білімді талап ететін сала.

Қазақ телеарналарында болатын шоу-бағдарламалардың талқылайтын тақырыптары мен жүргізу бағыты әр түрлі. Бүгінде теледидарда көңілді немесе «көрермен жеңіл қабылдайтын» телекөрсетілімдердің қарасы көбейіп кетті. Бұлардың кейбір тұсы көрерменге қызықты болса, кейбіреуі көңілден шықпайтын бағдарламалар. Анық мысал ретінде, халық арасында үлкен сынға ұшыраған «Қалаулым» бағдарламасы. Керісінше сол үрдісті үдетіп басқа телеарналар осы бағдарламаның көшірмесін жасап алды. Сөзге тиек етіп отырған бағдарламалардың бірі «Евразия» арнасындағы, «НТК» арнасындағы және «Хабар» арнасынан болатын «Qalaimyn», «КТК» арнасындағы «Кел келінім», сонымен қатар өз ойларын айтуға құмарланған «Өз ойым» секілді бағдарламалар. Бұл бағдарламалар бір уақытта көрсетілді. Бір арнада «Кел келінімнің» кейіпкерлері төбелесіп, шаш жұлысып жатса, бір арнада «Қалаулым», бір арнадан «Өз ойым» бағдарламасы болып жатады. Көрермендерге басқа таңдау болмағасын осы бағдарламаларды көруге мәжбүр.

«Хабар» арнасы ұсынған «Қарақатпен шай» бағдарламасының тележүргізушісі, әнші Қарақат Әбілдина. Бағдарламада тележүргізуші Ләйла Сұлтанқызымен сұхбат жүргізіп, сұхбат берушімен жанжалдасып қалған болатын. Бірі әнші бірі тележурналист болғасын бір-бірлерінің сөздерін тыңдамай, жүйесіз сұхбат жүргізді. Талай эфирде қонақтардың сөзін соңына дейін тыңдамай, жағаласып, тіпті жарнамамен бөліп тастаған да кездер болған. Бұл бағдарламада да дәл сондай жағдай орын алды. Екі тележүргізуші бірі сұрақ қойып отырса, келесісі сөз тыңдамай сол сұрақтың сол жүргізушінің дәрежесінде емес екенін айтып, эфир мәдениетін сақтамады. Ал өзі әнші, бірақ жұмысы тележүргізушілік болып отырған Қарақат Әбілдина сұхбаттасушының шамына тиетін сұрақтар қойды. Бұл бағдарлама жүргізушісінің қателігі. Мансабы журналист болмағасын бағдарламада қонақты сыйлап, мәдениеттен аттамай, жеке бастың әңгімесіне тоқталмауы қажет еді.

Алайда журналистикадан хабары бар журналистердің өзінде де кемшіліктер мен олқылықтар кездесіп жатады. Соның бір дәлелі, ақиқаттың астарын айтып жүрген Дина Төлепберген. Ақиқаттың ашығын айтамын деп, қазақ жастарының ойын, санасын бүлдіретін, келешек ұрпақты арсыздыққа итермелейтін шоуға айналды. «Астарлы ақиқат» ток шоуын жүргізіп, кәсіби маман ретінде көрермендердің назарына ілінген Дина бағдарламада небір өрескел оқиғаларды көрерменге ұсынып, қоғамды намыспен қайрап, мысқылдап, қазақты мазақ етіп жүр. Қазіргі таңда, Дина жасаған іс-әрекеттер тым ерсі. Тіпті апталық қозғалып жүрген оқиғалары да біртүрлі. Кәмелет жасына толмаған қызды зорлаған, енесі мен келіні дүние бөлісе алмаған, ағасынан жүкті болған тағы басқа шығарылымдары көруге ұят. Одан бөлек «Қайын атадан қойын атаға» мәселесі тіптен сұмдық. Себебі біздің бойымызға сіңбеген мәселелерді шулатып, «Астарлы ақиқат» ардан аттап, намысқа тиіп, ұлттық тәрбиемізге балта шауып отыр. Редакторы мен жүргізушісіне керегі хайп. Бағдарламада осындай сексуалды тақырыптарды қозғағаннан кайф алады ма екен? Кейіпкер Назақаттан бір емес бірнеше рет «Керім екеуің қалай болдыңдар?» деп сұрағаны мүлдем мәдениетсіздік. Сонда жүргізуші кейіпкерден қандай жауап естігісі келді? Мұның барлығы сол хайп үшін жасалған нәрсе ме дерсің?!. Онымен қоса студияда келіні күйеуі мен қайын атасының шұлығын әкелгенде «жабайық, иісі бар екен» дегені де орынсыз. Бағдарламада тележүргізушінің олай сөйлеуі «анонс» үшін, анонстың арты рейтинг үшін деуге болады. Тележүргізуші Дина Төлепберген

журналист ретінде эфир мәдениетінен аттап, этикалық нормаларды сақтамады.

Телеарнадағы еліміз бен мәдениетіміздің басты құндылықтарын насихаттайтын ток-шоу «Евразия-1» арнасындағы «Кешкі кездесу» бағдарламасы болатын. Жүргізушісі Аман Тасыған. Жадымызға жарқын із қалдырып, мәдениет, өнер, тұрмыс, қоғамның ең маңызды да өзекті мәселелерін талқылайтын бағдарлама. Бұл бағдарламаның жүргізушісіне қойылатын ешқандай мін жоқ демейміз. Бағдарламаның ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын бағдарлама екендігін ескерсек, тақырыптарының бағытына сай еместігін аңғарасыз. Мысалы, «Қырыққа келсе де қыздай» тақырыбымен болған көрсетілім. Бұл да бір құлаққа түрпідей тиетін тақырып. Журналист телеэфир этикаларын, көрсетілімді беру нормаларын жақсы біледі. Алайда журналист телеарнада этиканы бұзбаса да, әлеуметтік желідегі олқылықтары жоқ емес.

Қазір көрермендер телеарнамен қатар әлеуметтік желіні де қатар пайдаланады. Әсіресе «YouTube» желісінде орын алған әр түрлі бағдарламаларды қарайды. Себебі, ютуб кеңістігінде көп нәрсеге шектеу жоқ. Тіпті бізге тансық журналистердің өзі ютуб арнасынан арнайы канал ашқан. Біз білетін сол журналист мамандығын меңгерген белгілі журналистердің өзі этиканы сақтамай жатады. Экран мәдениетінен жүрдайлары да бар. Телебағдарламаларды жүргізіп, әлеуметтік желілердегі каналдарында ұятсыз сұрақтармен көкесін танытып жатқан журналистер де жоқ емес. Соның бірі, Арман Тасыған. Ютубтағы «Талқылайық» бағдарламасының өзінде өте жаман әңгімелер айтылып, сұрақтар қойылып жатады. Әсіресе, Баян Есентаевамен жүргізген сұхбатындағы сұрақтарды айтуға болады. «Төсекте қандайсың?» «Мүше қапты теледидарда көрген ұят па, әлде жүкті болып қалған ұят па?» деген сияқты сұрақтары тіпті журналист этикасына сай емес. Журналист үшін әлеуметтік желі болсын, телеарна, газет, радио болса да «журналист этикасы» ортақ.

Біздің отандық медиа кеңістігімізде тәлімі мен тәрбиесі бар бағдарламалар жабылып жатыр. «Асыл арна» телеарнасының да орнына басқа телеарна ашылды. «Тәлім tv» телеарнасын да «Асыл арна» телеарнасын да қалдыру керек еді. Көрерменге қажетті мәдени-ағартушылық бағыттағы телеарналарды жабудың не қажеттігі болды. Медиа нарығымызда отандық көрсетілімдер өте аз. Тіпті эфирдегі қазақ өнімдерінің үлесі бар жоғы 20 пайыз. Сондықтан қазақ телевизия саласының қарыштап, қарқынды түрде дамуы үшін, дәм болсын бағдарламалар көзін құртып, орнын отандық дұрыс, мағыналы бағдарламалар арқылы толықтыруымыз қажет.

Ата ұрпақтары ата мен әженің ертегісін тыңдап, тіл алып, нағыз қазақи тәрбие мен қазақи ортада өсті. Ол кездегі телеарнада тарихты, өткен өмірді, қазақтың бойына сіңдірді. Сол уақыттардағы телеарна нағыз тәрбие құралы болды. Ал қазіргі телеарна жастарды жақсы ойға шақырудың орнына сана-сезімін улауда. Қазіргі қазақ жастары телеарнадан қазақтың тағылымы мол тәрбиесін емес, жеңіл-желпі, арзан күлкі, мағынасыз дүниелерді көріп өсуде. Шетелдік бағдарламаларды көшіріп, біздің отандық арналардың сапасын құртып жатқан телеарналар жетерлік.

Бүгінгі күні телеарналардың сәні мен мәніне айналған мәдени арналар емес, желіктіріп жіберген бағдарламалар жастардың сана сезіміне едәуір әсер етіп отыр. Қазақ телевизиясында мәдениетке арналған арналар күн өткен сайын маңызын жоғалтып барады. Телеарналардың барлығында дерлік түрлі шетелдік телехикаялар, шетелдік бағдарламалардың көшірмелері көрсетіледі. Тіпті, эмоцияға беріліп сол бағдарлама немесе телефильмдерді уайымдап, кейіпкерлердің есімдеріне дейін жаттап алады. Тарихынан, мәдениетінен, өнерінен бейхабар ұрпақтың қалыптасуына осылайша телеарналар үлес қосып отыр. Бүгінгі қазақ телевизиясы отандық өнімдердің жоқтығынан жаңа сатыға көтеріле алмай отыр. Қазақ тілінде түсірілген өнімдердің жарыққа шықпауы мен олардың сапалы дүние жасай алмауы, сұраныстың болмауынан да деуімізге негіз бар.

Иә, қазақ телеарналары абыройлы да аса жауапты міндетті сезіндірмей жүр. Көрерменге қажетті бағдарламаларды өз дәрежесінде бермей жүр. Неге? Себебі отандық телеарналар өз бетінше бағдарламалар жасауға қауқарсыз. Тек ақпараттық бағдарламалары арқылы көрерменнің ықыласына бөленіп, рейтинг үшін жанталасуда. Не себепті біздің

қаймағы бұзылмаған салтымыз бен мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, тіл байлығын насихаттап, өнер мен мәдениетті көрсететін бағдарламалар жасамайды? Қазір телеарналар тек рейтинг үшін жұмыс істеп жатқандықтан мәдени бағдарламалардан гөрі басқа бағдарламалар арқылы көрерменді тартқысы келеді. Ал, ескінің дәстүрін ұстанғандар, әсіресе үлкен кісілер телеарнадан мәдени бағдарламаларды іздеп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шамахайұлы Қ. «Сөз бостандығы және масс медиа» ҚарМУ баспасы. Қарағанды - 2004.-116 бет
2. Афанасьев В.Г. Социальная информация и управление обществом. - М. 1981 -383стр.

ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ ДЕРИВАТТАРДЫҢ РӨЛІ

Ерікова Ақмарал Ерікқызы –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының ІІкурс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **филол.ғ.к. Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы**

Ж.А.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

Кез келген тілдік бірлік түрінің жасалуы, жалпы тілдің өзінің жасалымы секілді белгілі бір заңдылықтарға, ережелерге, үлгілерге, схемаларға негізделген адамның тілдік шығармашылық қызметінің жемісі болып табылады. Яғни тілдік бірліктің әрбірі мейлі ол фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін, дискурс т.б. болсын стихиялық түрдегі емес, белгілі бір заңдылықтарға бағынышты үдеріс нәтижесінде пайда болады. Тілде сөздер мен сөз тіркестерінің жасалуына алып келетін мұндай үдерістер мен оның нәтижелері тілдік деривация, деривациялық процестер деп аталады.Әрбір тіл өзінің сөзжасам жүйесімен айқындалып, ал сөздік қор дамуы мен толығында түрлі амал-тәсілдер мен жолдар қолданылуымен ерекшеленеді. Дегенмен олардың барлығын мына екі түрге бөліп көрсетуге болады: а) инновациялық; ә) кірме сөз қабылдау. Сөздік қор дамуының инновациялық жолы тілдегі бұрыннан бар сөздердің инновацияларға, өзгерістерге ұшырауын анықтайды. Бұл ретте инновациялар мен өзгерістерге сөздік сыртқы формасы емес, тек оның мазмұндық жағы ғана ұшырайды. Сөзжасам саласындағы мұндай тілдік деривация түрі семантикалық деривация деп аталып, тек сөз мағынасының өзгеруімен ғана сипатталады.

Тіл білімінде сөз мағынасы өзгеруінің негізгі төрт тәсілі немесе тетігі ажыратылып көрсетіледі. Олар:

- а) мағына кеңеюі;
- ә) мағына тарылуы;
- б) сөздің ауыспалы мағынасы;
- в) сөздің көпмағыналылығына алып келетін жаңа мағыналардың пайда болуы.

Мағына өзгеруінің бірінші амалы сөз семантикасының кеңеюі нәтижесінде олардың абстрактілік немесе жалпыламалық қасиетінің артуына алып келеді, керісінше, мағына тарылуы сөздің бастапқы кең мағынасын тарырту арқылы оның нақтылануын, жекеленуін қамтамасыз етеді.

Сөздің ауыспалы мағынасы дегеніміз – сөз өзінің негізгі мағынасы бойынша ақиқат болмыстың бір құбылысын немесе затын белгілесе, ауыспалы мағынасымен оның басқа бір құбылыстарын айқындайды. Мұндай тіл мүмкіндіктері ақиқат болмыс құбылыстар мен нысандарының өзара белгілі бір қарым-қатынастарда (ұқсастық, шектестік, себеп-салдарлық, локальдық, уақыттық, кеңістік және т.б.) болуынан туындайды.

Жаңа пайда болған ұғымға атау беру үдерісінде тілдің ішкі мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. Бұл құбылыс формалды жаңа тілдік бірліктің жасалуымен қатар, дайын аталымдық бірлікке жаңа семантикалық қызметтің жүктелуімен де жүзеге асырылады. Алғашқы болып бұл құбылысқа ерекше көңіл бөліп зерттеген ғалымдардың бірі

В.В.Виноградов оны сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі деп атап: «жаңа ұғымдардың тілде бар сөздермен таңбалануы», – деген анықтама береді [1,213 б.].

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, сөзжасамның бұл тәсілі тілдің үнемдеу қасиетімен, сондай-ақ ақиқат өмірдегі барлық өзгерістерді тілдің таңбалау мүмкіндігінің шектеулі екендігімен түсіндіріледі. Семантикалық дериваттар қатарына түрлі сөз таптарының (жалпы есімдер, жалқы есімдер, етістіктер, сын есімдер, үстеулер т. б.) толық мағыналы сөздері жатады. Бұл тілдік бірліктер негізі теңеуге қатысты ойлау әрекетінен құрылып, соған сәйкес семалармен беріледі. Біз «семантикалық дериваттың маңыздылығы оның жанама аталымдық қабілетінде» деген ой-тұжырымды қолдаймыз.

Жалпы екінші бейнелер бірінші бейне элементтерінің бірінің актуалдануы негізінде туындайды. Бірінші бейне тілдегі сөздің тура аталымдық мағынасымен сәйкес келеді. Бұл мағына экстралингвистикалық болмыстағы денотатты айқындаумен сипатталады. Осымен байланысты бірінші бейне денотаттың маңызды және маңызды емес белгілер жиынтығын көрсетеді. Ал тіл білімінде семантикалық дериват терминімен аталатын екінші образ референцияның басқа саласын білдіреді. Демек екінші бейне басқа денотатпен сәйкестендіріліп, оған белгілі бір қасиеттерді жүктейді. Бұл ретте денотаттың өзі немесе оның бір белгісі басқа атауға ие болады. «Кез келген семантикалық дериватта оның көпмағыналылығын көрсететін түрлі мағыналар болады» [2,10-11].

Ғалым С.Л.Акопова көпмағыналылық мәселесі жөнінде былай дейді: «Полисемия құбылысы ұқсас белгілері жоқ сөздің басқа мағыналары болып келетін, таңбалануы бір екі түрлі ұғымды білдіретін тілдік қасиетке негізделеді. Көпмағыналылық мәселесін нақты ақиқат болмыс реалийлерін көрсететін ұғымдар негізінде сөздің екінші мағыналарының пайда болуымен байланысты қарастыру көптеген лингвистердің еңбектерінде кездеседі: Л.А.Булаховский, Р.А.Будагов, В.В.Виноградов, Д.Н.Шмелев, Н.М.Шанский, А.Ф.Ефремова және т.б.» [3,7 б.].

Сөзжасам қазақ тіл білімінің жеке саласы ретінде тек соңғы 10-15 жылдың көлемінде арнайы бөлініп шықты. Бұған негіз болған – Н.О.Оралбаева, А.Қалыбаева, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, С.Нұрмұқанов, Қ. Есенов және т.б. ғалымдардың бірігіп жазған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты зерттеу еңбегі.

Ғалым Н.О.Оралбаеваның пайымдауынша: «Сөзжасам өзінің зеттеу нысаны бар тіл білімінің дербес саласы. Бұл саланың объектісіне сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік нұсқалар, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөздердің жасалу үлгілері, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық заңдылықтар мен мағына, сөзжасамның сөз таптарына қатысты сияқты күрделі мәселелер жатады» [4,8 б.].

Сөзжасам зерттеушісі белгілі ғалым Қ.Есенов сөзжасамның лексика-семантикалық тәсіліне мынадай анықтама берген: «...белгілі бір сөздің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы, омонимдік қатарда келуі арқылы жасалады. Сондай-ақ осы жол кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалту не болмаса, әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарынан танылуға жол береді. Тіл білімінде мұндай құбылыс прономинализация «сөздердің бір сөз табының екіншісіне айналуы» деп аталып жүр» [5, 6.99-100].

Ал ғалым С.Исаевтің пікірі бойынша, лексика-семантикалық тәсілді лексикалық және таза семантикалық тәсілдерге бөліп қарастыру қажет: «Лексикалық тәсілге басқа тілдерден енген сөздерді тікелей сол күйінде алу жатады... Ал семантикалық процесс, семантикалық өзгеріс сөзжасамның барлық тәсілдері арқылы жасалған туындылардың қай-қайсысында да болып отырады. Сондықтан сөзжасамның бұл түрін жалпы тіл білімінде кейде конверсиялық тәсіл деп те атайды» [6,280-281].

Біздің ойымызша, бір зат атауының басқа зат, құбылыс немесе ұғым атауына ауысуы, таңбаның жаңа мағынада, жаңа қызметте жұмсалыуына бағытталған тілдік бірліктердің басқа лексемалар негізінде жасалу үдерісі семантикалық деривация арқылы жүзеге асады.

Жаңа сөз мағынасының қалыптасуы – адамның ойлау іс-әрекетінің өнімі. Зерттеушілердің пікірлерін тұжырымдай келсек, сөз мағынасы үш элементтен тұрады. Олар:

а) субъектінің нысанды таңбалау барысындағы ойлау еңбегі; ә) аталым барысында қолданылатын құралдар, яғни атаушы субъектінің бағынышындағы тілдік құралдар (сөздер); б) аталым заты, яғни атау берілетін материалдық немесе идеалды өмір сүретін экстралингвистика-лық нысан. Аталымдық актіге және тілдік бірліктердің семантикасының қалыптасуына қатысатын үш элемент (атау беруші субъект, тілдік материал, аталатын нысан) бір-бірімен тығыз байланысты.

Семантикалық дериваттарды талдау барысында термин-атаулардың мынадай түрлерін анықтадық.

I. Сөзжасамдық үлгінің бірнеше рет әрекет етуі арқылы жасалған терминдер.

Мысалы: *азаматтардың жеке басына және мүлкіне қамқорлық жасау үшін заңмен бекітілген адам* → **қорғаншы** және жалпы мағынасы бар аффиксті атау: 1) *Қауіп-қатерден сақтаушы, ел қорғаны*; 2) *белгілі бір мүддені, мақсатты жақтаушы, қамқоршы*; 3) *Сот процесінде қылмысты адамның құқығын жақтаушы, адвокат*; 4) *Спорт қарсыластар шабуылдарына тойтарыс беретін ойыншы* → **қорғаншы**; *дүкеннен зат сатып алушы адам* → **аларман** – *алушы, алғыш* → **аларман** және т.б.

II. Сын есімдердің заттануы арқылы жасалған терминдер. «Субстантивтену деп әдетте сөз мағынасының заттануын, заттық тиянақтылық алуын айтады. Егер зат есім емес сөз не септелуге келсе, не тәуелденуге жараса, не көптік жалғауын қабылдай алса, онда бұл оның субстантивтенуге жарамдылығын көрсетеді». Мысалы: *күйгелек* (псих), *кемеңгер* (гений), *уәли* (глава, администратор), *қасақы* (браконьер), *бауырмал* (интернационалист), *қалаулы* (депутат) және т. б.

III. Қайта атау арқылы жасалған тілдік бірліктер. Аталым теориясында екінші аталымның негізгі екі тәсілі ретінде метафора мен метонимия аталады. Метафора абстракт ойлаудың алғашқы формасын көрсетеді, себебі адам санасы аталым актісі барысында ең алдымен метафораға жүгінеді.

Мәселен, жалпы әдеби тілде де, терминжасамда да пайдаланылатын семантикалық тәсіл терминологияда түрлі мөлшер мен көлемде қолданылуы-мен ерекшеленеді. Жалпы әдеби тіл сөздерінің жасалымында бұл тәсіл тұрақты және өнімді сипатқа ие деп айту қиын. Ал ғылым тілі үшін бұл ең бір өнімді және маңызды тәсілдердің бірі болып табылады. Осы тәсіл арқылы терминология үнемі өзекті болып табылатын жаңа терминдер қажеттілігін өтейді. Орыс ғалымдарының пікірінше, бұл тәсіл терминологиялық атаулар жасауының алғашқы сөзжасамдық амалы болып саналады: зерттеушілер бұл тәсілдің ғылым тілінің орыс тілі негізінде қалыптасуына дейінгі кезеңде-ақ болған деп тұжырымдайды. Жалпыхалықтық сөздердің терминологиялық атаулар ретінде қалыптастырылуы олардың ерекше мәнмәтіндерде пайдаланылуынан басталып, семантикалық арнауландырылудан (специализация) өткізілген.

Қазіргі кездегі бұл тәсілдің терминжасамдағы және жалпы әдеби семантикалық сөзжасамынан басты айырмашылығын В.В.Виноградов жалпы әдеби тілдегі семантикалық өзгеру сөздің ұзақ эволюциясының нәтижесі болып табылуында деп түсіндіреді [1,167 б.]. Дегенмен, бұл тәсіл қазіргі таңда терминологиялық лексика толығының негізгі дереккөздерінің бірі болып табылады, себебі олар терминдерге қойылатын басты шарттарға сәйкес келеді: термин қысқалығы мен уәжділігі. Біз ғалымдардың жоғарыда келтірілген ой-пікірлеріне қосыламыз, алайда сөз бен терминнің семантикалық өзгеруін талдауда оның эволюциялық даму уақытына емес, семалық талдау арқылы олардағы пайда болған негізгі мағыналық ерекшеліктерге назар аударамыз.

Мағына құрылымында семалар ерекше түрдегі құрылым түзеді және өз ішінен әртүрлі типтерге бөлінеді. Мәселен, «интегралды сема» (Д.Н.Шмилев), «архисема» (В.Г.Гак), «ядролық сема» (И.А.Стернин), «лексика-грамматикалық» (Э.Кузнецова) т.б. Қазақ тілі білімінде сөздің лексикалық мағынасының құрылымын зерттеген Ғ.Хасанов семаларды үлкен үш түрге топтастырады:

- 1) денотаттық-сигнификаттық семалар (узуалды, окказионалды, топтық, жекелік);

- 2) айыру күшіне байланысты семалар (интегралды, архисема, дифференциалды);
- 3) мазмұндық сипаты бойыншы (тұрақты, ықтималды, ассертивті, диспозиционалды, анық, бұлыңғыр, позитивті, негативті) [7, б.18-19].

Қорыта айтқанда, сонымен, қазақ тілінде жалпы қолданыстық лексиканың терминдер қатарына өту барысында бастапқы сөздің негізгі семантикалық белгісі сақталып, терминологиялық-дефинитивтік мағынада көрініс береді. Сөйтіп, кейбір ғалымдардың жалпы қолданыстық сөз терминдер қатарына енуінде (Л.А.Капанадзе) өзінің лексикалық мағынасын мүлдем жояды деген пікірлерін жоққа шығаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) Виноградов В.В. Словообразование в его отношении к грамматике и лексикологии // В.В.Виноградов. Исследования по русской грамматике. – М.: Наука, 1975. – С.160-220.
- 2) Винарева Л.В. Ономазиологические характеристики семантической деривации в современном английском языке: (Номинация человека): автореф. ...канд.фил.наук. – Киев, 1986. – 24 с.
- 3) Аكوпова С.Л. Лексико-семантический способ образования имен существительных со значением лица (на основе метафоризации): автореф. ...канд.фил.наук. – М., 1986. – 16 с.
- 4) Оралбаева Н.О. Сөзжасамның жалпы мәселелері // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – Б.8-63.
- 5) Есенов Қ. Сөзжасамның лексика-семантикалықтәсілі // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – Б.99-100.
- 6) Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
- 7) Хасанов Ғ. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 23 б.
- 8) Қазақ тілінің сөздігі. ҚР ҒЖЖБМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі институты. Алм., 1999.

ІСКЕРЛІК ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУЫ

Жалгасова Дильназ, Құлекенова Зүльфат

Ақтөбе қаласы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе

Өңірлік университеті, Қазақ филологиясы білім бағдарламасының

3 курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: **М.О.Миров, ф.ғ.к., доцент**

Іскерлік журналистика (ағылш. Business journalism) - кәсіби жанр, онда журналистер қаржы мен бизнеске қатысы бар ақпаратты қадағалайды, жинайды, жазады және талдайды, бұл билік өкілдері ("төртіншісін" қоса алғанда) мен іскер топтар өкілдеріне өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді. Және тақырыптық және тәсілдеріне деловая пресса ретінде орнығатын антипод бағытында журналистика желтая пресса. Бизнес-журналистер бизнестің дамуына ықпал ететін ақпараттық алаң құру мақсатында кәсіпкерліктің ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған (соның ішінде статистикалық, жарнамалық-ақпараттық, заңнамалық және т. б. дәрежесінен) материалдар басып шығаруға арналған. Кеміс оқырман аудиториясы мүдделерінің және баспагерлердің мүдделерінің айтарлықтай алшақтығы болып табылады.

Іскерлік журналистиканың тарихы жайлы не білеміз?

1882 жылы Чарльз Доу, Эдвард Джонс және Чарльз Бергстрессер Уолл-стрит инвестициялық компанияларына жаңалықтарды жеткізу қызметін ұйымдастырды.

Алғашқы іскер журналист-Айду Тарбелл, ол ғасырдың басында Standard Oil мұнай алыбы туралы жазған. Оның дәстүрлерін жалғастырушылар арасында Экономика, Бизнес, қаржы және маркетинг саласында маманданған журналистика мектебін құрған Financial Times редакторларының бірі Ричард Ламберт деп аталады.

Бұл бағыттағы Журналистика өткен ғасырдың 90-шы жылдары планетарлық ауқымда дамыды.

Интернетте жанр биржалық, статикалық, экономикалық ақпаратпен ұсынылған.

Кәсіби қызметі коммерциялық және қаржылық ақпаратқа тұрақты жүгінуді талап еткендерге бағытталған Іскерлік басылымдар келесі функцияларды жүзеге асырады.

Ресейдегі іскерлік журналистиканың пайда болуы

Ресейде жанр кейінірек ресімделді, бастапқы кезеңдерде материалдардың басым бөлігі бизнес фигуранттарының "табыс тарихы" болып табылады[8].

1991 жылдан 1996 жылға дейінгі кезең Ресейде іскерлік журналдар жүйесінің қалыптасу уақыты болып саналады: "Коммерсант — Weekly", "Профиль" және "Эксперт"-іскерлік журнал басылымдары пайда болады. Сол кезде салалық және корпоративтік іскерлік журналдардың қалыптасуы белсенді дамуда. XX ғасырдың соңына қарай іскерлік мерзімді басылымдар жүйесі қалыптасады: ғасырдың басында елде болған процестерге ұқсас процестер.

Іскерлік мерзімді басылым талдаушы мамандығы — саладағы ең тапшы мамандық. Ресейлік іскерлік журналистиканың ең жарқын өкілдерінің бірі "Форбс" журналының ресейлік нұсқасының бірінші бас редакторы Пол Хлебников болды.»

Қазақ тілінде тұңғыш рет құрастырылып отырған бұл кітаптың идея және жоба авторы Ербол Азанбек. Аталған кітапты жазуға экономика, қаржы және бизнес тақырыбында жазып жүрген журналистер қатысқан. Авторлардың қатарында Шолпан Айтенова, Әсия Акишева, Есенгүл Кәпқызы, Асхат Еркімбай, Әлібек Аллияров, Дінмұхамед Зиядин бар. Сонымен қатар, Мира Халина, Олег Хе, Айнура Каргалинова сынды белгілі журналистер де тәжірибесімен бөліскен.

Идея авторы бұл кітаптың қажеттіліктен туындағанын, елімізде экономика және қаржы тақырыбында жазатын жас журналистерді баулу мақсатында қолға алынғанын айтады.

«Жалпы қазақтілді аудиторияға банк, қаржы, бизнес жайлы ақпарат дұрыс жете бермейді. Өйткені бұл тақырыпта жазатын журналистер аз және сарапшылардың көбі орыстілді. Банк туралы материалды біздің қазақ журналистері екі жағдайда ғана жазады екен. Оның бірі жарнамалық тапсырыс болған кезде, екіншісі келеңсіздік жағдай болғанда шығады, яғни негатив материалдар. Осы салада жазатын журналистерді тәрбиелеу мақсатында 2013 жылы «Іскерлік журналистика» клубын аштым. Онда ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде оқып жатқан студенттерді тарттым», - дейді Ербол Азанбек.

«Кейін жас журналистерге арналған осы көмекші құралды жазып шығарсақ деген ой келді. Бір жылдай оған демеуші іздедім, дегенмен 2018 жылы еліміздегі АҚШ елшілігі қолдау көрсетуге келісті. Жалпы шетелде қаржы журналистикасы, экономика журналистикасы және бизнес журналистикасы деген үш тақырып жеке қаралады. Біз өзімізге ыңғайлап осы үш тақырыпты біріктіріп «Іскерлік журналистика» деп алғанды жөн көрдік. Басылып шыққан кітап 200 беттен тұрады, алайда электронды нұсқасының көлемі одан көп болады.

Кітап авторларының бірі Әсия Акишева экономикалық тақырыпта жазып жүрген тәжірибесімен осы көмекші құралда бөліскенін айтады.

«Экономикалық журналистика, іскерлік форматтағы журналистика бүгінгі біз арпалысып жүрген фейкньюс, сары контентке қарсы шыға алатын форматтың бірі. Өйткені экономикалық журналистикада ең алдымен аргумент және факті бар. Сондай-ақ, экономикалық журналистикада біз сандарды құр сөйлетіп қоя салмаймыз, мұнда алдымен аналитика керек. Журналист мақаласын өз оқырманына осы экономикалық тұрғыдан шешім қабылдауға көмектесу ретінде құруы тиіс. Сондықтан осы тақырыпқа келген журналист үнемі ізденіп, өз деңгейін көтеру мәселесін қарастыру керек», - дейді Әсия Акишева.

Таныстырылым барысында іскерлік-журналистика туралы ой-пікірімен бөліскен тағы бір автор Асхат Еркімбаев бұл кітаптың дер кезінде шыққанын атап өтті.

«Бұрын экономикалық тақырыптағы баспасөз мәжілісіне барғанда орыс журналистері белсенділік танытатын, ал қазақ журналистері көп үндемейтін. Неге біздікілер белсенді емес деп көп ойланатынымын. Түптеп келгенде мәселе журналистерде емес, жалпы журналистиканың бүгінгі жағдайында, оларды қорыққан ат сияқты бір бұрышқа тақап қойғандығында. Сондықтан мәселе журналистиканың қандай жағдайда тұрғандығында. Осындай сәтте Ербол сияқты жандардың пайда болып, дер кезінде қазақ журналистикасының дамуына үлес қосып жатқаны қуантады», - дейді ол.

Іскерлік журналистика Қазақстанның БАҚ саласына енді-енді еніп келеді. Оның маңызы, ерекшелігі, әлемдік журналистика тарихындағы алар орны әлі дұрыс зерттеле қойған жоқ. Сонымен қатар, қазақ журналистикасы, оның ішінде қазақ тілінде іскерлік тақырыптарда ақпарат тарататын, жалпы қазақстандық іскерлі БАҚ-тың дамуын, болашағын зерттеу де үлкен маңызға ие.

Пайдаланған әдебиеттер тізім:

1. Ш.Нургожина “Деловая журналистика”
2. А.Жакипова “Экономикалық және іскерлік журналистика”
3. Ә. МҰСАХАЕВ «Іскерлік журналистика» | BAQ.kz. 2019 ж.

ФЕЙК АҚПАРАТТАРДЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

Жұмабаева Анархан Қалибекқызы, Қалым Жәнібек

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Жалған ақпарат, кез келген өтірік секілді, бұның да бізге әкелер салдары бар. Ол біздің қандай да бір өмірімізге, ертеңгі жағдайымызға немесе дәл қазіргі психологиялық, болмаса біздің эмоциялық жағдайымызға әсер ететін ақпараттың түрі. Яғни, бұл ақпарат көбінесе шындыққа сәйкес келмейді және жалған болып табылады. Мұндай ақпарат түрін жалған ақпарат дейміз. Бұл видео, фотоға қатысты болса немесе бұрын таралған, қайта келіп жатқан ақпараттарды фейк деп айтамыз.

Адамдардың өміріне жалған ақпарат әртүрлі әсер етеді. Мысалы, белгілі бір сауда компаниясы болса, оның сауда өнімдеріне, брендіне ол кері әсер етуі мүмкін және сол жалған ақпарат арқылы оның нарықтағы құнын, нарықтағы бағасын төмендетіп жіберуі мүмкін. Тіпті жалған ақпарат, сіз бен біз білетіндей, күллі мемлекеттік органның немесе тұтас бір институционалды мекеменің, яғни мемлекеттің құлдырауына, күйреуіне де әкеп соғуы ықтимал.

2019 жылы әлемдік деңгейде басталған COVID-19 пандемиясы мемлекеттік аппараттың жұмысын өзгертуге себепші болды десек болады. Үкімет қабылдаған дағдарысқа қарсы шараларға қарамастан, мемлекеттік органдардың коммуникациялық стратегиясы, атап айтқанда, қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етудің жылдамдығы мен толықтығы тұрғысынан үнемі тиімді болған жоқ.

Саясаткерлер мен қоғам арасындағы байланыс орнатуда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор екендігін тағы бір дәлелдей түсті. Соның ішінде, дағдарыс кезіндегі екі жақтың бір-біріне құлақ асуы мен бір-бірінен бөлінбеуінде БАҚ атқаратын жұмыстар тиімді болды.

«Билік басындағылар алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруы үшін мына нәрселерді зерттеуі қажет:

- пандемия кезіндегі қазақстандықтардың әлеуметтік бейнесін;

- билік органдарының коммуникациялық стратегиясын;
- азаматтардың ақпаратты алу тетіктерін» [1] - деп көрсетті зерттеушілер еңбегінде.

Себебі, пандемия кезіндегі қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқаты бұқаралық ақпарат көздерінен көрініс тапты. Сәйкесінше, қоғамда коммуникацияға деген сұранысы бар екенін көреміз.

2020 жылдың наурыз айында енгізілген 60 күндік төтенше жағдай короновирустық инфекцияның таралуын тежей алды, бірақ шілде айында індеттің таралуы бақылаудан шығып кетті. Үкімет оған тосқауыл қою мақсатында локдаун енгізуге мәжбүр болды. Жазда биліктің шешуі тиіс мәселелері қатар келді, олар халық арасында жайлаған вируспен де, вирус тудырған кедейлікпен де күресу қажеттілігі туындады.

Аурудың таралуы шарықтау шегіне жеткенде медициналық қауымдастық мүшелерінің сұрауы бойынша қоғамық пікірге талдау жүргізілді. Себебі, дәрігерлер үшін короновирустың жаңа толқынына дайын болу үшін қоғамдағы жағдай турасында барынша толық ақпараттарды алу маңызды болды. Дағдарыс кезінде билік пен қоға бір-бірін түсінуі үшін, дер кезінде қажетті ақпараттарды алмасуы үшін, проблемаларды тауып, оларды шешу үшін ең қажеттісі – байланыс. Шыны керек, еліміздің сол уақыттағы әлсіздігі жүйеленбеген коммуникация болды.

Мемлекеттік органдар дер кезінде түсіндірме жұмыстарын жүргізбеді, жүргізген күннің өзінде сапасы нашар болды. Есеп беру стратегиясы да дұрыс әзірленбеген. Соның салдарынан, бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенім төмендеп, қоғам тарапынан жанжал күшейді. Мемлекет қоғамға ұғынықты ақпарат тарату үшін оны таратын платформаларды анықтап, зерттеуі қажет. Бұл жерде БАҚ атқаратын рөл де аз емес. Себебі, қабылданған ақпаратқа қанағаттану деңгейі эпидемиологиялық жағдайды шешуде мемлекеттік органдар қабылдаған шаралар мен билік ұсынатын ақпараттардың шынайылығына тәуелді.

БАҚ көздері тарататын ақпараттарға деген қоғамның сенімі онда қозғалған мәселеге тікелей байланысты. Мысалы, шілде айында дәрі-дәрмек мәселесі жайында жарияланған мақалаларды талдап көрейік. Өздеріңіз білетіндей, оператор «СК-Фармация» ауруханаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеді. Сондықтан, дәрілердің жеткілікті болуы соның қызметімен байланысты. Шілдеде осы оператор туралы ақпараттардың басым көпшілігі негативтік бағытта болған. Оған себеп еліміздегі қажетті дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігі мен ұйымның қажеттіліктері ретінде жалға алынған қымбат көліктер мен кеңселер.

Әсіресе «СК-Фармация» қызметкерлерін қызмет нәтижелері бойынша марапаттау туралы материалдар төменде тұрған ұйым беделін жермен жексен етті. Әлеуметтік желіде бұл оқиғаны «цинизм» ретінде қабылдап, сынға алды. Алайда, ұйым бұдан сабақ алмағанын да айта кету керек. «СК-Фармация» болған жайт үшін қоғам алдында кінәсін мойындап, кешірім сұраудың орнынан журналистерге қысым көрсетіп, материалдарды алып тастауын талап еткен. «СК-Фармацияның» ашулы қоғамға берген жауабы мынадай болды: қарапайым жұмысшылар бұған кінәлі емес және бұл олардың нәтижелі еңбектерінің ақысы. Ал ұйым дәріханалардағы дәрілердің жетіспеушілігін туындатқаннан кейін қоғам қандай нәтижелі еңбекті айтқанын түсінбей, дал болды»[2] - деп жазды rus.azattyq.org сайтында.

Аталмыш ұйым мен халық арасындағы байланыстың жоқтығына тағы бір дәлел – қатерлі ісікпен ауыратын журналистің шағымы. Ол дертіне байланысты алып жүрген тегін дәріні дәріханалардан сатып алып жүргеніне еліміздегі жалғыз дәрі дистрибьютер «СК-Фармацияны» кінәлі деп танып, сотқа берген болатын. Алайда, сот ұйымды кінәсіз деп тауып, заңгерлер бұл ұйымның құзырына кірмейтінін айтты. Егер сол жағдайда «СК-Фармация» жаншырлық танытқанда беделін көтеруге әсер етеді. Бұл шудың пандемия кезінде туындағаны да ақпараттың қабылдануына едәуір әсер етті.

Ақпарат - жүйе тұрақтылығын қамтамасыз ету құралдарының бірі болуы қажет. Себебі, ақпараттың жетіспеушілігі де, шамадан тыс болуы да мемлекеттік басқару механизмінің істен шығуына алып келуі мүмкін. Оның алдын алу үшін халықтың ақпарат алу тәсілдер мен қабылдайтын ақпарат түрлерін зерттеу арқылы коммуникациялық стратегия құру маңызды. Стратегияны әзірлеуге сарапшыларды, БАҚ өкілдерін, жұртшылықты ашық диалогқа шақыру

арқылы тарту қажет. Білікті, дәлелді, сараптамалық қорытындының жоқтығы медиа-кеңістікте жалған ақпараттың пайда болуына алып келеді. Бұл әлеуметтік шиеленіс әлеуетін, пандемиядағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. COVID-19 халықтың ақпараттық сауаттылығы, ақпаратты түсіну және дұрыс тұтыну қабілеті, адамдардың психологиялық тұрақтылығы мәселесін өзекті етті. Бұл бағытта қоғамның медиасауаттылығын арттыру қажет екені айқындала түсті.

Біздің елімізде де коронавирус жайында БАҚ беттерінде таралатын ақпараттардың кері әсері байқалады. Күнде қанша адам жұқтырып, қанша адам өлгені туралы мәліметтер кей адамдарда үрей туғызса, кей адамдарда вирустың барына күмән туғызды.

Бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат таратудың негізгі көзі болғандықтан, әсіресе, төтенше жағдай кезінде матриалдарда қолданылған суреттер, логотиптер, стереотиптер халықтың мінез-құлқына өзгеріс әкелуі мүмкін. Сондықтан, пандемияға қатысты тақырыптарды қамту, көрсету ракурсына ерекше мән беру қажет. Халықпен байланысы нашар, қоғамның мемлекеттік билікке деген сенімі төмен мемлекетте нақты ақпаратты таратудағы әлсіздіктері де осы тұстан байқалады.

Қазақстандағы әр өңірдегі БАҚ-та COVID-19-ға қарсы шаралар туралы ақпараттар әр түрлі жолмен берілді. Мәселен, Атырау қаласында шараларды сынау жиі кездессе, Павлодарда қолдау материалдары жиі кездеседі. Көп жағдайда сынға түскен үкіметтің шараларды орындау барысы болатын. Халық басында сақтық шараларын қолдағанымен, ұзаққа созылған карантинге немқұрайлы қарай бастады. Қоғамдық орындарда маска тағу міндеттелгеннен кейін жергілікті полиция өкілдері тексеріс жүргізе бастады. Алайда, тексеріс тоқтағаннан соң, маска киюді маңызды емес деп санады. Әрі карантин шаралары азаймағаны салдарынан халық арасында вирустың барына күмән туа бастады. Бірақ, БАҚ беттерінде халықтың бұл күдігі жауапсыз қалып, тек қана шаралар жайында ақпараттар беріліп отырды. Өңірлерде ақпаратты беру бағыттарының осындай әртүрлілігін үкіметтің ақпараттық ашықтығымен түсіндіруге болады.

Пандемия халықтың өзара байланысына да әсер етті. Әсіресе, сауықшыл қауымның алдағы жоспарын карантиндік шаралар өзгертті десек болады. Дегенмен, оған да бағынбағандар кездесті. Бірақ, бұл жайттар БАҚ беттерінде қандай көрініс тапты? Осы жайында тоқталып кетейік.

Карантиннің бастапқы кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдары онлайн-той туралы жаңалықтарды бере бастады. Мысалы, Almaty.tv арнасы WhatsApp мессенджері арқылы той өткізгенін хабрлады. Жас келін ата-енесінің жанына көшіп барған, ал өз әке-шешесінен батаны мессенджер арқылы алған. Бұл позитивті жаңалық боғанымен, қоғам осылай шектелгісі келмеді. Олар карантиндік шараларға қарамастан той жасауды тоқтатқан жоқ. Кей жерлерде «Карантин кезіндегі неке қию рәсімі» (Nege media, 2020) сияқты негативті жаңалықтар берілсе, кейбір порталдар аз адамның қатысуымен, маскамен өткен неке қию рәсімін жариялады. Той туралы жаңалықтардың легі айыппұл жәнге ескертумен байланысты болды. Мысалы, «Сіз үйлену тойын өткізгеніңіз үшін қамауға алынуыңыз мүмкін» (Tengrinews, 2020), «Той өткізгені үшін айыппұл салынды» (sputnik.kz, 2020), «Той өткізгені үшін қамауға алынды» (tengrinews.kz, 2020). Мұндай тақырыптағы мақалалар әлеуметтік желіде де қызу талқыға салынды. Осылайша БАҚ аудиторияға вирус көпшілік ортада тарайтынын насихаттауғы тырысты.

Тағы бір мысал ретінде Алматы мен Шу қалаларында өткен матчқа қатысып, COVID-19 вирусынан қайтыс болған солтүстікқазақстандық әйел туралы жаңалықтарды келтіруге болады (holanews.kz, 2020). Бұл жаңалық holanews.kz сайтында жарияланды, бір қызығы, басылым бұл туралы Алматы облысы әкімдігінің баспасөз хатшысының хабарлағанына сілтеме жасапты. Басқа жағдайларда полиция қызметкерлерінің өздері веб-сайттарында айыппұлдар, тұтқындаулар немесе мерекелік шараларды өткізу әрекеттерінің жолын кесу туралы жаңалықтарды орналастырды (polisia.kz, 2020). Осылайша, үкімет карантин кезінде той туралы мақалалар мен материалдарда вирустың таралуына қоғамды кінәлауға тырысты

десек болады. Бұл жерде тек үкімет дейтін себебіміз, БАҚ материалды жариялаған кезде әкімдіктер мен ұйымдарға сілтеме жасап отырды. Демек, бұқаралық ақпарат құралдары үгіт-насихат құралы ретінде пайдаланылды деуге негіз бар. Дегенмен, бұл әрекет интернет арқылы жүзеге аспады. Себебі, жоғарыда атап өткендей интернет қолданушылары арасында вирустың барына күдіктенгендер болды. Сондықтан, басшылық айыппұл салу, қамау деген сияқты әкімшілік әрекеттерді медиа беттерінде жариялау арқылы ескертуді жөн көрді.

Әдетте БАҚ пен халықтың байланысын әлеуметтік желілерден байқауға болады. Оған мысал ретінде танымал адамдардың карантин уақытында той өткізгені туралы жарияланған мақалаларды алсақ болады. Мәселен, жазда Instagram желісінде Төреғали Төреәлінің қарындасының ұзатылу тойы жайында фотосуреттер мен видеолар таралып кетті. Сондай посттардың біріне қарапайым тұрғын «Біз жаназа өткізе алмай жүрсек, бұлар той жасауда» деген пікір қалдырды (nur.kz, stan.kz, tengrinews.kz, @juldyzdar_alemi, т.б.). Дәл осындай оқиға Әли Оқапов пен Ақерке Бүркітбаева үйленген кезде де болды. Алғашында желі қолданушылары Атырау қаласындағы қалыңдықтың тойынан жалғыз суретті байқаған, бұл суретте тек жастар мен анасы болды. Бір ғана фотосуреттен қалыңдықтың ұзату тойының қалай өткенін анықтау қиын. Кейін ерлі-зайыптылардың той киімдерімен ресторанда түскен фотосуреттері жарияланды. Артынан полиция мен жергілкті әкімшілік өкілдері іске араласты. Кейін екі жұлдызға да 41 мың теңге көлемінде айыппұл салғанын хабарлады. Тергеу жұмыстарының сәтті өткеніне қарамастан, халықтың реніші басылмады. Олар «бұл айыппұлдың құны жоқ екенін» айтып, «бай үшін заң жоқ» деген сияқты пікірлер қалдырды.

Бұның артынан пандемия кезінде жоспарларын кейінге шегеруге мәжбүр болған халық қана емес, таптық көріністі байқауға болады. Осылайша, инфодемия кезіндегі ақпараттық ағын қоғамдағы тағы бір мәселенің басын ашып берді десек болады.

Елдегі жалған ақпараттарды тасушылардың бір тобы – қоғамдық белсенділер мен танымал жұлдыздар. Олар вирусқа және вакцинаға қатысты өз ойларын білдіремін деп, дезинформация таратып жатқандарын байқай бермеді. Мәселен, танымал әнші Алтынай Жорабаева өзінің инстаграм парақшасында вакцинаға қарсы екенін және оның пайдасы жоқ екенін жазды. Желі қолданушылары оның бұл әрекетіне сын айтқанымен, өкінішке қарай, қолдағандар да аз болмады.

Ағылшын тілінде ақпарат тарататын қазақстандық БАҚ-қа келетін болсақ, халықаралық ақпараттар легіне Қазақстанның имиджін көтеру мақсатында «күшті және тұрақты» үкіметтің бейнесін көрсетуге тырысты. Олар пандемия кезінде проблеманың «жеңіл» қылып көрсетті. Ал отандық БАҚ үкіметтің пандемия кезіндегі шараларды талдамастан, аудиторияға ұсынуды жөн көрді. Сондай-ақ, елдегі карантин кезіндегі басқа мәселелерді жарияламады (оппозициялық белсенділердің тұтқындалуы, соттар, денсаулық саласына қатысты сыбайлас жемқорлық фактілері). Елемеуге мүмкін болған жағдайда ғана, оларды қысқаша ұсынды (мысалы, статистиканы өзгерту). Басқаша айтқанда, пандемия кезінде әшкере болған мемлекеттік мәселелерді коронавирустың артына «тығып қойды».

Одан бөлек қазақстандық БАҚ коронавирусты «әлемдік дағдарыс» ретінде жиі көрсетті. Олар вирустың бар екенін мойындай отырып, қатты зардап шеккен шетел мемлекеттерді хабарлау арқылы, халыққа «бәрі бақылауда» екенін көрсетуге тырысты. Мәселен, АҚШ, Оңтүстік Корея, Италия сияқты елдерде өлімнің көп болуын айтсақ болады. Мұндай жаңалықтарды Қазақстандағы жағдай басқа елдермен салыстырғанда «жақсы» деген көзқарасқа бағыттады. БАҚ беттерінде жарияланған ақпараттардың көп бөлігі аналитикалық емес, сипаттамалық формада болғандықтан ақпарат құрылымына күмән туындайды. Сол сияқты, KazInform ақпараттық порталы шетел жаңалықтарын берген кезде басқа ақпарат көзіне сілтегенімен, нақты авторын табу қиынға соғады (бұл ақпараттың рас-өтірігін тексергісі келетін қарапайым тұрғынға қиындық туғызады). Қазақстандық БАҚ COVID-19 таралуының алдын алу бойынша үкіметтің саясатын жариялауда жақсы жұмыс атқарғанымен, олар ел ішінде пандемияның себептері мен салдарын талдай алмады.

Сайттарда коронавирус жайында жарияланған ақпараттармен тіркелген фотосуреттер

де ақпараттарды қабылдауға әсер етеді. Олар болған оқиғадан хабар бергенімен, шындықты бұрмалауы да мүмкін. Мәселен, Ясемин Озер жүргізген зерттеулер дәрігерлер мен ауруханалардың суреттері манипуляциялық күшке ие екенін көрсетті. Сайттар қолданған осы тектес суреттердің көбі шетелдерде түсірілгендіктен, Қазақстандағы ауруханалардың шынайы бейнесін бұрмалатты. Ал, саясаткерлер мен атқамінерлердің суреттері анық берілуі пандемия кезіндегі әрекеттер солардың тарапынан деген түсінік қалыптастырды. Ал, қымтанған медициналық қызметкерлердің бейнесі негативті мағынадағы жаңалықтармен беріліп отырды. Сондай-ақ, науқас адамдардың бейнесіне көбінесе қарт адамдардың суреттері қолданылды. Осылайша, вирустан қатты зардап шегетін қарттар деген ой келеді. Карантин күшейген кезде құқық қорғау қызметкерлерінің суреттері жиілей бастады. Әсіресе, көпірлер мен қала сыртындағы блокпосттардың фотоларын көп байқауға болады. Осылайша, аудитория санасына қорқыныш ұялату үшін шындыққа жақын фотоларды қолданып отырды. Ал науқастардың емделіп жатқандығын хабарлаған кезде керісінше шындықтан алыс суреттер пайдаланылды. Сондай-ақ, графикаларда да түстер арқылы аудиторияның психологиясына сигнал беріліп отырды. Мысалы, қайтыс болғандар жайыс статистика берілген кезде көп жағдайда қызыл түс қолданылды. Кейіннен вакцина алғандарды хабарлаған кезде көк түсті пайдаланған.

«Коронавирусыға қатысты тағы бір ойлап табылған миф – вирусты Ресей, Қытай елдері немесе Джордж Сорос пен Билл Гейтс секілді филантроптар ойлап тапқан деген пайым. Олардың мақсаты – вакцина арқылы бүкіл әлемді бақылауда ұстау немесе басқару. Сондай-ақ вирусты 5G технологиясымен байланыстыру тұжырымы да кең таралды (Wasim Ahmed, және т.б. 2020.) [3] – деп келтіреді өз зерттеуінде журналист Есенгүл Кәпқызы.

Фейк ақпараттармен күресу мақсатымен ашылған EUvsDisinfo.eu платформасы 15 тілдегі ақпаратқа сараптама жасайды. Негізгі бағыты – Ресей кампаниялары тарататын фейктермен күресу. Аталған ресурстың мәліметіне сүйенсек, орыс тіліндегі коронавирусы туралы алғашқы фейкті Sputnik News ақпарат агенттігі таратқан. Конспирологиялық теорияның шаблондары да ұқсас: вирустың таралуына қандай да бір мемлекет, адам, ұйым кінәлі немесе қатысы бар.

«Жас Алаш» газетінің 2020 жылдың 14 шілдедегі санында белгілі спорт комментаторы, марқұм Амангелді Сейітханның «Ар мен нәпсі соғысы жүріп жатыр» [4] деп аталатын мақаласы жарық көрген. Журналист оқырмандарға саламатты өмір салтын насихаттауды мақсат етеді. Дегенмен мақала авторы спортты, таза ауаны насихаттай отырып, қымыз бен жылқы етінің коронавирусыға ем екенін, сондай-ақ өкпеге тыныс алу гимнастикасын жасау арқылы вирустан емделуге болатынын айтқан. Әрине, мақала авторының ешқандай конспирологиялық теорияларды әдейі тарату жөнінде ойы болмаса да, «коронавирусты халық тағамдары емдейді екен» деген ақпаратты тарату арқылы оқырманды адастырып отыр Оған сенушілер де аз емес. Қазақта жылқы етінің пайдасы бар екенін біледі, бірақ неліктен бұл мақала конспирологиялық теорияға жатады?

Конспирологиялық теорияға көбіне өзінің не өзі жататын топтың комплексінен құтылғысы келетіндер сүйенеді. Мұндай сенім нарциссизммен тікелей байланысты. Яғни, бұл – өз-өзін ұлықтау дегенмен пара-пар. Мәселен, вирусты арақпен, ұлттық тағамдармен емдеуге болады дегендер өз ұлтының артықшылығын көрсеткісі келеді.

Лид университетінің тарихшысы және медианалитигі Илья Яблоков өзінің «Ресейлік мәдениет: посткеңестік кеңістіктегі конспирологиялық теория» атты еңбегінде былай деп жазады: «Әлеуметтік психологтардың сөзінше, мұндай теорияға күмән мен сенімсіздіктен нанады. Сондықтан, егер біреу конспирологияға сенсе, біріншісіне қайшы болса да, басқа конспирологияға да сенеді. Бұл сол адамның жағдайына байланысты» [5].

Бұған Әділ Ақылбайдың «Одақбастар ойынында қазақтың денсаулығы құрбандыққа шалынып кетпесін» атты мақаласы мысал. Ол жерде Ресейден әлі де тексерістен толықтай өтпеген, короновирустың емі ретінде тіркелген «Авифавир» атты дәрісін Қазақстанға әкелмек болғаны жазылған. Қазақстандық Factcheck.kz сайты бұл мақалаға «манипуляция» деген үкім

қойды. Оған себеп мақаладағы мына жолдар болды: «Күні кеше Қазақстанға Ресей ТЖМ ұшағы қонғанын баспасөз жарыса хабарлады. Бұл делегацияның коронавирусқа қарсы ресейлік дәрі мен біздің денсаулық сақтау министрлігі әзірлейін деп отырған вакцинаны қазақстандық науқатарға тықпалаумен айналыспайтындарына кім кепіл?... Енді солтүстік көршісімен саяси ойында жеңілген Қазақстан азаматтарының денсаулығы құрбандыққа шалынып отыр».

Ал, «Егемен Қазақстан» газетінде «Ауру асқынды: дәрі жоқ, маска қымбат» атты мақала жарияланды. Ол жерде оқиға сипатталғанымен, нақты талдау, сараптау болмады. Бұл мақала мемлекет дәрінің жоқтығын мойындағаннан кейін ғана жарияланды. Qazaqstan телеарнасы да ресми мәлімдемеден кейін дәрі жоқтығын «манипуляциялық» жолмен хабарлады. Мысалы, «3 миллион қораптан астам дәрі жеткізілді», «Емдеу мекемелері дәрі-дәрмекпен толық қамтылады», «Алматыда дәрі-дәрмек тапшылығы шешімін тапты», «Дәрі-дәрмектің негізсіз қымбаттауына негізсіз жол берілмейді», «Дәріханаларға қажетті дәрілер жеткізіліп жатыр». Осылайша ресми БАҚ халықтың шынайы проблемасын ашып көрсетпейтінін біле аламыз.

28 мамырдағы санында «Коронавирустан қайтыс болғандарды қайтіп жерлейді?» деген тақырыпта, статистика құрбанына айналғандар жайында сөз қозғады. Дәл осы тақырыпта Malim.kz сайты «Коронавирустан қайтқандардың санын жасанды түрде көбейтіп отыр ма?» деген мақала жариялады. Екеуінде де бір оқиға баяндалады.

Бауырының жұмбақ өлімі әпкесі Ләззат Дүйсембекова мен оның жақындарын күдік ұялатады. Туыстары азаматтың вирустан қайтқанына сенбей, «статистиканы көбейту» үшін деген болжам айтады. Ал, БАҚ осы тіркесті басты назарға ұсынады. Шын мәнінде, тұрғындардың сөзі дәлелсіз, ал ресми органдардың жауабы нақты емес, тіпті кей жағдайда берілмеген. Осындай материалдарды жариялау арқылы БАҚ халықтың билікке деген сенімін одан әрі әлсіретіп жібереді.

Бұдан бөлек Malim.kz сайты әлеуметтік желіде таралған ақпараттарға сүйенген материалдар жариялады. Әлеуметтік желі екінің бірінде болғандықтан оны тексеру керек. Алайда, сайт бұны қажет деп таппады. Мысалы, «Ақтөбеде мәйітханалар толып кетті» деген мақала тек желі қолданушылардың берген мәліметіне негізделіп жазылған. Ол мәйітхананы тексеру, құзырлы органдардан жауап алу деген сияқты шешімдерді қолданбай, облыс әкімінің кеңесшісі Әсет Қалиевтің «Вирустан 47 адам қайтыс болды деген» сөзін ғана келтіріп кетеді. Ешқандай ресми мәліметтің жоқтығы күмән тудырады, алайда қарапайым халық бұл ақпаратқа оңай сенеді. Себебі, әлеуметтік мәселенің түп тамыры осында жатыр.

Коронавирус енді таралып, дауасы әлі жоқ болған кезде «Қызылордада коронавирусты емдейтін емші шықты» деген мақала тарала бастады. Ол жерде бір емші вирустан, пневмониядан емдей алатыны және ол үшін бүкіл Қазақстанды аралайтыны туралы жазылған. Отандық БАҚ осындай фейк ақпараттарды теріске шығарудың орнына, оның таралуына «септігін» тигізді.

2022 жылы қаңтардың 11-нде Factcheck.kz сайты [6] былтырғы жылы көп таралған вирус пен конспирологиялық теориялар жайында фейк ақпараттар топтамасын жариялады. Одан бөлек аталмыш сайт әлеуметтік желі мен месенджерлерде жиі кездесетін фейк мәліметтерді әшкерелеп отырады.

Осыдан 2 жыл бұрын әлеуметтік желіде қызыл ұнтақ шашқан ұшақтың видеосы таралып кеткен болатын. Сипаттамасында Маңғыстауда адамдарды коронавируспен әдейі улап жатыр деп жазылды. Оны қазақстандық БАҚ белсенді түрде жоққа шығара бастады. Ең алғаш болып inform.kz сайты Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің сөзін келтіріп, видеоның Қазақстанда түсірлімгенін және қызыл ұнтақтың өрт сөндіруге қолданылатынын мәлімдеді. Мұндай ақпаратты Оңтүстік Африкада кеңінен қолданылатын news24.com мен мексикалық theguardian.com сайты теріске шығарды.

Одан бөлек коммерциялық БАҚ-тар да ресейдің пропагандасын жариялап отырады. Мәселен, Malim.kz сайты ресейлік ТАСС ақпараттық агенттігі жариялған ақпараттарды,

аударып аудиториясына ұсынып отырған. Мәселен, коронавирус Қытай мен АҚШ-тың арасындағы бәсекеден туындады деген конспирологиялық теорияны ашықтан ашық таратқан. Ал, ТАСС агенттігі вирустың Қытай зертханасында пайда болғанын айтып, Трамптың бұл жайында айтқан көзқарасын келтіріп кетті. Өз кезегінде экс-президент бұл теорияны қолдамады да, жоққа шығармады да. Сондықтан, сайттың бұл мақаланы қандай мақсатпен жариялағаны зерттеушілерге түсініксіз күйінде қалды.

Жалған жаңалықтар тек әлеуметтік желілерде ғана емес, кәсіби журналистика көзі саналатын баспасөздер мен телеарналарда да жарияланды. Ал олардың дені әлемде таралған фейк ақпараттар. Кәсіби БАҚ-та әр уақытта қайталанып шыға беретін зомби-фейктерді кездестірмейсіз. Дегенмен, олар жоғарыда айтылғандай түрлі дезинформация таратты. Кәсіби БАҚ таратқан ақпараттарды екіге бөлуге болады. Біріншісі, аудиторияны шындықтан алыстататын конспирологиялық теориялар. Екіншісі, мемлекеттегі және әлемдегі шынайы бейнені жасыру үшін таратылған манипуляциялық жаңалықтар. Мұндай ақпараттардың тарауына тек БАҚ ғана емес, билік те кінәлі. Себебі, олар ақпараттарды дер кезінде және толық нұсқада бермегенінің салдарынан журналистер болжам мәліметтерді беруіне тура келді.

Жалпы, ақпаратты тексергенде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану керек. Оның ішінде ашық деректер бар, қазақстандық және халықаралық ашық деректер қоры бар. Бұдан бөлек қарапайым ғана әдіс уотсапқа келген фото, видеоны youtube data viewer немесе google image search-тың көмегімен тексеруге болады. Яғни гуглға салып, осындай фото бар ма, жоқ па, кездесті ме, кездеспеді ме деген секілді сұрақтарды іздеп қараймыз

Бір сөзбен айтқанда, кез-келген деректерді болмаса да, өте көп ақпаратты, фактіні, даталарды ашық дерек көздерінен табуға болады. Мәселен, Қазақстандағы ең үлкен ашық дерек қорлары – бұл электронды үкімет порталы – egov.kz және соған тиесілі бірнеше порталдар. Бұл – «ашық үкімет», Қазақстанда «Ашық дерек порталы, «Ашық бюджет» және бұдан бөлек бірнеше министрліктердің сайттары бар. Мысалы, статистика комитетінің сайты, qamqor.gov.kz деген сайт бар. Бұлардың барлығы – ашық дерек. Демек, біз бұлардан осы таралып жатқан жалған ақпаратқа, фейктерге қатысты дәлелдерді, ақпараттарды таба аламыз. Сол себептен де біз оларды ашық дерек дейміз.

Жалпы, ашық дерек қорлары қазақстандық және әлемдік немесе жергілікті және әлемдік болып екіге бөлінеді. Ал әлемдік ашық дерек қорларына статистика сайты, БҰҰ-ның, ЮНЕСКО-ның сайты, тағы-тағы сол секілді бірнеше халықаралық ұйымдардың, база жинайтын ұйымдардың, Дүниежүзілік банктің, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдарының сайты жатады. Көп жағдайда осылардан қарағанымыз дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан және COVID-19: медиа, мәдениет, саясат. // Ғылыми редакторы және жоба координаторлары. Молдияр Ергөбек, Жанар Темірбекова. – Алматы, 2021. «Фактчекинг журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы», Александр Гороховский (аударған: Гүлмира Қамзиева)
2. www.azattyq.org, 2020.
3. Есенгүл Кәпқызы. Қазақ тілді медиадағы конспирология теориясы және жалған ақпарат / «Қазақстан және COVID-19: медиа, мәдениет, саясат. Ғылыми редакторы және жоба координаторлары. Молдияр Ергөбек, Жанар Темірбекова. – Алматы, 2021.
- 4.Илья Яблоков «Ресейлік мәдениет: посткеңестік кеңістіктегі конспирологиялық теория», 2020.
5. Амангелді Сейітхан. Ар мен нәпсі соғысы жүріп жатыр// «Жас Алаш» газеті, 14 шілде 2020 ж.
- 6.www.factcheck.kz, 2022. 11 қаңтар.

ЛЕПТІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Керимкулова Ажар Керимжановна –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының II курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **филол.ғ.к. Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы**

Ж.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

Қазақ тіл мамандары лепті сөйлемді айтылу мақсатына қарай өз алдына жай сөйлемнің бір түрі ретінде береді (А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Р.Әмір, т.б.). Дегенмен кейбір авторлар оны бұйрықты сөйлемнен ажыратпай қарастырады (С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, А.Әбілқаев және т.б.). Ал енді бір ғалымдар лепті сөйлемді өз алдына жеке түр ретінде де қарастырады (О.Төлегенов).

Лепті сөйлемдерді мағыналық және жасалу ерекшелігі жағынан топтастырған ғалым М. Балақаев болды. Автор еңбегінде мынадай топтары берілген:

1. *Қорқу, сескену, аяу, өкіну, таңырқау* сияқты кісінің көңіл күйін білдіретін сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында **ау, еу** демеуліктері айтылады;

2. а) баяндауышы бұйрық рай тұлғадағы етістік баяндауышты сөйлем кейде тілек мағынасында айтылады: *Жасаған-ау, бала бере көр!*

ә) баяндауыштары етістіктің шартты рай тұлғасында айтылып, бірдеңені *көксеу, арман ету* мағынасында лепті сөйлем жасалады; күрделі баяндауыштың негізгі сөзі келер шақтық есімше болып, одан кейін сұраулық *-ма/-ме* шылауы мен еді көмекші етістігі тіркесіп те *арман мәнді* лепті сөйлем жасалады.

3. Өткенде істелуге тиісті, бірақ істелмеген, болмаған іске өкіну ретінде айтылатын да лепті сөйлемдер болады. Ондай сөйлемдердің баяндауыштары екі түрлі болады:

а) болымсыз тұлғадағы өткен шақтық есімше мен есімше тұлғасындағы көмекше етістік (*екен*), одан кейін демеулік *де* тұрады: ... **жібермеген екенсің де!**;

ә) бірінші жақ шартты рай тұлғасындағы етістікке *-шы/-ші* қосымшасы жалғанады; тұйық райлы етістікке *керек еді гой* деген тіркес жалғасатын күрделі баяндауышты лепті сөйлемдер де кейде *өкініш мәнді* болады; кейде, тұйық етістікке *-ың/-ің* қосымшасы жалғанып, одан кейін *гой* шылауы жұмсалған күрделі баяндауышты сөйлемдер де өкініш мәнде айтылады;

4. Бірдеңені *асыра мақтан ету, масаттану, қолпақтау* мағынасында да лепті сөйлемдер жасалады. Ондай сөйлемдер ішінде *қандай, гажап, неткен, болғанда қандай, пай-пай, ай* деген сөздер болады. Тұлғасы сұраулы сөйлемдер де кейде экспрессивті мағынасындағы лепті болып жұмсалады: ...*қай мазағың?! [1]*.

С.Аманжолов 1940 жылы шыққан еңбегінде лепті сөйлемнің он бір түрін сипаттайды: «1. бұйрық; 2. үгіт-насихат; 3. көңіл күйімен байланысты айтылған қуаныш-қорқыныш; 4. реніш-аяныш; 5. қарсылық-қошемет; 6. серт (ант-уәде); 7. алғыс-қарғыс; 8. шаршау-талықсу; 9. кеку-мұқау; 10. арнау; 11. тілек-қалау» [2].

О.Төлегенов лепті сөйлемдердің ұғымы кең екені, оның айрықша интонация арқылы да, айрықша синтаксистік, лексика-грамматикалық тәсілдер арқылы да қалыптасатынын айта келіп, оларды екі топқа бөледі:

1) *айрықша интонациялы сөйлемдер*. Лепті сөйлемдер айрықша интонация арқылы құралғанда, айтушының хабар, сұрақ, бұйрық түріндегі баяндауына үстемелей белгілі бір эмоциялық қатынасын, көңіл күйін білдіреді. Айрықша немесе лептік интонация деген, біріншіден, құбылмалы ырғақ түрінде жұмсалады... Екіншіден, лептік интонация түрлі мағыналық вариантта беріледі... Үшіншіден, лептік сөйлемдер арнаулы тұлға-құрамда болып қалыптасқанда да, осындай айырым мәнді құбылмалы ырғақпен сараланып айтылады.

2) *айрықша тұлға құрамды сөйлемдер*:

- Лепті сөйлем шартты рай тұлғасы арқылы құралады. Мұндай сөйлемдер тілек-сезімді білдіреді;

- Лепті сөйлем белгілі бір демеуліктер мен модальдік сөздер арқылы құрылады;
- Лепті сөйлем арнаулы бір есім, етістік сөздер арқылы құралады. Мұндай сөйлемдер басым нитонациямен беріліп, ерекше бір эмоциялық айтушы қатынасын білдіреді. Оның өзі белгілі құбылыс, болмысқа деген баға ретінде не оның сипаттамасы ретінде айқындалады;
- Лепті сөйлем мүшеленбейтін атаулы сөйлемдер ретінде құралып жұмсалады.
- Лепті сөйлемге әдет-ғұрыпқа байланысты айтылатын сөйлемдер жатады (амандасу, қоштасу, қошемет-тілек, алғыс-қарғыс, кешірім сөздер, ант-уәде, құттықтау);
- Лепті сөйлем арнаулы бір қаратпа, қыстырма сөздердің мақсат мәнді сөйлемдерде жұмсалуды арқылы құрылады;
- Лепті сөйлем көңіл күй одағайлары арқылы құрылады [3].

Р.Әмір лепті сөйлемдердің баяндауыштарының жеке-жеке формаларына, олардың қызмет ерекшеліктеріне қарай төмендегідей парадигматикалық қатарын саралап көрсеткен:

- субъектіге тән сапаны эмоциялы түрде атау үшін *айтса айтқандай, мықты десе мықты* тәрізді құралған баяндауыштар қызмет етеді;
- субъектіге тән іс-әрекетті ерекше екпін түсіріп, тұжырып айтуда *алғаным алған, алғаны алған, айтатыным айтамын* тәрізді құрылған баяндауыштар жұмсалады;
- эмоциялы баяндауыштың бір түрі *келетіні келеді, келуі келді (келген)* тәрізді болып жасалады;
- компоненттері *да, де* жалғаулықтары арқылы біріккен күрделі баяндауыштар *да (алды да кетті)* эмоциялық күйді білдіру үшін қызмет етеді;
- эмоциялық баяндауыш «сын есім *десеңші*», «етістік *десеңші*» болып құралады: *күшті десеңші*.
- «етістік дейсің (деймін)», «есім сөз деймін» болып құралған баяндауыштар *да* іс-әрекетті эмоциямен атау үшін жұмсалады: *жауды дейсің, ұстамын деймін*.
- эмоциялы баяндауыштардың бір түрі *-тын, -тін* формалы есімше немесе есім сөз және *өзі* есімдігінің бірігуі арқылы жасалады. Есімше, есім сөз және *өз* есімдігі матасып байланысты: *сөйлейтіннің өзі, күлегештің өзі*.
- эмоциялы баяндауыштың тағы бір түрі *алғанды шығарды* тәрізді болып құралады: *-ған, -ген, -тын, -тін* формалы есімше *шығарды* етістігімен тіркесіп, бір баяндауыштық форма құрап тұр.
- бір топ баяндауыштар тек өткен шаққа қатысты іс-әрекетті эмоциямен атау қажет үшін қызмет етеді. Солардың бірі *-ғаным* тұлғалы есімше мен *бар ма* сөзінің тіркесуінен жасалады: *келгенім бар ма*.
- эмоциялық мағына білдіретін мына баяндауыштық форма *да* құралуы жағынан ілгері аталған формаға жақын: *алмасы бар ма*.
- өткен шақ етістіктің болған баяндауышқа эмоционалдық сыңар болып *келмесін бе* тәрізді баяндауышқа эмоционалдық сыңар болып *келмесін бе* тәрізді жасалған баяндауыштар жұмсалады. Баяндауыш құрамына бұйрық рай тұлғасындағы боллымсыз етістік пен сұраулы шылау кіріп тұр. Бұл эмоциялы баяндауыштың ілгергі аталған *алғаны бар ма, алмасы бар ма* тәрізді формалардың екі айырмашылығы бар. Біріншіден, *алмасын ба* ілгергілерге қарағанда жинақы, қысқалау форма. Сөйлеу үстінде, белгілі коммуникативтік жағдайға сай бұның талғанатын реті болады. Екіншіден, бұл форма өткен шақтық істі білдірумен қатар, тұрақты болып тұратын іс-әрекетті де білдіреді де, мақал-мәтелдер құрауда жұмсалады. *Қасқырдан бөлтірік тумасын ба* (Б.М.).
- өткен шақта болған іс-әрекетті эмоциямен, әсерлі етіп айту үшін *-ар, -ер* тұлғалы есімше мен шылау *ма, ме* бірігіп жасалған баяндауыш та қызмет етеді: *жетіп келермінбе, ала қоярсың ба, айта қояр ма*.
- эмоциялы лепті сөйлем құрайтын баяндауыштардың бір түрі «болымсыз шартты райлы етістік – *ба (бе)*» болып құралады: *алмасам ба!* бұл баяндауыш шартты рай болымды етістіктен жасалып тілекті, арманды білдіретін баяндауыштарға сыңар ретінде пайдаланылады: *алсам-алмасам ба*.

– шартты рай тұлғалы етістіктен жасалған баяндауыш тілекті, арманды эмоциямен білдіру үшін жұмсалады: *Оқуды бітірсек! Ел-жұртымызға қолымыздаен келген пайдамызды тигізсек!*

– болымсыз мағыналы баяндауыштар қатарында экспрессивті сыңар ретінде «-ған, -ген (-қан, -кен) – емес» болып құралатын форма жұмсалады: келген емес, көрген емес.

– экспрессивтігі жоқ болымсыз мағыналы баяндауышқа стильдік вариант ретінде «шартты рай етістіктің болымды түрі – ба (бе) болып» құралған баяндауыш жұмсалады: *айтсам ба (айтпаймын).*

– кезінде істелген істі өкінішпен білдіру үшін көсемшенің болымсыз түрінен жасалған баяндауыш жұмсалады: *алмай, көрмей.*

– көсемшенің болымсыз түрінен жасалған баяндауыш (алмай) кезінде істелмеген істі өкінішпен атау үшін қызмет етсе, *-ып, -ін* формалы көсемше сөз істеген істі, әрекетті өкінішпен атау үшін қызмет етеді: *Әр нәрсеге ренжіп!*

– ашық рай болымды баяндауыштарға эмоциялы сыңар форма ретінде мына ретпен құрылған баяндауыш жұмсалады: *-уға (-ғанға)* формалы етістік – *дейін – барды. Ұрысуға дейін барды, ұрысқанға дейін барды.*

– ашық рай болымсыз баяндауышқа эмоциялы сыңар ретінде жұмсалатын зат есім – *құрлы – көрмейді*, субстантивтенген есімше – *құрлы – көрмейді*, зат есім *құрлы – болмайды*, есімше – *құрлы – болмадым. (Күрке құрлы болмады, алған құрлы болмады)* болып құралған баяндауыштар бар [4].

«Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) лепті сөйлемдердің эмоцияны білдіру міндетіне екі жақтан бейімделгені айтылған: а) құрамы жағынан; ә) баяндауыш мүшенің формасы жағынан. Сондай-ақ реплика ретіндегі лепті сөйлемнің екі түрі берілген:

1) ренішті білдіретін реплика-сөйлем;

2) сес білдіретін реплика-сөйлем [5]. Сонымен жоғарыда лепті сөйлемдердің жасалу жолдары, мағыналық типтерін бөлуде ала-құлалық болғанымен, олар бірін-бірі толықтыра түсетіні байқалады. Жұмыс дәстүрлі синтаксистік парадигманы негізге алып отырғандықтан, лепті сөйлемдердің парадигма-тикалық қатары жасалу жолдары арқылы көрсетілді:

1. Шартты рай тұлғасы арқылы жасалуы. Мұндай сөйлемдер тілек-сезімді білдіреді. Лепті сөйлемдер баяндауышы I, II, III жақтық шартты рай тұлғасында парадигмалық қатар түзеді:

Шартты рай	I жақ	– ... қазақша ән айта жөнелсем!
	II жақ	– Сен де маған қосыла жөнелсең! (С.Мұқанов)
	III жақ	– Шіркін жастық! Жиырма бес осы кезде бір келсе!.. (Ғ.Мұстафин).

2. Лепті сөйлем белгілі бір демеуліктер мен модальдік сөздер арқылы құрылады:

а) Демеуліктер арқылы (<i>ғой/қой, ау, да, де, та, те</i>), <i>ақ, ай</i>	– <i>Тогжан! Япырмау, жақсы айттыңыз-ау!</i> (М.Әуезов)
	– ... <i>Ән салса, Әйгерім ғана салсын да!</i> (М.Әуезов).
	– <i>Қалай айттың? Төбемді көкке жеткіздің ғой!</i> – деді (М.Әуезов).

ә) <i>Ма</i> демеулігі мен <i>еді, де</i> көмекші етістіктері арқылы	– <i>Па, шіркін, мына атқа мінер ме еді!</i>
--	--

3. Лепті сөйлем арнаулы бір есім, етістік сөздер арқылы құралады.

а) Керемет, тамаша,
ғажап, масқара
сын есімдер арқылы

– Жүдә, тамаша! Жүдә, тамаша сыйлық!
(С.Мұқанов)
– Ғажап еңбек! Ғажап байлық! (С.Мұқанов)

ә) Қандай, не, қалай,
қаниша, қайсы
сұрау есімдіктері
мен міне сілтеу
есімдігі арқылы

– Үзілмей, қатаймай соққан, бір қалыппен желпіп
соққан әдемі, салқын қоңыр жел қандай рахат !
(М. Әуезов).
– Міне азамат!

б) Қара, айт, байқа,
де, көр, бол етістіктер
арқылы

– Кәпірдің мөп-мөлдірін қарашы! (Ғ.Мүсірепов).
– Қазір өлең айтады, көрерсіңдер! (М.Әуезов).
– Кәдімгісін айтпай енді қай шайтанды айтып
отыр ғой дейсің! (О.Әубәкіров).

Сөйлеу (речь) теориясы тұрғысынан лепті сөйлемдер тілдің негізгі қызметінің бірі эмоцияны білдіру басты құралы болып табылады. Лепті сөйлемдер құрылымы жағынан әртүрлі болып келеді эмоцияны білдірудің құралы ретінде олар толымсыз тұлғада көбірек ұшырасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Білім, 2004. – 224 б., 23-25 бб.].
- 2 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
- 3 Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 179 б., 155-177 бб.
- 4 Әмір Р. Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 199 б., 79-86 бб.
- 5 Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис: I, II бөлім. – Алматы: Ғылым, 1967. – II бөлім. – 236 б., 127-130 бб.
- 6 Қазақ тілінің сөздігі. ҚР ҒҖЖБМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі институты. Алм., 1999.
- 7 Ақкөзов Ә.Ә., Қайырбекова Ұ.С. «Қазіргі қазақ тіліндегі парадигмалардың лингвистикалық және зерттеу тарихы». Оқу құралы. Шымкент, 2017ж.

ПЕРВЫЕ КАЗАХСКИЕ ИЗДАНИЯ О МУЗЫКЕ

Косанова А.Ш.

Казахская национальная академия искусств
им.Т.Жургенова (Алматы), ассоциированный профессор

С 1 января 1911 года начал свое издание первый общественно-политический и литературный журнал «Айкап». Это стало большим событием в культурной жизни казахского народа. Журнал выходил на казахском языке в городе Троицке Оренбургской губернии до сентября 1915 года. Первое национальное издание журнального типа «Айкап» печатался в типографии «Энергия», его объем составлял 16-24 страницы. Организатор, издатель и редактор журнала «Айкап» - писатель, поэт, педагог, журналист, публицист Мухамеджан Сералин (1872-1929). Началу открытия журнала предшествовала большая подготовительная работа: сбор денежных средств, поиск авторов, шрифтов, наборщиков, обеспечение материально-технической базы.

В первые месяцы журнал выходил один раз в месяц, с 1912 года – два раза в месяц. За пять лет существования журнала было издано 88 номеров. в 1911 году – 12 номеров, в 1912 году – 14 номеров, в 1913 году – 24 номера, в 1914 году – 24 номера, в 1915 году – 14 номеров. По некоторым сведениям, тираж «Айкапа» составлял 1 000 экземпляров. Журнал печатался на казахском языке на основе арабской графики.

Секретарём журнала «Айкап» в 1911-1912 годах был Акрам Галимов, прекрасно владевший татарским, казахским и русским языками.

В 1913-1914 годах в журнале «Айкап» секретарём работал поэт-демократ, публицист Султанмахмут Торайгыров.

В работе журнала принимали участие Сакен Сейфуллин, Молдагали Жолдыбаев, Сабит Донентаев, Бейимбет Майлин, Бахытжан Каратаев, Сабыржан Габбасов, Бекмухамед Серкебаев, Бекет Утетлеуов, Спандир Кубеев, Мухаметсалим Кашимов, Бекмырза Бекжанов, Нуралдин Айтмухамбетов, Есенгали Хасабулатов, Магжан Жумабаев, Ахмет Байтурсынов, Жансултан Сейдалин. В издании работали и активно публиковались первые женщины-казашки: Мариям Сейдалина, Сакипжамал Тлеубайкызы, Куляим Утегенкызы. На страницах журнала были опубликованы стихотворения Мариям Сейдалиной «Зарлау», «Көздер», «Тұр, қазақ», стихотворение Куляим Утегенкызы «Қазақ қыздарына», стихотворения Сакипжамал Тлеубайкызы «Қыз батасы», «Айналып кара жұрт ағасы сендерде» и статья «Қазақ қыздарының аталарына».

Журнал «Айкап» освещал актуальные вопросы политической и общественной жизни казахского народа, образования и науки, равноправия казахской женщины.

В журнале «Айкап» были разделы: «Передовые статьи», «Зарубежные новости», «События культурной жизни», «Хроника событий», «Фельетоны и стихи», «Новости науки», События культурной жизни», «Библиография», «Письма в редакцию».

Здесь были опубликованы произведения Чокана Валиханова, Ибрая Алтынсарина, Абая Кунанбаева, М.Ю.Лермонтова, И.А.Крылова, Л.Н.Толстого, А.П.Чехова, Фирдоуси, произведения устного народного творчества казахов.

Редактор журнала Мухамеджан Сералин опубликовал в журнале «Айкап» около 40 публицистических статей и очерков. Свои статьи, опубликованные в журнале «Айкап», Мухамеджан Сералин подписывал псевдонимами «М.С.», «Мыс», «Басқарма» [1, 21-22].

Большое внимание журналом уделялось освещению вопросов культуры, народного творчества, казахского фольклора, пропаганде искусства и музыки.

Например, в двух номерах журнала была опубликована статья Мыржакыпа Дулатова (под псевдонимом Алашулы Азамат) «Хан Аблай» (1912г., №6, 1912г., №7). В ней автор приводит собранные им сведения о хане Аблае, повествующие о годах правления хана, его ратных подвигах на полях многочисленных битв. Дальновидный хан Аблай жил в XVII веке и правил 48 лет. Автор приводит отрывки из стихотворения об Аблай хане акына Арыстана - сына Тобылбай бия, рассказывает о смерти хана, оставшихся его потомках.

В журнале «Айкап» (1914г., №5) было опубликовано «Открытое письмо» Баржаксина А. В нем автор пишет о том, что Баржаксин Ахмет собрал и занимается переводом на русский язык 1300 казахских пословиц и поговорок, через музей Омска делает попытки издания книги. В письме приводятся сведения о сборе Потаниным рассказов и сказок на казахском языке. В 1911 году в издании автор Карим Батешулы опубликовал статью «Казахская родословная», где приводит предания и легенды о происхождении казахов.

В опубликованной в журнале статье «Өлең һәм айтушылар» (№13.1913 г.) журналист Султанмахмут Торайгыров обращается к учителям с призывом обучать учащихся школ пению, участвовать в театральных постановках, петь в хоре. Он призывал брать пример с великого казахского поэта Абая Кунанбаева, который писал на свои стихи мелодичные и красивые песни.

Известный журналист, публицист, поэт Габдулла Токай на страницах журнала «Айкап» за 1913 год опубликовал статью «Музыка». В ней автор пишет о том, что музыкальная культура

очень высоко ценилась и развивалась у арабов. Они приобретали музыкальные инструменты у персов и румийцев, собирали свои различные национальные музыкальные инструменты. Среди населения музыканты пользовались большим уважением и почетом. Из распространителей музыкальной культуры и музыкальной науки был широко известен Сагид бин Масжиг из местечка Меке. Кроме мужчин женщины также приобщались к играм на музыкальных инструментах. Большой популярностью пользовались женщины-музыканты Жамиля, Хибабат, Гакилия.

Автор статьи говорит о том, что музыка сопровождает человека всю жизнь: в минуту горя и радости, воодушевляет и дает силу и веру.

Казахский народ тоже имеет собственную богатую музыкальную культуру, своих прекрасных исполнителей. Автор приводит в пример виртуозного исполнителя музыкальных произведений на домбре Есима, проживавшего на берегу рек Бакак и Калутан в Акмолинской области. Автор пишет о необходимости делать нотные записи казахских кюев.

В 1914 году в журнале увидела свет статья «Из Семипалатинска». В ней сообщалось, что в городе Семипалатинске прошел этнографический литературно-музыкальный вечер, который был организован к 10-й годовщине со дня кончины великого казахского поэта Абая Кунанбаева. На этом вечере был заслушан доклад Назипы Кулжановой о жизни, творчестве, литературном наследии Абая Кунанбаева, прозвучали стихи и песни Абая, казахские народные мелодии в исполнении Берикбая Сатиева, показаны сцены из жизни казахского народа [2, 335]

Вопросы культуры, музыки и искусства на своих страницах освещала и общественно-политическая и литературная газета «Казах», которая в этом году отмечает свой 110-летний юбилей. Ее первый номер вышел 2 февраля 1913 года в Оренбурге. Ее тираж составлял 3 тыс., по некоторым сведениям - 8 тыс. экземпляров. Первый редактор газеты «Казах» - Ахмет Байтурсынов, затем ее редактировали Миржакып Дулатов и Жанузак Жанибеков. Авторами газеты были Алихан Букейханов, Миржакып Дулатов, Магжан Жумабаев, Шакарим Кудайбердиев, Сабит Донентаев, Ахмет Маметов, Бейимбет Майлин, Гумар Карашев и многие другие известные поэты, писатели, публицисты.

Помимо проблемных вопросов о состоянии казахского общества, земельных вопросах, просвещении и образовании, воспитании молодежи, на страницах газеты освещались вопросы развития искусства, музыкальной культуры.

В разделе «Вопросы литературы и культуры» газета опубликовала статью Арысулы «Песня, стихи и их структура» (1914г., №67., 23. 06.) в которой приводятся высказывания мнения Гете, Шопена, Бетховена о песне, отрывки из стихотворения Абая «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», дается характеристика казахских народных инструментов кобыза, свирели, домбры.

В статье Юсупбека Басыгарина «О жырах и песнях» (1914., №61, 9 мая) поднимаются проблемы нотных записей казахских песен.

Ахмет Байтурсынов в своей статье «Главный поэт казахов» (1913г., №39., 23 11., №40, 30.11., №43., 22.12.) познакомил читателей с биографией великого поэта, пропагандирует его творчество, рассказывает о влиянии на творчество Абая Кунанбаева русских поэтов, европейских философов и мыслителей, о взаимоотношениях поэта с Е.Михаэлисом и С.Гроссом.

В газете была опубликована статья М.Дулатова «Абубакир Ахметжанулы Диваев» в которой автор приводит сведения о биографии, трудах, вкладе в науку фольклориста, этнографа А.А.Диваева [3, 498-499].

Издание в статье «Литературный вечер в Семее» (1914г., №51. 21.02.) рассказало о прошедшем развлекательно-литературном вечере в «Народном доме» Семипалатинска, на котором на русском языке был сделан доклад о творчестве великого казахского поэта Абая Кунанбаева и прозвучали его произведения.

Можно отметить, что первые казахские периодические издания на постоянной основе обращались к проблемам развития культуры, музыки и искусства в казахском обществе, знакомили своих читателей с биографиями великих деятелей культуры, рассказывали о новых музыкальных произведениях и их авторах, пропагандировали музыкальную культуру среди населения [4, 76-85].

Список используемой литературы:

- 1 Козыбаев С.К., Нода Л.П., Рожков А.В. Журналистика Казахстана. Энциклопедия. Алматы, Экономика, 2006.
- 2 «Айқап». Составители У.Субханбердина, С.Дауитов. Алматы, Главная редакция «Казахская энциклопедия». 1995.
- 3 «Казах». Составители: У.Субханбердина, С.Дауитов, К.Сахов. Алматы, Главная редакция «Казахская энциклопедия», 1998.
- 4 Мукашева М. История казахской журналистики. Алматы, Издательский дом «Казахский университет», 2018.

ӘОЖ 232.51

ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Құрманхан Балауса Қайыржанқызы,

6В02211-«Тарих» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Журналистердің шығармашылық бастамалары қолдау тауып олардың назары мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту проблемаларына аударылды. Мемлекеттік тілді кеңінен насихаттауда белсенділік танытып, тілдің қоғамымыздағы атқарар рөлі, ахуалы жайлы өзекті мақалалар (бағдарламалар) жариялаған газет, телеарна, радио, сайт саласының журналистері мен тәуелсіз қаламгерлер атсалысып келеді. Бүгін де журналистер қауымы арқылы тіл саясатында атқарылып жатқан игі істер, шаралар жайлы халықты хабардар. Ұлт ұпайын түгендегенде алдымыздан бірінші шығатыны – *тіл мәселесі*. Тілсіз халық болмайды, халықсыз тіл болмайды. Біз қазақстандықтар, мемлекеттік тілді меңгеріп, оны одан әрі дамытуымыз керек. Әрине, өзге ұлт өкілдерінің тілдері де ұмыт қалмауы қажет. Қазір журналистиканың тілі жұтаңдамақ түгілі сауатсыздық пен бұрмалаушылыққа айналып барады. Әсіресе, жастар дұрыс сөйлеу мен сауатты жазуды ақпарат құралдарынан үйренеді. Сондықтан аудармаға көп нәрсе байланысты. Қазақтың тілін аударма тіліне айналдырып алмайық. Ақпаратты жедел беру керегін түсінемін, кейде ағылшын, орыс тілінде келеді. Оны тез аударып, жеткізу қажет. Сол себепті білікті, сауатты адамдар жұмыс істеуі керек. Қазір газеттерде де емлелік, стилистикалық, грамматикалық қате аз емес. Журналистердің әрқайсысында орфографиялық сөздік болуы керек», - деп толықтырды Ерлан Сыдықов. Осыған байланысты қазіргі таңда жұмыстар жүргізіліп, қамқорлық көрсетілуде.

Жыл сайын елімізде қыркүйек айында дәстүрлі тілдер мерекесі өтеді. Осы мерекеге байланысты фестивальдар, арнайы отырыстар болады. Онда ұйытып, топтастыра түсетін, ұлтаралық қатынастарды нығайтатын ұлағатты ойлар айтылады. Қазақстандағы тілдердің құқықтық мәртебесі, тіл саясатының әлеуметтік-саяси жақтары мен білім беру саласындағы мемлекеттік тілдің дамуы туралы мәселелер қозғалады. Сондай-ақ қазақстандық ұлыстар өмірдегі қазақ тілінің рөлі, ұлттық тілдердің даму барысы жайлы мәліметтерге айрықша назар аударылып отырады. Күмәнсіз, оның ісі қашанда алға бастайды, ілгері жылжытады. Осы себепті мемлекеттік қолдаумен арасында ұлттық тілдердің дамуы мен тіл саясаты өзінің жемісті нәтижесін беріп отыр.

«Тіл – бүкіл халықтық түсінік. Ол – ойды жеткізуші құралы, амалы мен тәсілі. Тіл – ұлттың жаны. Тіл – идеяның, сезімнің, ойдың жсампаз көрінісі».

Мемлекеттік тіл қазақ тілін ұлты түсініп білу үшін, тарихын тереңдеу үшін, қоғамдық міндеттерді орындау үшін үйренуіміз керек [1]. Найзағайдан қуат алған қазақ тілі, қазақтың байтақ даласы сияқты бай да мағынасы өте кең. Қазақ тіліне әліде болса жете көңіл бөлінбеуімен көптен бері толғандырып жүр. Сондықтан да осы қазақ тіліне байланысты өзімнің ойымды білдіріп жазып та, айтып та келемін.

Әрине, әр халықтың тілі өзінше бай. Тіл мамандары ойлап тапқан жоқ, оны халықтың өзі жаратты. Тілдің байлығы, сөздік қорының өсуі немесе кемуі әрбір елдің шаруашылығы мен саяси – мәдени дамуына, өркендеуіне тіукелей байланысты. Алайда, әр тілдің дамуының өз заңдылықтары бар. Мысалы, көшпенді халық пен отырықшы халықтардың арасындағы тілдің ерекшеліктердің бары айқын байқалады. Сондықтан бұл бай тілдің бүгінгі күнгеі мен көлеңкелі жақтарына аса көңіл бөлген, шығыс тілдерінің мәселесін терең зерттеген академик В.В. Родловтың сөзін келтіргенді жөн көрдім. Оның: «Француз тілі еуропаға қандай әсер етсе, қазақ тілі түрік мәдениетіне дәл сондай әсер еткен,»-деуі қазақ тілін айрықша даралап тұрғандай [2].

«Қазақ тілі бай да таза, әуезді де мәнді. Егер белгірі бір ойды ана тілімізде дәл бере алмасақ, мұны тіліміздің оралымсыздығынан емес, өзіміздің дәрменсіздігімізден көруіміз керек» (М.В.Ломоносов). Орыс аудиторияларында қазақ тілі пән ретінде оқытыла басталғанына да біраз жылдың жүзі болды. Әрине, кез келген нәрсені бірден үйреніп, дөңгелетіп әкету бастапқыда қиын болатыны анық. Алғашқы кезде қазақ тілін оқытуда көп мәселелердің көп мәселелердің қол байлау болғаны рас. Оқулықтар мен оқу құралдары, дидактикалық материалдар, т.б. оқу процессіне іспеттес, ортақ типтес бағдарламалар болмады. Мұның бәрі, әрине, айналып келгенде аталған пәннің өз деңгейінде өтуіне өз салқынын тигізді. Бірақ содан бері талай жылдар өтті. Аталған оқулықтардың орны бірітіндеп толып келеді. Жақсы-жақсы оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулар, көмекші материалдар пайда болды. Бұрынғы теріс көзқарс та өзгеріп, оқу орындары, білім бсқармалрының басшылары оң қабақ таныта бастады. Осыған дейін қол байлау болып келген кемшіліктер жойылып, бәрі де орнына келгендей. Қазақ тілін оқытуды жақсартуға деген атқарылған іс әлі де аз. Бірақ соларда не айтылып, қандай шаралар қабылданғанын жай мұғалім біле бермейді. Сондай-ақ пайдаланып жүрген оқулықтардың сапасы, тиімділігі жөнінде ортаға салар мәселелер жоқ емес. Оқытушылар көбінесе Ш.К.Бектұров пен А.Ш.Бектұрованың «Қазақ тілі» оқулығын пайдаланып жүр. Рас, оқулықтың сапасы жаман емес. Десек те, оқулық жоғарғы оқу орындарына арналған емес. Авторлар атап көрсеткендей, оқулық қазақ тілін енді-енді үйреніп (одан да өз бетімен) жүрген талапкерге арналған. Бізге, ең бастысы әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктері ескерілген сапалы оқулық қажет. Қазір қазақ тілі пәніне бөлінген сабақтың мөлшері анағұрлым көбейген [3]. Әрбір сабақта 10-20-дай сөз үйреніп шыққанның өзінде ол курс біткенде мөлшерімен алғанда, едәуір сөз бөліп шығады екен. Бізге, қысқасы, шамамен осындай ауқымды қамтитын сөздік-минимумдар қажет. Оқытушылар сол сөздерді меңгертуге ұмтылуы тиіс.

Орыс аудиториясында жұмыс істейтін оқытушы мемлекеттік тілді қойылар талапқа сай жүргізуі үшін барлық мүмкіндікті пайдаланғаны дұрыс. Сондай бір мүмкіндіктің бірі – ол қазақ тілі сабақтарында компьютерді пайдалану. Ол үшін әуелі компьютерге арналған бағдарламалар жасау қажет. Бұл орайда, сабақты компьютерлік залдарда өткізу қажеттілігі өзінен-өзі түсінікті. Компьютерлік бағдарламалар тіл үйренушілерге мемлекеттік тілді тек аудиторияда ғана емес, одан тыс уақыттарда өз бетімен үйренуге кең жол ашады.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде республиканың барлық ордаларында талайдан бері міндетті түрде оқытылып келе жатса да, қол жеткен қомақты табыстар аз. Қазақ тілін тілге икемді кейбір үйленушілер болмаса, басым көпшілігі сол күйінді бітіріп шығады. Тіл үйрену дегеніміз ерен күш-жігерді талап ететін, көп ізденуді, еңбектенуді тілейтін азабы мол жұмыс қой. Көп жылдарды қажет етеді. Ал, бір-екі жыл көлемінде, онда да аптасына юөлінген екі сағатпен үйретіп, меңгертіп шығарамыз деген бос әурешілік. Әрине, шындап қолға алса, қазақ тілін сабақ процессінен тыс уақытта да үйретудің жолдары, мүмкіндіктері мол.

Тіл – ұлт тірегі. Тілі бар халық қана – тірі халық. Ұлтты түріне қарап емес, тіліне қарап ажыратады. Халықтың болашағы тіліне тікелей байланысты. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі, өйткені халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынған [4].

Тіл – адам баласын қазіргі өркениетке жеткізген ұлы күш. Ол қоғам тарихының барлық дәуірінде де оның күресі мен дамуының құралы, рухани өмірінің, бүкіл мәдениетінің тұтқасы болып келеді. Осы себептерден де сөйлеу үдерісінде жетілу, тілді дұрыс және шебер де, тартымды пайдалана білу тлабы көне замандардың өзінде-ақ басталған. Ғылым-білім алыс жүрген замандардың өзінде де, қазақ тіл өнерін өнердің өнері, «Өнер алды-қызыл тіл» деп бағалаған. Жақсы сөзді жанына азық ете білген, қарсы атылған оққа тоқтамаса да, қазақ халқы жүйелі сөзге тоқтаған, орнын тапқан екі ауыз сөзді ер құнымен тең көрген, тіл өнерін ардақтап, қатты қадірлеген. «Қазір неше түрлі тренингтер көбейді. Өкінішке орай кей тренингтердің аты бар, заты жоқ. Ірі еуропа елдерінің бірнешеуі сиып кететін кең байтақ Қазақстанның жеріндегі қазақтар бір-бірімен ортақ тілде сөйлеп, көшіп-қона жүріп өз тілін таза сақтап, бүгінгі күнге жеткізген. Оның жаңа сөздермен толығып, баю процессі тоқтамай келеді. Бұл сара жолмен жүру адамды рухани байытады. Қазақтар сөйлеген кезде сөздері салмақты болады. Ойды нақты, бейнелі де, әуезді сөздермен дұрыс жеткізеді. Мұндай дәстүрлер тілдің тазалығы мен негізін сақтауға мүмкіндік береді.

Тіліміздің мәртебесін арттыру жолындағы келелі істер ширек ғасырдай уақыттан бері жалғасып келеді. 2011 жылы еліміздің бас газетінде оқырманға ұсынылған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» жобасы мемлекеттік тілдің келешегін жаңа бір қырынан айқындады. Бағдарламада алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі мемлекеттік тілді меңгеру жүйесіне қатысты атқарылар шаралары жазылған. Мәселен, стандарттар әзірлеу, қазақ тілінде оқытатын білім беру мекемелерінің желісін кеңейту, мамандар даярлауды одан әрі жүргізу, тағы басқа келелі мақсат-міндетке назар аударылыпты. Сондай-ақ, Қазақстанның барлық азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесінің бір бөлігі ретінде қазақ тілін оқыту орталықтарының аккредиттелген желісін құру мәселесі де көтерілген. Бұл тіліміздің ертеңі үшін қажетті шаралар ауқымы. Мемлекеттік органдарда іс жүргізуді толық мемлекеттік тілге көшірудің үлкен стратегиялық маңызы бар. Өйткені, қоғамдық өмірдің қай саласы болмасын мемлекеттік органдар арқылы басқарылады. Сондықтан басқару тетігіндегі тілдік ахуал әр салаға тура ықпал етеді десек, асыра айтқандық емес. Сол себепті жергілікті атқару құрылымдарындағы мемлекеттік тілді орнықтыру жұмысын түпкілікті әрі нәтижелі етіп жүргізуге баса көңіл бөлінсе, онда нәтижеге қол жеткізілетіні анық. Соның ең бастысы – қажетті кадрлық әлеуетті қалыптастыру, мемлекеттік тілде іс жүргізудің материалдық-техникалық базасын жасау сияқты маңызды іс-шаралардың тиісінше қамтылғаны. Тілдік ахуалды үнемі назарда ұстау мақсатында зерделеу, тексеру, сауалдама жүргізу жоспарлы атқарылып келеді. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының сақталуын қадағалау мақсатында жыл басынан бері басқарма қызметкерлері 16 аудан мен 3 қалада, облыстық мекемелерде болып, күнделікті жұмыста мемлекеттік тілдің қолданылуына сараптама жасап, әдістемелік көмек көрсеткен. Тілдік ахуалды жақсартудың маңызды буыны – балабақша, мектеп. Тәрбие, білім ошақтары қазақша сөйлемей, қоғам, бүкіл халық қазақша сөйлемейді. Ертеңгі күні қоғам тұтқасы – қазіргі бүлдіршіндер тәрбиесі, олардың туған тілі мен еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ерекше мән берген жөн.

Тіл – достықтың дәнекершісі, ғылым, мәдениет көрметкіші. Тарихымыз сол тіл арқылы сыр шертеді. Сондықтан әрбір азамат ана тілін жетімсіретпей, босағада отырғызбай, төрге шығаруға, биікке көтеруге тиіс.

Туған жері мен өзі тұрған елдің тілін білу, оны қадірлеу және заңдарына бағыну адамдардың мәдениетін өсіріп, отанына деген сүйіспеншілігін арттырады. Ал өз мемлекетіміздің мемлекеттік тілін білу, түйінін шешу – бұл біздің жалпы парызымыз және азаматтық міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://strategy2050.kz/news/zhurnalist-mamandaryn-dayarlau-salaly-zhurnalistika-kadrtapshyly-y-zhurnalistik-etika-m-selesi-tal/> 26 Тамыз, 2020
2. Қ.Жүнісбекова. Қазақ тілі А., «Рауан», 1995.
3. М.Балақаев. Қазақ әдебиеті тілі. А. «Ғылым», 1987.
4. Ю.С.Степанов. Основы языкознания, Просвещение, 1966.

КҮН, АЙ, ЖҰЛДЫЗ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МӘНІ

Муталиева Жанар Князбековна –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының ІІ курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **филол.ғ.к. Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы**

Ж.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

Қазақ күнтізбе жүйесінде араб тілінің әсері болғанымен, жүйе құрылымы, негізінен, көне түркілік атауларды құрайды. Түрікше, яғни қазақша ай аттарын Хасенғали былайша топтайды: *аз, отжақпас, көкек, шілде, сарша, қыркүйек, мизам, қараша, қазан, қаңтар, ақпан, наурыз*. Дегенмен бұл қатарды *отамалы* сөзі кездеспейді. Оны зерттеуші март айының арабша түрі деп танып, *хот* және *хамал* деген сөздердің бірігуінен туындаған деген болжам айтады. Сондай-ақ апрель айы зауза емес, араб тілінен енген *жауза* сөзі деп көрсетеді.

Түрік тіліндегі ай аттарын талдай келіп, автор *аз* атасын көктем маусымының басындағы мартқа сәйкестендіреді. «Аз» сөзі бастапқыда «яз» деп айтылған. Кейін тілдік қолданыста өзгеріске ұшыраған. Оған дәлел ретінде мына мақалды келтіреді: *Аз болмай, яз болмас, аяз болмай, мәз болмас*.

Отжақпас – апрель айына сәйкес. Бұл айда күн жылынып, үйді жылыту үшін от жағылмайды. Зерттеушінің деректерінде түрік халықтарында көктем маусымы мен жаз маусымы – алты ай бойы табиғатта болады. Осы екі маусымның ортасы май айында бітеді. Орта буын, орта уақыт ескі түрікше «чилле» деп аталады. Екі маусымның ортасы болғандықтан июнь айын – шілде немесе «яхот шілде» деп атайды екен. Шілдеден соң егін пісіп, шөптің буыны қатып, сарғая бастайды. Сол себепті бұл айды *сарша* деп атаған. Зерттеушінің ұйғарымынша, *сарша* июль айына сәйкес келеді.

Дегенмен жоғарыда аталған атаулардың барлығы таза түрік тілінен алынған деп айтуға да болмайды. Себебі кейбір түркі халқы яз (көктем), жай (жаз), күз, қыс мезгілдерінің *көкстан, тамызстан, бостан, зымыстан* деген парсы нұсқасын қолданады.

Н.Уәлиұлының деректеріне сүйенсек, қазақ есепшілері жылды он екі айға бөле отырып, әр үш айды бір топтап, үш ай тоқсан немесе тоқсан деп атағанын көрсетеді. Сөйтіп, жылды төрт мезгілге бөледі: жаз тоқсан (жаз айлары), жел тоқсан (күз айлары), қыс тоқсан (қыс айлары), жыл тоқсан (көктем айлары).

Жалпы халық арасында жыл, айға қатысты атаулар түрлі-түрлі болып аталады. Оның басты себебі - араб және парсы, орыс тілдерінен еніп, қазақша ай аттарының орнын басып, тілдік қолданысқа аралас жүруі. Сондықтан күнтізбе жүйесіне қатысты лексикалық бірліктерге лексикологиялық талдау жасай отырып, әдеби тілге қатысты атауларды бір бөлек, диалектизмдер мен кәсіби сөздерді амал атауларын бір бөлек анықтау қажет.

Мәселен, *отамалы* деген сөз ай атауы деп танылатын пікірлер көп, бірақ қалыптасқан қолданыстағы он екі айдың ішіне бұл сөз кірмейді. Ондағы екі айдың арасында болатын кәсіби шаруашылыққа негізделініп, сол шаруа науқаны басталған уақытты атау мақсатында қолданылады. Сондықтан отамалыны кәсіби сөз деп тану керек сияқты. Сондай-ақ қазіргі ай аттарын тұрақты қолдану барысында апрельді араб-парсы тілінен енген сәуір атауымен аталып жүр. Халықтың табиғи құбылысқа сай алған «көкек» деген атауы бар. Осы сөзді тұрақтандырған дұрыс болар еді. Әрбір ай атының көне атаулары болған. Сонымен қатар әрбір айдың жанаса жүретін атаулары бар. Олардың өзіндік ерекшелігі табиғат құбылысын көрсете

алатындай сипатында деуге болады. Айға жанама ат қоюдың уәжі табиғат құбылысымен байланысты. Мәселен, наурыз айында қар еріп, жаңбыр жиі жауа бастағандықтан халық арасында оны *жылауықай* деп атайды.

Ай есебіне негізделген күнқайыруды "Ай-Жұлдыз" есебі деп те айтуға болады. Біз бұл жерде "Ай есебі" деп ықшам түрде атадық.

Қазақ есепшілерінің ұстанған жүйесі бойынша күн, ай, жұлдыз тәрізді аспан шырақтары бір-бірімен тығыз байланысты болуы шарт. Уақыт өлшемін анықтап белгілеу сондай шарттылыққа бағынуға тиіс. Оның үстіне қазақ қауымында айға табыну салты өте күшті болған. Сондықтан есепшілер де қоғамдық сананың осындай түрінен (діннен) тысқары тұра алмаған.

Сонымен байырғы есепшілер аспан аясында аймен кездесетін жұлдызды тапқан. Ол – Қамбар жұлдызы. Бұл жұлдыз күз айларында туылып, көктем айларында батады. Қамбар жұлдызы көк жүзінде аймен бес рет кездеседі. Яғни есепшілердің тілімен айтқанда, бес мәрте тоғысады. Алғашқы тоғыс қазан айында өтеді. Қамбар жұлдызымен ай өзінің тоғыз жаңасында тоғысады. Сондықтан осы айды *тоғыздың айы* (қазан) деп атайды. Одан кейін ай Қамбармен өзінің жеті жаңасында тоғысады. Бұл айды *жетінің айы* (Қараша), Айдың Қамбармен бес жаңасында тоғысуын *бестің айы* (Желтоқсан), үш жаңасында тоғысуын *үштің айы* (Қаңтар), бір жаңасында тоғысуын *бірдің айы* (Ақпан) деп атайды.

Әрбір күнқайырудың өзіндік жүйесі, соған сәйкес жыл басы, жыл мейрамы, сол мейрамда өткізілетін салт, дәстүрлері болады. Қамбар тоғысы – өзіндік жүйесі бар күнқайыру. Оның бас айы – бірдің айы (Ақпан). Жыл басын тойлау айдың бірінші жаңасында басталады. Яғни айға тән ету салты қатаң сақталады. Мейрамның аты Қызыр ата немесе ақтың мейрамы деп аталады [2].

Қазақ күнтізбесінің негізі аспандағы жұлдыздардың тууы мен бату қозғалыстарына орай қалыптасқаны белгілі. Түні бойы төрт түлік малдың бабын тауып, сол арқылы тіршілік еткен дала көшпенділерінің уақытты айқындайтын сағаты көктегі жұлдыздар болған десек артық айтпаймыз. Жұлдыздар алуан түрлі болады. Олар Күнге ұқсас: бәрі де қызған газ шарлар; бәрі де жарық шығарады, бәрі де орасан энергия бөледі. Өйткені олардың қызуы өте жоғары. Бұл жағынан олардың Күннен ешқандай айырмашылықтары жоқ. Айырмашылығы – жұлдыздар, біріншіден, жерден тым қашықта, екіншіден, олар ғаламшарлар сияқты бір орыннан екінші орынға ауысып, қозғалып жүрмейді. Яғни жұлдыздар орнынан қозғалмайды. Үңіле қараған кісі аспандағы жұлдыздар топ-топ болып, шоғырланып орналасқандығын көре алады. Мұндай топтанып орналасқан жұлдыздарды ғылым тілінде шоқжұлдыздар деп атайды. Шоқжұлдыздардың саны көп [1].

Жұлдыздар тек уақытты белгілеу үшін ғана емес, тас қараңғыда адасқанға жол сілтейтін бағдаршы қызметін де атқарғаны қазақтың халық ауыз әдебиеттерінде кеңінен айтылады. Қазақша жұлдыз атаулары көп. Соның ішінде сонау көне түркі заманынан ұмытылмай, атын өшірмей сақталып келе жатқан *Жетіқарақшы*, *Үркер*, *Сүмбіле*, *Темірқазық* және *Шолпан* жұлдыздарының ұлттық болмысты, ұлттық дүниетанымды танытуда маңызы ерекше.

Қазақ есепшілерінің ұстанған жүйесі бойынша Күн, Ай, Жұлдыз тәрізді аспан шырақтары бір-бірімен тығыз байланыста болуы шарт. Уақыт өлшемін анықтау, белгілеу осындай шарттылыққа бағынуға тиіс. Оның үстіне қазақ қауымында Айға табыну салты өте күшті болған. Сондықтан есепшілер де қоғамдық сананың осындай түрінен (діннен) тысқары тұра алмаған. Ата-бабаларымыздың ерте заманда «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп тәу ететін салтының іс сорабы күні бүгінге дейін сақталған. Сонымен, байырғы есепшілер аспан аясында Аймен кездесетін жұлдызды тапқан. Ол – *Қамбар жұлдызы*. Бұл жұлдыз күз айларында туып, көктем айларында батады. Қамбар жұлдызы көк жүзінде Аймен бес рет кездеседі. Яғни есепшілердің тілімен айтқанда бес мәрте тоғысады. Алғашқы тоғыс октябрь айында (әзірше белгілі себептермен ай аттарының орысша нұсқасын алып отырғанымызды оқырман қауым түсінеді деп ойлаймыз) өтеді. Қамбар жұлдызымен Ай өзінің тоғыз жаңасында тоғысады. Сондықтан осы айды *тоғыздың айы* (октябрь) деп атаған. Одан кейін Ай

Қамбармен өзінің жеті жаңасында тоғысады. Бұл айды *жетінің айы* (ноябрь) деп атайды. Айдың Қамбармен бес жаңасында тоғысуын *бестің айы* (декабрь), үш жаңасында тоғысуын *үштің айы* (январь), бір жаңасында тоғысуын *бірдің айы* (февраль) деп атайды. Әр тоғыстың арасы, шамамен, 28-29 күн болады. Қамбар тоғысы бойынша, бес айды кемімені тақ санмен атаса, қалған жеті айды жай сөзбен айтқан. Олар *аласапыран, отжақпас, құралай, жұтшаишқан* т.б. тәрізді байырғы атаулар болуы ықтимал.

Қамбар тоғысына тән *бірдің айы, үштің айы* тәрізді атаулар Қазақстанның Шығыс өлкесінде күні бүгінге дейін айтылады. Туыстас қырғыз тілінде де *тоқуздун айы* (октябрь), *жетинин айы* (ноябрь), *бештин айы* (декабрь), *учтун айы* (январь), *бирдин айы* (февраль) деген атаулар бар. қырғыз тілінде қалған жеті айдың атауы *жалған куран* (март), *чын куран* (апрель), *бугу* (май), *кулжа* (июнь), *теке* (июль), *баи оона* (август), *аяк оона* (сентябрь) деп жай сөз тіркесімен айтылады.

"*Ақпандағы ақырап – Қамбар тоғысы*", "*Жол иесі Қамбар-ау, қарағыма көз сал-ау*" тәрізді тұрақты сөз орамдарының байырғы мұралар тілінде кездесуі *Қамбар тоғысының* ерте заманнан келе жатқан күн қайыру екендігін байқатады.

Әрбір күн қайырудың өзіндік жүйесі, соған сәйкес жыл басы, жыл мейрамы, сол мейрамда өткізілетін салт-дәстүрлері болады. *Қамбар тоғысы* – өзіндік жүйесі бар күн қайыру. Оның бас айы – *бірдің айы* (февраль). Жыл басын тойлау – айдың бірінші жаңасында басталады, яғни Айға тәу ету салты қатаң сақталады. Мейрамның аты *Қызыр Ата мейрамы* немесе *ақтың мейрамы* деп аталған.

Аптадағы күн аттары халықтық күнтізбенің құрамына кіреді. Алайда қазіргі күнтізбедегі *дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі* деген аптаның күн атауларына әуелде ай фазасындағы өзгерістер негіз болған. Айдың бірінші фазасында, яғни жеті күнде жартысы толады, екінші фазасында, яғни келесі жеті күнде шеңбер толысады. Толысқан ай жеті күн өткенде сол жақтан жартысына дейін кемиді, ал төртінші жетіде кему процесі толық аяқталады. Сөйтіп, бір айда төрт аптаның болуы Айдың толу, кему фазасымен байланысты, яғни апта ұғымына табиғи құбылыс негіз болған деуге болады. Кейіннен парсы күнтізбесі жұлдыз жүйелі күнтізбеге көшкенде бұл табиғи байланыс «үзіліп», айды төрт аптаға бөлу шарттылыққа айналды.

Қазақ тілінде қолданылатын *бүгін, ертең, бүрсігүні, арғы күні* немесе *кеше, кешенің арғы күні, бұрнағы күні* деген үстеу мәнді атаулар күнтізбе жүйесінің лексикалық қорына жатпайды. Өйткені бұлар айдың фазалық өзгерісіне негізделмеген. Мұндай типтегі сөздер *ертеңгісін, кешкісін, былтыр, биыл, бұрнағы жылы* т.б. сөздер тәрізді күнтізбелік қызметі жоқ сөздер.

Сөйтіп, әуелде Ай жүйелі күнтізбе негізінде пайда болған айды аптаға, аптаны күндерге бөлу адамзат қоғамы күн жүйелі күнтізбеге көшкенде осы жүйенің құрамдас бөлігіне айналды.

Қазақ есепшілері аспан әлемін бақылап, оны елдің тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына пайдалана білген. Олар жер бетіндегі табиғат құбылыстарының аспан шырақтарымен байланысын ұғынуға тырысып, өздерінің дүниетанымын қалыптастырған.

Сол аспан әлеміне ерекше үңіле білген, күн райын аспан шырағымен байланыстырған есепшілер мал өсірген, егін еккен, шаруаға ақыл-кеңес беріп отырған. Ғасырлар бойы жинақталған білімдер жүйесін, өзінің аспан әлемі туралы танымын келесі ұрпаққа жеткізіп отырған. Мұндай білімдер жүйесін трансформациялаудың бір тәсілі ретінде ертегі, аңыз формасын, фольклорлық үлгілерді пайдаланған.

Жетіқарақшы туралы ертегі, олардың Үркердің қызын ұрлап алып, енді Темірқазыққа арқандалған Ақбозат пен Көкбозатты қуа кетуі үшін аңдуы, таң атып келіп, аттарды қолға түсіре алмауы туралы ертегі шын мәнінде, аспан шырақтары картасының фольклорлық формасы. Аспан шырақтары туралы аңыз-ертегілерді айта отырып, кейбір зерттеушілер мал баққан қауымның (есепшілер солардың өкілі) қоғамдық санасы мифологиялық деңгейден аспаған деп қате қорытынды шығарып жатады.

Аспан шырақтарының қозғалысын, бір-біріне қатысын, олардың аспан кеңістігіндей

«меншікті» орындарын анықтап, яғни ойша картасын жасауы, оны ертегі формасында берген. Ал ертегі, аңыз, мақал-мәтел – ерекше семиотикалық таңбалар жүйесі. Бұл таңбаларда есепшінің, яғни кәсіби тұлғаның білімдері кодқа салынған. Есепшілер өзінің білімдер жүйесін ертегі, аңыз, жұмбақ т.б. түрінде кодқа салып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Аспан шырақтары туралы күрделі білімдерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде фольклор формасын пайдалану ең тиімді тәсіл болған. Бұл жерде аспан шырақтарының «ауызша» картасын фольклорлық формада берілгеніне қарап, есепшілерді ойлаудың төменгі, яғни мифологиялық сатысындағы өркениеттен бейхабар тұлға деп түсінуге болмайды. Есепшілер әрдайым эмпирикалық тәжірибеге сүйеніп жердегі атмосфералық құбылыстардың себептерін аспан шырақтарының қозғалысынан іздеген. Есепшілердің кәсіби лексикасының, астрономиялық табиғи терминдерінен, лексика-фразеологиялық сөз жүйелерінен осы жайтты аңғаруға болады. Мысалы, *Жетіқарақшы* (қараушы), *Темірқазық*, *Үшарқар*, *Қосақ*, *Шетен*, *Құлынжал*, *Сұлусары*, *Үркер*, *Ақбозат*, *Көкбозат*, *Босаға*, *Арыстан*, *Құс жолы*, *Есекқырған* т.б. объекті атауларының уәждеделуі мифтік ойлаудан шығарылған әртүрлі құдайлардың атымен байланысты емес, бұлар халықтың жер бетіндегі тіршілігіне, танымына, дәстүрлі шаруашылығына орай аталған.

Жұлдыз қалың болса, күн ыстық болады. Табиғат құбылысын, әсіресе, аспан әлемін тұрақты бақылаудан туған түсінік: аспандағы жұлдыздардың қалың не сирек болуы олардың көбеюі не азаюы ауаның (аспанның) бұлтты не бұлтсыз болуынан, адам көзіне аз не көп, қалың не сирек болып көрінуіне байланысты. Ал бұл аспанның жауын-шашыннан, яғни атмосфералық құбылыстардан таза болуы күннің ертең ашық болуынан дерек береді деген сөз.

Сүмбіле. Сүмбіле – басқа жұлдыздарға қарағанда түстік көкжиекке ең жақын, көзге өткірлеу көрінетін, жарқыраған жұлдыз. Сүмбіле жұлдызы шығыс күнтізбесінде ерекше маңызға ие. Шығыс күнтізбесінде Сүмбілені жылдың алтыншы айы деп белгілеген. Сүмбіленіңғылыми атауы – Сириус. Ертедегі Мысыр халқы аспандағы ең жарық Сириус деген жұлдыздың тууына қарап егін салатын кезді бағамдап отырған.

Қазақ халқы да Сүмбіле жұлдызын жақсы таныған, оны шаруашылықөндіріспен байланыстыра білген. Қазақ тілінің сөз орамдарында «*Сүмбіле туар жылтиып, ат семіреп құнтиып*», «*Сүмбіле тумай, су мұздамайды*», «*Сүмбіленің туганын су біледі*», «*Сүмбіле туса су суиды*», «*Сүмбіленің түні салқын, күні ыстық*», «*Сүмбіле туса, суға зіл түседі*». Бір сөзбен айтқанда, жоғарыдағы сөз орамдарынан қазақ түсінігінде Сүмбіленің тууы су қататындай, яғни 0° С-тан төмен температураның орнайтынын аңғартады.

Сүмбіле қыркүйек айында туады, яғни, таңға үш ұйқы қалғанда (таңғы сағат үште) көкке көтеріледі, көзге көрінеді. «*Сүмбіле туса, су суыр*» деген тұрақты сөз орамы Сүмбіленің таң ата алғаш көрінген шағына орай айтылған. Сүмбіленің салқын суын төрт түлік сүйсініп ішетін кезі. «*Сүмбіленің туганын кім біледі?*» деп жұмбақ айтқанда, оны шешуші «*Сүмбіленің туганын су біледі*» деп жауап қатады. Бұлай дейтін себебі – Сүмбіле көзге көрінген кезден бастап түн суық тартады да, су бірден салқындай бастайды, бұл кез қыркүйек айының іші. «*Сүмбіленің түні салқын, күні ыстық*» дейтін кез осы шамаға қатысты айтылған [3].

Дулат Исабековтың «Мазасыз» атты шығармасында «Әсте, сүмбіленің салқын түнінен қашып, олар далаға жатуды қойған болар» деген үзіндісінен де Сүмбіле туған түннің суық болатынын аңғарамыз.

Көшпенді қазақ Сүмбіле туған уақытта төрт түлік малын жайлаудан түсере бастайтын болған. Малшылар таудан етекке түсіп, қойнауы жылы құм мен жазыққа бет алады. Қазан айынан бастап қыстау-қорасын қамдап, қыстыңәрекетін қылған. Сүмбіле туған шақ нағыз күздің кезі болғандықтан, жайлаудың салқын ауасы мен шүйгін шөбіне жайылған төрт түлік ішегіне май жинап құнтиып семіреді. Жылқы жұнттай болып семіреді, қой түлігі шайланады, түйе тікөркештенеді, сиырдың желіні сүттенеді. Бұлай болатын себебі жердің түгі (шөбі) нәрленіп, шөптің басы дән алады. Бұндай шөп төрт түлікке жұғымды болады. Ал ел арасында кездесетін «Сүмбіле туар сүмпиіп, ат семіреп жұнтиып» деген сөздің де үлкен мәні бар. Сүмбіленің сарша тамыздың аяғында туатынын айттық, ал бұл уақытта шөп ерекше

құнарланып, әсіресе, жылқы малының семіруіне қатты әсер етеді. Мақалдың мәнісі қазақтардың осы жұлдыздың туатын серзімін, ат сүйіп жейтін шөптің семіртетін қасиетін дәл аңғарғандығында.

Байырғы қазақтардың мифологиялық түсінігінде, өзге де халықтар тәрізді жер – адамзаттың, жан-жануардың, өсімдіктердің, тау мен тастың, өзен мен көлдің анасы, ал Аспан – жарық, жылу беріп, қуат-күш беретін құдіретті күш атасы. Сол себепті ертедегі қазақтар *Көк тәңірі* мен *Жер-анаға* табынған. Олардың ойынша, аспандағы жұлдыз бен адамдардың өмірі тығыз байланысты. Әр адам өмірін бейнелейтін бір-бір жұлдыз бар. *Жұлдызы жоғары* тұрса, сол адамның мерейі үстем болып, бағы жанады. *Жұлдыз төмен* тұрса, адамның басынан бағы таяды, ал егер жұлдыз ағып түссе, адам өмірден өтті деп ұққан. Түнде жұлдыз ағып түскенде үлкендердің бет сипап, дұға оқуы – осы түсініктің белгісі екені даусыз. Мінездері жараспаған адамдарды «*жұлдызы жараспады*» десе, бір-бірімен өштесіп кеткендерді «*жұлдыздары қарсы*» деседі.

Ұлы ақын Абай Әбдірахман деген баласының қысқа өмірін өз өлеңінде халық түсінігіне орай былайша бейнелейді:

Құйрықты жұлдыз секілді,

Туды да көп тұрмады

Көрген, білген өкінді

Мін тағар жан болмады [4].

Құйрықты жұлдыз – байырғы наным бойынша, елге келетін жаманшылықтың нышаны.

Жұлдыздар кейде уақыттың қай мезгіл, қай ай, қай маусым екенін білдіреді. Мысалы, Үркер шығыстан көрінді десе «Қазан аты», Темірқазық *Ақбозаттың шылбырын жастанды* десе, түннің бір уағы, *Таразы туды* десе, қыркүйек айының келгенін, *Шолпан туды* десе, таң мезгілін білдіреді.

Қорыта айтқанда, халық күнтізбесі (календарь) жыл ішіндегі айлардың, күндердің реті мен санын көрсетудің, уақыт есептеудің табиғи құбылыстарға негізделген, мейрамдар мен тарихи қоғамдық мәні бар уақиғалардың мерзімдерін көрсететін, дәстүрлі шаруашылығын жүргізуде кеңінен қолданылатын, құрылымдық бірліктері бар, деректі ойлаудан абстракті ойлауға негізделген күрделі жүйе.

Халық күнтізбесін құрайтын құрылымдық бірліктерге мүшел есебін немесе жыл қайыруды, ай есебін, сондай-ақ аптадағы күн есебін жатқызамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қапалбеков Б. Жұмсалымдық мағыналық өріс ұғымдық категориялардың ұлт тіліндегі көрінісі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2004 №5, – ББ.101-105.

2 Хайдеггер М. Время картины мира // Новая технопрактическая фолна на Западе. – М., 1985. – 425 с.

3 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 3-том. С-Ұ. – 736 б.

4 Құнанбайұлы Абай. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1994. – 213 б.

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ

Муталиева Ләззат Князбековна –

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің магистранты.

Ғылыми жетекшісі: **филол.ғ.к. Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы**

Ж.А.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

«Қазақ әдебиеті қай кезеңде болмасын өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, үлгілі дәстүрін ала отыра дәуірге сай жаңа көркемдік мүмкіндіктерді ашты. Әсіресе, мұндағы жыраулар әдебиеті мен зар заман әдебиетінің, асқарлы Абай өнегесінің құнарлы болғанын атап айтқан абзал. Әдебиеттің әр кезеңінің табалдырығын шығармашылық талаппен аттаған

жас ақын-жазушылардың қай-қайсысы да осынау бір ұлт әдебиетінің қайнар көздерінен нәр алып барып түрлі ізденістерге бой ұрды. Дәстүрлі жалғастыру мен жаңашылдыққа ден қою ой-сана тұтастығына, идеялық-көркемдік бірлікке алып келді. Бәрін біріктірген ортақ ұлы мақсат – ұлттық сананы оятып, азаттыққа қол жеткізу болатын.

Белгілі бір дәуірде өмір сүрген суреткерлер шығармаларында болжалды идея үнемі бірыңғай күйде көрініс таппай, сан-салалы көркемдік шешімдер арқылы бой көрсететіні ақиқат. Әрбір әдеби бағыттың, көркемдік әдістің өз шеңбер шегі, шектеулі мүмкіндіктері бар. Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Бұл бағыттарды біріктіретін бір-ақ ұстаным бар, ол – ұлттық рух» [1,176].

Ұлттық рух жолындағы күрес белгілі бір дәуірде идеяға айналады. Барлық адамзаттың күш-жігері мен мүмкіндік-қабілеттері сол идея айналасында қызмет етеді. Осылардың ішінде әдебиет өкілдері идеяны жүзеге асыратын бірден-бір «күш иелері» болып табылады. Әдебиет те, әдебиет тарихы да, әдебиет өкілдері де қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді. Н.Келімбетов: «Қай халықтың болмасын әдебиет тарихы ең алдымен сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланыста болып келеді» [2] деген. Расында, ақын не жазушы өзі өмір сүріп отырған қоғамнан тыс бола алмайды және оған бейтарап қарай алмайды. Ежелден ақынның қызметі қоғаммен, елмен бірлікте қарастырылған. Сонау Күлтегіндердің ел билеу ісіне араласуы, Бұқардың ханға ақылшы болуы, бергін келе Жамбылдардың соғыс кезінде халықты рухтандырып, жігерлендіру үшін өлеңмен ұрандатуы, «Алаштықтардың» іс-әрекеті әдебиеттің, әдебиет өкілдерінің халықтық, елдік қызмет сипатын танытады.

Жалпы әдебиеттегі ақынның азаматтық ұстанымы дегеннің өзі осы елге, туған жерге, халық тағдырына бей-жай қарамаудан, ұлтжандылықтан келіп туатын секілді.

Біз шығармашылығын сөз етіп отырған ақындар тәуелсіздік дәуірінің, ата-бабамыз аңсап кеткен азаттыққа қол жеткен күнде ғұмыр кешіп жатырған ұрпақтары. Сондықтан қазіргі қазақ лирикасының азаматтық ұстанымы мен идеясы – тәуелсіздікті сақтау, құрметтеу, бағалау идеясымен астасып жатыр. Негізінен тәуелсіздік идеясы сонау көне түріктер заманынан бастау алып, күні кеше қол жеткен нағыз тәуелсіздік дәуіріне дейін жалғасып келді. Біз үшін ұлттық жетістігіміздің ең қымбаты да осы – тәуелсіздікке қол жеткені.

Қазіргі қазақ лирикасында азаматтық ұстаным көрінісі әр қилы жағдайларда танылады. Қазақта жалпы азаматтық деген сөздің мағынасында үлкен жауапкершілік жатыр. Азаматтық борыш, азаматтық міндет, азаматтық көмек, азаматтық серт, азаматтық жауапкершілік, азаматтық ұстаным деп жалғасып кете береді. Әрқайсысының өз көтерер жүгі бар. Мұның бәрі азаматтың елге, жерге деген қызметімен тығыз байланысты. Мұны сезіну және орындау нағыз азаматтың ғана қолынан келеді.

Ал поэзиядағы азаматтық үн мен ұстанымның, одан келіп туындайтын азаматтық лириканың жөні бөлек. Сонау көне заман поэзиясынан бастап, қазірге дейін жалғасып жатқан қазақ әдебиетінің алтын қамбасы азаматтық поэзия мен ұлттың жанын, рухын дәріптеп, құрметтейтін идеялы шығармаларымен толыға түсуде. Оның идеологиялық сипаты басым. Сол үшін де оны ұлтты бірден бір тәрбиелеуші құрал деп бағалауымыз керек.

Осы қазақ әдебиетіндегі азаматтық лирика, ақынның азаматтық ұстанымы деген мәселе кеңінен қарастырылып, әр ақын немесе белгілі дәуірдің тұтас шығармашылығынан осындай сарындарды іздеу зерттеушілер тарапынан жиі қолға алынып жүр.

«Азаматтық – идеялық-эстетикалық категория. Ол ақынның творчестволық позициясын, дүниетанымын белгілейді, сөйте тұра, өлең сөзге өлмес өмір сыйлайды. Азаматтық үн... Жалпы, қай дәуір ақындарын оқысақ та, негізінен өлеңіне өміршең қуат, сөнбес от беріп тұратын тағы да осы азаматтық әуен, ақынның дүниетанымдық позициясы. Оларды ғасырлар қойнауларынан тыбыстырып, жалғастырып жататын дәстүр өзектері де сол төңіректен туындайды... Бүгінгі қазақ өлеңдеріндегі ең қымбат, ең қызықты проблемалардың қатарында өзекті екі желіні атап едік. Олар – поэзиямыздағы халықтық рух пен азаматтық әуен, дауыс...» [3].

Азаматтық лирикаға ғалым З.Ахметов былайша анықтама береді:

«Азаматтық лирика – лирикалық поэзияның әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл-күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді. Адамның белгілі бір дәуірге байланысты ой-арманын, мақсатын жырлайды, жалпы әлеуметтік мәселелерді толғайды. Сондықтан азаматтық лириканы кейде саяси-әлеуметтік лирикаға қосады. Әлеуметтік тақырып, саяси сарындар, әрине лириканың барлық түрінде кездеседі. Халық қамын, оның қоғамдық халін шығармасына арқау еткен әрбір ақын лирикасында азаматтық сарын басым болмақ. Тақырыпты көтеру арқылы ақын заман сырын ашады. «Жазба әдебиетте азаматтық сарын Абай шығармаларынан бастау алады. «20-ғасырдың бас кезінде бұл сарындағы лирика Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов поэзиясында үлкен әлеуметтік маңызға ие болды. Қоғамдық өмірдің ең көкейкесті мәселелері халықтың тағдырына, мүдделеріне кемшілігіне байланысты сарындар азаматтық лирикаға арқау болды. Азаматтық лириканың тамаша үлгілерін С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Т.Жароков, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов шығармаларынан табамыз» [4,32-33].

«Поэзиядағы азаматтық үн әрқашан оның өнерлік күшін де, қоғамдық қызметін де айқындайтыны белгілі. Бүгін азаматтық дегеннің де мазмұны өзгерді. Бір кезде ұран үлгісінде жазылған өлеңдерді, риторика мен жалаң социологиялық үгітке толы жырларды ғана азаматтықтың үлгісі есебінде қараған кездеріміз де болған. Бүгін соның бәріне қарсы күресе отырып, қоғамдық құбылысқа, адамның жан дүниесіне тән сипаттарға терең талдау бере білетін жырлардың бәрінен де азаматтық үн табамыз. Шын ақын өз дәуірінің, өз замандасының сырына үңілмей тұра алмайды. Содан тапқаны мен көргенін айтады, сол негізде халық өмірі, оны толғантқан мәселелер жайлы ойланады, соның бәрін оқушысымен бөліседі. Поэзия - өзіңді, өз құпияңды ашу, жария ету, Абай тілмен айтқанда, «сырыңды жұртқа жаю». Поэзиядағы азаматтық әуен де сондықтан ақынның азаматтық кейпінен тұрады. Өз заманының алдыңғы қатарлы идеясымен қаруланған, әрқашан жаңалық пен жақсылықтың жаршысы, биік мұраты бар ақын - өз елінің азаматы да. Ендеше, оның бойындағы ақындық пафос пен рух та, оның адамзатпен, уақытпен сырласуы да, өзімен-өзі кеңесетін шақтары да қоғам, ел мүддесімен, адамзаттың көкейкесті арманымен ұштасып жатады» [5,40].

«Ақын мен уақыт – егіз. Ақынды уақыт туғызады, ал ақын өз творчествосында сол уақыттың жанды бейнесін жасайды, заман шындығын, өмір сырын уақыт тезімен өлшеп, оны көркем образға айналдырады. Уақыттың үш мезгілі де ақын еңбегіне өлшем бола алады, оның ойына ой қосады, түсінігін байытады, сезімін толықтырады. Осы үшеуінің бірлігін сақтай отырып, ақын жалпы уақыт атынан сөйлеуге өкілдік алады. Шындыққа, тарихи фактілер жүйесіне өз дәуірінің көзімен қарап, уақыттың заманға әсерін таниды. Бүгінгі өмір материалын кешегімен салыстыру оған ертеңгі болашақты барларлық мүмкіндік туғызады. Мезгілдің осы бірлігін, тұтастығын танығанда ғана ақын ойы толысады, көзқарасы жетіледі. Егер ақын тек көргенін тіркеуші ғана болса, ол өмірде аңдағанын тарих сабағымен жинақтап қорыта да алмайды, ілгері тіршілікке тіреу ете алмайды. Шын ақын өмірі бір адамның басынан кешкендерімен шектелмейді. Ақын көптің өмірін сүреді, көп көргенді көре алады, көп сезгенді сезе алады. Бұл – ақын сезімі жалпы және жеке адам сезім-күйінің жиынтығы деген сөз. Ол жеке адам көңіл-күйін заман рухымен жалғастырады. Жалпылық пен жекелікті осылай тұтастыра алғанда ғана ақын азаматқа айналады, өзінің ақындық, азаматтық тұлғасын қалыптастырады. Поэзиядағы азаматтық әуен де ең алдымен ақынның азаматтық тұлғасына байланысты. Әдебиеттің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің күнін ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді көтереді. Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады» [5,159-160].

«Қай заманда да қазақ өлеңінің бағы тайып, сағы сынған жері жоқ. Заман сырын, замандас келбетін, яғни өмірдің өзін жырлау жөнінде қазақ ақындарының мойнында қарыз

жоқ сияқты. Атам заманғы Кет-Бұға, Асан-Қайғыдан Абайға, кешегі Мағжаннан Мұқағалиға дейінгі аралықтағы ақындардың шығармаларын оқи отырып осындай ойға қалып, түйін түйесің және бұл пікірдің талассыз екенін мойындайсың» [6,410].

Қазіргі қазақ лирикасында да азаматтық ұстанымы берік ақындар өзінің азаматтық үнімен даралануда.

Жоғарыдағы зерттеулер көрсеткендей, қай дәуірді алмайық, ақындар өздерін қоршаған ортадан бөлектеніп кете алмайды. Олардың болмысы бөлек болғанмен, олардың жан дүниесі мына әлеммен астасып жатады. Жырына арқау, жанына жылу болар қажеттісін бәрібір біз бен сіз өмір сүріп отырған әлемнен іздейді. Ондағы әлеуметтік, саяси, қоғамдық т.б. мәселелерден сырт қалу – ақынға жат құбылыс. Әуел бастан ақынның бір қызметі – халықтың жоғын жоқтау болатын. Сондықтан заман бейнесін, сіз бен біздің осы замани бейнемізді, тіршілігімізді «өмір-өлең» өрнектейді.

Жаңа ғасыр поэзиясындағы қазақ қоғамындағы ең үлкен тарихи оқиғаның бірі тәуелсіздік алуымыз еді. Ендеше осы нағыз тәуелсіздікті жырға қосу осы дәуір поэзия өкілдеріне бұйырған соны тақырыптың болып табылады. Бұған дейін еркіндікті, азаттықты аңсаған болсақ, енді соған жеттік, енді соны бағалау жолдарын қарастыруымыз, тәуелсіздіктің тарихын, бағасын ұрпақ санасына соны сіңіруіміз керек деген ұстаным ақындар шығармашылығынан көрінді. Тәуелсіздік қазақ поэзиясында ең көп жырланған тақырып десек те, оны еркін де тәуелсіз жырлау осы кезеңнің жемісі болып отыр. Өйткені қазақ елі соғыстан, бодандықтан құтылған бейбіт ел ретінде өмір сүріп отырғаны енді ғана. Жетпіс жыл бодандықтың қамытын киген тұстағы поэзияда, әрине, бұл тақырып жырланған еді, алайда тәуелсізбін деп айқайлайтындай қауқарлы емес едік. Тек қазақтың даласын, қазақты жырладық. Ал нағыз тәуелсіздік поэзияның пәрменді тақырыбына енді айналды. Бүгінде ақындарымыз ешкімге жалтақтамайды. Өйткені бұрынғыдай сұсты семсерлі цензура жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 192 бет
- 2 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1986. – 350 б
- 3 Егеубаев А. Сыр мен сымбат/А.Егеубаев.-Алматы:Жазушы,1981.-224 б.
- 4 Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі/З.Ахметов.-Алматы:Ана тілі,1998
- 5 Қирабаев С. Шығармалар 2-том/С.Қирабаев.-Алматы:Жазушы,1992.-544 б.
- 6 Құрманғали Қ. Қоңыр күз күмбірі/Қ.Құрманғали.-Алматы:Санат, 2002.-472 б.
- 7 Қазақ тілінің сөздігі. ҚР ҒЖБМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі институты. Алм., 1999.

ЖУРНАЛИСТИКА – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Оңалбек Арайлым Ахметқызы, студент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. (Тараз қ. Қазақстан)

Науатов Серикхан Кадирханович

П.Ғ. МАГИСТРИ, аға оқытушы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Тараз қ. Қазақстан

«Алғашқы әскери дайындық және ден тәрбиесі» кафедрасы.

Журналистика – қоғамның келбеті, жақұт көзі және тілі, елдің жүрегі. Журналистика – қиындығы мен қызығы қатар жүретін, көп ізденісті талап ететін сала. Бұл өткен дәуірде, қазіргі кезде, келешекте де өз құндылығын жоғалтпайтын мамандық. Қоғамның айнасы деп атасақ, артық айтпаспыз, бұл нәрсенің де бір өзіндік сыры бар. Күнделікті тіршілікте болып жатқан хабарларды журналист ой елегінен өткізіп, қалың бұқараға ұсынады. Соның нәтижесінде айналада орын алып жатқан күллі жәйттерден ел хабардар болады. Жалпы, сарапшылар журналистика 46 мамандықтың басында тұр деген пікірді айтады. Бұл

басқалардан артық дегенді білдірмейді. Қайта тілшілердің зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қалам тербемейтін саласы жоқ дегенді аңғартады. Журналистика адамзат баласының мына дүние жайлы ойын қалыптастыратын ақпарат құралы деп айтсақ, артық айтпағандық болар еді. Көпшілікке сапалы әрі ашық ақпаратты жеткізіп, қоғам мен елдің мүддесіне қызмет ету әр журналистің негізгі әрі басты міндеті.

Журналистика – билік пен халықтың арасындағы дәнекер. Қос тарапты бір-бірімен байланыстырушы алтын көпір. Журналистика – ауыр сала. Дәрігер адам жанын арашаласа, журналистика адам тағдырын арашалайды. Жазықсыз жандардың жазықсыздан-жазықсыз құрбан болып кетпеуі үшін қанатымен су себеді, жол-жарық, газ-су секілді инфрақұрылымдық мәселелері шешілмеген ауыл-аймақтың мәселесін көтереді. Бюрократияға көмілген жерді ашып, шындығын әлемге паш етуге тырысады. Бюрократияны жеңе отырып, қоғамды өркениетке жетелейді. Менің ұғымымда, журналистер – іріп-шірі бастаған қоғамға дезинфекция жасаушылар. Олар әлеуметтік мәселелерді көтере отырып, мемлекеттің экономикалық дамуына үлесін қосады. Беті ашылмай жабулы қазан күйінде қордаланып жатқан мәселелерді қозғап, оның не ары, не бері болуына ықпал етеді.

Технология дамыды, ақпаратқа мемлекеттік шекара бұйым болмай қалды. Ендігі уақытта осы ақпарат легінде зиянкес материалдардың, астарында зымиян пиғыл жататын информацияның таралмауын, шекарадан тысқары жерде мемлекет абыройына кір келтіретін дүниелердің немесе жаңсақ мәліметтердің болмауын қадағалау осы саланың маманының ғана қолынан келеді. Журналистика – төртінші билік. Себебі кәсіби журналист мемлекеттің тыныштығына нұқсан келтірмей, түйткілді мәселенің шешімін көрсететін күзіретке ие. Дегенмен билік те білікті жанның қолында болғаны абзал. Бүгінде жүздеген түлек шығармашылық мамандыққа бет бұрып, жыл сайын оқу орнын тәмамдайды. Ең өкініштісі, соның ішінде сапалы журналист саусақпен санарлықтай. Қателік қайдан кетті? Оқытушыға да, оқушыға да тиімді білім жүйесін жасауы тиіс мемлекеттен бе? Студентті мамандыққа қызықтыра алмаған ұстаздан ба? Әлде студенттің өзінен бе? Қазіргі қазақ журналистикасының деңгейі қандай?-деген сұраққа жауап беретін болсақ- қазіргі қазақ журналистикасы еркіндіктің босағасында, оның өзінің деңгейі мен дәрежесі бар. Кез келген мәселеге қалам тарта алады. Ол баспасөздің, БАҚ құралдарының еркіндігі десек те болады. Бірақ дей тұрғанмен қазақ журналистикасының жолын дамыту бар да, және жас журналистерді дайындау проблемалары бар.

Бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір заңдылықтар аясында жұмыс істейді. Өйткені оның қай елде қызмет атқарса да, алдымен лицензиялық құжаттары болып, құқықтық тұрғыдан рұқсаты болуы тиіс. Ондайда мемлекеттік немесе заңдық тіркеуден өтіп, заңды куәлігі алынуы қажет. БАҚ қана емес, журналистік этиканы әрбір журналист ескеріп отыруы тиіс. Әрине, журналистің заң аясында қарастырылған құқықтары жеткілікті. Журналист әрқашан еркін шығармашылықпен айналысуға ерікті. Оның өзі сол БАҚ заңдарында да көрсетіліп отыратыны мәлім. Алайда, «Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» деген сияқты, ішінара қателіктер журналистерден де кетіп жатады. Мысалы, толық анықталмаған фактілер, заңға қайшы пікірлер, мемлекеттік әскери немесе стратегиялық құпия деректер, ар-ождан кодексіне қарсы, жеке адамның абырой-беделі мен құқығына зиянын тигізетін материалдар, Біріккен Ұлттар Ұйымының және халықаралық саяси актілер мен нормаларды бұзатын көзқарастар, ұлтараздық пен соғыс қаупін туғызатын пікірлер, терроризм мен мемлекеттің конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді насихаттайтын жарияланымдар баспасөзде берілмеуі тиіс.

Журналист этикасы – қоғамда, әлеуметтік ортада БАҚ өкілінің ұстанымымен, қызметімен, сондай-ақ, белгілі тұлғалар, ұжымдық топтармен арадағы қарым-қатынастармен тікелей байланысатындықтан оның кәсіби шеберлігіне де ықпал етуші негізгі фактор бола алады. Қоғам және халық арасындағы үлкен жауапкершіліктің өзі журналистке моральдық-этикалық және имани игі қасиеттерді игеруін талап етеді. Журналист этикасының қалыптасу негізіне келсек, ол өз халқының озық дәстүрінен нәр ала отырып, имандылыққа бой түзеп,

қоғамдық мейірбанды да салауатты ортада тәлім-тәрбие алып, өсіп-жетілуге тиіс. Журналист – кәсіп иесі. Сондықтан оның әрбір қимылы белгілі бір адами, кәсіби заңдармен шектелуі тиіс.

Журналистің рухы мықты болуы керек себебі бұл мамандық дүниежүзіндегі барша мамандықтардың ішінде маңдайы жарқырап, жұртқа сапалы ақпарат жеткізетін ерекше мамандық. Былайша айтқанда, алтын көпір. Ал, ақпарат көздерін анықтай отырып зерделеу әрі оны оқырман қауымға дұрыс жеткізу журналистің тікелей міндеті деп айтсақ, артық емес. Ең бастысы, журналистерге керегі ішкі рухтың мықтылығы. Мықты адам болсын, журналист, өзге саланың майталманы болсын, рухы, ерік-жігері мықты болса, биікті бағындырады.

Заманауи журналистиканың жай-күйіне қарасақ, бұл мамандықтың да жаңа заманға сай өзгеріп даму үстінде болып жатқаны еліміздің де ақпараттық құндылығы дамып жатыр деген сөз. Менің ойымша заманауи журналистиканың болашақта сұранысқа ие мамандықтардың бірі болады деп білемін. Себебі қазіргі таңда ақпарат құралдарында күнделікті отыратын адамдардың саны жүздеп емес миллиондап асып жатыр. Яғни бұл дегеніміз қазіргі таңда кез-келген адам баласы үшін цифрлық даму маңызды және міндетті қызметтің түрі. Осы орайда журналистика мамандығының жаңа заманға сай дамығаны және оның алғы қатарда болғаны да мемлекетімізге алып келер үлкен пайды. Сонымен қатар қоғамның даму барысында журналистиканың алар үлесі зор. Осы орайда, журналистика саласының заман талабына сай болуы және оның заманауи тұрғыдан өзгеріске енуі ең үлкен дамушылық деп есепке алуға болады. Журналистика саласының әлемге алып келер пайдасы көп. Бұл саланың елімізде дамып алдыңғы қатарға шығуы да нашар емес. Егер цифрлы және заманауи журналистика халық арасына енетін болса телеарналардың және осы мамандыққа деген сұраныс келешекте үлкен болмақ. Елдің болашағы мен қоғамның дамуы журналистика саласымен тікелей байланысты. Бұл саланың заман талабына сай болуы үлкен жетістік.

Журналистика- қоғамда елеулі рөл ойнайтын ерекше салалардың бірі. Онсыз әлеуметтік ортаның күнделікті өмірін елестету қиынға соғады. Журналистика пайда болғалы бері халықтың тұрмысы мен тіршілігіне араласып, әділетті бағалауымен, объективті түрде ақпаратты жеткізуімен, ұтымды ұсыныстар тастауымен жұрт ішінде өзінің маңыздылығын арттырды. Журналистиканы дәл осындай сала ететін кәсіби дағдылары бар, өз ісін білетін мамандар, нақтырақ айтсақ- журналистер. Ал озық журналисті толықтай айқындайтын, оны ерекшелеп тұратын, өз ісінің нағыз майталманы ететін-оның бойындағы даралық қасиеттері.

Интеллект, құштарлық пен құзыреттілік. Бұл қасиеттер тобы журналист үшін өте маңызды. Құзыреттілігі жоқ, ізденіске деген құштарлығы төмен, ой-өрісі тар адам журналистік қызметін мүлдем атқара алмас, өйткені оның білімі мен аналитикалық талдау қабілеті қарабайыр деңгейде болмақ. Бұл журналистің жазған мақаласының алғашқы жолдарынан-ақ байқалатын болады және халық арасында наразылықтан басқа ештеңе тудыра қоймайды. Оқығаны мол, интеллектуалды дамыған маман терең, бейнелі түрде ойлау қабілетіне ие болады, лезде дәл шешім қабылдайтын деңгейге жетеді. Дағдарыстық жағдайларда, қоғам арасындағы экономикалық және саяси күштердің қақтығысы кезінде, халық журналистің дәл осы интеллектуалды қабілеттеріне ерекше үміт артады, себебі, оның пайымдаулары айрықша мәнге ие болып тұрады, туындаған мәселеге басқа қырынан қарауға мүмкіндік туғызады. Өзінің ақыл-парасатын дамыта отырып, журналист кәсіби тұрғыдан тез дамиды, көтеріледі. Халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, әріптестерінің арасында беделге ие болатыны да даусыз.

Жаңалықтың жаршысы журналист болу оңай емес. Ол үшін еліне адал қызмет ететін қоғам қайраткері, белсенді, коммуникабельді, сауатты жазып-сөйлей алатын, дикциясы анық, ой-өрісі, логикалық ойлау мен талдау қабілеті дамыған, ақпарат көздерімен жұмыс істей алатын, шығармашылық иесі болу керек. Сондай-ақ журналист заманауи ақпарат құралдарын жетік білуге тиіс. Себебі журналист кез келген тақырыпқа мақала, мәтін, барлық жанрда әдеби шығарма жаза біліп, қоғамда қордаланған өзекті тақырыпта мәселе көтере алуы тиіс.

Қазақтың ұғымында «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды». Қазақ та адамзаттың бір бөлшегі. Демек, отыз тістен шыққан сөздің отыз руға тарауы қазаққа ғана емес,

әлемдік ақпаратқа да қатысты өлшем десек, артық болмас. Бастауын ұнпарақтан бастаған журналистика газет, радио, теледидар арқылы қарыштап дамып, интернет ресурстары арқылы өзінің өрісін кеңге жайып келеді. Әрі отыз тістен шыққан сөздің тарау жылдамдығы оның шын-өтірігіне, маңызды-маңызсыздығына, зияны мен пайдасына, жөн-жосығына, байыбы мен бейәдептігіне байланысты болмай қалды. Ақпараттың ағыны кәдімгі қара базар дерсіз, барлық дүние самсап тұр. Оны әр адам өзінің ой-өрісі, қабілет-қарымы, парасат-пайымы мен сауатының жеткен жеріне дейін тұтына алады. Ақпарат алушылардың кейбірі өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы маңызды өзгерістің әрқайсысын қалт жібермей хабар алып отырса, енді бірі өз кәсібіне қатысты жаңалыққа ғана назар аударады. Ақпарат нарығындағы тұтынушының сұранысына қарай журналистиканың да қыры сан-салалы болып өзгерді.

Әр журналист үшін сөйлеу мәдениетінің заңдылықтарын білу – ең басты шарттардың бірі, әсіресе телерадиода жұмыс істейтін мамандарымыз үшін. Телевидениеде жүргізушінің сыртқы келбеті бірінші кезекте бағаланады, ал радиода ең бастысы жағымды үн, мәнерлі дауыс қажет десек те, екі жағдайда да журналист сауатты сөйлей білмесе, өз ойын мәнерлеп жеткізе алмаса көпшіліктің көңілінен шығып, кәсіби шеберлікке қол жеткізем деу бос әурешілік. Сондықтан сөйлеудің қарапайым заңдылықтарын білу журналистерге қойылар басты талап болмақ. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз тек қана сауатты сөйлей білу ғана емес, ол ең алдымен әдемі сөйлей білу қабілеті, ол үшін ашық дауыс, анық тіл, еркін тыныстай білу қажет.

Қазіргі заманда уақыт журналистерге жаңа талаптар қойып отыр. Білімді болу, өз кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеру аз, маңайындағы адамдармен ортақ тіл табыса білу қабілеті, халықтың көкейіндегісін дәл таба білетін ұшқырлық, адам жанын толғандырған мұң-мұқтажын сезінетін сезімталдық, ең бастысы қырағы көз бен сауатты тіл керек. «Көкіректе ой сайрап тұр, құдай тілді байлап тұр» деген жағдайды тіл мамандары, оның ішінде журналистер бастан кешпеулері керек. Керісінше, журналистер өз ойын сауатты тілмен жеткізіп, кез-келген тақырыпта шешіле, көсіле сөйлей білетін қабілетке ие болулары керек.

Журналист болам деген адам ең алдымен сөз өнерінің қарапайым заңдылықтарын меңгеріп алуы керек, ал сөйлеу мәдениетін игеру содан кейінгі кезектегі шаруа.

Журналистиканы қоғамның ажырамас тірегі, жаңалықтың бастау көзі деп айтуға әбден негіз бар. Қолына қаламын ұстап, диктофонын алдына салып жүретін бұл мамандық иелерін «төртінші биліктің» өкілдеріне теңеудің де ерекше мәні бар. Қоғамда әртүрлі көзқарастар, ой қайшылықтары кездесуі мүмкін. Солай болып та келеді. Алайда журналистің негізгі мақсаты — өз қызметінде тек қана шындықты жазып, болған жайдың дұрысы мен бұрысын айыра білу. Жалпы айтқанда, журналистің қоғам алдындағы парызы ауқымды.

Сөзімді қорытындылай келе, Н. Михайловский мына сөзін еске түсіргім келіп отыр: “Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады.” Қоғамға тигізер пайдасы бар журналист қана журналист атына лайық бола алады. Журналисте “болуы керек” қабілеттер мен қасиеттерді шексіз тізіп айта беруге болады, бірақ шындық біреу — өзі мінсіз болмаса да, үздіксіз іздену мен даму барысында жүрген, қоғам мен халыққа тигізер пайдасы, тұлғалық даралығы бар журналист-жақсы маман, өз ісінің білікті шебері деуге лайық тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Богданов Н.Г., Вяземский В.А. “Журналист анықтамалығы” 1971
2. Е.П. Прохоров “Введение в теорию журналистики” 1998
3. Жақып Б. “Публицистикалық шығармашылық негіздері” 2007
4. “Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы” Заң. Школа Американской журналистики.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ БАТЫС ӨңІРДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Орынбасарова Тұрсын Ерланқызы

студент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе облысы,
tursyn0303@mail.ru,

Ғылыми жетекші – М.О. Мирон ф.ғ.к., доцент

XXI ғасырда баспасөздің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі арта түскені мәлім. Өйткені баспасөздің рөлін оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшенетіндігі белгілі. Баспасөз-сан ғасыр бойы отаршылдық тепкінің астында қалған халқымыздың мүддесіне сай аумалы-тепелі заманда жанында болып, жаңа құрылысты өмірге жөн сілтеді, сол жолда бағыт-бағдар берді. Егеменді еліміз өркениетке көшін қомдап түзеген шақта еліміздің бірінші президенті Н.Ә. Назарбаев: «Идеологияның басты мұраты-тәуелсіздігімізді баянды ету, мына шырғалаңы мол дағдарыс кезеңінен елді аман-есен алып өту, осыған дейінгі ғасырлар бойы жасалып келген рухани байлықтарымыздың қайнарларын бұзбай, оны өрісі кең әлемдік өркениетке ұластыру» деп баспасөзге үлкен міндет жүктегенді [1, 327 б.].

Міне, енді еліміздің экономикалық-мәдени дамуының қарышты өсуімен дүние жүзіндегі дамыған 50 елдің қатарына қосылу межесі айқындалды. Осы асқаралы асудан сүрінбей өтіп, қазақ халқы мәртебесінің биіктеуі үшін бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар қызметі өте салмақты болып отыр.

Баршаға мәлім, Қазақстандағы «төртінші билік» атауына ие болған баспасөздің тарихына көз жіберсек, сонау XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Дәл осы уақытта Ресей империясы қазақ жерін, әсіресе Кіші жүзден басталған отарландыру саясаты толығымен жүзеге асып, енді өз саясатын жүзеге асыру мақсатында газеттер ашқаны белгілі. Біздің ұлттық мәдениетіміздің нәзік жібін үздірмей, кішкентай ғана өрмекшідей, қайта тоқып, кейінгі ұрпаққа жаңаша таныстырған Ү. Сұбханбердина болды. Ол қазақ ұлттық басылымдардың тарихын зерттеп, олардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін жасап, мәтіндерін қайта бастыру арқылы бүгінгі оқырмандарға жеткізе білді. Оның анықтауынша Троицк қаласында 1911 жылы жарық көрген «Айқап» журналы мен Орынбор қаласында 1913 жылы Кәрімов-Хұсайыновтар баспаханасында жарық көрген «Қазақ» газеті беттерінде батыс өлкедегі жағдайларға тұрақты хабарлар басылып тұрды. Олардың әр бетінде Батыс Қазақстан өңірінен Б. Қаратаев, Ғ. Қарашев, Х. Досмұхамедов, Н. Ипмағамбетов, А. Маметов, Ғ. Мұсағалиев, Ж. Сейдалин, А. Кенжин, Қ. Жұбанов сияқты көптеген азаматтар әртүрлі тақырыпқа қалам тартқан. Осы тұста академик Ә. Нысанбаев басшылығымен «Қазақ» газеті жинағы жарияланып, ізденушілерге сол замандағы-ақ баспасөз беттерімен танысып, тарихи кезеңді тануға мол мүмкіндік жасалды.

Батыс Қазақстанның үлкен бір аймағы саналған Ақтөбеде 1913 - 1914 жылдары қала басқармасы жанынан «Актюбинский городской вестник» журналы екі аптада бір рет шығып тұрған. 1913 жылы 17 қазаны мен 17 желтоқсанға дейін 5 саны жарық көрсе, 1914 жылы 3 қаңтардан 15 желтоқсанға қалған 23 саны шыққан. Санкт-Петербург қаласындағы ГПБ(Государственной публичной библиотеки им. М.Е. Салтыкова-Щедрина) 1913 жылдың №1-5 нөмірлерінің 3 саны, 1914 жылдың №6-23 сандарының 12 нөмірі, БАН (Библиотека Академии Наук России) – 1913 жылы №1-5; 1914 жылдың №6-23 сандары сақталған. Журнал редакторы әрі шығарушысы В. Мощенский болған. Журнал 13 парақтан тұрған, яғни 26 беттік. «Актюбинский городской вестник» журналы екі аптада бір рет жарық көріп, әдеби-шаруашылық журналы болып табылды.

Батыс Қазақстандағы баспасөз алтын бұлақ бастауын Орда каласындағы 1911 жылы 16 наурызда жарық көрген «Қазақстан» газетінен алады. Газет тарихына қалам тартқан ғалым М.Ш. Ысмағұловтың Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражай қорында 83 беттен тұратын құнды қолжазбасы сақталған. Тарихшы Орал каласында жарық көрген газеттің осы

санындағы Ғ. Қарашевтің «Бұл қай заман?» деген бас мақаласына тоқталып: «Бұл қай заманның» көлемі шағын болса да, онда проблемалық мәселелерді қозғап: қазақ халқының сол кездегі тарихи тағдырына біраз шолу жасайды», - деп түйіндейді.

XIX ғасырдың II жартысынан бастау алған Қазақстанның өзге өңірлері секілді Жайық өңіріндегі батыс аймақ баспасөзінің бай тарихы бар. Бұл кезде патша өкіметі өз билігін күшейту мақсатында, орыс шаруаларының тыныштығын ұстап тұру үшін оларды қазақ жеріне көшірді. Сонымен қатар, қазақ пен орысты араластырып қазақтың елдігін, ұлттығын айырудың мақсатын көздеді. 1868 жылы патша үкіметі «Дала облыстарын басқарудың уақытша ережесі» атты реформасына сай 1869 жылы Орал облысы құрылып, оның құрамына Оралдық казак әскери аумағы мен Орынбор қазақтарының жері біріктірілді. Облыс Орал, Ілбішін, Гурьев және Темір уездіктеріне бөлінді, сондай-ақ оның құрамына Маңғыстау жері де кірді. Жалпы жер көлемі 29 626 234 десятина болған болса, оның ең шұрайлы, құнарлы 6 4645 402 десятина жері казактар әскерилерге, ал қалған 23 160 832 десятинасы мемлекеттік меншік ретінде жарияланып, қазақтарға қоғамдық негізде пайдалануға берілді. Орыс отаршылдары егінге жарамды жердің бәрін қазақтардан тартып алып, Ішкі Ресейден шаруаларды әкеп қоныстандырған. Жайық бойындағы жерлерге бір адам аттап кіре алмайтын, қазақтар өз жерінде өгей баланың күйін кешті. Қоныстандыру басқармасының қазақ даласындағы жерге орналастырушы әкімдері мен мамандары өз міндеттерін патша үкіметінің нығаюына сай орындай білген.[2,263 б.].

Осылайша, Ресей империясы қазақ жерін толық жаулап алғаннан кейін, бұл аймақта өз саясатын орнықтырып, насихаттау мақсатында газеттер ашты. Батыс Қазақстандағы мерзімді баспасөздің алғашқы пайда болуымен және даму тарихына қысқаша тоқталсақ. Алғаш 1867 жылы Орал қаласының мәдени өміріне елеулі оқиға болған «Уральские войсковые ведомости» атты апталық газет жарық көрді. Оның алғашқы редакторы П. Назаров болған, газет алғашқы нөмірінен Ресей патшасына қызмет етті. Орал казактарының әскери құрамаларын реформалау, олардың үлесіндегі жер-су көлемін өзара реттеу, Жайықтан балық аулау кәсібін жетілдіру және т.б мәселелер туралы жазып, отарлау саясатын ұстанды.

Ішкі Бөкей хандығы Жәңгір хан заманынан бастап Ресейдің Астрахань, Орынбор секілді іргелес жатқан қалаларымен жиі араласуы, Орда мектебінде ұстаздық еткен өзге ұлт зиялылары арқылы да қазақ даласына келген газет- журналдар біздің халқымыздың ой-санасының дамуына өз септігін тигізді. Сол кездегі қалыптасқан қазақ интеллигенциясы өзімен бірге халықтың қамын жеп, сөзін сөйлейтін нағыз ұлттық газеттің дүниеге келуін тездетті.

Батыс Қазақстандағы ұлттық баспасөздің бастауы 1911 жылы 16 наурызда жарық көрген «Қазақстан» газетінен алады. «Қазақстан» газеті Орда қаласында шықты. Сол жылы 27 мамырда шыққаннан кейін кезекті сандары шықпай, алты айға жуық тоқтап қалады. Бірақ бұл мерзімде газетті шығарушылар редакция мен баспахана жабдықтарын Орал қаласына көшірген екен. Газет материалдарын Ғ. Қараш пен Е. Бұйрин даярлап, кезек-кезек Астрахань қаласына поездбен апарып, Б. Қаратаевқа тапсыратын болған. Ол өзі қарап большевиктердің баспаханасында газетті бастырады. Газет шығарушылардың бірі Ғ. Қараш - қазақ халқының еркіндігін, елінің тәуелсіздігін армандаған көрнекті ақын, ойшыл-философ, қоғам қайраткері Ғ. Қараштың қоғамдық-саяси қызметі 1911-1913 жылдары «Қазақстан», 1919 жылы «Дұрыстық жолы» газеттері мен «Мұғалім» атты жарық көрген басылымдармен қатар дамыды. Осылайша, қазақ журналистика тарихын- дағы толыққанды басылым болып табылатын, ұлтының бостандығы жолында табанды күрес жүргізген саяси басылым ретінде танылған баспасөз «Қазақстан» газеті болып қалды.

Баспасөз-қай заманның да айнасы, жаршысы. Қазақстанның батыс өлкесінде шыққан баспасөз жергілікті халықтың арасында сауатсыздықты жоюға, оқу-білімге шақырған, бұқара халықты жаңа өмірге бастауда, еңбекшілердің мәдени деңгейі мен білімін көтеруде өте үлкен рөл атқарды. Жасыратыны жоқ, жұмысшылардың қалың көпшілігі сауатсыз еді. Сондықтан да газет халыққа білім беру жүйесінің дамуына, оқу сапасын жақсартуға және сауатсыздықты

жоюға айрықша мән берумен болды. Жергілікті жерде қазақтар басым бола тұрса да, газеттердің басым көпшілігінің орыс тілінде жарық көруі-Ресейдің Қазақстанда отарлауды одан әрі тереңдете түсудің амалы, яғни олардың ой санасын отарлау арқылы орыстандыру саясатын ұстағаны айқын аңғарылды. Міне, осыған орай казак тілінде басылым сұраған халықтың ащы жанайқайы газет беттерінің кейбір сандарында жазылған еді.

Сонымен, тұңғыш Қазақстанның батыс өлкесіндегі тарихының көкжиегіне қалықтап шыққан мерзімді баспасөздері өз кезегінде үлкен маңызды қызметтер атқарды. Азаматтық қарсылық жылдарында халықтың мүддесін көздеп, сол бір аумалы-төкпелі заманда қалың бұқараны соңынан ерте білді. Қашанда қоғамдық ой-пікірдің көш басында өлке баспасөзі қоғам дамуының барысында қанаты қатайып, қаламы ұштала түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Елбасы: эсселер, ой-толғамдар, өлең-жырлар, сұхбаттар. —Алматы: «Ана тілі», 1996.
- 2.Әсіп С. Қазақ қасіреті. —Алматы: Қазақстан, 1994.
- 3.Қорқытов Б., Досбаев Ә. Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателер. — 1951.
- 4.Бекхожин Х. Қазақ совет баспасөзі—Алматы, 1961.
- 5.Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 1999.
- 6.Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан.-Алматы: Қазмембас.-1950.
- 7.Атабаев Қ. Мерзімді басылым-ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: Монография.-Алматы: Қазақ университеті, 1998.

ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІН АУДАРУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕР

Раухан Ерлан Талғатұлы

магистрант, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
(Қызылорда, Қазақстан)

Қазіргі таңда қоғамның көңіл аударатын мәселелері, нақтырақ айтсақ, адамдардың киінгені, іс-қимылы, қалай ойын жеткізгені маңызды. Және бұл тарапта жарнамалардың ойнайтын рөлі ерекше. Алғашқы жарнама агенттігін ашқан, өткен ғасырдың кәсіпкері Людвиг Мецел, жарнама - сауданың қозғалтқыш күші екенін айтып кеткен. Көбінесе жарнама, дәлірек айтсақ, жарнама мәтіні тұтынушы көзқарасына үлкен әсер етеді. Кейде адамдар жарнаманың түпкі ойын түсінбейді; бір жағынан, мәселе жеткізіліп тұрған ақпараттың анық емес және қиындатылып көрсетілуінде деп айтуға болар еді, алайда көпшілік жағдайда бұл жарнама аудармасының дұрыс болмауына байланысты. Қабылдаушыға мәтінді дұрыс жеткізе алу, яғни мәтінді қабылдаушыға түсінікті етіп аудару күрделі іс болып табылады.

И. Р. Гальперин мәтінге қатысты: “Мәтін – бұл жазбаша құжат түрінде объективтендірілген шығармашылық процестің туындысы, берілген құжаттың түріне сәйкес әдеби түрде өңделген, тақырыптан және бірқатар арнайы бірліктерден тұратын, шығарма лексиканың әртүрлі түрлерімен біріктірілген (фразалық бірліктер), грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланысы бар белгілі бір мақсатқа ие прагматикалық көзқарас” деген анықтама береді [Гальперин, 1981: 18].

“Медиа мәтін” және “жарнамалық мәтін” терминдері өте жақын, дегенмен олардың анықтамаларының айырмашылықтары бар. Медиа мәтін латын тіліндегі – “media” және “textus”, - сәйкесінше “қаражат, делдал” және “мата, бытысу, байланыс, үйлестіру” дегенді білдіретін екі сөзден тұрады. Берілген тұжырымдама кез-келген ақпарат түрінде және жанрында баяндалған хабарламаны аудиторияның бір мезгілде көру және есту арқылы қабылдауына арналғандығын білдіреді [Николенко, 2005: 39].

Жарнамалық мәтін - ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылатын айрықша

функциялы мәтін түрі. Бұл мәтін әрқашан алдын-ала дайындалған, дербес, адресатқа белгілі бір ақпаратты жеткізуге бағытталған басым коммерциялық мақсатқа, яғни адресаттың назарын аударып, және әлеуетті сатып тұтынушының жарнамаланатын тауардың немесе қызметтің, компанияның және брендтің пайдасына таңдау жасауға шақыру [Дейян, 2003: 34]. Кез келген мәтінді құрау кезінде сол тілде қолданылатын түрлі шеберлік туралы егжей-тегжейлі сұрақ туындайды. Бұл жарнамаға да тікелей қатысты.

Жарнамалық мәтін сатып алушы үшін күшті түрткі болып табылады. Сондықтан жарнама жасаушылар аудиторияға ықпал ету үшін күшті әсер қалдыруға тырысады. Негізгі мәтін тақырыптың уәделерін орындайды. Ол жарнамалық хабарламаның негізгі бөлігін ашып көрсетеді.

Назар аударуға тұрарлық ұранды (слоганды) жасау үшін материалды, шеберлікті және шығармашылықты жақсы меңгеру керек, сонымен қатар жарнама тілін жеткілікті түсіне білу қажет.

Жарнама тілі - бұл мазмұнды жеткізуші сөздік белгідегі құрал. Ойды көптеген стилистикалық әдістер мен екпіндерді қолдана отырып сан түрлі жолдармен білдіруге болады. Мәтіннің құрамын әртүрлі тәсілдермен құруға, оны абзацтарға бөлуге, сөйлемдер құрауға, сөздерді таңдап, оларды сөйлемге кірістіруге болады. Керемет жарнамалық мәтінде “бәрі жақсы” болуы үшін: қабылдаушы тарапқа жеңіл және қонымды болатындай сатушының ойымен, әдемі тілмен жазылуы тиіс [Мудров, 2008: 65].

Мәтіннің бұл түрі басқа мәтін түрлерінен ерекшеленеді, өйткені ол белгілі бір әлеуметтік тапсырысты орындау үшін құралады және әлеуетті сатып алушыны жарнамаланатын өнімді сатып алуға сендіру мақсатында қолданылады.

Жарнамалық медиа мәтін, өз кезегінде, вербалды және вербалды емес бөліктерді байланыстыратын, сол арқылы біртұтас семантикалық тұтастықты құрайтын және тауарлар мен қызметтерді алға жылжыту кезінде тұтынушыға жан-жақты психологиялық әсер ететін нақты лингвистикалық визуалды құбылыс болып табылады. Осы күнге дейін жарнамалық медиа мәтін ұзақ даму процестерінен өтті және журналистік мәтіннің әсерінен қалыптасты. XIX ғасырдың ортасына дейін медиа мәтін тек жасырын жарнама түрінде жарияланды және өзінің коммерциялық сипатын жасыруға тырысып, қарапайым ақпаратпен бүкпеленді [Гальперин, 1981: 56].

Кейінірек жарнамалық медиа мәтін тауардың әлеуетті тұтынушысына бағытталған байланыс түрінде қарастырыла бастады. Ол коммерциялық мақсаттарға жетуге бағытталды.

Жарнамалық медиа мәтінді жеткізу аударма тілінде лексиканың мүмкін баламаларын іздеуден басталады. Әрбір өзін сыйлайт аудармашы оны беру кезінде түпнұсқаның барлық ерекшеліктерін мүмкіндігінше сақтауға тырысады. Бұл тұрғыда аудармашының құқығы бойынша қандай жолмен аударма жүргізілетінін таңдай алады.

Аударманың көптеген әдістері және тәсілдері бар, бірақ бұл екі түрлі ұғым екенін ұмытпаған жөн. Р.К. Миньяр-Белоручев аударма кезінде пайда болған мәселені шешуге көмектесетін тәсіл дербес мәселені шешеді деп мәлімдеген [Миньяр-Белоручев, 1996: 128]. Аударма тәсілі - бұл қандай да бір мәселені шешуге бағытталған және аудармашы жүзеге асыратын әрекеттердің бір түрін қамтитын аударма қызметі. Тілдердің тілдік жүйелеріндегі және тіл бірліктерін қолдану ережелеріндегі айырмашылықтар аудармада үнемі белгілі бір қиындықтар туғызады, нәтижесінде аудармашы аудармадағы трансформациялар деп аталатын әдістерді қолдануға мәжбүр болады. Олар лексикалық және грамматикалық болуы мүмкін.

Лексикалық трансформацияларға ұғымдарды нақтылау, ұғымдарды жалпылау, антонимдік аударма, ұғымның мағыналық даму тәсілі және аудармалық компенсация жатады. Грамматикалық ауыстыру, сөйлемді мүшелерге бөліу мен сөйлемдерді біріктіру, синтактикалық ұқсасу грамматикалық трансформация түріне жатады [Хисматуллина, 2002: 2].

Аударма әдістеріне келетін болсақ, В.С. Виноградовтың айтуынша, тікелей және жанама аударма жолдары бар. Тікелей жол транслитерация мен калькалауды қамтиды, бірақ ол стилистикалық таңбаланған мәтінді беру кезінде кең таралмаған, өйткені оны пайдалану кезінде бұл жол аударма принциптерін, сондай-ақ аударма тілінің узуалдық стандарттарын

бұзады. Алайда, аудармашы бұл жолды сөздің мағынасы қабылдаушыларға арнайы түсініктемелерсіз жеткілікті ашық және түсінікті болған жағдайда ғана қолдана алады. Жанама немесе, сөзбе-сөз аударма жолында бастапқы тілден аударма тіліне көшу орын алады, бұл дұрыс және идиоматикалық мәтіннің пайда болуына әкеледі, ал аудармашы өз кезегінде тілдің міндетті нормаларының сақталуын қадағалайды. Мұндай жол әдетте модуляция мен транспозицияны қолдануды қарастырады.

Біздің жұмысымыздың бір бөлігі ретінде біз В.Н. Комиссаровтың жіктеулерін қолданамыз. Оған келесі аударма әдістері кіреді: транслитерация, транскрипция, калькалау, сипаттама аударма (немесе экспликация). Әр әдісті толығырақ төменде қарастыратын боламыз.

Транслитерация – түпнұсқаның лексикалық бірлігін оның әріптік құрамын аударма тілінің әріптерімен қайта құру арқылы аудару тәсілі [Комиссаров, 1999: 18].

Транскрипция – мәтіндегі сөздің дыбыстық бірліктерін аударма тіліндегі фонемалардың көмегімен қайта жасайтын аударма тәсілі. Транскрипция географиялық атауларды, терминдерді, фирмалық атауларды аударуда қолданылады [Комиссаров, 1999: 22].

Калькалау – түпнұсқа бірлігін оның құрамдас бөліктерін - морфема немесе сөздерді (тұрақты сөз тіркестері жағдайында) олардың аударма тіліндегі лексикалық баламаларымен ауыстыру арқылы аудару тәсілі [Комиссаров, 1999: 24].

Сипаттама аударма (экспликация) – бастапқы тілдің лексикалық бірлігі оның мағынасын білдіретін сөз тіркесімен ауыстырылып, яғни аударма тілінде осы мағынаға азды-көпті толық түсініктеме немесе анықтама берілетін лексикалық трансформацияның түрі. [Комиссаров, 1999: 24].

Зерттеу барысында біз бірнеше жарнамалық мәтіннің ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармаларын талдадық. Жарнама мәтінін аудару ресми жарнама ұйымдары арқылы жүзеге асырылады, содан біз әр аударма әдістеріне мысалдар келтіреміз.

Транслитерация: Be sociable, Have a Pepsi – «Қарым-қатынасқа жақын бол, Пепсиден дәм тат». Бұл мысалдан Pepsi бірлігі қазақ тілінің әріптерімен берілетінін көруге болады.

Транскрипция: “Everything is Easier on a Mac” – “Мак – Apple-мен бәрі оңай”. Аудармашы “Mac” бірлігін транскрипция арқылы жеткізгенін көреміз. Сондай – ақ, Bounty: Bounty taste of paradise – “Баунти – Жұмақтың балғын дәмін тат”. Бұл жерде аудармашы транскрипциялау әдісін қолданады және Bounty сөзін қазақ тілінің тілдік жүйесінің ұқсас белгілерімен береді.

Калькалау: Pepsi “More happy” – «Өзінді бақыттырақ сезін». Бұл мысалда біз жарнамалық медиа мәтіннің «Өзінді» есімдігін енгізу арқылы өзгертілгенін көреміз. Pepsi-мен тағы бір мысалы: Feel. Live. Create – «Сезін. Өмір сүр. Ойлап тап». Аудармашы бұл жарнамалық медиа мәтінді үздіксіз калькалаумен береді, түпнұсқаның барлық бірліктері оларды қазақ тіліндегі лексикалық сәйкестіктермен ауыстыру арқылы аударылады.

Сипаттама аударма: Relax, it’s Holiday Inn – “Холидэй Инн - де жұмыс туралы ұмытыңыз”; Stay with us, and feel like home... – “Бізбен бірге болыңыз және өзіңізге демалыс жариялаңыз” (Аметист Қонақ үйі, Прага). Бұл жағдайда Relax, it’s Holiday Inn жарнамалық мәтіннің берілген бөлігін неғұрлым толық түсіндіру үшін қазақ тілімен берілгенін байқауға болады, сондықтан аудармашы мағынасына сәйкес келетін “Холидэй Инн - де жұмыс туралы ұмытыңыз”, нұсқасын ұсынады.

Жарнамадан тағы бір мысал келтірейік: Nivea: Light and easy to use – “Жеңіл, шынымен жан-жақты”. Бұл мысалда аудармашының easy to use сөз тіркесін біздің қоғам өкілдеріне түсінікті «жан - жақты» сөзіне ауыстырғанын көруге болады.

Жарнамалық мәтіндерге қолданылған аударманың барлық әдістерін қарастыра отырып, сипаттамалық аударма әдісі (40%), содан кейін калькалау (25%), транскрипция (20%) жиі қолданылады деп айтуға болады, ал транслитерация (15%) қатысты түрде аз қолданылатыны белгілі болып отыр.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, жарнамалық мәтін, медиа мәтін, жарнама тілі сияқты ұғымдармен байланысты деген қорытынды жасауға болады.

Аудармашының жарағында белгілі бір жарнамалық мәтінді жеткізуге арналған көптеген құралдары болады. Жарнамалық мәтінге қолданылатын аударма әдістерін талдай отырып, ең көп қолданылатыны-сипаттамалық аударма, ал ең аз қолданылатыны – транслитерация екені айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Виноградов В.С. Введение в переводоведение. – М. : Изд-во ин-та общего среднего образования РАО, 2001. – 224 бет.
- 2 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования : монография. – М. : Наука, 1981. – 140 бет.
- 3 Дейян А. Реклама. Интернет-реклама. – М. : Сирин, 2003. – 168 бет.
- 4 Иванов В.В. Лингвистика третьего тысячелетия: вопросы к будущему. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – 208 бет.
- 5 Казакова Т.А. Практические основы перевода. – СПб. : Союз, 2001. – 320 бет.
- 6 Комиссаров В.Н. Общая теория перевода. – М. : ЧеРО, 1999. – 136 бет.
- 7 Миньяр-Белоручев Р.К. Теория и методы перевода. – М. : Московский Лицей, 1996. – 298 бет.
- 8 Мудров А.Н. Основы рекламы : учебник. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : Магистр, 2008. – 397 бет.
- 9 Николенко Г.А. Лингвистические особенности рекламных текстов и способы их перевода. – СПб. : Тассист, 2005. – 134 бет.
- 10 Хисматуллина В.М. Гендерный аспект в телевизионной рекламе. – М. : Сирин, 2002. – 55 бет.

ТІЛШІЛЕРДІҢ МІНДЕТІ ҺӘМ МӘНІСІ ТУРАЛЫ

Сәлімгереева Гүлназ Сәлімгерейқызы

студент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе облысы,
salimgereeva_gulnaz@mail.ru

Әлденеше жікке бөлінген қызметкерлер бар, соның ішіне мұғалім де, тілші де кіреді. Әзірге еңбегі жанбай жүрген осы екеуі. Қазақ елі жаңа жұртшылыққа бет алып отыр. Бұл жаңа тұрмысты октябрь төңкерісі туғызып отыр. Біз октябрь төңкерісі туғызғандардың ішінде болғамыз жоқ, жолдан қосылдық. Октябрь төңкерісі қазақ ертеден даярланып келмегенмен орнай алмай қойған жоқ. Қазақ ішінде де орнап отыр. Ел тұрмысы бұрынғы таз қалпында емес, бұрынғыдан аз да болса өзгере бастады. Қазақ елі ертеден жұртшылыққа ие болмаған ел. Әлде де жұртшылығы жетіскен жоқ. Әлде де озбырлық, арыз, пара һәм басқа толып жатқан жамандықтар бар. Осылардың бәрін баспасөзге түсіретін тілші. Осы күні ел жайы газеттерге түгел жазыла алмай жүр. Жазса анық ел ішінің тілшілері жазбай, ұзынқұлақпен даладағы кісілер, қызметкерлер жазып жүр. Ол сырттан бал ашқан болады. Елдің жайы елден табан жерден көзімен көріп жазған тілшінің сөзі ғана жетік хабар болады. Ел жайы не артық, не кем кетпей баспасөз жүзіне дұрыс түссе, елдің жайына қарап іс қылып отырған үкімет адаспай қышыған жерді дәл басады. Баспасөзге көмескі хабар жарияланып кетсе адастырады, беттен жаңылады. Осы күні тілшілер таза жоқ емес, бар болса да хабарға сараң, көзі көріп, қолы ұстаса да көбінесе қорқып, қорғалап жаза алмайды.

Енді тілшінің міндетіне келейік: Ауыл халқының күнделік салты ел қалай тіршілік етеді, елде болып жатқан тұрмыс өзгерістеріне, елдің мұңына қалай қарайды. Осылардың бәрін-бәрін дәл басып газет бетіне түсіру тілшілердің міндеті. Кооперация, сот, тергеуші, розыскі, милиция, болыс, ауылнай, яшейке, жастар ұялары, қосшы ұйымдары, мектеп жайы, ауырлық, салық жұмысы бәрінің жазылып тұруы тілшілердің міндетіне жатады. Бұлардың

дұрыс істеп жүрген жұмысы да, артық істеген, кем істегендері де, әділдік қылғаны да, қиянат қылғаны да, зорлығы, алған парасы да, бай мен кедейге қандай көз қарастары барлығы да ... не артық, не кем кетірмей жазу тілшілер міндеті. Қазақтың болашағына қатты керекті мәселенің бірі – жерге орналасу жұмысы. Жерге орналасуға елдің ынтасы қандай, жерге орналасқандар болса, онан шыққан пайда қандай, жерге орналаспағандардың алған үлгісі қандай, оны үзбей жазып тұру тағы тілші міндеті. Әсіресе, соны қадағалап жазу керек.

Түркістан қазағының тіршілігі су мәселесіне байланысты. Су елге жетімді ме, жетімсіз болса неліктен? Не айлалар істеуге тиісті болар еді? Суды ел әділ пайдалана ма, әділ пайдаланбаса оған себеп не? Мұны жазу да тілші міндеті. Халық ағарту жұмысы қандай түрде, жергілікті үкімет басындағы адамдардың елді ағартуға ынтасы қандай, халық ағарту үшін қандай істер істеуге тиісті болар еді. Әсіресе, ағарту жұмысы ілгерілей ме, жоқ па, ел ағарту жұмысының ақсақтығына қалай қарайды? Үкіметке жәрдемдесерлік көңіл бар ма, өз тосындарынан мектеп ашарлық ойлары жоқ па? Әліппені оқыту мен тіл құралын оқытудың қандай парқы бар екенін түсіне ме – бұлардың жазылып тұруы да тілшілердің міндеті. Әйел мәселесі қандай күйінде, қалыңмал, құда түсу істері бұрынғы шарасынан орталай ма, орталамаса неліктен? Қалыңмалды құртуға не айла болар еді. Ел әкімдері қалай қарайды. Елдің өзі кәрі-жас, бай-кедей деп жіктегенде қайсысы қандай көзбен қарайды. Сотқа тартылғандар болса, сот билігі не болды. Сотқа тартылмаса, үкімет білмей қалғандай болса, не себеп? Үкімет адамдарының жеңушты жалғасқаны болған жоқ па? Бұны жазып тұру да тілші міндеті. Әсіресе, үкіметке қатынасы бар адамдардың өз оттарының басында қалыңмен құда түсу жоғалды ма, жоқ па, соны қадағалауға тиіс. Денсаулық мәселесі, мал ауруы бұл екеуі де қерегі күшті мәселелер. Бұларға үкімет тарапынан шаралар істеле ме, жоқ па, жоқ болса не себеп? Жұқпалы аурулар болса, залалы қандай болады. Елдің жұқпалы ауруға көз қарасы бұрынғыша ма, өзгере ме? Өз тұсынан шара іздейтін ой жоқ па? Бақсы-балгерлер бағасы ел көзінде бұрынғысынан қалай. Елдің дәрігерлік іліміне көзқарасы қандай – бұлардың жазылып тұруы да тілшілердің міндеті. Кооперацияның ел ішінде тамыр жаюы қалай, елдің кооперацияға көзқарасы қалай, елдегі кооперация пұлдарының сәудегер нәрселерінен арзан-қымбаттығы қалай. Ел кооперацияға ұйымдаспаса себеп не, мұның жазылуы да тілшілер міндеті. Үкімет заңдары ел ішінде дұрыс орындала ма? Дұрыс орындалмаса неліктен? Үкіметтің жаңа шыққан заң-законіне елдің көзқарасы қалай, ел ұнатпаса себебі не? Бұны жазу да тілші міндеті. Тілшілер, үкіметті сынағандай болмаймыз ба деп ойлап қалмаңыздар. Үкімет, әсіресе осы күнгі кеңес үкіметі бұқараның мән-жайына қарай іс істейді. Кеңес үкіметінің ел меңгеру ісіне халық, бұқара қатынасады. Бұрынғыдай жеке биі билеп-төстеп көпке көз салмай кететін заман жоқ. Рас, осы күні жеке билікті сүйетін төрелер бар. Олар қалың бұқараның міндетін түсініп бола алмай жүргендіктен. Бұқара іске қатынасса, ондай төрелердің жөнге келуі оңай. Газет ел мұңына, ел жай-күйіне араласып көрсететін айна десек, мақсатсыз айна емес. Мақсатты айна. Үкімет газет жүзінен көріп, ел жайына қарап тон пішеді, жаңа заң-закон шығарады. Бір шығарғаны елге қолайсыз, тұрмысқа қонымсыз болса, екінші рет шығарады. Ленин: «Ел хаты барометр, әм саясаттың қата жерлерін көрсетеді», - дейді. Тілші хаты үкімет заңының елге жайлы, жайсыздығын білдіреді. Тілші жақсы болса, саясатқа да пайдасы тиеді. Осылардың бәріне де керекті үлкен міндет: тілшінің шыншыл болуы, көзбен көріп ақтығына жетіп жазуы. Елдің басындағы кемшілікті өз басындағы кемшіліктей көріп, сол кемшілікті елдің жөнімен жоғалтуды ниет біліп жазуы. Өз басының ашу-араздығына бола бұрмай жазуы, қысқасы, елді жақсы көріп, тілегін елге аударып жазуы.

Тілші қайдан шығады?

Қалада да тілшілер болады. Олар қала тұрмысын жазады. Дала тұрмысын баспасөзге ел тілшілері ғана жетік түсіре алады.

Тілші болу үшін керекті шарттар:

Тілші елді жан-тәнімен сүйген кісі болу керек. Елді сүймесе, өз ісіне қатынасы жоқ қиянаттардан тартыншақ болады. Адамға бір мақсатсыз іс істеу қиын, елді сүйген тілші елдің ел болуын арман қылады. Сондықтан ел жайын жалықпай жазады. Ел тілшісі кедей таптан болады. Сыртымен мен тап тілшісі деп бадырайып тұрмау тиіс. Сөз жазғанда сөзінің түрі істің

мән-жайын суреттеуге ғана бағытталу керек. Мақсаты – тілші айғайлап, аттан салмай-ақ, істің мәнісінен барып шығатын болу керек. Тілші сөзі қазақтың қоспасыз өз тілімен, ел тілімен жазылу керек. Ұғымды тілмен, құрғақ әңгіме қосылмай қысқа-қысқа жаза білу керек. Осы күні тілші сөзінің көбі өзгертіліп басылады. Өйткені тілшілер ретін білмей ұзын жазады. Болмаса жазып отырған әңгімесінен шығып кетіп, құрғақ шешендік соғады. Бұл екеуі де керексіз. Тілшілер әлінен келгенше емлемен жазу керек. Тіпті баяғы заманның емлесіз қара дүрсiнiмен жазғандар бар. Ол жарамайды. Емле бiлмейтiн тiлшi үйрену шарасына кiрiсу тиiс. Сөз жазғанда бiр сөздi қайталаудан қашу керек. Жазған әңгімесі бiрнеше қабат арқанға оралғандай пысықтала беру де жарамайды. Осы күні кәмисерлердiң де қазақ тiлiн бiлмейтiнi бар. Кейбiр азаматтардың сөзi орыс сөзiнiң орыс сөйлемiмен тiзiлген аудармасы болып шығады.

Газет сөзiне елiктесе, тiлшi сөзiн бұзып алуға мүмкiн, сондықтан тiлдi газеттен үйренуден де елден үйренуге көңiл қойғаны мақұл. Қала жазушыларынан газеттерден пiкiр ғана алуына болады. Ел сөзi ел ортасындағы әңгімеге мол жетедi. Бөтен тiл қатынастырмау, тiптi, үлкен шарт.

Тiлшi жазған әңгімесiне ат қоя бiлу керек. Сөздiң басына қойған ат, қазақша тақырып деймiз, жазылған әңгімеге дөп келсiн. Мәселен: «Үлгiлi ауыл» деген ат қойған сөз болса, сол ауылдың үлгiлi жұмысы туралы ғана жазылады.

Мiне, қысқа айтқанда, осыларды орындаған кiсi тiлшi болады. Бұл әрине Қошке ағамыздың баяндамасынан алынған үзiк ойлар болатын. Жалпы, заман ағымына сай зеректiк пен алғырлықты, сауатталық пен жылдамдықты қажет ететiн электронды БАҚ – тың алар орны ерекше екенi бәрiмiзге белгiлi.

Мен Ақтөбе өңiрлiк университетiнiң филология мамандығында оқу үстiндемiн. Қосымша мамандығым журналистика саласы. «Адамның емес, Алланың дегенi болады» демекшi менiң бастапқы мамандық жолым «қазақ әдебиетi мұғалiмi» болу болатын... Бiрақ, Құдай өзi Ақтөбенiң танымал университетiне 4 жылдық бiлiм нәрiн сусындау бұйырыпты. Үш ұйықтасам түсiме кiрмейтiн мамандық оқи келе, зерттей келе үлкен қызығушылық туғызғаны анық. Мамандығыма қызығушылық танытуға септiгiн тигiзген белгiлi журналист Анна Данченко. Өйткенi, ұлты өзге ұлт болса да, танымы, түсiнiгi, ойлау қабiлетi, тiлi, дiлi, қазақ елiне деген сыйластығы құрметке лайық. Кiшкентай кезiмде бұл кiсiнiң «31 арна» да телехабар жүргiзгiп жатқаны есiмде. Жоғарыда атап өткендей халыққа ең бiрiншi хард жаңалықтан көрi софт жаңалық өтiмдiрек. Қазiрде танымал, өз жұмысын тоқтатпаған, рейтингi жоғары бағдарлама «Бiр болайық» - та жүргiзушi Анна ханым болатын. Анна ханым бiр бағдарлама жүргiзу арқылы телеарнаның рейтингiн көтерiп ғана қоймай, үйленбеген егде жастағы азамат пен азаматшалардың басын қосып, бiр болуына септiгiн тигiздi. Одан бөлек еркiн қазақ тiлiмен сөйлеу арқылы, жобадағы шала қазақтарды қазақша сөйлеуге үйретiп, сонымен қатар өзiнiң алған тәрбиесiмен көптi дұрыс бағытқа бағыттай бiлдi деп ойлаймын. Осы жөнiнде Анна Данченконың «Қазақ тiлiн бiлмейтiндердiң жалақысын қысқарту керек» деген ойбөлісiмен бөліскiм келiп отыр. Бұл баяндамасында «Орыс тiлiнiң (ҚР Конституциясының 7-бабы) ресми тiл екенi жөнiндегi түсiнiктеменi алып тастаса деймiн. Мәселен, мен қазақша бiлмеймiн дейiк. Жұмыс берушiнiң басты талабы - қазақ тiлiн бiлу мiндеттi екенi айтылса. Заң талабына сәйкес, қазақ тiлiн бiлмейтiндердiң жалақысын 30 пайызға дейiн қысқартса. Сiз келiссеңiз де, келiспесеңiз де сондай заң солай. Бiрақ ешкiм жалақысының қысқарғанын қаламайды. Жұмысшы ақша керек болғандықтан қазақ тiлiн үйренедi. Ол ақша жерде шашылып жатқан жоқ. Адамдарға осылай сабақ беру керек. Егер бұл елде қазақ тiлiнiң дамығанын қаласақ, әрбiр азаматтың қазақша сөйлегенiн қаласақ, заң тұрғысында осындай талап қою керек. Адамдар қорқытқанда ғана, өзiне қолайлы емес болғанда ғана, мақсатына жетедi", - дедi Анна Данченко.

Бұл жазба желi қолданушылары арасында талқыға түстi. Бiрi тележүргiзушiнi қос қолдап қолдаса, бiрi ендi қарсы шықты. "Әлi бiр қазақ мынадай ұсыныс айтпаған қателеспесем, дұрыс айтады", "Әй, осы қызды келiн қылып алу керек едi", "Дұрыс қосыламын. Маған салса елу пайызын қысқартып тастар едiм. Ана тiлiн менсiнбей жүрген шала миларға

дұрыс болар еді", "Ризамын ғой осы қызға", "Ұлты қазақ болмаса, оларды күштеп қазақша үйрету керекпіз бе? Бұл зорлық емес пе?".

"Мемлекеттік тілді білу - міндет. Мен бір мекеменің басшысы болсам, қазақ тілінен тест жасатып барып, онда да 80 -100 пайыз жинаса, қабылдар едім. Қалған 20 пайызды жұмыс барысында әріптестерінен үйренер еді. Жерін басып, ауасын жұтып, суын ішіп, нанын жеп жүрген соң, жергілікті тілді де, халқын да сыйлау керек", "Біз қажет болған кезде орыс тілін үйрендік, олар да қажет болса үйренеді зорламай-ақ". "Радикалды әдіс дұрыс деп ойламаймын. Өйткені қазақ тілінде өзге ұлт өкілі қызығатындай пайдалы ақпарат жоқтың қасы (ғылыми материалдар, әлемдік әдеби кітаптар, фильмдер). Одан кейін екінші мәселе өзге ұлттың өкілдері арасында білікті мамандардан айырылып қалуымыз мүмкін. Әзірге министрлік пен депутаттарға қазақ тілін міндеттеген жөн деп ойлаймын. Ескере кететін жайт ғылыми, әлемдік әдеби пен фильм салалары қазақ тіліне аударылмай тіл мәселесін шеше алмаймыз", - деп жазды олар.

Бұл арқылы тағы да көрегендіктің, сауаттылықтың үлкен мектебін көресің. Ендігі мәселе, тағы да тіл мәселесе қазақта «Өзге тілдің бәрін біл» Тек қазақ пен орысша ғана емес, тіпті ағылшынша да аздық етеді, басқа шет тілдерін меңгеру журналист үшін оның біліктілігін одан сайын арттыра түседі. Әсіресе, қазіргі пандемия кезінде бұл мәселе өте өзекті. Біз ақпарат саласында қызмет істегендіктен, түрлі тақырыптарды жазамыз. Ол дұрыс, әрине. Менің ойымша, журналист өзіне жақын сала төңірегінде де дамуы керек. Мысалы, нақты денсаулық сақтау саласы, экономика немесе әлеуметтік, білім беру тақырыптарының бірін тандап машықтану керек. Журналист тек жаңалық қана жазып қоймауы керек, оның аналитик болуы қазіргі журналистика үшін тіптен бағалы.

Бұрын індет жайлаған қиын заманда журналист, дәрігер, полиция, мұғалім сынды мамандықтардың қадірі артты. Расында, телеарна, радио, интернет-сайт, газет-журнал тілшілері коронавирус індеті кезінде алдыңғы шепте жүріп, басын қауіп-қатерге тігіп, еңбек етті. Халыққа шынайы, ресми ақпаратты жеткізуге тырысты. Шерхан Мұртаза атамыздың: "Журналистердің арқалағаны - алтын, жегені - жантақ" деген.

Төртінші біліктің тұтқасын ұстаған тілшілер қауымы – қоғамның айнасы, өз дәуірінің үні, сынға ұшырап жүріп те шыңдалатын, үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандық иелері. Әлемде журналист кадрларын дайындаудың үш жолы. Біріншісі – университеттік (төрт жылдық бакалавр, екі жылдық магистрлік, аспирантура) білім. Екіншісі – басқа мамандық иелерін журналистикаға икемдеу арқылы азғана уақытта біліктіліктерін арттыру. Үшіншісі – өз саласы бойынша университеттік білім алып шыққан маманды қосымша курстар арқылы білімі мен біліктілігін тағы бір шыңдай тусу. Осылардың ішіндеті әлемдік озық тәжірибе негізіндегі маман даярлау талаптарына сай келетіні – біріншісі. Себебі, мұнда шәкірттеріміз журналистиканың қырсырын, яғни оның тарихын, теориясын, психологиясын, логикасын, тағы басқа толып жатқан ішкі мәселелерін игеріп шығатын болады. Мұның келешегінің кемел екендігі осында жатса керек. Ең бастысы, шәкірт университеттік білім алып қана қоймай, оны одан әрі шыңдағысы келсе, журналистика ғылымымен де айналыса алады. Кешегі Кенес жүйесінің орталығы Ресейде тек қана баспасөзді зерттеу проблемаларымен айналысатын ғылыми зерттеу институты жұмыс істеді. Онда жүздеген ғалым жұмыс жасайды. Осы бір ғана мысал журналистиканың машық емес, мамандық, ғылым, теория, т.б. екендігінен нақты хабар береді.

Осы салада жетістікке жетсем екен деген жастардың бойынан қандай қасиеттер табылуы қажет? Әуелі, журналистің шығармашылық сауатының жоғары болуы шарт. Жазуға машықтанған, өз ойын ұғынықты әрі тапқырлықпен жеткізе білетін журналист өз аудиториясын кеңейтуге мүмкіндік алады. Қандай да болсын ақпаратты саралап, сараптап, саптап отыру міндеті жүктелген саңлақтарға үнемі ізденісте жүру де маңызды. Ақпарат үнемі өзгеріп, жаңарып отыратындықтан да тілшілер шапшаң қимылдап, ақиқат пен өтіріктің, жаман мен жақсының ара жігін ажырата білуі тиіс. Тарқатып айтар болсақ, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне қоғам тарапынан сенім білдіретіндей болуы керек. Қандай да болмасын ақпарат алған жағдайда оның шынайылығында ешқандай күдік орын алмауы қажет. Тілшілер

үшін тақырып өзектілі де маңызды орында. Мәселен, сайлау науқаны жүргізілді деп есептейік. Осы тұста, сіз халықты қызықтыратыны тек кімнің жеңіске жеткендігі емес екенін ескеріп, қандай басымдылықпен немесе артықшылықпен жеңіске жеткендігі және алдағы уақытта қандай шаралар жүзеге асатаны жайында мағұлмат бергеніңіз абзал. Сонымен қатар, уақыт пен аудиторияның талап-тілегін ескеру қажеттігін ұмытпаған жөн. Ескі немесе қайталанған ақпараттар оқырманды тез жалықтырып жібереді. Ал аудитория талап-тілегі туралы айтар болсақ, сіз экономика немесе саясаттағы деректерді спорт журналына ұсына алмайсыз. Сол себепті де, мейілінше өзінің жаныңызға жақын, қызығатын саланы таңдағаныңыз жөн. Бұрыннан-ақ журналистика - өзі өмір сүріп отырған кезеңді жан-жақты қарастыру деген түсінік қалыптасқаны барша тілшілерге мәлім. Демек, кез келген сөзі жүйелі, сөз саптауы келісті, жан-жақты журналист қандай ортада болмасын өзінің субъективті пікірі, көзқарасы бар, тұшымды тұжырым айтып, ой қорыта алатын дегенге саяды. Дүйім жұртқа өзінің ойын еркін білдіре алатын, көпшілік ортада немесе экран алдында өзін салмақты ұстай білетін журналистерге халықтың да ықыласы ерекше болатыны да айқын. Журналистикадағы қажетті әрі маңызды термин- факт. Ешбір журналист қолында нақты факт болмай, ақпарат таратуда қауқарсыз. Қазіргі таңда университет қабырғасында жүріп те, ұстаздарымыздан үнемі дәлелмен сөйлеу қажеттігін үйреніп, машықтанып жүрміз. Қарапайым үй тапсырмаларын орындау кезінде де талапшыл келетін оқытушыларымыздың арқасында тапсырманы жауапкершілікпен, ұқыпты, тиянақты орындауға талпынамыз. Қандай да болмасын салада іскерлік қабілет пен еңбексүйгіштік маңызды екені белгілі. Сол секілді журналистке де бұл қасиеттер жат болмауы тиіс. «Отандық журналистика бір орында тоқтап тұрмай, қарқынды даму үстінде. Жаңа технологиялардың пайда болуымен қатар, журналистердің жұмысы біршама жеңілдесе керек. Және БАҚ өкілдері қатары талантты, сауатты, ізденімпаз жастармен толысып жатыр». Болашақ журналист ретінде, менде қазақ журналистикасының әлі де болсын биік шыңдарды бағындыраына сенімім мол. Бала күнімнен-ақ журналистиканы жаныма жақын тартып, осы мамандыққа қызығушылығым артып тұратын. Содан болса керек, ұстаздарым маған мектептегі іс-шараларды ұйымдастырып, жүргізуді тапсыратын. Іс-шара аяқталған соң қай жерде қателескенімді айтып, түзетіп те отыратын. Үнемі қазақ әдебиеті пәнінен ұйымдастырылған жарыстарға қатысатынымын. Өлең, шығарма жазып та жүретінмін. Ата-анам да тілші боламын десең, пысық әрі тіл табысқыш болуың қажет деп, көпшілік алдында сөйлеуге, өзінді дұрыс ұстауға үйрететін. Қазір сол кішігірім тәжірбиелердің мен үшін пайдасы болмаса, зияны тиіп жатқан жоқ. Қорытындылай келе, осы саланы таңдап, мықты журналист боламын деуші талапкерлерге айтарым, бастысы талмай еңбек ете біліңіз.

Пайдаланылған әдебиет

1. Қазақстан Баспагері мен полиграфистері. Анықтамалық. Алматы, "Білім" баспасы. 2005 ж. — 576 бет. ISBN 9965-09-134-X

2. Кемеңгерұлы Қ. Шығармалары (даярлаған Р.Рүстембекова). Алматы, 1995 3. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы (даярлаған Д.Қамзабекұлы). Алматы, 1996

<https://bugin.kz/2061>

ТЕҢДІК ЖАУЫРОВ – ЖУРНАЛИСТЕР ТӘЛІМГЕРІ

Сүндетұлы Қылышбай,

«Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстанның Құрметті журналисі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті Теңдік Жауыровтың өмір жолы өлкеміздің баспасөзімен тығыз байланысты. Барлық ғұмырын журналистика саласында, оның ішінде, екі рет аудандық және облыстық газеттерді басқарған сәтте де, кейін университеттің журналистика кафедрасында ұстаз еткен жылдарда да оның шекпенінен талай шәкірттер түлеп ұшты.

Редакцияның жұмысын ұйымдастыру оның аппаратына тікелей байланысты. Газетті редактор басқарады. Қазақ журналистикасының ғылыми негізін қалаған филология ғылымдарының докторы, профессор Тауман Амандосов өзінің «Совет журналистикасының теориясы мен практикасы» атты ғылыми еңбегінде былай деп жазған-ды: «Редактор редакцияның жұмысын жай ұйымдастырушы ғана емес. Ол - саяси жетекші, ұйымдастырушы және редакция коллективінің тәрбиешісі, сондықтан оның саяси және идеялық әзірлігі жан-жақты болуға тиісті. Редактор тәрбиеші ретінде ол өз қызметкерлерінің журналистік қабілетін жете білуге тиісті. Әрбір қызметкердің өз орнына лайықтылығын білумен қатар, олардың журналистік шеберлігін, жалпы білім дәрежесінің өсуіне, жас журналистердің өз мамандықтарын жан-жақты меңгере түсуіне үнемі қамқорлық жасап отыруға тиісті» [1, 68 б.].

«Шәкірт болу да оңай емес» деген сөз бар. Теңдік Жауыров 1961 жылы шілде айында облыстық газеттегі әдеби қызметкерліктен Қызылқоға аудандық газетінің редакторлығына тағайындалғанда біраз қиыншылық пен қызыққа толы өмір жолын бастан кешті. Алдымен өзіне ұстаз деп таныған сол кездегі облыстық басылымының басшылары Түсіп Бисекенов пен Хабир Нұрмұхамедов сынды ағаларының редакторлық мол тәжірибесін басшылыққа алды. Олардың газетті оқырмандарға жақындатқанын, бұл іске штаттан тыс тілшілерді тартқандығын пайдалана білді. Сол кездегі ауыл шаруашылығы науқандарын, Орталық Комитеттің пленумдарының шешімдерін жүзеге асыруға үн қосқан шопан сөздерін дайындау, малшы қыстақтары туралы хабарларды тұрақты беру бірініш кезекте тұрды.

Осы орайда редакцияда журналистік арнаулы білімдері бар мамандардың аздығы қол байлау болды. «Осы тұста университеттік біліммен жас журналист Мақат Хайрулиннің келіп қосылуы соны леп әкелгендей болды. Мақат осы жердің жігіті жұрттың көбін таниды. Біршама қолымыз ұзарғандай болып қалды. Аудан ішінде алыс-жақын жерлерге барып, газетке хабар-ошар алып келу үшін онша қиын еместей көрінді», – деп еске алып отыратын еді Теңдік Жауыров [2, 35-36 бб.].

Осы қызметте газет басшысының журналист Қабижан Сағиевтың тапсырмаға өте мұқият, хабарлары барынша жатық, келісті жазатындығын, өлеңге де әуестігін байқайды. Кейін ол Махамбет аудандық «Малды өңір» газетіне редактор болған сәтте әріптесін 1977 жылы жұмысқа шақырады.

Т.Жауыров еңбек еткен өткен ғасырдың алпысыншы жылдары жұмысшы-село тілшілерінің қозғалысы өрлеп тұрды. Редактор газеттің жұмысына оларды тартудың жаңа тәуілдері мен әдістерін іздестіріп отырды. Тілшілер еңбек адамының бейнесін айқынырақ көрсетіп, өзара көмектің, коллектившілдіктің өнегелерін баспасөз бетінде көтере білуіне ақыл-кеңес, нұсқаулар беріп отырды.

Теңдік ағамыздың 1977 жылы «Қазақстан» баспасының жарық көрген «Аудан ақиқаты және жұмысшы-село тілшілері» атты кітабының маңызы зор. Аталған еңбектің алғы сөзін жазған профессор Тауман Амандосов былай деп баға береді: «Т.Жауыровтың бұл кітапшасында аудандық газеттердің іс-тәжірибелері негізінде жергілікті баспасөзде бұқаралық жұмысты ұйымдастыру, жұмысшы және ауыл-село тілшілерімен, жұртшылықпен байланысты нығайту мәселелері жан-жақты әңгіме болады. Автор тілшілердің рөлі, газет

редакцияларының бұқаралық жұмысы туралы өзінің тың ой-пікірлерін ортаға салады».

Аудандық газет – аудан еңбекшілерінің үні. Сондықтан да, оның беттерінен олардың ой-пікірлері айқын, ашық көрініп отыруы тиіс. Тілшілерді мазмұнды, сауатты, мақалалар көтерген мәселенің дәлдігі айқын болуы тиіс. Газет басшысы ауыл-село тілшілеріне хат жазып, осыны үнемі ескертіп отырды. Осы газеттің штаттан тыс тілшісі, Фурманов атындағы орта мектептің оқушысы ретінде талай хаттар алғанымды есіме әрдайым еске алып отырамын.

Аталған кітапта редактордың қоғамдық тілшілерге жасаған қамқорлығы, тілшілердің семинар-кеңестерін өткізіп, оқуын ұйымдастырғаны, оларды ынталандыру, көтермелеу шараларын жүзеге асырғандығы туралы кеңірек айтылады. «Редакцияға бас сұға кетіңіз...» атты тарауында тілші-авторлармен жүзбе-жүз жолығысып, оларға нақты көмек көрсетуде журналистер іссапарының рөлі маңызды. Теңдік Жауырұлы іссапарға шығатын әр газет

журналистеріне алдымен тілшілер тобы жетекшісіне жолығуды және келгеннен кейін тілшілермен істеген жұмыстары туралы редакторға жазбаша есеп беруді міндеттеді.

Осы тәжірибе Махамбет ауданындағы «Забурын», «Новобогат» кеңшарларындағы тілшілер қосы жұмысының нәтижелігін арттырады. Сол жылдары сауыншы Қаншайым Қуанбаева, есепші Жолдас Абдолов, мал дәрігері Әміржан Мұратов, Сатқан Айжарықов, Сүндетқали Аманғалиев, Жетібай Шұғаепов және т.б. газеттің тұрақты тілшілері атанды. Олардың есімдері жазылған Құрмет кітабы ашылып, баспасөз мерекесі күні сыйлықтармен марапатталды. «Редакцияларда тілшілерге арналған «Құрмет кітабы» бар, оларға әр жыл сайын ең таңдаулы, белсенді деген тілші, авторлардың есімдері енгізілді. «Малды өңір» (қазіргі «Жайық шұғыласы» – Қ. С.) газеті редакциясындағы «Село тілшісінің Құрмет кітабы» 1969 жылы белгіленген еді. Қазір мұнда 48 тілші, автордың есімдері жазылған. Бұған енгізілерде авторлардың жыл ішінде редакцияға жолдаған материалдарының саны мен сапасы, негізгі міндетті жұмысын қалай атқарып жүргені, қоғамдық белсенділігі ескеріледі. Кітапқа тілші есімі редакциялық алқа мәжілісінің шешімі бойынша жазылады», – деп жазады Т.Жауыров [3, 96 б.].

Т.Жауыровтың журналист пен автор ынтымақтастығының, яғни бірлесіп материал жазып, дайындау әдісі республикаға таратылды.

«Мұнайлы Астана» газетінің редакторы, Қазақстанның Құрметті журналисі Құттыгерей Смадырға тәлімгер болған ағамыздың естеліктері туралы көптеп жазылды. Солардың бірі Т. Жауыров өзі жазған «Қалам қызметі – қастерлі қарекет» атты кітабында Құтекеннің кәсіби журналистік жолына түсуіне себепші болғанына мысалдар келтіре келіп: «Бір сөз бір сөздің қуғыншысы» дегендей, жаңағы Құттыгерей сияқты оқушы күнінен Махамбет аудандық газетінің тілшісі саналып, кейін шығармашылық немесе лауазымдық қызметтерге жоғарылаған әріптестеріміздің өздері де кездесулерде ағынан жарылып айтып жүр», – дей келе, шәкірттері болған Төлеген Берішбаев, Қылышбай Сүндетұлы есімдерін атайды. Осы естелігінде оқырман ықыласына бөленген Мақсот Неталиев, Ыбырай Сүйінов, Қырықбай Бекбаев, Зұлқарнай Дабылов, Күзембай Әміров, Қабиджан Сағиев т.б. тоқталады.

«Шәкіртсіз – ұстаз тұл» дегендей, редактор Т.Жауырұлын тәлімгер санап мақтан тұтатын Исатай Балмағамбетов, Меңдібай Сүмесінов, Любовь Монастырская, Қылыбай Қуанышбайұлы, Тарас Наурызәлі, Ерболат Қамен, Жолдас Дүсіпұлы, Бағыт Көшербайұлы және т.б. айтуға болады.

Қорыта келгенде, журналист, редактор, ұстаз Теңдік Жауыровтың – тәлімгерлік жолы көпке үлгі. Ол туралы талай ғылыми еңбектер жазылады деп тұжырым жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амандосов Т.С. «Совет журналисткасының теориясы мен практикасы». // – «Мектеп» баспасы, 1978. – 272 б.
2. Жауырұлы Т. «Қалам қызметі – қастерлі қарекет». // Атырау «Атырау-Ақпарат» ЖШС, «Шежіре» шығармашылық орталығы, 2014. 308 бет+12 фотосурет. – 307 б.
3. Жауыров Т. «Аудан ақиқаты – және жұмысшы-село тілшілері». // - Алматы, «Қазақстан», 1977. – 120 б.

О.БӨКЕЙ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ БАРЫСЫ

Тұрдыбай Арайлым Серікбайқызы –

5В011700 - Қазақ тілі және әдебиеті ББ 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы - филол.ғ.к.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

Есімі өзімізге де, өзгеге де кеңінен танылған ерекше талант иесі Оралхан Бөкей – әдебиетімізге өзіндік мәнерімен сөзден өрнек сала келген ірі суреткер жазушы.

Туған жері – Алтайдың сұлулығын, тәкәппарлығын, асқақтығын жырлаған, азғантай ғұмырында сондай асқарлы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерген шешен тілді шебер суреткер Оралхан Бөкей–1943 жылы қыркүйектің 28 жұлдызында, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. Оның алғашқы әңгіме повестерінен-ақ («Қайдасың қасқа құлыным», «Қамшыгер», «Үркер», «Ұйқым келмейді») ешкімге ұқсамайтын өзінше сөз саптасы, асқақ мінезі, алғыр зерде-зейіні оқушысын бірден баураған болатын. Жазушының ой мен сезімді қатар өрген шығармалары бірде тұңғыық оқиғаға жетелесе, бірде асқақтыққа, өршілдікке тартып, толғау-толғаныстары кең тынысты, өзгеше үнді болып келеді. Ұлы драматург Б.Шоу «Әрбір талантты жазушы ең әуелі өз замандастары жайлы жазуы тиіс» деген екен. О.Бөкейде қолына қалам ұстағаннан-ақ, өз замандастарының мұңы мен қуанышын шынайы суреттеуге тер төккен. Бұл ретте автордың өзі де: «Әйтеуір не жазсам да өз заманымды, сол заманда табан ет, маңдай терін төгіп жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырысамын» деген екен. Оның кейіпкерлері, «Қайдасың қасқа құлынымдағы» - Орал, «Өліарадағы» - Қойшы, «Елең-алаңдағы» - Зорлық, «Құм мінезіндегі» - Бархан, «Мұзтаудағы» - Ақтан, «Сайтан көпірдегі» Аспан біздің заманымыздың шынайы кейіпкерлері. Бір ерекшелігі – бұл кейіпкерлерді әдебиетіміздегі замандастар бейнесі галериясынан басқаға шатастырмай бірден тануға болады. Бұл жазушының образ таңдаудағы өзіндік ізденісін көрсетеді. Мұның сыры – О.Бөкейдің өз кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі, олардың ішкі әлеміне, жан дүниесіне көбірек үңіле алуында. Жазушы солардың әрекеті, мінез-құлқы, көзқарасы арқылы, бүгінгі өмір шындығын, оның алуан түрлі шындығын ашып қоймай, өткенімізге ой тоқтатып қарайды, болашағымызға да көз жібереді. Ол характерлерді шебер ашады, солардың көзқарасы ұғым–түсінігі арқылы дәуірдің өзекті мәселелерін батыл көтереді. Жалпы алғанда, Оралхан Бөкейдің шығармалары қазақ повесінің қазіргі дәуірдегі жаңа бет алысын, жетістіктерін, сонымен қатар, алда ізденер бағытын көрсете алады.

Бүгінде Оралхантану тіл мен әдебиеттің тоғысқан жерінде туындап, өркендеп келеді. Жазушы шығармалары ғылыми көпшіліктің назарына көп іліккен қаламгерлердің бірі. Ол туралы Р.Сыздық «Авторлық даралықтың, жазушының өз қолтаңбасын танытатын стильдік амалдардың бірі – кейіпкерлерді сөйлету, ойлату тұстары. Бұл саладан қарағанда, О.Бөкеев тілге аса бір ұқыппен қарайтын, сәйкестік, орындылық дегендерге интуициясы мен білігі күшті қаламгер екендігі көрінеді» [3,65] деген болатын. Қаламгердің қыл қалам күшін құндылық таразысына салып, ойтаным елегінен өткізу мақсатында ғылыми және ғылыми-көпшілік бағытта көптеген мақалалар жазылып, зерттеулер жүгізілді. Оның шығармалары туралы Т.Тоқбергенов, М.Серғалиев, С.Қирабаев, Б.Ыбырайымов, А.Ісмақова т.б. ғылыми тұрғыда баға берді. Оралхан шығармалары әдебиетшілердің үлкен бағасына ие болды. Әдебиетте "Алтайдың кербұғысы!", "Мұзтаудың мұзбалағы!" деген атпен өзінің өшпес ізін қалдырды.

Ә.Кекілбаев: «Әр ұлттың әдебиеті сол ұлттың өлкесінің, өңірінің, өмірінің барынша терең, барынша дәл көркем-кескінін жасауға міндетті. Ол сол арқылы әр халықтың өзін тануына, өзгелерге танылуына жағдай жасайды» деген болатын. Бұл тұрғыдан келгенде, О.Бөкей шығармалары қазақ психологиясы мен танымын терең танытып қана қоймай, оны жұртшылыққа көркем тілмен жеткізе алған жазушы.

О. Бөкей шығармалары қазіргі қазақ прозасының тілі мен стилистикасы аясында қарастырылуда. Белгілі ғалым Р.Сыздық оның шығармаларының лирикалық сырын, кейіпкер бейнесін сомдаудағы тілдік ерекшеліктеріне өзінің бағасын берген болатын. Ол «жазушы Бөкеев туған өлкесі – әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы! Оның шығармалары Алтай өлкесінің гимні іспеттес», - деп атап көрсетеді.

О.Бөкей шығармаларының басты мәселесі – адам және адам болмысы. Сондықтан оралхантануға қалам тербеп, зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдардың тақырыптары сапасы мен мазмұны жағынан жан-жақты болып келеді. Қаламгердің өзіне тән тілдік дара бейнесі, шығармаларының тақырыптық-идеялық бай мазмұны мен көркемдік құндылықтары Ә.Кекілбаевтың, Д.Исабековтің, А.Алтайдың, Т.Алтайұлының, А.Әбіловтің, С.Қирабаевтың,

Б.Кәрібаеваның, Ж.Айтмұхамбетованың т.б. көптеген тілшілер мен әдебиетшілердің мақалаларында сөз болып, өзіндік бағасын алды. Ә.Кекілбаев жазушының 60 жылдығына орай жазған «Өмірстанға тағы бір саяхат» деп аталатын мақаласында О.Бөкей шығармаларына өмір туралы жырлаған үздік туындылар деп баға береді.

Д.Исабеков те «Ол не жазса да оқушы бей-жай қалмайтын» деп аталатын еске алу мақаласында О.Бөкей шығармаларының өміршеңдігін, жазушының адамтану ғылымына қосқан үлесін ерекше атап көрсетеді.

О.Бөкей шығармаларындағы әсірелеу арқылы жасалған эмоционалды-экспрессивтік лексика және варваризмдер мәселесі, олардың жазушы тіліндегі қолданысы А.Г.Сембаеваның, А.З.Кикумованың ғылыми мақаласында сөз болса, жазушы туындыларына тән түс көрудің көркемдік-эстетикалық қызметі мен мифологиялық астарлары Ж.Айтмұхамбетованың ғылыми мақаласында, О.Бөкей шығармаларына тән ырғақтар және оның шығарма құрылымы мен баяндау тәсіліне әсері А.Әбіловтің талдауларында сөз болады.

Тіл білімінде О.Бөкей шығармалары мәселелері біраз қарастырылды, олардың көпшілігі шағын мақала шеңберінде айтылып жүр. Адам мәселесімен бірге О.Бөкей шығармашылығындағы жатсыну мәселесі де көп сөз болып жүрген тақырып. Әсіресе қазіргі антропологиялық зерттеулер аясында О.Бөкей шығармаларындағы адам және оның өмірінің мәні мәселелері ерекше өзекті бола түсті. Мифология, философия, мәдениеттану, психология және осы ғылымдардың практикалық иллюстрациясы саналатын әдебиет те «Мен кімін?» деген сұрақ төңірегінде ой өрбітеді. О.Бөкей кейіпкерлеріне тән өзін-өзі іздеу, сол жолда рухани жерінуге, жатсынуға ұласу сезімі жазушы туындыларының лейтмотиві деуге болады.

О.Бөкей шығармаларындағы жатсыну проблемасының сөз болуы жазушы шығармаларының философиялық-эстетикалық терең ойлы, психологиялық ерекше әсерлі, толғанысқа толы болуымен түсіндіріледі. «Жер бетіндегі миллиондаған адамдар қаншалықты бір-біріне ұқсамайтын, әйтеуір бір ерекшелігімен дараланса, олардың мінез-құлқы, жан-қалтарыстары да соншалықты өзгеше, ешқандай ілім-білімнің қолынан келмейтін жұмбақ дер едім. Пенденің не ойлап тұрғанын, жан сарайында ненің жанып жатқанын күні бұрын білер амал-айла, құрал-сайман табылған жоқ. Сол секілді табиғат иеміздің де толайым құпия сырларын аша алдық па?! Міне, мен жазған дүниелердің тылсымдығы әрі кейіпкерлерімнің қиялшыл да арманшыл болып келері сондықтан».

О.Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесін сөз еткенде жазушы шығармашылығынан маңызды орын алтын түс көру поэтикасын назардан тыс қалдыруға болмайды. Жазушы шығармаларындағы түс көру проблемасы және оның мифологиялық астарлары да қазіргі оралхантану ғылымының ең өзекті тақырыптарының біріне айналды.

О.Бөкей прозасындағы түс көру және оны жору оқиға мазмұнында көптеп ұшырасады. «Жасын» әңгімесіндегі Қиялханның түсі, «Мұзтау» повесіндегі Ақтанның, «Құм мінезіндегі» Барханның, «Ардақтағы» Ардақтың, «Қамшыгердегі» Садақбайдың, «Ұйқым келмейдідегі» Жеңісханның, «Жылымықтағы» Жанардың, «Бәрі де майдандағы» Ақанның, оның анасының, «Қар қызындағы» үш жігіттің, «Сайтан көпірдегі» Аспанның түстері шығарманың көркемдік-эстетикалық, идеялық мазмұнында, кейіпкер психологиясын танытуда үлкен жүк артады.

Ж.Айтмұхамбетованың «Түс көрудің мифологиялық астарлары (Оралхан Бөкей шығармалары негізінде)» мақаласында түс кейіпкердің психологиясын танытуда әрі алуан тағдырын алдын-ала сездіруде мәнді желі болып табылады дейді. Мысалы, «Сайтан көпір» повесінде Аспанның көрген түсі шығармада былайша сипатталады: «Шолпан жұлдыз туғанда Аспанның көзі ілінгендей болып еді, аса қорқынышты түс көрді. Ғажап... Екі аяғы аспанда ұшып жүр екен дейді. Өзінің өкшесіне нәлі қаққан саптама етігін таныды. Сол саптама етіктің қонышынан қып-қызыл болып, сарайып шығып тұрған жіліктен бетіне саулап қан ағады... бет-аузы жып-жылымшы қанға бөкті». Кейіпкер халінің ауырлығы, азапты қиналысы «бетіне тамған қанмен, бетінің қанға бөгуімен» ишараланса, «екі аяғының аспанда ұшып жүруі» оның екі аяғынан айрылуының ишарасы түрінде беріледі. Бұл жерде автор түс арқылы шығарманың сюжетін дамытып, оның дарамалық күшін арттырып тұрса, екінші жағынан кейіпкер бейнесін мифтік суреттер арқылы тартымды ете түседі.

Кейіпкердің рухани әлемін психологиялық тұрғыда терең таныту романтикалық әдебиеттің бір сипаты болса, бұл мақсатта түс көруді оқиғаға араластырудың маңызы ерекше. Бұл тұста Ж.Аймұхамбетова орыс романтикалық новеллаларында түс үнемі үрейлілігімен, қорқыныштылығы-мен көрінеді дейді. Мысал ретінде А.В.Тимофеевтің «Суретші», В.П.Титовтың «Васильевскідегі жеке кішкене үй» новеллаларын атауға болады дейді. В.П.Титов орталық кейіпкеріне мінездеме бергенде: «ол үшін тәті түс көру – нағыз шындық болып саналатын», - деп көрсетеді. О.Бөкейдің кейіпкерлері көрген қорқынышты түстерді («Сайтан көпірдегі» Аспанның, «Жетім ботадағы» Тасжанның, «Атау кередегі» Айнаның) орыс романтикалық новеллаларымен ұқсастыратын осы үрейлілік сипаты. Үрейленудің өзі әр түрлі қырымен көрінеді. Аспан мен Тасжанның үрейі психологиясымен, ішкі әсерімен ерекшеленсе, Айнаның және «Бәрі де майдан» повесіндегі Ақанның Ақтайлақ пен Бағдатқа қатысты түстері болатын жаманшылықты алдын ала сезінуімен ерекшеленеді дейді.

О.Бөкей шығармаларының тілі қазіргі қазақ прозасына қатысты зерттеулерде қамтылып, талданып жүр. Қазақ көркем әдебиетінің лингво-стилистикасы, тілі, абайтанушы ғалым Р.Сыздық өзінің О.Бөкей туралы зерттеулерінде жазушының кейіпкерді даралаушы стильдік тәсілдеріне ерекше назар аударады. Оның төл сөздерді беру тәсіліне ерекше назар аударады: «төл сөзді беру тәсілдерін автор ажыратып жұмсайды: ең алдымен ол төл сөз диалог пе, монолог пе – осыған қарай конструкция құрайды. Одан соң, төл сөз айтылған сөз бе, кейіпкердің ойы ма – бұл да өз құрылымымен, тіпті өз тыныс белгілерімен келеді. Үшіншіден, төл сөзді ұйымдастыруда (компоненттерін орналастыру тәртібіне) ол сөздің қашан айтылғандығы есепке алынады» дейді [6,131]. Ғалым О.Бөкейдің диалог құрудағы өзіндік ерекшеліктердің бірі ретінде оның ауызекі сөйлеу тіліне тән қысқа, нұсқа, сұрақ-жауаптық тәсілде ұйымдастырылатынын атайды. Жазушының тіліндегі бірқатар кемшіліктер мен ұтымды қолданыстардың, сөз образдарының сәтті шыққан тұстарына әдебиет тіл нормасы тұрғысынан баға береді.

Жазушы тіліндегі қайталамалар мен олардың стильдік ерекшелігі ғалым О.Бүркіттің «Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі» тақырыбында жазылған докторлық зерттеу жұмысында қарастырылады. Ғалым жазушы қаламынан туындаған қайталамалардың тілдік табиғатына және эстетикалық қызметіне баға бере келіп, олардың жазушы тілін даралаушы стильдік ерекшеліктердің бірі ретінде анықтайды. Қайталамаларды О.Бөкейдің өзіне тән дара стильдік шеберлігін сипаттайтын әдіс деп көрсетеді. Ол жазушы шығармалары тіліндегі қайталамалардың алатын орнын анықтау үш мақсаты көздейді деп көрсетеді:

- 1) жазушының шығармаларындағы қайталамалардың стильдік қызметін белгілеу;
- 2) жазушының қайталамаларды қолданудағы дара стильдік шеберлігін анықтау;
- 3) жазушының шығармашылық лабораториясын лингвистикалық тұрғыдан талдау.

Ғалым О.Бөкей тіліндегі қайталамалардың тілдік болмысы мен табиғаты туралы өзінің ойларын бірқатар ғылыми мақалаларында да жүйелеп, бұл тақырыпқа оралып отырған. «Стиль даралығы» атты мақаласында ғалым қайталамалардың жазушы үшін жұмбақ тәсіл болу себебі мен сырын талдап көрсетеді. Жазушы шығармаларында кездесетін қайталамаларды ол стилистикалық қызметіне қарай төмендегідей түрлерге саралайды:

- шығарманың прологында келіп, мәтінді дамытуға себепші қызмет атқаратын қайталамалар;
- көркем шығармадағы оқиғаларды түйіндейтін қайталамалар;
- лирикалық шегіністер қызметін атқаратын қайталамалар;
- бірнеше кейіпкердің ойын, пікірін санамалап беретін қайталамалар;
- шығарма мәтінін аяқтайтын қайталамалар.

О.Бөкей қайталамаларды үнемі көркем шығарманың бейнелеуіш тәсілі, шығарманың композициясын дамытатын, сюжет желісін күрделілендіретін тәсіл ретінде ғана қолданып қоймайтынан атап көрсетеді. Ғалым О.Бөкейдің қайталамаларды мүлдем жаңа, соны сипатта – кейіпкердің сөйлеу ерекшеліктерін сипаттайтын әдіс ретінде пайдаланғанын орынды дәлелдейді.

О.Бөкей шығармаларының тілі, соның ішінде автор сөзі мен кейіпкер сөзі, олардың эстетикалық қызметі Г.Әзімжанованың докторлық диссертациясында қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуетін көрсететін нысандар тұрғысынан талданады. Ол да жазушы шығармашылығындағы тақырыптық қайталамаларға тоқталады. Әсіресе жазушының «Өз отыңды өшірме» шығармасына жасаған лингвистикалық талдаулары ерекше қызықты шыққан. «Авторландыру», «авторлық модальдылық» сияқты лингвистикалық ұғымдарды О.Бөкей шығармаларының тіліне сүйене отырып дәлелдейді.

О.Бөкей шығармаларындағы бейвербалды амалдар Ж.Нұрсұлтанқызы-ның “О.Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар” атты кандидаттық диссертациясының басты тақырыбы болды. Ол О.Бөкеев шығармаларында кездесетін бейвербалды амалдарды

1) кинесикалық

2) просодикалық

3) проксемикалық сияқты топтарға бөліп қарастырады. О.Бөкеев шығармаларындағы кинесикалық амалдарды жинақтай келе оларды

1) ишара

2) мимика

3) дене қалыбы сияқты топтарға бөледі [4]. Оларды құрылысына, мағынасына, орындалуына, қолданыс өрісіне, гендерлік ерекшеліктеріне орай классификация жасайды. Кинесикалық категорияға жататын ишара, мимика, дене қалыбына анықтама бере келіп, бейвербалды амалдардың ұлттық-мәдени негізін О.Бөкей шығармаларына сүйене отырып қарастырған. Бұл амалдар әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болып табылатынын О.Бөкей шығармаларындағы тілдік деректер арқылы дәлелдейді. Бірнеше кинемаларға этимологиялық талдау да жасайды.

“О.Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдардың қолданылу аясы” деп аталатын зерттеу жұмысының екінші тарауында бейвербалды синонимдер қатары көрсетіліп, бейвербалды омонимдер, бейвербалды антонимдерді анықтайды. О.Бөкеев шығармаларындағы ашу, ыза, қуаныш, қайғы, абыржу сияқты эмоцияларда қолданылатын синонимдес бейвербалды амалдар қатарын топтастырады. Қаламгер шығармаларындағы бейвербалды омонимдердің шығарма көркемдігін арттырудағы қызметінің салмақтылығы жазушы стиліне ерекше сипат беретіндігін дәлелдейді. Жазушы шығармаларында кездесетін қол алысу, бас шайқау, қол көтеру, шашын жұлу, қол сермеу сияқты бейвербалды амалдардың семантикалық сипатын, қолданыс ерекшелігінің әр алуандылығы талданып, мысалдармен нақтылайды. Қаламгер шығармаларында кездесетін сәлемдесу рәсімінде қолданылатын бейвербалды амалдардың бірнеше түрлерін анықтап, мынадай тілдік қызық деректер келтіреді:

қол алысу;

қос қолдап амандасу;

қол бұлғау;

қол көтеру;

бас изеу;

иек қағу;

құшақтасу;

құшақтасып, арқадан қағу;

бетінен сүю;

маңдайынан сүю (иіскеу);

қолынан сүю;

құшақ жаю т.б. Жазушы шығармаларындағы қоштасу рәсімінде қолданылатын бейвербалды амалдар сәлемдесу рәсімінде қолданылатын бейвербалды амалдармен байланыстылығын дәлелдейді. О.Бөкеев шығармаларындағы тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдардың екі түрін көрсетеді:

- 1) адамға қатысты тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдар;
- 2) қазақтың салт-дәстүрі мен наным-сеніміне қатысты тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдар [5].

Қорыта айтқанда, О.Бөкей шығармалары қазір қарапайым оқырман мен ғылыми жұртшылықтың ерекше қызығушылығын туғызып отыр. Бұл бағытта әдеби және тілдік зерттеулер жүргізіліп жатыр. Бүгінде адам мәселесі және оны көркем прозалық шығармалар арқылы тану, қазіргі заман адамының бейнесі мен болмысын терең түсіну үшін О.Бөкей қаламынан шыққан кейіпкерлер әлемін, олардың тілдік болмысы мен сөйлеу әдебін, мәдениетін зерттеу, сол арқылы жазушының даралық болмысын анықтау, өзіндік қолтаңбасын талдау, бағалау бүгінгі күн тұрғысынан алғанда өте маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш» -Алматы: Атамұра, -27 бет.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 212 б.
3. Сыздық Р. Сөз құдыреті. - Алматы, 2003.
4. Нұрсұлтанқызы Ж. Паралингвистика (О.Бөкеев шығармалары бойынша). -Алматы: 2007. -144 бет.
5. Аймұхамбетова Ж. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі. Канд.дисс.авторепф. – Астана, 1999.

Қосымша пайдаланылған әдебиеттер

6. Сыздық Р. Сәйкестік // Уақыт және қаламгер.А, Жазушы, 1989.
7. Кекілбаев Ә. Өмірстанға тағы бір саяхат. Қазақ әдебиеті газет, 2003. 3 қазан. №39. 5б.
8. Исабеков Д. Ол не жазса да оқушы бей-жай қалмайтын. Қазақ әдебиеті. 2003. қазан. №39. 5б.
9. Сембаева А.Г. О.Бөкей шығармаларындағы әсірелеу арқылы жасалған эмоционалды-экспрессивтік лексика // ҚазМУ Хабаршысы. Филол.сериясы. 2002. №5. 74-77бб.
10. Кикумова А.З. О.Бөкей шығармаларындағы варваризмдер. Шығыстың аймақтық Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар. №3 (47), 2010. 75-79б.
11. Айтмұхамбетова Ж. Түс көрудің мифологиялық астарлары: О.Бөкей шығармалары негізінде // «Абай» журналы. 2002, №2. 59-63бб.
12. Әбілов А. О.Бөкей әңгімелеріндегі ырғақтар // ПМУ Хабаршысы. Филол сериясы. 2010, №3. 19-27бб.
13. Бүркіт О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. А, 2002.- 284б.

Көркем шығармалар

1. О.Бөкей. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1994. І,ІІ Т.
2. О.Бөкей. Кербұғы. Әңгімелер мен повестер. А: Атамұра, 2003.

СЫН ЕСІМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫН ТОПТАСТЫРУ

Усембаева Эльмира Еркимбаевна –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының ІІ курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **филол.ғ.к., доцент У.С.Кайырбекова**

Ж.Ташенев атындағы университет. Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

Лексемаларды лексика-грамматикалық топтарға бөлгенде заттар мен құбылыстардың қасиеті мен функциясы негізге алынады. Мысалы, тұрмыстық зат атаулары, дене мүшелерінің атаулары, өсімдік атаулары т.б.

Тілдің лексика-семантикалық жүйесінің иерархиясын Ш.Жалмаханов былайша береді: 1) лексикалық-тақырыптық; 2) лексика-грамматикалық; 3) лексика-семантикалық [1,19]. Автор лексика-семантикалық жүйенің иерархиялық құрылысын лексикалық-тақырыптық топтардың мағынада қамтылатын нысан; ал лексика-грамматикалық топтардың мағынаны таңбалайтын сөздер екендігімен түсіндіреді. Сонда лексикалық-тақырыптық топтар мағынаның тегін, ал лексика-грамматикалық топтар мағынаның табын білдіреді екен.

Семантикалық топ пен тематикалық топтың ұқсастығы – объективті шындықты бейнелеуі. Семантикалық топтың тақырыбы дегеніміз - тақырыптық топтың мағынасы. Яғни екі ұғым өзара сабақтас болып келеді.

Сындық мағынаны білдіретін сөздерді топтастырудың қиындығын ғалымдар сапалық сын есімдер бойында денотаттық мағынаның болмауымен түсіндіреді. Сондықтан да зерттеушілер сындық мағынаны топтастыруда негіз етіп алуға болатын белгіні, қатынасты іздейді. Мысалы, А.Н.Шрамм сын есімдерді: а) эмпирикалық, ә) рационалдық деп екіге бөліп алады да, оларды өз ішінде бірнеше топшаларға ажыратады. Мәселен, эмпирикалық (сезімдік) топқа адамның сезіміне түйсік туғызатын сөздерді жатқызады да, іштей жеті топшаға бөледі: 1) көруге байланысты; 2) сезуге байланысты; 3) түске байланысты; 4) дәмді білдіруге байланысты; 5) тері сезімге байланысты; 6) адамның күшімен байланысты; 7) бірнеше сезім мүшелерімен сезілетін сындар т.б. дейді.

Ал рационалды сынды төртке жіктейді: 1) адамның сынымен байланысты; 2) жан-жануарларға байланысты; 3) басқа заттарға қатысты болған сындар; 4) бағалаумен байланысты сындар [3, 14-15].

А.Н.Шраммның топтастыруы тек сөздердің семантикалық құрылымына негізделмейді. Мысалы, рационалды сынға сөздердің тіркесуін негіз етіп алған. Ол туралы былай деп жазады: «Подкласс рациональных прилагательных целесообразно сначала разделить на три рода на основе их сочетаемости: 1) прилагательные, сочетающиеся преимущественно с названиями животных существ; 2) прилагательные, сочетающиеся преимущественно с названиями предметов и явлений; 3) прилагательные, одинаково сочетающиеся с любыми названиями» [4, 21-22].

Соңғы топтастыруда таза семантикаға негізделмей, сөздердің тіркесу қабілеті де ескерілген. Біріншіден, егер тіркес, тіпті мәтін сөздердің мағынасын жасамайтындығын, тек мағынаны нақтылайтындығын ескерсек, онда бұл синтаксистік қасиетке негізделетін сияқты. Екіншіден, олар бір принципке негізделмейді (автордың топтастырған үшінші тобына көз тастаңыз). Сондықтан Л.М.Васильев сөздерді топтастыруда предикаттарға қарай саралауды ұсынады [5,117]. Л.М.Васильевтің жіктемесі сындық мағыналы сөздерді толық қамти алмайды, сондықтан оны қабылдау қиын. Сын есімдердің мағынасы өте көп қатарлы байланыста тұрады да, олардың байланысын көрсетудің өзі қиын болады. Олардың арасындағы байланыстар бір деңгейде емес. Тіпті бір сын есімнің құрамында бірнеше сема жарысып қолданылып, мәтінге байланысты архисема, негізгі мағына ядросы қызметінде қолдануы да мүмкін. Мәселен, *жақсы* сөзінің мағынасында: а) адамның қасиетін білдіру; ә)

бағасын білдіру; б) құптау; г) ұнату т.б. семалар бар. Мысалы: *Жақсы қатынды жақсы десек болмай ма?* – дегенде *жақсы* сөзінде үш сема да күшті семалық (айырушы) қызмет атқарады: 1) заттың (адамның) қасиеті; 2) баға; 3) эмоция. Бұл сияқты семаның барлық сын есімдерде болуы шарт емес. Мысалы: *Қар - аппақ, түлкі - қызыл, бүркіт - қара Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға* (Абай) дегендегі *аппақ, қызыл, қара* сөздерінде бағаны білдіретін сема жоқ. Сондықтан сын есімдерді топтастырғанда ортақ семасын алып, соған қарай топтастырамыз.

Сөздерді парадигмалық қатынасқа не синтагмалық қатынасқа қарай бөлуге болады. Себебі бұның бірінші қатынасы тең дәрежелі тіл элементтерінің қатынасына негізделіп, іштей байланысқан болады. Әрине, парадигманың өзіндік, синтагмалық қатынастың өзіндік ерекшелігі бар. Тіл білімінде парадигмалық қатынасқа қарай тіл элементтерін топтастыру біршама зерттелген, категориялары мен терминдері анықталған. Мысалы, лексика элементтерін парадигмалық байланысқа қарай бөлгенде синоним, антоним деуге немесе лексика-семантикалық топтарға, тематикалық топтастыру дәстүрі бар. Ал семантикалық

байланысқа қарай топтастырғанда да тең тіл элементтері алынады. Бірақ горизонталь қатынас негіз болады.

Қазақ тіл білімінде М.Оразов сөз семантикасы туралы еңбегі мен етістіктерді зерттеген кітаптарында жалпы валенттілік, шектік туралы пікір айтып, етістіктің, сын есімнің тіркесімі туралы ой білдірген [6].

Сөз тіркесі екі түрлі өлшем белгісімен өлшенеді. Бірі – грамматикалық формалардың байланысы. Яғни сөздер өзара байланысу үшін белгілі бір формада тұрып өзара байланысады. Дәстүрлі грамматикада бөлінетін меңгеру, матасу, жанасу т.б. деп бөлу осы формамен байланысты. Ал екінші жағынан мағынамен үйлесімділікте болуы керек. Бұны М.Оразов семантикалық байланыс немесе ішкі валенттілік деп атайды. Мысалы, *ишу* мен *жеу* етістігі арқылы түсіндірсек: *ишу* тек жұтуға байланысы бар сөздермен (атаулармен) тіркеседі. Ал *жеу* болса шайнау, тістеуге байланысты сөздермен бірлікте айтылады. *Шай ишу* делінеді, *шай жеді* делінбейді т.б.

Синтагмалық байланысқа қарай топтастыруды сын есімдерге қатысты да қолдануға болады. Бірақ сын есімдерді синтагмаға байланыстырғанда, кіші топтарға бөліп топтастыру қиын, саны көбейіп кетеді. Сын есімдердің лексикалық мағынасының құрылымындағы нақты денотаттық мағына барлығында бірізді емес. Сондықтан олардың топтастыру принциптері түрліше болуы мүмкін.

Заттың сипатын білдіретін мағына – категориялды мағына. М.Ержанов *көзбен* байланыста айтылатын 127 сөз бар екендігін көрсеткен [2, 23-28].

Демек, көздің синтагмалық байланысы – 127, осынша қасиетін анықтауға болады. Ал *қара* сөзінің синтагмалық валенттілігін анықтау үшін жеке сөздермен тіркестіріп, мағынасын ажырату керек. Салыстырыңыз, *қара көйлек*, *қара топырақ*, *қара портфель* дегенде түсті білдіреді. Ал *қара шай* дегенде *қара* түсіне байланысты емес, *қою*, тіпті *қызыл шай* деп айтылмайды, өзі *қызыл су (шай)* болса да, ондай шай айтылмауы түске байланысты емес. Сонда мағынаны ажыратып тұратын тіркес (синтагма) болғаны ма деген сұрақ туындайды. Әрине, сөз тіркесі мағына жасамайды, керісінше мағынаны нақтылайды, көп мағыналы сөздерді бір мағынамен байланыстырады. Синтагмалық байланыстың осы қасиетіне қарай А.И.Смирницкий синтагманың әрбір элементін жеке бөліп, лексика-семантикалық вариант деп есептеген [7].

Кеңестік тілшілердің арасында А.И.Смирницкийдің пікіріне сын көзбен қараушылар да болды. Бірақ сөздердің тіркескен кезінде жаңа мағыналық реңк қабылдағандығы, тіпті жаңа мағынаға ауысатындығы, сөз табының бірінен екіншісіне өтіп кетуі де мүмкін. Мысалы, сын есімнің заттануы, сын есімдердің үстеу қызметінде қолдануы т.б.

Сөз тіркесімінің синтагмалық байланысы тек сөздің лексикалық мағынасымен ғана шектелмейді, олардың этнолингвистикалық сипатқа ие болатын жағдайы бар. Сөз тіркесімінің барлық сөздерде, туыстас тілдер арасында да айырмашылығы болады. Мысалы: *Арық сөйлеп*, *семіз шық* деген тізбек тек қазақ тіліне ғана тән, басқа тілде қолданылмайды. Жай сөйлеуде *арық сөйледі*, *семіз сөйледі* деген тіркес тілімізде айтылмайды. Сын есімдердің этномағынасы малға байланысты қолданылатын сын есімдерде көп ұшырасады. Бұл халықтың сенім-ырымына, көзқарасына байланысты. Мысалы, *ақ* түсті білдіреді. Көзге көрінетін *ақ бие* бар болса да, қазақ тілінде *ақ бие* демейді, *боз бие* дейді. Сондай-ақ, *қызыл ат* тіркесі қолданылмайды. Сол мағынада *торы ат*, *жирен* ат тіркесі қолданылады.

Сонымен, зерттеуде парадигмалық байланыс алынып, сын есімдерге семалық талдау жасалды. Бұл жерде біз В.Г.Гак пен М.Оразов пікіріне қосылып, сөздердің мағынасында үш түрлі сема бар деп есептейміз: 1) архисема (жалпылаушы сема); 2) дифференциалды (айырушы сема); 3) виртуалды сема (қосымша сема).

Архисема деп сөздердің бастарын біріктіріп тұратын бірнеше сөздерге тән болған мағыналық элементін айтамыз.

Дифференциалды сема – сөздердің жеке-жеке сөз болып өмір сүруіне жағдай жасайтын семасы. Біздіңше, бұл екі сема парадигмалық байланыста негіз болады. Мысалы, *жүр* мен *жүгір* сөзін салыстыралық: *Жүр* етістігінде 1) қозғалысты білдіретін; 2) амал-әрекетті

білдіретін; 3) ақырын қозғалысты білдіретін; 4) бағытсыз қозғалысты білдіретін; 5) жер үстіндегі қозғалысты білдіретін т.б. семалар бар.

Ал *жүгір* етістігі: 1) қозғалысты; 2) жылдам қозғалысты; 3) бағытсыз; 4) аяқпен қозғалыс; 5) жер үстіндегі қозғалысты білдіретін т.б. семаларға ие. Бұлардағы архисема (жалпылаушы семасы) – қозғалыс семасы.

Айырушы семасы - қозғалыстың жылдамдығына байланысты сема. Архисема сөздерде біреу не бірнешеу болуы мүмкін. Айырушы сема да сондай болуы мүмкін. Бірақ айырушы сема біреу болса да, оның жеке өмір сүруіне жағдай жасайды. Қосымша семалар синтагмаға байланысты сема сөздің өмір сүруіне жағдай жасайды. Мысалы, *шап* пен *жүгір* сөзін алып қаралық. *Жүгір* адамға байланысты сөздермен тіркескенде ғана қолданылады. Ал *қой*, *сиыр* *жүгірді* деп айтпаймыз, бірақ жылдам қозғалуы мүмкін. Қазақ тілінде *жүгір* *ат* сөзімен тіркесіп (ат жүгіртіп, ит салып) барып қолданылады, бірақ мағыналық реңкі сәл басқашалау болады.

Сын есімдерді (сапалық сын есімдерді) осы семалық талдауға негіздеп, парадигмалық байланыстарға сүйене отырып, лексика-семантикалық топтарға бөлуге болады. Қазақ тіл білімінде сын есімдерді семантикалық жағынан топтастырған ғалымдардың ішінде М.Оразовтың жіктемесін негізге алдық. Біз, заттың сипатын, түрлі қасиетін білдіретін сөздердің барлығын лексика-грамматикалық топқа бөліп, сын есімдер деп атаймыз. Бұл олардың категориялық мағынасы болып саналады да, оны архисема ретінде қабылдаймыз. Мысалы, туыстық атауларды бір лексика-семантикалық топ деп есептесек, оларды ары қарай: 1) қандық туысқан; 2) некелік туысқан деп екіге бөлеміз.

М.Оразов сын есімдерді 17 топқа бөлген:

1. Заттың түсін білдіретін сын есімдер. Мысалы:

Кім айтты саған

Ақ көйлек кірлемейді деп,

Қара ешкі жүзіген ағаш

Қайтадан гүлдемейді деп? (М.Шаханов). 2. Дәмді білдіретін сын есімдер. Мысалы:

Тәтті асты сүйсініп көп ішкен күйеуі жадырап, жайдарланып, үш күнгі аңшылығын қызықты етіп әңгімелейді (Ш.Мұртаза). 3. Заттың көлемін білдіретін сын есімдер. Мысалы: *Кілең* ұсақ, майда құстар – шымылық, торғай, қарғалар (Газеттен). 4. Заттың салмағын білдіретін сын есімдер. Мысалы:

- Саған *ауыр* болды, - деп

Нала-мұңнан арқаң жауыр болды, - деп (М.Шаханов).

5. Заттың табиғи күйін білдіретін сын есімдер. Мысалы:

Қалың шаңға жауып озған кезеңде,

Айналдың сен енді ешкім бөгей алмас өзенге (М.Мақатаев).

6. Заттың ішкі қасиеті білдіретін сын есімдер. Мысалы: *Сеніңше, жақсы* орын екен

гой?! (М.Мақатаев). 7. Заттың не адамдардың физиологиялық сипатын білдіретін сын есімдер.

Мысалы: *Арық* талдырмаш қыз жүзін төмен салды (М.Мақатаев). 8. Адамның не жан-

жануарлардың мінез-құлқына байланысты сын есімдер. Мысалы: *Бұл - өзінің де, өзгенің де*

дүние-ай, пендешілік қылықтарына көп мән бере қоймайтын, тек адалдықтан, адамдықтан

әрі аттамайтын момын, қарапайым қазақ қызық еді (М.Мақатаев). 9. Заттың, ауаның

температурасымен байланысты қолданылатын сын есімдер. Мысалы: *Сұр бұлт түсі суық*

қаптайды аспан,

Күз болып дымқыл тұман жерді басқан (Абай). 10. Адамның не жан-жануарлардың жас

мөлшеріне байланысты қолданылатын сын есімдер. Мысалы: *Ерлі-зайыпты жас адамдардың*

арасында жып-жылы, жап-жақсы жарасымды бір қасиеттер болушы еді, ол сендерде жоқ

(М.Мақатаев). 11. Заттардың сыртқы формасымен байланысты қолданылатын сын есімдер.

Мысалы: *Бірден көңілге ұялар, бас-аяғы жұп-жұмыр, жүрекке жылы тиер балладалар қайда*

кетті? (М.Мақатаев). 12. Табиғи құбылыстармен байланысты қолданылатын сын есімдер.

Мысалы: *Қараңғы* түнде тау қалғып (Абай). 13. Заттардың мөлшерлік сынымен байланысты

қолданылатын сын есімдер. Мысалы: *Сондықтан да оларға аз* сөзбен *көп* түйінді шешуге, *аз*

күліп **көп** уайымдауға, **аз** ұйықтап, **көп** ойлануға тура келеді (М.Мақатаев). **14.** Адамның тұрмыс-жағдайымен байланысты қолда-нылатын сын есімдер. Мысалы: *Киімдері тым нашар, өңдері тым сынық екен* (Ғ.Мұстафин). **15.** Дағдыланған әдетке байланысты қолданылатын сын есімдер. Мысалы: *Әніне басты төселген, Ашық ауыз бытбылдақ* (Газеттен). **16.** Адамның қадіріне, заттардың құнына байланысты қолданылатын сын есімдер. Мысалы: *Қимас досын соңғы сапарға шығарып салды* (М.Мақатаев). **17.** Адамның, жан-жануардың сыртқы сымбатына, көркіне байланысты қолданылатын сын есімдер. Мысалы: *Нағыз сұлу әйел табу – Бүкіл еркек атаулының арманы* (М.Шаханов). Соңғы екі топты біз қосып отырмыз. **18.** Қашықтыққа байланысты қолданылатын сын есімдер. Мысалы: *Пайымдай-мын, мойындаймын, сен данасың, мен бала, Ұлтына кім жақын, алыс, айқындайтын ел ғана* (М.Шаханов). **19.** Қалыңдықпен байланысты сын есімдер. Мысалы: *Қалың кітап беттерін парақтай бастадым* (М.Мақатаев).

М.Оразов сын есімдерді арнайы зерттемегендіктен бұл жіктеменің толық болмауы да мүмкін.

Сын есімдерді лексика-семантикалық топтарға бөлу дәстүрі ұзаққа бармайды, бірақ сындық мағына түсті, ішкі қасиетті, көлемді т.б. білдіретін сөздер деп топтастырылып жүр. Мысалы, қазақ тілінде алты-жеті топқа, өзбек тілінде үш топтан жеті топқа дейін, орыс тілінде жетіден он бірге дейін бөлінген. Біз қолымыздағы материалдарымызды салыстырып, алдымен, сындық мағыналы сөздерді екіге бөлдік:

- бірінші топқа адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызатын сын есім сөздерді жатқыздық;
- екінші топқа адамның ойлау қабілеті, талқылау, салыстыру арқылы анықталатын сөздерді жатқыздық.

Біз сын есімдердің барлығын топтастыруды мақсат етпедік. Тек сапалық сын есімдерді ғана алдық. Ал *дауысты, дауыссыз* дегендер – қатыстық сындар. Сондай-ақ *ащы, жұмсақ, дөрекі, жағымды* сияқты сөздер өздерінің тура мағынасында дыбыстық сынды білдірмейді. Ендеше, дыбыстық сынды немесе құлаққа байланысты сындық мағыналы сөздерді бөлудің қажеті жоқ. Ауыс мағынаға байланысты қағида, фразеологиялық қолдану ерекшелігі жұмысымызда жеке алынбай, мағынаны түсіндіру кезінде, негізгі мағына шеңберінде қаралды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жалмаханов Ш.Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы (түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері материалдары бойынша). Филол. ғыл. доктор. дисс. авторефераты. Алматы, 2002. – 42 б.

2. Ержанов М. Лексика-семантическая группа слов, описывающих внешность человека. Автореферат дисс. на соискание канд. фил. наук. Алм., 1988. – 25 с.

3. Шрамм А.Н. Принципы семантической классификации качественных прилагательных в русском языке // Вопросы семантики. Ленинград, 1974. – С.10-23.

4. Очерки по семантике качественных прилагательных. Мос., 1979., 279 с.

5. Васильев Л.М. Значение как предмет современной лингвистической семантики. Исследование по семантике. Уфа, 1983. – 295 с.

6. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктер. Алматы, 1980–148 б.

7. Смирницкий А.И. К вопросу о слове // Вопросы теории и истории языка. Москва, 1952. – С.7-26.

«АҚ» - «ҚАРА» АНТОНИМДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ОППОЗИЦИЯ ӘДІСІ НЕГІЗІНДЕ ЖІКТЕЛУІ

Утебаева Жазира Ергадиевна –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының II курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **филол.ғ.к. А.А.Аккузов**

Ж.А.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

XX ғасырдағы ғылыми тәжірибе бинарлы оппозицияның танымның әмбебап құралы екендігін көрсетті. Қоршаған әлемді қабылдаудың екі жақтылығы таза физиологиялық себептерге, ең алдымен, адамның миының әрқайсысы өзінің қызметін атқаратын екі жарты шарға бөлінуіне, адамның екі көзі, екі құлағы, екі қолы мен екі аяғының болуына байланысты. Бинарлы оппозицияның қызметі шексіз. Ол тілдің ең ұсақ бірліктерінің жұптық кезектесуімен (буынның екпінділігі мен екпінсіздігі) бастап, күн мен түннің, қыс пен жаздың биологиялық ауысуына дейін, тіпті мәдени қалыптарды да (рухани мәдениет – материалдық мәдениет) қамтиды. Бинарлы оппозицияның маңыздылығы мен әмбебаптылығын таныту тіл білімінің фонология саласымен байланысты. Оппозиция (лат. *Oppositio* – қарама-қарсы қою) теориясын белгілі лингвист В.А.Маслова тілдің фонологиялық деңгейін зерттеу барысында қолданған. Зерттеуші тілдегі екі сөздің мағынасын ажырататын дыбыстық қарама-қарсылықты фонологиялық оппозиция деп атайды. Ғалымның пікірінше, екі зат қатар қойылғанда ғана бір – бірінен айрықшаланады. В.А.Маслова оппозиция мүшелеріне ортақ белгілер жиынтығының (салыстыруға негіз) оппозиция мүшелерінде ғана кездесуі немесе сол жүйедегі басқа мүшелерде де кездесуіне қарай оппозицияны бір өлшемді және көп өлшемді түрлерге, оппозиция мүшелері мен басқа оппозиция мүшелері арасындағы қатынастың сәйкес келу келмеуіне қарай пропорционалды және оңашаланған деп бөледі. Зерттеуші еңбегінде оппозиция мүшелері арасындағы қарым-қатынас негізінде анықталған оппозицияның үш түрін көрсетеді. Олар привативті (қос мүшелі), градуалды (басқышты, сатылы) және эквиполентті (тепе-тең) оппозициялар. В.А.Маслова жүйесінде оппозиция ұғымы парадигматикалық қарама-қарсылықты көрсету үшін қолданылады [1,107].

В.А.Маслова ұсынған оппозиция теориясы тілдің барлық саласында көрініс тауып келеді. Ал қазіргі кезде тілдік қарым-қатынастардың ішіндегі ең маңыздысы оппозиция мүшелері арасындағы қарым-қатынас екендігін көруге болады. Фонологиялық деңгейді зерттеудегі оппозиция теориясы әдістерінің нәтижесі оны тілдік құрылымның басқа да салаларына қолдануға мүмкіндік беріп отыр. Тепе-тең оппозиция принципі бойынша, шақтық (уақыттық) қатарлар бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Мысалы, осы шақ өткен шақ пен келер шаққа дәл осы уақытқа сәйкес келмейтініне байланысты қарама-қарсы қойылады. Бұл атионимдік оппозицияға қатысты. Тепе-тең оппозицияда белгілі бір белгіге иесіз өзінше жеке белгіге ие сөзге қарама-қарсы қойылады. Привативті оппозициядан бұл тип семантикалық импликацияның жоқтығымен ерекшеленеді.

Тілімізде оппозиция терминімен қатар контраст термині қолданылады. Е.Н.Миллер еңбегінде оппозиция мен контраст арасындағы айырмашылықты ашып көрсетеді. Ол оппозицияны бір-бірін жоққа шығаратын жүйе бірліктері арасындағы немесе бір парадигматикалық топқа енетін екі бірлік арасындағы қатынас ретінде анықтайды. Ал контраст бір мезгілде болатын мәтін элементтері арасындағы қатынасты немесе белгілі бір тіркес жасауға қабілетті әр түрлі топтар арасындағы синтагматикалық осьте болатын элементтер арасындағы қатынасты білдіреді деп көрсетеді [2,179-180].

Алайда бұл терминді қолдануда бірізділік жоқ. Американың көптеген лингвистері еңбектерінде қарым-қатынастың көрсетілген екі түрін, яғни синтагматикалық және парадигматикалық қарама-қарсылықтарды атауда тек «контраст» терминін, ал француз және ағылшын тіл білімінде «дистинкция» (*distinction* - айырмашылық) терминін қолданады.

Қазақ тілі білімінде де оппозиция мәселесі әр түрлі сипатта қарастырылды. Қ.Момынова парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарды зерттеуге арнаған еңбегінде қарама-қарсы қойылатын тілдік элементтер парадигматика оппозициялық қатынаста, синтагматикада контрастық қатынаста болатынын айтады. Ғалым: «Парадигматикада оппозициялық қатынаста тұратын тілдік элемент синтагматикада контрастық қатынасқа түседі. Оппозиция мен контраст бір-бірімен градуальды сәйкестікте, яғни бір-біріне кері пропорционал болып келеді: парадигмати-кадағы оппозициялық қатынас синтагматикадағы контрастық қатынасқа кері пропорционал. Яғни оппозиция күшті болған

сайын, контраст соншама нашар болады», - дей отырып, оппозиция мен контраст арасындағы сәйкестікке байланысты мынандай түрлерін анықтайды:

«Приваттық оппозиция бос (нашар) контрастқа сай келеді. Орыс тіліндегі жуан – жіңішке белгілеріне қарай қарама-қарсы қойылған дауыссыз фонемалар, синтагмалық осьте бірінен кейін бірі сөзсіз тізбектеліп келе алмайды, өйткені олардың контрасты жеткілікті немесе күшті емес.

Эквиваленттік оппозиция орташа контрастқа сай. Бұлар синтагмалық осьте фонемалардың бірінен кейін бірі тізбектеліп келуіне даусыз мүмкіндік береді.

Дизьюнктивтік оппозиция күшті контрастқа сай, оны мынадай схемамен беруге болады: дауысты – дауыссыз» [3,23-24].

А.Жұмабекова зерттеуінде қазақ және орыс тілдеріндегі антонимдік бірліктерге оппозициялық талдау жасайды [4]. Біз жұмысымызда аталған зерттеушілердің тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, «ақ» - «қара» тілдік бірліктеріне оппозиция әдісі негізінде жіктеу жасаймыз. Бұл мәселеге көшпес бұрын «ақ» - «қара» тілдік бірліктерінің тарихи сипатына тоқталып өтейік.

«Ақ» сөзі түркі тілдерінде *aq//ax//ag* формасында қолданылады. «Ақ» сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында тіл зерттеушілері арасында әр түрлі пікірлер болды. Кейбір ғалымдар, мәселен, К.Менгес, М.Рясянен т.б. «ақ» сөзін қытай тілінен енген кірме сөз деп қарайды. Бұған қарсы пікірді Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбековтер еңбектерінен кездестіреміз. Зерттеушілер: «Бұл пікірмен келісу қиын. Өйткені қытай тілінен түркі тілдеріне енген элементтердің таралу шегі белгілі региондармен шектеулі ғана» деп көрсетеді. .

Р.В.Семина «аға» және «әке» деген туыстық атауларындағы екі сөздің де негізі ақ – оқ (қартаю) етістігінен өрбіген деген пікір айтады. Егер «ақ» түбірінің көне түркі тілінде шынымен «қартаю, жан ұлғаю» синкретикалық мағынасы болса, онда «қосағыңмен қоса ағар» деген тілек мәнді тіркестегі «ағар» сөзі де жоғарыдағы «ақ» түбірімен төркіндес болуы ықтимал [5,80].

Ғалым Б.Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимология-лық негіздері» аты еңбегінде «ақ» сөзіне этимологиялық талдау жасайды. «Ақ» - зат есім, сын есім, етістік, шылау бола алатын омоним түбір екенін айта келіп, ақ заттық, сындық, шылаулық мағыналарының ежелгі түркілік ақ – өзгеруі, семантикалық, тұлғалық жағынан түрленуі негізінде біздің заманымызға жеткенін дәлелдейді. Бұған «ақ» етістігінің лексикалық мағыналарының көне түркі тілінде қазіргі мағыналарынан аса көптігі, ол кезде тіркестеріндегі сөздердің орналасу тәртібінің қазіргі уақытпен салыстырғанда керісінше болғандығы әсер еткендігін айта кетіп зерттеуші: егер осы заңдылыққа сүйенсек, тіліміздегі ақ жаңбыр, ақ жауын (ашылмай – ақ жауатын жаңбыр) фразеологиздеріндегі ақ сөзін сын есім емес, етістік деп есептеуге толық негіз бар. Сонда оны «ағып тұрған жаңбыр», «ағып тұрған жауын» ретінде түсінуімізге болады. Сүттің, қардың табиғи түсі – ақ. Табиғатынан ақ нәрселерге «ақ» сын есімін қосарлаудың қаншалықты қажеттігі не? Қажет болған жағдайда оның орнына «ақ» деген мағына беретін көне түркілік **үрүң** сөзі неге қолданылмайды? Мысалға көне тілде **«үрүң күмүш» (ақ)** деген тіркес бар. Ақ сүт, ақ қар тіркестері де есте жоқ ерте заманда сауылған «сүт», «жауған қар» ұғымдарын беруі әбден ықтимал», деп тұжырымдайды [6,137-138]. М.С.Жолшаева **үрүң** сөзінің көне бабалар тілінде тек түр-түсті ғана білдіріп қоймай, ауыспалы мағынада да қолданылатынын айтады: «**Үруң бег** дегенде **үруң сөзі** адал деген мағынаны білдіреді. Қазіргі қазақ тіліндегі **ақ адам, ақ көңіл, ақ ниет** дегендегі ақ сөзінің білдіретін мағынасы осы негіздес екендігі даусыз» [7, 20].

Тілдің мәдени философиясын зерттеген Е.М.Абақан «ақ» тілдік тілігіндегі «а» таңбасы терістеу мағынасын үстейді деген пікір келтіреді. Түр-түсті белгілейтін сын есімдердің табиғатын талдасaq, «ақ» - қара» «ақ» түсті білдіретін сөзде «а» таңбасы терістеу мағына үстеп, маңызды қызмет атқарады. «А» таңбасы «қара» сөзіне жалғанып: ақара – ақар ақ түрінде қалыптасқан. Лексикадан мысал іздесек, олар «қар» сөзінің қалыптасу жолын, яғни «ақ» сөзінің пайда болуын дәлелдейді: Қар (снег) = а (өрістеу) – қара (түс) [8,110].

Түрік сөздігінде «қараға» қатысты мынандай түсіндірмелер берілген: 1. «Қара орун» - көр, қабір; 2. «қара баш», яғни қара бас - құлдарға тағылған атау; 3. «Қара от» - Үндістаннан әкелінетін улы шөп; 4. «Қара йағ» - қара май, мұнай; 5. «Қара» - хақанның хандары «қара» деп аталады. Бура қара хан; 6. Қаралады тышты. «Ыт қаралады» - ит тышты; 7. «Түні қарығ қарылады» - Жел қарды боратып ұшырды.

«Ақ» - «қара» антонимдері бинарлы, яғни екі компонентті оппозицияға жатады. Аталмыш антонимдік бірліктердің оппозициялық қатынасын анықтау мақсатында оппозицияның сатылы, қос мүшелі, тепе-тең мағыналы түрлеріне қысқаша ғана тоқталып өтейік.

Алайда қос мүшелі оппозициялардың ортаңғы мүшесі болмайды деп айту шартты түрде ғана. Қазір ғылым үнемі даму үстінде. Сондықтан кейбір арнаулы ғылым салаларында бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар арасында аралық құбылыстар да табылып жатады. Мысалы: «тірі» мен «өлі» құбылыстары антонимдік оппозиция құрайды. Бұл оппозицияның арасында аралық ұғым жоқ сияқты. Алайда медицина саласында «ком» деген ұғым бар. «Комда» жатқан адамның өлі адамнан айырмасы болмайды. Оны өлі деп те, тірі деп те айтуға келмейді. Бұл жағдайда адамның миы жұмыс істемейді, яғни өлі қалыпта болады десе де болады, тек жүрегі жұмыс жасайды. Дегенмен, шын мәнінде мұндай жағдайлар өмірде сирек кездеседі. Сондықтан жалпы халық үшін «өлі» мен «тірінің» арасында үшінші, ортаңғы мүше жоқ десе де болады.

Сонымен қатар, қос мүшелі оппозицияға жоққа шығару жұрнақтары жалғанған кейбір сөздер енеді. Мысалы, арлы – арсыз, орынды – орынсыз, жүйелі – жүйесіз, қайырлы – қайырсыз.

Оппозицияның тепе-тең мағыналы түріне сатылыға да, қос мүшеліге де жатқызуға болмайтын қарама-қарсы тілдік бірліктер жатады. Бұл топқа логикалық критерийлер жүрмейді, себебі тепе-тең мағыналы оппозиция мүшелерінің арасында тілдік тәжірибемен бекітілген ассоциативтік қарама-қайшылық бар. Мұндай қарама-қайшылықтар адамның санасында өмір сүреді. Тепе-тең мағыналы антонимдік оппозицияларға іс-әрекеттің, көңіл-күйдің қарама-қарсы бағытын білдіретін лексемалар («кіру - шығу», «қашу - қуу», қуану - ренжу», «ұйықтау - ояну», т.б.), лексикалық конверсивтер («ұтқан – ұтылған», «жығу - жығылу»), кеңістіктегі бағытты білдіретін сөздер («оң - сол», «асты - үсті», «арғы - бергі», «батыс - шығыс», т.б.) компоненттері жынысына, туыстығына, жыл мезгілдеріне, тәулікке, әлеуметтік жағдайға байланысты қарама-қарсы қойылатын коррелятивті жұптар («әке - шеше», «қыс - жаз», «мырза - құл», т.б.) енеді. Жоғарыда айтқанымыздай, қос мүшелі оппозицияның ортаңғы мүшесінің болмауы шартты түрде ғана, сондықтан градуалды оппозиция мен привативті оппозиция аралығындағы оппозициялар да болады. Мұндай жағдайда антонимдік жұптарды қай топқа жатқызу керектігін мәтіндегі қызметі анықтайды.

«Ақ» - «қара» антонимдері түр-түстерді білдіретін тура мағынасында қолданылатын кезде жоғарыда келтірілген оппозициялардың ішінде сатылы түріне жатады. Алайда олардың түр-түсті ассоциативті қабылдау негізінде пайда болған ауыспалы мағыналары қос мүшелі оппозиция құрайды. Мұнда X пен Y - «ақ» пен «қара» лексикалық бірліктері, олар сапаның деңгейлерін көрсететін оппозициялар, ал X_1 мен Y_2 - оппозиция мүшелерінің жоғарғы деңгейін көрсететін мүшелер, яғни «аппақ» пен «қап-қара» лексикалық бірліктері. Алайда көркем шығармада жазушы өзіндік мақсатына қарай мәтін ішінде «ақ» - «қап-қара» немесе «қара» - «аппақ» тілдік бірліктерін қарама-қарсы қоя отырып қолданған жағдайда олар асимметриялы оппозиция құрайды. Мысалы, *Дәл қазір жер бетінде қара түр жоқ, мұқымы аппақ* (О.Бөкей). Мәтінде қара – аппақ тілдік бірліктері асимметриялы сатылы синтагматикалық оппозиция құрайды. Асимметриялы сатылы оппозицияға қарама-қарсы екі бағытта – ұлғаю мен кему – қозғалыс мүмкіндігін ие, алайда мағыналық жағынан бірдей қашықтықта жатпаған оппозиция мүшелері жатады. Оған «ақ» тілдік бірлігінің салыстырмалы шырай тұлғасындағы «ақшыл» лексикалық бірлігін келтіруге болады.

Сонымен, симметриялы сатылы оппозициялардың мүшелері сапаның ең жоғары деңгейлерін көрсететінін және қарама-қарсы екі бағытта – ұлғаю мен кему мүмкіндігіне ие

болатынын ескеретін болсақ, «ақ» пен «қара» түр-түсті білдіретін тура мағынасында сатылы оппозицияға жатады. Оның үстіне қисындық тұрғыдан «ақ» пен «қара» түстерінің орталық мүшесі – «сұр» түс. Біз «ақ» пен «қараның» басқа шырай тұлғаларында келуін көрсетпейміз. Себебі аталған оппозиция мүшелерінің тура мағынасында сатылы оппозицияға жататыны осы тілдік бірліктер арқылы да дәлелді.

«Ақ» - «Қара» концептілері негізгі номинативті мағынасымен қоса, ауыспалы мағынасында да оппозиция болады, алайда олар ауыспалы мағынасында қос мүшелі оппозицияға жатады. Себебі, бұл лексикалық бірліктердің ауыспалы мағынасында ортаңғы мүше де, сапаның ең жоғарғы да, ең төменгі де деңгейі болмайды. «Ақ» - «Қара» тілдік бірліктері ауыспалы мағыналарында бір - бірінің сапасын жоққа шығаратын қасиетке ие болғанымен, олардың арасында ортаңғы мүше де, сапаның ең жоғарғы да, ең төменгі де деңгейі болмайтыны ескеріліп, қос мүшелі оппозицияға жатқызылды. Мысалы, ақ - қара атаулары әлемнің негізін құрайтын ізгілік – зұлымдық, адалдық – арамдық, тазалық - арсыздық концептілерін құрайды. Ал бұл концептілердің аралық ұғымы да, азайып немесе көбейіп отыратын қарқындылық деңгейін көрсететін көрсеткіштері де болмайды. Енді «ақ» пен «қараның» ауыспалы мағыналарының оппозициялық қатынасына талдау жасайық. Қара ниет – ниеті жаман, тек арамдықты, жамандықты ойлайтын деген мағынаны білдіретін, адамның мінез-құлқына қатысты қолданылатын тұрақты тіркес. Мысалы: *Қара ниет Жаманқара бұзық түнгі салқында көрпесін серпіп тастап, сәкіде ұйықтап жатқан Кәрімнің жүрек тұсынан қанжар салмайды* (С.Адамбеков). Мұнда «қара ниет» деген арамдық, зұлымдық, жаманшылық ойды сипаттайды. Осы мағынадағы «қара ниет» тіркесі адал, пәк, ізгі ниетті, жақсы тілекті деген мағынадағы «ақ ниет» тіркесімен оппозиция құрайды. *Тұрсынғазы ақ ниетті біртуар адам еді; деп сөзін тәмәмдады Уәли ақсақал* (Т. Әбдіков). «Ақ ниет» - «Қара ниет» тіркестері адамның қарама-қарсы мінездерін, ойын беріп, оппозиция жасауға қатысады. *Ақ жүрек - таза, адал көңілді аңғартады. Мысалы: Сенің асылдығың ақ жүрегіңде* (О. Бөкей). *Құп білемін, сізге жақпас, ескі жара білтелеу. Ақ жүрегің енді ұнатпас, мезгілі жоқ қай медеу* (Абай). *Қара жүрек - Осындай кезде кісі тонап жүрген қандай қара жүрек десеңші* (Д.Исабеков). Осы сөйлемдердегі қара жүрек адамның рақымсыздығын, мейірімсіздігін, арам көңілдігін анықтайды. «Ақ жүрек» пен «қара жүрек» тұрақты тіркестері адам жанының қарама-қарсы жақтарын, бірі таза, адал, ақ жарқын, ашық, арамдық ойламайтын, тек жақсылық ойлайтын адам мінезін танытса, екіншісі арамдықты, рақымсыздықты, мейірімсіздікті білдіре отырып, оппозиция құрайды.

«Ақ» және «қара» лексикалық бірліктерін тура және ауыспалы мағыналарында да бір-біріне қарама-қарсы қоюға болады. Себебі оппозиция мүшелерінің екеуіне де ортақ белгі бар. «Ақ» пен «қара» антонимдік бірліктерін салыстыруға негіз болатын ортақ белгі тура мағыналарында түр-түсті білдіруі болса, ал ауыспалы мағыналарында («ақ» пен «қараның» біз келтірген мағыналарынан басқа да ауыспалы мағыналары бар, бірақ бұл жерде тек «ақ ниет» - «қара ниет», «ақ жүрек» - «қара жүрек» тіркестерінің мағыналары туралы сөз қозғалып отыр) адамның мінез-құлқы, ниеті, пейіліне қатысты қолданылуы.

«Ақ» пен «қараның» тура мағынасында қарама-қарсы қоюға, яғни оппозиция деп санауға бұл лексемалардың бір-біріне қарама-қарсы мәндегі түр-түстерді білдіруі негіз болады. Ал жоғарыда келтірілген «ақ ниет» - «қара ниет», «ақ жүрек - қара жүрек» тіркестерін оппозиция деп санауға негіз болған - адамның қарама - қарсы мінез-құлықтары мен пиғылдары. Ақ үй ↔ қара үй контрастивтік жұбы тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да оппозициялық жұп құрайды.

Ертеректе дәулетті, ауқатты, мәртебелі адамдар үйлерін келістіріп ақ шаңқан киізбен жабатын болған. Мұндай үйлер алыстан-ақ ағарып, басқа қарапайым халық тұратын үйлерден ерекшеленіп тұратын болған. Ал әлеуметтік жағдайы төмен кедей - кепшік, құл - құтандардың отыратын үйлері қара құрым киізбен жабылатын болған. Себебі ақ шаңқан киіз жабуға жағдайлары келе бермейтін. Міне осындай әлеуметтік факторларға байланысты үйдің түр-түсіне қарай бай - манаптардың үйін ақ үй, кедей - кепшіктердің үйін қара үй деп атап кеткен. «Ақ үй» - «қара үй» тіркестері тура мағынасында да, әлеуметтік мәнді беретін ауыспалы

мағынасында да оппозиция құрайды. «Ақ үй» - «Қара үй» контрастивті жұптарын салыстыруға ортақ, негіз тұратын орын үй, мекен-жай мағынасы болса, оларды оппозиция деп санауға ортақ негіз «ақ үй» - «қара үй» лексемаларының логикалық абстракция негізінде өрбіген бір-біріне қарама-қарсы мәндегі әлеуметтік мағыналары. «Ақ үй» - «Қара үй» тіркестерінің бір-біріне қарама-қарсы мәндегі әлеуметтік мағыналарының дамуының уәжділігі «ақ», «қара» түстеріне байланысты болуымен қатар, ассоциативтік өріске де байланысты. «Ақ үй» дегенде көз алдымызға бай, дәулетті адамның үйі, «қара үй» дегенде кедей – кепшіктің немесе үйінде бір қайғылы жағдай болған кісінің үйі елестейді. Себебі ақ үй мен байдың үйінің іні, қара үй мен кедей үйінің ассоциативтік өріс құрауы үйге жабылған киіздің түсіне байланысты. Ал ақ шаңқан киізді үйге жабу кедей- кепшіктердің қолынан келе бермейді. Осындай әлеуметтік факторларға байланысты «ақ үй» - «қара үй» тіркестері әлеуметтік мағынаға ие бола отырып, оппозициялық жұп жасайды.

Қорыта келгенде, «ақ» пен «қара» лексикалық бірліктері тек номинативті тура мағыналарында ғана емес, ауыспалы мағыналарында да оппозициялық қатынасқа түседі. Соның нәтижесінде «ақ» - «қара» антонимдік бірліктері тура мағынасында сатылы оппозиция, ал ауыспалы мағынасында қос мүшелі оппозиция құрайды. Қарама-қарсылық семантикалық құбылыс болғандықтан, сөздік құрамдағы басқа сөздермен қат-қабат байланысқа түсіп, бір-бірімен араласып жатады. Мағыналық дамуы барысында тұрақты мағына да, ауыспалы мағына да, контекстік мағыналар да, жаңа мағыналар да туып, олар бірде кеңейіп, бірде тарылып отыруы мүмкін. Осыған орай «ақ» пен «қара» антонимдік бірліктерінің тек тура мағынасында ғана емес, ауыспалы мағыналарында да оппозиция құрауы – заңды құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
- 2 Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии. – Саратов, 1990. - 222 с.
- 3 Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
- 4 Жумабекова А.К. Оппозитивный анализ антономических единиц в казахского и русского языков: дисс... кан. филологических наук: 06.10.95. – Алматы, 1995. -161 б.
- 5 Семина Р.В. Использование антонимов в создании речевого контраста // Слова как предмет изображения. – Л.: Наука, 1977. – С. 79-82.
- 6 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1995.
- 7 Жолшаева М.С. Ұғымдық категория және тілдік семантикалық функция // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – 2004. - № 2. – 18-22 бб.
- 8 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Словарь-Сөздік, 1998. – 305 бет.
- 9 Қазақ тілінің сөздігі. ҚР ҒЖЖБМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі институты. Алм., 1999.

ҚАТЫСЫМДЫҚ ТІЛДЕСІМ ТОНАЛДЫЛЫҒЫНЫҢ КОННОТАТТЫҚ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Якубова Гулназ –

7М01710-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының

II курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **Кайырбекова Улбосын Серикқызы - филол.ғ.к., доцент**
Ж.А.Ташенев атындағы университеті (Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы)

Тілдік коннотация сөйлеу барысында өзекті мағынаға ие болады, дәлірек айтқанда, сөйлеуші мен тыңдаушысы сияқты қатысушылары бар сөйлеу актісінде. Осы кезге дейін орыс психотілшілерінің (Е.М.Верещагин, Л.С. Выготский, Н.И.Жинкин, А.А.Залевская, Л.В.Сахарный және т.б.) зерттеулері сөйлеу (айтылым) жасалымы үдерісінің жалпы үлгісін көрсетуді мақсат еткен болатын. Ғалымдардың тұжырымдары бойынша ол бірнеше кезеңнен тұрады:

- *айтылымның уәжі (стимулы)*. Бұл нақты сөйлеу жағдаятынан туындайтын айтылым жасалымының бастапқы кезеңі болып табылады;

- *сөйлеу интенциясы (ой, ниет)*;

- *айтылымның ішкі бағдарламасы (жоспары)*;

- *айтылымның ішкі бағдарламасын жүзеге асыру* (семантикалық-грамматикалық құрылымдануы);

- *моторлық түрде жүзеге асуы* (сөйлудің тілдің фонетикалық, орфоэпиялық немесе графикалық заңдылықтарына сәйкес дыбыстық немесе графикалық рәсімделуі).

Е.С.Кубрякованың пікірінше: «айтылымның ішкі бағдарламасының аталымдық деңгейде жүзеге асуының барысында тіл иесінің барлық қатысымдық құзыреті әрекет етпейді, ең алдымен оның лексиконы мен бұл сөздік қорды сөйлеу тілдесімінің типтік жағдаяттарында қолдану ережелері қатынасады, сонымен бірге тілдік бірліктерді жеке ұғыну мен құрылымдаудың окказионалды тетіктері іске қосылады» [1,37].

Айтылым ішкі бағдарламасының іске қосылу кезеңі шығармашылық, эвристикалық сипатта жүргізіледі: сөйлеуші өз семантикалық құзыретінен тілдік бірліктерді дұрыс таңдап алды ма, жоқ па, оларды ауыстыру қажет пе деген сияқты сұрақтарға байланысты үнемі тексеріс жүргізіп отырады. Сондықтан да ол екі бірдей әрекетті жүзеге асырады: іріктеу әрекеті (тілдік бірліктерді таңдау, іздеу операциясы) және бақылау әрекеті.

Іріктеу әрекетінің болуы, сөйлеу барысында қолданылатын тілдік бірліктердің, дайын таңбалардың ойланбай, лезде пайдаланылмайтынымен түсіндіріледі. Жалпы тілдік жүйе және біз қарастырып отырған лексика-семантикалық және фразеологиялық жүйелер нұсқалылық құбылысымен ерекшеленеді. Тілдік жүйе сөйлеушіге өз сөйлеу интенциясын аталымдық деңгейде жүзеге асыру үшін көптеген синонимдік бірліктерді ұсынады. Осы мәселеге қатысты Л.А.Новиков былай деп жазады: «Тілдік жүйе сөйлеушіге ономазиологиялық міндетті қояды, яғни ол белгілі бір мазмұнды беру үшін қандай бірліктерді таңдау керек, қалай айту қажет деген сұрақтардың шешімін табуға тырысады. Сөйлеуші «нұсқалар (варианттар) әлемінде өмір сүріп», әрдайым оларды салғастырып, жалпыға тән және ерекше тұстарын айқындап, әрбір нақты жағдайға қатысты олардың ішінен біреуін ғана таңдап алады» [2,83].

Бұл ретте сөйлеу субъектісі тек аталымдық қызмет атқаратын бірліктермен ғана емес, сонымен бірге коннотаттық мағынасы бар сөздер мен фразеологизмдермен де іріктеу жұмысын жүргізеді. Өз сөзіне экспрессивтік реңк беру мақсатында субъекті тағы бір мәселеге тап болады: сөз немесе фразеологизм, қайсысын таңдаған дұрыс. Әрине, сөйлеуге экспрессивтілік мазмұн жүктеу үшін фразеологизмдердің қолданылғаны қолайлы. Өз кезегінде, бұл тілдегі сөздер мен фразеологизмдердің функционалдық қолданысымен байланысты. Егер сөздердің басты қызметі аталымдық, ал оның экспрессивтік сыңары негізгі емес, қосымша мағынасы болып саналса, фразеологизмдер үшін экспрессивтік қызмет ең басты қасиеті болып табылады. Мысалы: *қу – алтыс екі айлалы, басқару – бас-көз болу, нысық – еті тірі, таза – көздің жасындай, бақытты – маңдайы ашық* және т.б.

А.Г.Назарян: «...сөздер олар атайтын нысандар ескіріп, жоқ болғанша дейін тілде қызмет етеді. Сондықтан да сөздің қолданыстан шығуы, оның белгілейтін нысанымен тығыз байланысты. Ал фразеологизмдердің актив сөздік қордан шығып қалуы мүлдем басқа заңдылықтармен айқындалады. Ол мұндай жағдайға тек өзінің экспрессивтік қызметін жүзеге асыру қабілетінен айырылғанда ғана ұшырайды», - деп көрестеді [3,34].

Фразеологиялық мағына лексикалық мағынамен салыстырғанда ақиқат болмыстың жеке затары мен құбылыстарын ғана белгілеп қоймай, тұтас жағдаяттарды да айқындайды. Мәселен, *маңдайынан шертіп жүріп алды (таңдады) – таңдап жүріп ішінен ең жақсысын*

алды; сәуір болмай, тәуір болмайды – көктем шықпай жан-жануар көкке тойынбайды деген мағынада; қаны мойнында кетті – біреуді жазықсыз өлтірді, кісінің обалына қалды; алтау ала болса – өзара араз, алауыз болса, өзара ынтымақ, береке болмаса; басына көтерді (көшірді) – айналаны жаңғырықтырып айқай салды, даурықты, азан-қазан болып шулады; етегін төсек, жеңін жастық қылды – қандай қиындық болса да төзді, қар төсеніп, мұз жастады; қанын ішіне тарты– ызаланып, жарылып кете жаздады, кегі, қатты ызасы келді және т.б.

Фразеологиялық мағына көлемінің кеңдігін сөздіктердегі түсініктемелер де көрсетеді, яғни ол синоним-сөздер арқылы емес сипаттамалы құрылым-дардың көмегімен беріледі. Әдетте, сөздіктерде фразеологизмдердің мағынасы үш бірдей жолмен анықталады: 1) дефиниция; 2) бейнелі негізімен байланысты мағынаның мән-мазмұндық түсініктемелері; 3) жағдаяттық түсінік, яғни фразеологизмді қай жағдайда пайдалануға болатыны көрсетіледі.

Осымен байланысты, сөйлеуші фразеологизм арқылы өз сөйлеу интенциясын әрі қысқа, әрі тұжырымды түрде жеткізуді жүзеге асырады. Бұл сөйлеудегі тілдік тәсілдерді үнемдеу заңдылығымен тығыз байланысты. Фразеология саласындағы көптеген зерттеулердің қорытындысы бойынша кез келген тілде лексикалық синонимдері жоқ тұрақты тіркестер қатары кездеседі. Бұл ретте фразеологизм номинация заттары мен құбылыстарының жалғыз атауы болып табылады. Мысалы: *Америка ашты – жаңалық ашты; инемен құдық қазғандай – өте ауыр, мандымайтын, еш өнбейтін, бейнеті ауыр іс; күшік күйеу – үйленіп, ата-енесінің қолына кірген жігіт туралы айтылады* т.б.

Сондай-ақ, фразеологизмдердің қолданысы сөйлеу тақырыбымен де байланысты. Себебі фразеологизмдердің басым көпшілігі адам мен адамдар арасындағы қарым-қатынастырға баға беруге бағытталатыны баршаға белгілі. Мәселен, орыс фразеолог-ғалымы В.Н.Телияның редакциялығымен жарық көрген «Орыс тілінің бейнелі оралымдар сөздігінде» идиомаларға қатысты 16 тақырыптық өрістің 12 адаммен байланысты екендігі анықталған. Атап айтқанда, «адамның сыртқы кебеті», «ішкі қасиеттері мен қоғамдағы орны», «адамның физикалық хал-жағдайы», «көңіл-сезімі мен хал-жағдайы», «көңіл-сезімі мен қарым-қатынасы», «қызметі», «еңбек», «зияткерлік қабілеттері мен жағдайы», «мінез-құлқы» және т.б. Осыдан мынандай қорытынды жасауға болады: егер әңгіме адам, оның белгілі бір қасиеттері мен қабілеттері, басқа бір адамға немесе затқа, нәрсеге, құбылысқа деген қатынасы туралы болғанда, онда лексикалық бірлікке қарағанда фразеологизмнің қолданылу мүмкіндігі әлде қайда жоғары.

Алынған материал мен айтылым уәжін салыстыруды көздейтін бақылау әрекеті де бірнеше деңгейлерден тұрады. Физиолог Н.А.Бернштейннің теориясы бойынша айтылым жасалымына жауап беретін төмендегідей неврологиялық деңгейлер болады:

1) Жоғарғы (жетекші) деңгей. Субъектінің сөйлеу барысына саналы түрде бақылау жүргізетін ең күрделі деңгей;

2) Төменгі, аялық деңгейлер. Бұл деңгейде сөйлеу түзетуі автоматты түрде жүргізіледі [4,41-42].

Іріктеу мен бақылау операциялары сөйлеу жасалымында уақыт тұрғысынан бір-бірімен тығыз байланысты, бір сәтте қатар жүзеге асады. Аталған екі әрекетте субъективтік сипатта өтіп, сөйлеуші көзқарасынан туындайды. Тіл иесінің семантикалық құзыреті тек мағына білімінен ғана тұрмайды, сонымен бірге оның белгілі бір жағдаятта ғана қолданылатын табиғатын білу қажеттілігін талап етеді. Яғни тілдік бірліктердің сөйлеудегі қолданыс ережелерін білу қажет. Себебі «... егер сөйлеуші әлеуметтік-мәдени белгілерге мән бермей, тек тілдік жүйені ғана пайдаланса, онда ол сол тілдік ұжыммен шетелдік ретінде қабылданар еді» [5,10].

Сондықтан да іріктеу және бақылау әрекеттерін жүргізетін сөйлеу субъектісі көптеген нұсқалардың ішінен лексикалық (фразеологиялық) мағыналарын есепке ала отырып, сол жағдаятқа ең қолайлысын таңдауымен бірге, әлеуметтік қалыптасқан қатысымдық нормалар мен ережелерді де ескеруі қажет. Бұл ережелер мен нормалар тілдесімнің (бейресми, бейтарап

т.б.) жағдаятымен, жағдайымен, сөйлеу стилі және жанрымен, тақырыбымен тығыз байланысты.

Ал адамның сөйлеу әрекеті өте күрделі құбылыс. Ол адам тәрбиесінің ерекшеліктерімен, туған жері мен білімімен, ортасымен, сонымен бірге әлеуметтік жағдайы мен ұлттық болмыспен байланысты. Басқаша айтқанда, сөйлеу әрекетінде тілдік тұлғаның барлық табиғаты көрініс береді. Тіл иесінің сөйлеу әрекеті сол қоғамның ұжымдық санасында қалыптасқан сөйлеу стереотиптерінің ықпал етуімен құралады. Ол адам көрінісінің ерекше тұлғасы ретінде ұлттық тілді игеруіне сәйкес бірте-бірте қалыптасады және еліктеу мен сәйкестендіру секілді психикалық тетіктер арқылы жүргізіледі. Мәселен, бала өзінің қасындағы адамдардың көптеген айтылымдарын қабылдау арқылы лексикалық қорын жаңа тілдік бірліктермен толықтырумен қатар, олардың қолдану шарттары мен аясын меңгереді. Сөйлеу қызметі мен сөйлеу әрекеті бір-бірін толықтырып тұратын тілдік тұлғаның басты категориялары болып саналады.

Ғалым Р.А.Авакова: «Адамзат қоғамы әлем, дүние, қоршаған орта туралы барлық мағлұмат лингвистикалық каналдар арқылы беріліп, сонда сақталатынына көз жеткізеді. Адам сөз дүниесінде өмір сүреді, орасан зор мағлұматтарды адамзат сөз арқылы меңгеріп, сөз арқылы түсіне алады. Сондықтан да адамның тұлға ретінде жетіліп, өсуі сөзді қаншалықты дәрежеде меңгеруіне, сөз мәдениеті мен шеберлігін қаншалықты білетіндігіне тікелей тәуелді. Адамның қоғамдағы орны сөз әлемін меңгеру дәрежесіне тіл құпиясы мен сырын қаншалықты ұғынуымен байланысты», - деп көрсетеді [6,32].

Тілдегі маңыздылық ұғымы бірнеше түрде болуы мүмкін: парадигматикалық, синтагматикалық, деривациялық, темпоралдық, статистика-лық, стильдік, семантикалық, формалдық, фразажасалымдық және т.б. Біздің зерттеуіміз үшін ең маңыздысы тілдік тұлға мен оның қатысымдағы әріптесіне қатысты қарым-қатынасы туралы ақпаратпен байланысты. Сондықтан да мұндай маңыздылық түрін біз прагматикалық деп атаймыз. Соңғы кездері тіл білімінде «прагматика – тілдік тұлғалар қолданысын және мағыналарды тілдесім жағдаяты мен сөйлеу актілер түрлеріне байланысты зерттейтін тілтанымның бір бөлімі» (В.Г.Гак) ретінде анықталып жүр.

Ғалым Н.Уәлидің пайымдауынша: «Прагматика – тілдің өмірдегі қолданысын, оның ұжымдық тәжірибеде жүзеге асуын көрсетеді. Ал, мұның өзі ұжымның өмір заңдылықтарымен, тілді қолдаушының психологиясымен, дүниетанымымен, оның когнитивтік базасымен, мәдени стереотиптерімен, ұлттық дәстүрмен байланысты. Сөйлеушінің алдына қойған мақсатқа жетуі, оның коммуникативтік діттемін тыңдаушының дұрыс ұғынуы (интерпретация-лауы), ой елегінен дұрыс өткізуі тілдесудің ойдағыдай өтуінің негізгі критерийі болып саналады» [7,137]. Прагматика тілді нақты ғылымдар тұрғысынан, тілдік таңбалар жүйесі және қатысымдық әрекетті жүзеге асыру құралы ретінде қарастырады.

Біздің ойымызша, лингвопрагматиканың басты зерттеу нысаны субъектімен тікелей байланысты сөйлеу ұғымы болып табылады. Ал прагматикалық маңыздылық субъектінің сөйлеуінде «адам факторының» көрініс беруімен айқындалады. Г.О.Винокурдың пікірінше: «прагматикалық маңыздылық тілдік тетіктің өзінен-өзі емес, сол тілге ие қоғам арқылы іске қосылатынымен байланысты» [8,221]. Прагматикалық маңыз екі бірдей күрделі құбылыс негізінде қалыптасады: сөйлеу қызметі және сөйлеу әрекеті.

Көп жағдайда, прагматикалық маңыздылық субъектінің ерігі, ниеті мен қалауына тәуелсіз беріледі, яғни ол жүйке жүйесінің жетекші деңгейінің қадағалауынсыз жүзеге асырылады. Сондықтан да прагматикалық маңыздылық, негізінен, адамның сөйлеу әрекетінен туындайды. Ол субъектінің сол қоғамның сөйлеу стереотиптерін игеруіне байланысты, яғни үйсіздік деңгейде, сөйлеудің даму үдерісімен қатар жүретін білім мен тәрбие алу барысында қалыптасады.

Мәселен, айтылымның прагматикалық маңыздылығы лексикалық, сөзжасамдық және синтаксистік тәсілдер арқылы айқындалуы мүмкін: «-Құдайдың құлы, пайғамбардың үмметі Ысқақ балам, Бәтен қызды өмірлік жарым деп қалағаның рас па?»; «Құдайдың құлы, пайғамбардың үмметі Ысқақ балам, Бәтен қызбен ерлі-зайыпты өмір сүруге беліңді бекем

будың ба?». Бұл айтылымдарда қолданылған лексикалық, сөзжасамдық және синтаксистік құралдар сөйлеу субъектінің молдау екендігін анық көрсетеді.

Тілдесім тоналдылығы сөйлеу тілдесіміне қатынасатын адамдардың өзара қарым-қатынасын білдіретін прагматилтанымдық категория және бұл категория арқылы тілдесім құрау үшін қажетті тілдік тәсілдер іріктеліп, айтылымның тілдік құрылымы жасалады. Бұл категорияның пайда болуына тілдік жүйенің вариативтілігі әсер етіп, нақты бір қатысымдық акт жағдайында сөйлеуші тілдік бірліктерді таңдаумен қатар, өзі білдіретін тоналдылықты да есепке алады.

Ғалым Н.Уәлидің пікірінше: «Коммуникацияға қатысушылар – сөз субъектілері, яғни адресант пен адресат, ал тілдік емес мәнділіктер дегенде, біріншіден, сөз құрылымын ситуациямен, яғни сөз субъектілерінің әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшеліктері, жыныс айырмашылығы, таныс/бейтаныстығы, тілдік қатынастың ресми/бейресмилігі т.б. жайттармен, екіншіден, ең бастысы, сөз құрылымын, сөз субъектілерінің когнитивтік санасымен, яғни білім, түсіну, түйсіну, ойлау (ұғым, пайымдау, ой қорыту) т.б. өзара байланыста қарау негізге алынады» [7,33].

Бірақ әлге дейін тоналдылық түрлерінің жіктемесін жасауда ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Оларды топтастырып келтіретін болсақ:

1) Симметриялық, ассиметриялық немесе ресми, бейресми қатынастар (Т.Г.Винокур, А.Д.Швейцер, Л.Г.Веденина);

2) Әлеуметтік-мәртебелік, әлеуметтік-рөлдік және жеке қатынастар (Э.С.Азнаурова, В.И.Карасик және т.б.);

3) Салтанатты, бейтарап, күнделікті бейтарап, дәрежі және тұрпайы тоналдылық (Е.Ф.Тарасов) [9,273];

4) Дәрежі, еркін, бейтарап, формалды, жоғары тоналдылық (Л.С.Бархударов) [10,111].

Жоғарыда келтірілген тоналдылық түрлерінің жіктемелерін талдай отырып, біз мынандай шешімге келдік. Сөйлеушінің коннотаттық мағынасы бар сөздер мен фразеологизмдерді таңдауы қатысымға қатысушылар арасындағы сөйлеу тілдесімінің ресми деңгейіне байланысты. Сондықтан біз зерттеу жұмысымызда тоналдылықтың негізгі үш түрін ажыратып көрсетеміз:

- ресми;
- бейресми;
- бейтарап.

Сонымен ресми тоналдылық қоғамдық маңызы бар, іскерлік мәселелермен айналысатын адамдардың арасында орнатылады. Олар уақытша өздерінің жеке қасиеттерінен бас тартып, дәрежелеріне сәйкес әрекет етеді. Тоналдылықтың бұл түрі сөйлеудің қисынын, нақтылығын, дәлдігін, тілдік құралдар қолданысында үнемділікті талап етеді және қатысымда ол өте сирек кездеседі. Мұндай тілдесім, әдетте әскери адамдар арасында жүргізіледі, өйткені әскери тілдесімнің басты ерекшелігі адамдар қатынастарының жоғары стандартылығымен сипатталады.

Ресми жағдаяттарда ең жиі қолданылатын тоналдылық түрі мағынасында эмотивтік және бағалаушытық сыңарлары бар бірліктер арқылы беріледі. Мысалы: *«Осыдан кейін зал тым-тырыс бола қалды. Өйткені Қозыбайды тыңдау олардың барлығы үшін де жаңалық еді.*

- Қадірлі Өсербай Аипович, - деді Қозыбай президиум жаққа бұрылып. – Сіз жаңа біздің алдымызда тамаша баяндама жасадыңыз. Онда бәрі де бар: сан да, цифр да, табыс та, кемшілік те түгел айтылды. Тек бір нәрсені айтпай кеттіңіз. Мен соны есіңізге сала кетейін» (Қ.Ж.).

Бұл айтылымдардың авторы коннотаттық сыңары бар төмендегідей сөздер мен фразеологизмдерді қолданады: *қадірлі – «құрметті, сыйлы, беделді», тамаша – «ерекше жақсы, өте жақсы, керемет», еске салу – «ойына түсіру»*. Бұлардың ішінде эмотивтілікті, экспрессиялықты немесе бейнелілікті білдіретін бірде-бір ауызекі немесе тұрмыстық тілге тән сөз жоқ, бірақ соншалықты ресми де емес, өйткені айтылым авторы өзінің коммуникантына

қатысты жеке қарым-қатынасын (құрмет, қадір) көрсетеді. Бұған дәлел ретінде баға беру мәнінде қолданылған сөздерді көрсетуге болады: *қадірлі, тамаша баяндама жасадыңыз, онда бәрі де бар, түгел айтылды.*

Тоналдылықтың бейресми түрінде қатысымға қатысушылар көбіне достар немесе құрдастар, бір отбасының мүшелері т.б. болып табылады. Мұндай тілдесім барысында адамның жеке тұлғасының бүкіл қыр-сыры мен мінез-құлқының түрлі жақтары көрініс береді. Сұхбаттасушылар сөйлеу нақтылығын, қисынын қатаң сақтауды қажет етпейді, керісінше ауызекі стильге тән түрлі эмоциялық, экспрессиялық, бағалауыштық және бейнелі компоненттері бар сөздер мен фразеологизмдерді қолдануға бейім келеді. Бейресми тоналдылық барысында негізінен эмоцияның үш түрі айқын көрініс табады:

- 1) Кемсіту (қорлау, намысына тию);
- 2) Сырластық-достық;
- 3) Дөрекі (жөнсіз).

Бұл ретте бағалау категориясының маңызы зор. Өйткені тіл зерттеушісі Қ.Есенова атап көрсеткендей: «Бағалауды эмоционалды немесе рационалды деп бөлу оның құрамында эмотивті компоненттің болуына немесе болмауына байланысты. Эмоционалды бағалау субъектінің объектіден алған әсерінен туындайды да, әртүрлі эмотивтер (одағайлар, көңіл күй одағайлары) арқылы көрініс табады. Ал рационалды бағалау субъектінің назарына түскен объектіге жағымды, жағымсыз, орынды, орынсыз, пайдалы, зиянды, қолайлы, қолайсыз, икемді, икемсіз т.б. деп сипаттай баға беруінен көрінеді. Бұл екеуі (эмоционалды, рационалды) бір-бірімен тығыз байланыста қаралады» [11,172].

Бейресми тоналдылықтың кемсіту түрінде жек көрушілік, менсінбеу, жақтырмау және т.б. эмоциялары беріледі. Көбіне стильдік төмен, әдепсіз, тұрпайы сөздер мен фразеологизмдер қолданылады. Мысалы:

«- *Өй, қағынды! Өй, түйнеме келсін! Добалдай боп, көзің шығып кетті ме? Көк шешек! – деп, жаман-жаман қарғысты соғып жатқанда, Ақбілек кіріп келеді. Мұндай қарғысты бұрын естіп көрген жоқ қой, шыдай алмай күйіп кетіп:*

- Не қылды? Неңді бүлдірді. Баланы сонша қарғап... Ауыл-үйден ұят емес пе? – деп келе жатқанда Өрік кимелеп:

- Тәйт әрі, албасты қатын қар! Сенікі не? Сен неге қыстырыла қалдың! Менен тумады дейтін шығарсың... Қарғамақ түгілі отқа тастап жіберсем де, менің қолымнан алатын кісі жоқ. Балаға ара түскенді көрсетпе! Паһ! Бауырың екен, көрдік! – деп шапшытып, жерден алып жерден салды.

- Ойбай-ау! Ұят қой! Пәленишенің қатыны дейді ғой, - деп, тағы бірдеңе айтпақ еді, Өрік одан жаман дәуірлеп:

- Қатыны болсам, не қыппын? Ойнас қыппын ба? Өтірік айтыппын ба? Құдайға шүкір, оң қолым таза, аузым оймақтай! Келсем, құдайдың жазуымен келіп отырмын. Аяғынан келген дейтін шығарсың. Құдай сендей әбиірі кеткеннен, орысқа салдақы болғаннан сақтасын! – деп, бастырмалатып, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шыққанын білмей бұрқырап жатқанда, Ақбілек шыдай алмай, еңіреп шыға жөнелді» (Ж.А.).

Бұл айтылымдарда ашу эмоциясын білдіріп, тілдесімнің қорлау, кемсіту тоналдылығын қалыптастыратын бірқатар бірліктер қолданылған: *қағынды* – «құдай атқан, оңбаған», *түйнеме* – «адамның ішкі ағзасы түйіліп ауыратын жұқпалы ауру», *добалдай* – «өте ебедейсіз, үп-үлкен», *көзің шығып кетті ме* – «көзің ағып түсіп, көрмей қалды ма, көзің теріс бітті ме», *көк шешек* – «шешекпен ауырғыр», *албасты* – «оңбаған, жексұрын», *қатын қар* – «жағымсыз мінезді, суық жүрісті әйел», *қыстырылу* – «өзіне қатысы жоқ іске орынсыз араласу», *ойнас* – «жасырын жүретін көңілдес әйел, некесіз жыныстық қатынас, суық жүріс», *әбиірі кеткен* – «көргенсіз, ұятсыз», *салдақы* – «сайқал, жүзі қара, залым», *аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығу* – «аузына келгенін оттап, балағаттады».

Ойымыз дәлелді болу үшін тағы бір мысал келтірейік: «*Құлтуманың тайталасқанына Шекердікі де ұстап кетті:*

- Сенің не білгенің бар? Немене аузыңа келгеніңді күйсеп отырғаның... Малға ие жігіт боп... Мал тұрсын, басыңда билік бар ма? Шірік-ау! Сен Көксаудың қара табан құлы емесісің? Қырық қарасы бар Дұймағамбеттікі де он бес сом, сен де он бес сом алым төледің. Бір ауыз ләм деуге жарадың ба? Аузың кепердей боп, қара басып отыруың... Осындайда бір пысық жігіт бола қалатыны бар деймін өзінің. Бұл пысықтығыңды Көксауға неғып көрсетпей жүрсің? Өл де маған... Қайта өз қызығыңа, өз қызыңа өзім соям дейтін кісі емесісің? Ә-әй, шірік-ай, қайтейін сені, қайтейін... Әуелі сыбағалы көтеніңе ие бола алмай Жаңылға жегізіп отырып, сен билік соққанды не қыласың? Саған неткен билік? Жүре бер қойыңды құрттап, қойыртпағыңды ұрттап. Сенде түйсік, сенде мынамай сана болса, Күнекейден мал аяр ма едің? Жұрттың басынатыны – сенің қортықтығың зой... Әйтпесе Күнекейім қай байдың қызынан кем?.. Сенде сүйек жоқ, намыс жоқ. Кісі емессің, білдің бе? Қысып отыр, аузымды қыздырмай... – деп, Құлтуманы біржолата орнынан тұрғысыз қылды» (Ж.А.).

Ал бейресми тоналдылықтың сырластық-достық түрі өте жақын немесе таныс адамдар арасында орнатылып, сұхбаттасушыға қатысты тілектестік, жақсылық тілеушілік, мақұлдау, жылы шырайлылық қатынасты білдіреді. Бұл тілдесім еркелету, мейірімділік, нәзіктік, сүйіспеншілік, махаббат т.б. эмоцияларды білдіретін сөздер мен фразеологизмдер арқылы құрылады:

1) «Айманды бүгін, шынымен-ақ көре алмай кетемін бе? – деген ойы оны қалтыратып жіберді. Қыздың сағынышты жүзі елестеді көз алдына. Күлімдеген жаудыр көзі, балапан шапшары жауып тұратын сызатсыз аппақ маңдайы, сәл көтеріңкі біткен пісте мұрны мен қаймыжықтай жұқа еріндері, күлгенде жарқырап түгел көрінетін маржандай тістеріне дейін көз алдынан кетпей тұрып алды. Сол қызсыз бұған енді өмір жоқ секілді. Осыдан жарты жыл бұрын Айманды көрмей тұрғанда, жер бетінде Айман деген қыздың бар екенін білмей тұрғанда, қалай тіршілік етіп жүргені белгісіз» (Қ.Ж.);

2) «- Жақсы екен!.. Бірақ жаңа әндеріңді әбден жаттап, жаттығып алмай, айтпа! Жаңылып қаласың, - деді. – Е, өзім де айтпаймын... Уай, шіркін, Жұмабек не деген әнші! Дауысы бір қарлықпайды, бір жарықшақ жоқ, әні таң атқанша таусылмайды. Өзі де көңіл ашар, ойыншы жігіт екен! - деді» (Ж.А.);

3) «- Ел қыдырып, ән салып, жын қуып жүрген кезім. Қайда ойын болса, іздеп кетеміз. Ормамбетте Ақтамақ деген бір тамаша қыз болды. Үріп ауызға салғандай, жұтынып тұрған сұлу еді. Міне, биыл отыз екіге шығып тұрмын, ондай сұлуды көргем жоқ. Өзі паң. Жөпиенді бозбалаға көзінің қырын да салмайды. Пысықсыған талай жігіт маңына дари алмай қойған» (Ж.А.).

Жоғарыда келтірілген мысалдарда таңдану, сүйсіну, қайран қалу эмоциясын білдіру мақсатында мынандай тілдік бірліктер қолданылған: *сағынышты* – «сағына күткен, зарыққан», *күлімдеген жаудыр көзі* – «сүйкімді, әдемі, тұнық көз», *сызатсыз аппақ маңдай* – «кіршіксіз ақ», *қаймыжықтай жұқа еріндері* – «жұп-жұқа, үлбіреген, қаймақтай», *жарқырау* – «нұр шашу, жалтылдау, жалтырау», *маржандай тістері* – «біркелкі, майда, әдемі», *тамаша* – «ерекше жақсы, өте жақсы, керемет», *не деген әнші* – «ерекше, айрықша», *дауысы бір қарлықпайды, бір жарықшақ жоқ* – «дауысы ашық, қырылсыз», *көңіл ашар* – «қызықты, шат-шадыман», *ойыншы* – «қалжыңбас, әзілқой», *үріп ауызға салғандай* – «аса әдемі, сүп-сүйкімді», *сұлу* – «кескін-келбеті көрікті, ажарлы, өңді», *паң* – «тәкаппар, керім, кербез», *көз қырын салмайды да* – «назар аудармайды, қарамайды да».

Дөрекі, жөнсіз тоналдылық түрі бөтен, бейтаныс адамға қатысты орынсыз айтылған жағымсыз эмоцияны айқындайды. Мысалы:

«- Ана-ау, «бай» деп сәнденгені болмаса, күйеу бір топас екен зой, - деді.

- Неғыпты?

- Зағипа тақасын жұлып алып еді, қолға салып қалды. Зағипа ашуланып: «Аузында әзілі жоқтың, қолында тоқпағы бар» деген осы-ау, - деп еді. Сендей қызды солай сүй...үйрету керек деп қарап отыр. Бетімізден отымыз шықты. Сүйтсек, Күлтай көріп қапты; қақ төбесінде танадай жалтыры бар екен...

- Ойбай-ау! Таз десеңші!... – деп, Шекер мырс ете түсті. Біздің Жұматайға күле беретін немелер зой, келсін өз бастарына да!.. - деді.

Шекер бет-қолын сабындап жуынып, Күнекейін алдына отырғызып, шашын тарап отырып күйеуді тағы жамандады:

- Көзі – дәл өлетін сиырдың көзі. Мұрны – Шолақтың күйген бармағы, аузы – талыс, өзі аумаған Түйебай...- деп, сол елдегі сұмпайы біреуге теңгеріп, әбден іске алғысыз қылды» (Ж.А.).

Бұл мысалда кемсіту тоналдылығына тән тілдік бірліктер қолданылған, бірақ олар сөз болып отырған адамды қорлау мақсатында емес, ал өзінің оған солайша баға беруіне құқығы бар екендігін көрсету үшін жұмсалып отыр. Сондықтан да тоналдылықтың бұл түрі жөнсіз, әдепсіз, дөрекі деп аталады.

Бейтарап тоналдылық тілдесімінде коннотаттық мағынасы жоқ сөздер мен фразеологизмдер қолданылады. Яғни айтылымдарда ешбір эмотивтілік, бағалауыштық, экспрессиялық және бенелеуіштік коннотациялар болмайды:

«Бір заматта қонақ үйдің алдына келгенін байқады. Залға кіріп, кезекші отыратын бөлмеге жақындады. Ұзын бурыл мұрты құлағына жететін, көзілдірікті шалға бас изеп амандасты да, орын сұрады.

- Қай жақтан келдіңіз? Паспортыңызды әкеліңіз, - деді қарт мұның бас-аяғына көз жіберіп.

Сырым қалтасын қанша ақтарса да, паспортын таппады, не істерін білмей, қысылып қалды өзі.

- Кешіріңіз, паспортым үйде қалыпты, - деді сасқалақтап.

Қарт мұның тула бойына тағы да тінте қарап шықты. «Түсінікті» дегендей басын изеді.

- Үйге қайт, ұлым! Бұл жер өз үйіңнен артық емес, - деді» (Қ.Ж.).

Сонымен тілдесім барысында сөйлеушінің санасында өзінің сұхбаттасушысына қатысты белгілі бір ақпарат пайда болады: жасы, ұлты, кәсібі, мамандығы, әлеуметтік мәртебесі және т.б. Сондықтан да қатысымға қатысу кезінде сөйлеуші міндетті түрде өзінің қатысымға қатысушымен қандай қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін ескере отырып, сөйлеу тілдесімінің тоналдылығына сәйкес тілдік бірліктерді пайдаланады.

Яғни: «Адресат факторын ескеру сөздің (речь) тілдік құрылымына енетін таңбаларды дұрыс, тиімді, діндеген мақсатқа орай таңдауға ықпал етеді. Когнитивтік санасында белгілі бір ой-пікір, сезім тілдік тұрғыдан объективтенгенге дейін адресант адресаттың әлеуметтік статусы, жас, жыныс ерекшелігі, таныс, бейтаныстығы т.б. жөнінде азды-көпті «байыптап» алады. Адресант-автордың бұл «байыптауы» коммуникацияның құрылымына кіреді. Адресат факторы әсіресе сөйлеген (жазған) сөздің орындылығы деген коммуникативтік сапаны айқындап тұрады. Сөйлеген (жазған) сөздің тілдік құрылымы қаншалықты дұрыс, шеберлігі жағынан мінсіз болғанмен, адресат факторының ескерілмей қалуы сөздің коммуникативтік сапасын төмендетіп, тілдік қарым-қатынасқа кедергі келтіруі мүмкін» [7,37].

Адамзат жаратылысы өзін қоршаған ортадағы, табиғат-әлемдегі кез-келген құбылысқа, бір-біріне бей-жай қарай алмайтыны, эмоциялық, экспрессиялық, әсер етушілік мінезімен ерекшеленеді. Ол өз санасындағы құндылықтарды тану жүйесін мақсатты түрде іске қосу арқылы әрбір құбылыстың ішінен ерекше маңыз іздеп, оны өз танымы бойынша таңбалап, нәтижесінде бағалаудың интеллектуалдық көрсеткішін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кубрякова Е.С. Модели порождения речи и главные отличительные особенности речепорождающего процесса//Человеческий фактор в языке: Язык и порождение речи/Под ред. Е.С.Кубряковой. – М.: Наука, 1991. – С. 21-81.

2. Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М.: Высш.шк., 1982. – 272 с.

3. Назарян А.Г. Фразеология современного французского языка. – М.: Высш.шк., 1987. – 288 с.

4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активность. – М.: Наука, 1990. – 495 с.
- 75 Богданов В.В. Речевое общение: Прагматические и семантические аспекты. – Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1990. – 88 с.
6. Авакова Р.А. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы. Филол.ғыл.док.дисс. – Алматы, 2003.
7. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филол. ғыл. докт-ры дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 450 б.
8. Винокур Г.О. Избранные труды по русскому языку. – М.: Учпедгиз, 1959. – 492 с.
9. Тарасов Е.Ф. Социолингвистические проблемы теории речевой коммуникации//Основы теории речевой деятельности/ Под ред. А.А.Леонтьева. – М.: Наука, 1974. – С.255-273.
10. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). – М.: Международ. отношения, 1975. – 240 с.
11. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы: 2007. – 450 б.
- 12 Қазақ тілінің сөздігі. ҚР ҒЖЖБМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі институты. Алм., 1999.

ӘОЖ 81-115

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗООНИМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

Рахым Арайгүл Тлегенқызы

7M01701-қазақ тілі мен әдебиеті магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
araikuldan@mail.ru

Түркі халықтарының тілін мен мәдениетін зерттеудегі түркітанудың маңызы жайлы үлкен ғалым, тілтанушы Ә.Т. Қайдар былай деп тұжырым жасаған екен: «Түркітану – жержүзілік ғылым. Ол бұдан үш ғасырдай бұрын дүниеге келіп, шығыстанудың бір тармағы ретінде дамып, бүгінде жержүзіндегі ірі мемлекеттердің баршасында қалыптасқан инсандық (гуманитарлық) ғылым саласының біріне жатады: Бұл ғылым әлемдегі 130 миллионнан астам үлкенді -кішілі 30 -ға жуық түркі халықтарының тілін, ауыз әдебиетін, этнографиясы мен этнологиясын кең шеңберде зерттеп - зерделеу мақсатында дүниеге келген, сол халықтарды жан-жақты танып-білу арқылы адамзат руханиятына зор үлес қосып келе жатқан әрі көне, әрі өсімтал, өміршең ғылымдардың үлкен саласы» [1, 304]. Осы арқылы ғалым түркітануда тіл мен этнография, әдебиет өзара тұтас екенін байқатады. Осы тұтастықты әртүрлі жағынан алып зерттеуге болады. Ең бастысы-ол осы халықтарға ортақ тақырып, ортақ дүниетанымдық және тілдік нышан болуы керек. Міне, сондай түркі тілдес ұлттардың бәріне де ортақ болып келетін тақырыптың бірі-біздің ойымызша зоонимдер болып табылады. Әрине, осы зоонимдер басқа да әлем халықтарының тілі мен түсінігінде баршылық екені сөзсіз. Бірақ түркітілдес халықтарда бұл тілдік сосын дүниетанымдық жағынан ұқсас болып келеді. Түркі тілдеріндегі өзіндік маңызы осы бар зоонимдерді қарастыруды біз этнолингвистикалық жағынан алып отырмыз, себебі этнолингвистика деген ұлттың ғасырлар бойы сақталған, атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық болмысын, мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымын ұлт тілінде көрінуін зерттейтін тіл білімі саласы болып табылады. Ғалымдардың әкірінше, Қазақ және түрік тілдеріндегі зоонимдік атаулар түркі тілдері лексикасының тарихи даму жолына сәйкес бірнеше лексикалық қабаттан тұрады: 1) жалпыалтайлық лексикалық қабат; 2) жалпытүркілік лексикалық қабат; 3) қазіргі түркі тілдеріне тән лексикалық қабат; 4) кірме қабат немесе басқа жүйедегі тілдерден енген зоонимдер. Ғалымдар зоонимдердің пайда болуы сонау алтай дәуірінен бастап, жалпы түркілік кезеңнен қазіргі түркі тілдеріне дейін созылып

келе жатқан құбылыс екенін айтады. Демек, тіліміздегі зоонимдер барлық түркі тілдеріне ортақ, тарих сабақтастық тауып келе жатқан тілдік нәрсе болып келеді. Осының ішінде өзіміздің ана тіліміз-қазақ тілі де бар.

Зооморфизмдер адамның жануарлар, аң-құс әлемімен тығыз байланысы, қатынасы нәтижесінде оның ойы мен тілінде көрініс тауып, күнделікті өмірінде санасында қалыптасады. Ғалымдардың айтуынша зоонимдер қолданыс мағынасы үш түрлі бағытта болады екен, біріншіден, ол тек зат пен ұғым қатынасы түрінде болады, яғни, аң-құстан бөлек ол туралы санадағы ұғым пайда болады, екіншіден, таза атау мағынасында болады яғни, жануар немесе аң-құс атауын бейнелейді, үшіншіден, ауыспалы мағынасында болады, бұл негізінен эмоционалдық-сезімдік, атауларды ауыспалы, символдық, метафоралық, тендеу мағынасында қолдану болып табылады. Сөйтіп, этнолингвистикада зооморфизм деген тіке мағынасындағы атау ғана емес, сонымен қатар, уәжді, семантикалық мағынаға, тек тілдік емес, мәдени, дүниетанымдық да болып табылады, оның этнолингвистік мағынасы осында. Осылайша, зоонимдер белгілі бір халықтың ұлттық дүниетанымы мен дәстүрін тілдік жағынан айшықтайтын ерекше лексика сипатын алады. Себебі, барлық ұлттық тілдің сөздік қорының қалыптасуына сол ұлттың дүниетанымы мен танымдық қорындағы білім, ақпарат жүйесі ықпал етеді, осы жағынан кез - келген затты болмаса құбылысты бейнелеп тұрған тілдік бірлік туралы ұғым барлық ұлтта әртүрлі деп айтуға болады. Мысалы, қасқыр барлық ұлтқа белгілі, сол тілде атауы бар аң. Бірақ оның түркі тілдеріндегі немесе қазақ тіліндегі түсінігі, дүниетанымдық бейнесі басқаша болады. Сонымен бірге, зоонимдер өте күрделі тілдік бірліктер болып табылады.

Түркі тілдес халықтардың тілі мен мәдениеті, дәстүрлері жағынан ұқсас, бауырлас халықтар екені белгілі. Әрине, тілі мен дүниетанымы ұқсастығы сан түрлі жағынан көрініс берді. Сосын бұл халықтар әуелден табиғатқа жақын, табиғатпен тығыз байланыста өмір сүргені белгілі. Сондықтан олардың тілінде ұқсас жағы да көп дегенде, соның бір саласы тіл қолданысындағы аң, құс, жануарлар дүниесіне, олардың атауына байланысты тілдік көріністердің көп болуы. Осындай аң-құсқа, жануарға қатысты тілдік қолданысты, атауларды зоонимдер деп атайды. Зоонимдер лексикалық бірліктер, зоофразеологизмдер түрінде зерттеледі. «Тілдік белгі ретінде зоонимдердегі мәдени аялық ақпарат сол тілді қолданатын халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру салтын таныта-ды, соған сәйкес, зоонимдерде нақтылы кейіпте анықталған тілдік қоғамдастықта мәдени мағынала кодталады. Тіліміздегі жан-жануарлар ата-атауы ұлттық-мәдени ерекшелік пен тілдік дүние бейнесінің тұжырымдалуында негізгі құрал болып табылады»-дейді зерттеуші Раева А.[2, 304].

Этнолингвистика көп саланы қамтиды, соның бірі-ұлттың жан-жануарлар, аң,құс, малға көзқарасы екені бәрімізге мәлім. Әрине, қоршаған тіршілік әлемі, жануарлар дүниесі туралы түсінік барлық халықта бар, бірақ түркі халықтары түбі бір тілдес халықтар, ұлттар, сондықтан олардың қазақ халқына ұқсас жерлері өте көп. Атап айтқанда, біріншіден, әрине тіліміз ұқсас, екіншіден, дүние түсінігіміз, адам мен жануарлар дүниесіне деген таным-түсінігіміз ортақ. Үшіншіден, бұл ұғымдарды салыстыра қарастыру қазіргі түркі халықтарының дамуы, бірлігі, тұтастығы жағынан да маңызды. Төртіншіден, осы зерттеулер арқылы ұлттық тіліміздегі зоонимдік лексиканы да зерттеп, жүйелей аламыз.

Атақты ортағасырлық түркі ғалымы Махмұд Қашғаридің «Түркі сөздігінде осы түркі тілдеріндегі көптеген аң, жануарларға қатысты ұғымдар беріледі. Оның өзі тек зоологиялық жағынан ғана емес, тілдік жағынан да мәлімет береді. Сол кездің өзінде зерттеуші ғалым осы жануарлар дүниесінің түркі мәдениетіндегі, түркі тілдеріндегі маңызын көрсеткен сияқты. Соның ішінен мысал келтірсек дейміз. Мысалы, мынандай атаулар кездеседі: *ingan*- інген, *oflak*-лак, *ikty*-мал, *inek* –сиыр, *atan*- атан, *oguz*-өгіз.

Жалпы түркі халықтарында зоонимдер әртүрлі тілдік бағытта беріледі. Соның бірі мақал-мәтелдер еді. Сол мақалдардың бәрі дерлік бір-біріне мағыналық жағынан жақын, онда мақалда қолданған жануарлар да ұқсас, яғни, түркі ұлттары арасындағы сабақтастық та байқалып тұр. Мысалы, Әбдуали Қайдардың «Халық даналығы» кітабынан мынандай түркі тілдеріндегі ұқсас мақалдарды көреміз:

Қазақша: «Атты қамшымен айдама, арпамен айда»;

Түркменше: «Аты урпа билен сүрме, арпа билен сур»;

Татарша: «Атны сыбык белән кума, солы белән ку» [3, 304]..

Өзімізге жақын қарақалпақ халқының мақалдары қазақ тіліндегі мақалдармен тікелей үндес болып шығады. Мысалы, Ғарға ғарғаның көзін шоқымай – қарға қарғаның көзін шұқымайды, Қой үстінде торғай жумалау – қой үстінде бозторғай жұмыртқалау, Бир шоқып жети рет қарау – бір шоқып жеті қарау, Қарлығаштай пәрмана болыу – қарлығаштай қамқор болу, қанатымен су себу, Хәр шақаға бир қоныу – бұл сөйлем бір бұтақтан бір бұтаққа секіру, яғни, тұрақсыз болу деген мағынада құсқа теңеледі. Ғалым А. Раеваның айтуынша түрік тілінде «At ile avrat emanet verilmez» (сөзбе-сөз: ат пен әйел аманатқа берілмес); At ile avrat insanın bahtına (сөзбе-сөз: ат пен әйел азаматтың бағына) деген нақыл сөз бар екен. Ат пен әйелге байланысты осыған ұқсас мақалдың қазақ тілінде де мол екені бәрімізге аян.

Сонымен қатар адамды аң-құсқа, жануаға теңеген фразеологизмдер молынан кездеседі. Ондай фразеологизмдерді-зооморфтықфразеологизмдер дейміз. Яғни, зоо-аң болса, морф-ұқсас деген мағына береді. Мысалы, қырғыз тілінде «коен журук»-қорқақ, керісінше «арстан журук»-батыр, «койдон жоош»-бұл да қазақ тілінде кең тараған теңеу. Болмаса осы қырғыз тілінде атқа байланысты зоофразеологизмді алсақ: «ат арытуу» - алыс жолға шығу, «аттын кулағы менен теңойноо»- қазақша «атқұлағында ойнау» сияқты теңеулерді көруге болады екен.

Ал түрік тілінде атқа байланысты мынандай сөз тіркестері бар екен: «at gözlüğü takmak», «at kafalı». Оған түрік, қазақ тіліндегі зоонимдерді зерттеген А.Раева мынандай түсіндіру берген екен: at gözlüğü takmak (сөзбе-сөз: ат көзілдірігін тағу), at kafalı (сөзбе-сөз: ат басты). Тіркестің мағынасына тоқталар болсақ: At gözlüğü takmak: Olayları dar bir bakış açısı ile değerlendirmek. «At gözlüğü takmışsınız, size ne desem faydası yok.»At gözlüğü takanlar, yaşanan olayları anlayamaz. (сөзбе-сөз: ат көзілдірігін кию. Оқиғаларды тар көзқараспен бағалау. «Сіз ат көзілдірігін тағыпсыз, мен сізге не айтсам да пайдасыз. «Ат көзілдірігін таққандар болған оқиғаларды түсіне алмайды»). At kafalı: Aptal, ahmak, anlayışsız, akılsız, kıt zekâlı (сөзбе-сөз: ат басты: Ақымақ, ақылсыз, түсінбейтін, ойсыз)». Осы ғалымның мәліметінше адамның еркін әрекетін «at koşturmak» (сөзбе-сөз: ат жүгірту) тіркесімен жеткізген.[2, 304].

Енді кейбір жеке сөздердің бауырлас түркі тілдеріндегі қолданысына тоқтап өтсек деймін. Мысалы «қой» сөзінің басқа тілдердегі атауын талдап өтсек. Атақты Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат – ит–түрк» еңбегінде қой деп берілген [4,198]. Әзірбайжан, түркімен тілдерінде коун; алтай, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, ұйғыр тілдерінде қой; гагауыз, түрік тілдерінде коун; тува, хакас тілдерінде хой; өзбек тілінде қуй деп қолданылады. Қызығы, Татар тілінде тек құйрықты қойды ғана қой деп атайды екен. Егер қой құйрықсыз болса оны атауға татар, башқұрт, чуваш, қарақалпақ тілдерінде «сарық» деген сөз қолданады екен. Сондай-ақ қойдың жынысына байланысты атаулары да бар екен. Мысалы, қазақ тіліндегі «ұрғашы» қой дегенді түрік тілінде «dışı коун»; ал түрікмен тілінде «ене коун»; якут(саха) тілінде «тыһы бараан», шамасы бараан –орыс тілінен енген болса керек. Бірақ Якут(саха) тілінде ұрғашы қой- «тыһы бараан», ал еркек қой- «хой» дейді екен. Осы қой малына байланысты тағы да сөздік мысалдар келтірсек, Біздің тілімізде еркек қой малын «қошқар»- деп атайтыны белгілі. Осы сөзді қой малын бағатын, еті дәстүрлі тағамның бірі ретінде қолданатын туыстас түркі ұлттары тілдерінде де баяғыдан бар екен, соған тоқтасақ. Бауырлас әзірбайжан, түрікмен тілдерінде гоун;сонау алтай тілінде қуча, қочқор; бізге тілі жақын башқұрт тілінде қушқар; қарайым тілінде қочхар; қырғыз тілінде қочқор; түрік тілінде коун; өзбек тілінде қўчқор; хакас тілінде хуча деп аталады екен.

Енді төрт түлік малдың бірі-сиыр атауына тоқталсақ деймін. Бұл атау түркі тілдерінде әртүрлі нұсқаға ие екенін көреміз. Тілдік жағынан бір-біріне жақын тілдерден ұқсастық көреміз. Мысалға айтапр болсақ: алтай, қырғыз тілдерінде «үй», түрік тілінде «үд», башқұрт тілінде «һыйыр», гагауыз тілінде «сыыр», өте жақын туыстас, қыпшақ тілді қазақ, қарайым, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар тілдерінде ортақ сөз- «сыйыр», түрікмен халқында «сығыр», ұйғыр ұлтында «сйір» атаулар тарихи түрде қалыптасқан. Сиыр малының аталығы-бұқа

малы да әртүрлі атау алғанын байқаймыз. Мысалы, әзірбайжан, гагауыз, қарақалпақ тілдерінде «буға», қырғыз, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде «буқа», құмық тілінде- «буғча», ноғай мен татар тілдерінде «буғай», түрік тілінде- «боға» атаулары қолданылады екен. Сонымен бірге бұқа малының жасына қарай да атаулар бар екен. Айтар болсақ, әзірбайжан тілінде екі жасар бұқаны- «буғайа дуран», – екі мен үш жас аралығындағы бұқа- «йаз буға», гагауыз тілінде үш жасар бұқаны – «бу’а» деп атайды. Ал қазақ тіліне келер болсақ, төрт түлік малды жақсы білген халқымыз оны жасына қарай бірнеше атауға бөледі. Атап айтсақ, «бұқашық», «бұқаша», «тайынша бұқа», «кұнан бұқа», «дөнен бұқа», «бесті бұқа». Қашқари сөздігінде осы бұқа малының піштірілген түрін өғүз деп береді. М.Қашқары сөздігінде мысалға мақалда берілген: «Өкүз азақы болғынша бұзағұ башы болса ииг». Мағынасы «Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі». Сөздікте оған мынандай түсіндірме беріледі: «басқаға жүгінді болғаннан, бас-басына болған артық» деген мағынада қолданылады» деп көрсетіледі [4,88]. Бұл мақалдың да адамға, қоғамға қатысты мәні бар деуге болады.

Түркі тілдес халықтарға ортақ зоонимдердің мол қолданыс тапқан жері-антропонимдер деуге болады. Мысал үшін, өзбектерде шер-арыстан, бұлбұл, нор-бура түйе, бури-бөрі, от-ат, той-құлын атаулары алған адам аттары көп екен. Мысалы: Шерзод, Шерхон, Булбулноз, Норали, Норбегим, Буритош, Буригул, Отбасар, Отмырза, Тойбола және т.б. Немесе, чори- 4 жасар қой атауын жалғаған есімдер бар екен. Мысалы: Чоримухаммад, Чоримырза. Қазақта Бағлан деген деген есім де осыған сай келеді деп ойлаймыз. Бұл есімдер біздегі Арыстан, Бұлбұл, Түйебай, Наркенже, Құнанбай сияқты адам есімдеріне сәйкес келеді.

Тағы бір маңызды нәрсе –ол зооморфтық фразеологиялық тіркестердің қолданысы болып келеді. Оған төмендегі кейбір мысалдарды келтірсек деймін. Мысалы, біздің ана тіліміз-қазақ тілінде ата-бабамыздан келе жатқан «ат жалын тартып міну» деген этнолингвистикалық зооморфтықфразеологиялық тіркес бар екені белгілі. Осыны бауырлас қырғыздар да қолданады екен: «ат жалын тартып минүү». Немесе біздің халқымызда: «жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы»-деген бар. Соның басқа тілдегі нұскасын келтірсек. Қырғызша: «жакшы атка бир камчы, жаман атка миң камчы» . Өзбекше: «яхши отга бир камчи, ямон отга минг камчи». Ұйғырша: «яхши атқа бир қамча, яман атқа миң қамча». Түрікменше: «ягшы ата бир гамчы, яман ата мұң гамчы» . Тағы бір мысал келтірсек. Халқымыздағы «атының сыры иесіне мәлім» дегеннің өзбекшесі «аттын сыры ээсине маалым, кыздын сыры төркүнүнө маалым» деп айтады екен. Түріктерде «atın ölümü arpadan olsun» деген зооним-ашқарақтық дегенді білдіретін теңеу болса, ал «at izi it izine karışmak» деген сөз оңы мен солын айыра алмауды білдіреді, Қазақтың «екі түйе үйкелсе, арасында шыбын өледі» мақалының түрікше нұсқасы мынандай: «Atlar tepişir, arada eşekler ezilir».

Кейбір мақалдар сонау ерте түрік заманынан келе жатыр екен. Мысалы біздің қазақтың әлі бар, адам қасиетін білдіретін «адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» мақалы баяғы Махмұд Қашқаридың сөздігінде бар екен. Оның мағынасы да өте жақын, тек «сыртқы» сөзінің орнына «таштін» қолданылған. Ол мақал былай: «кіші аласі ічтін, жілкі аласі таштін». Оны өзбектер «одам аласи ичда, мол оласи ташда» десе, бауырлас түрікмен халқы: «адам аласы ичинде, хайван аласы дашында» деп айтады екен де, түрік халқы: «инсан алажасы ичинде, хайван алажасы дишинда» -деп аздап өзгертіп айтады. Бұл жерде мал, мол, хайван және аласы, аласі, оласи, алажасы деген сөздерді көреміз. Бірақ мағынасы бір, адам мен малдың сипатын көрсету. Тек бұл жерде аласы-адамдардың ерекшелігі, сыры, мінезін, құлқын мағынасын көрсету еді. Олардың бәрі ортақ мағынаға ие.

Тағы бір мәселе зоонимдік атаулардың тарихи тіл дамуы барысында туыстас халықтарда өзгерістерге ұшырауы. Осыған байланысты мына атаулардың қазақша, татарша қолданысына назар аударсақ. Мысалы «құндыз- кондыз», «аққу- аккош», «бұлан- поши», «бұғы- болан» атаулардың айырмашылығы ұ~о сияқты еріндік дауыстылары өзара алмасқаннан өзгеріске ұшыраған. Болмаса тағы бір мысал келтірсек, қазақша «түйе- дөя» сөзінен ү~ө дыбыстары татар тілінде ауысқанын көреміз.

Түркі тілдерінде адам аты болсын, ертегі, әңгіме, мақал-мәтел болсын жиі қолданылған зооним-арыстан екенін байқауға болады. М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінде» арслан

формасында кездеседі. М.Қашқари оған мынандай мақал да келтіреді: «арслан көкрәсә ат азақы таушалыр»-«арыстан ақырса аттың аяғы дірілдейді». Содан бері оның сөздік формасы қатты өзгермеді десе де болады. Енді қазіргі уақыттағы түркі тілдеріндегі қолданысын қарасақ, аздап айырма байқаймыз. «Арслан» түрінде мына ұлттарда кездеседі: түрік, түрікмен, құмық, татар, ұйғыр. Ал түрік, әзірбайжан ұлттары аслан десе, башқұрттар арыслан, біздер арыстан дейміз. Өзгешелеу атау тувалықтарда екен, олар арзылан десе, чуваш халқы услам атаған. Жалпы айтқанда бұл атаудан семантикалық болсын, фонетикалық жағынан болсын бірізділік анық көрінеді.

Түркі халықтарында көп тараған зоонимдердің бірі -орнитонимдар, яғни, құстарға қатысты атаулар болып келеді.мысал үшін туыс қарақалпақ халқындағы бірнеше мақалды алсақ. «Басына бахыт құсы қоныў», «Қус түткендей болыў» - бірнәсенің шашылып жатуы, себебі құс азық іздегенде бәрін қопарып тастайды екен. «Қус ушса қанаты күйиў-алысты білдіреді, «Бұлбил болыў» – көп сөйлейтіндер, «Қаршығадай қыялланыў» – қыран көз, алдындағы мақсатына жету, Суў сиңбейтуғын адам» – қу, айлакер деген мағынада . «Қус салыў»-аңға шығу, «Соқыр таўыққа бәри тары» – таңдау жасамау, ештеңенің парқын білмеу, «Шымшық сойса да, қассап сойсын» - әр нәрсені маман, білетін адам әстеу қажеттігі[5,45]. Бұл орнитонимдық зоонимдерден байқағанымыз- олардың тілдік жағынан да, мағыналық жағынан да қазақ тіліне, қазақ халқының дүниеге көзқарасы, адамды сипаттауына өте жақын екендігі. Осындай мысалдарды туыстас тілдер арасынан көптеп кездестіруге болады.

Қорыта келгенде, түркі халықтарындағы зоонимдердің қолданысы осы тіл өкілдерінің әлемге, адамға, адамның әрекетіне қатынасын бейнелейтін, халықтардың ғасырлар бойы аң-жануар дүниесін бақылау, ой қорыту нәтижесінде қалыптасқан даналық дүниетаны десе де болады. Әрбір халықта әлемнің тілдік бейнесі қалыптасқан десек, сол әлемнің үлкен бөлігін қоршаған тіршілік, табиғат дүниесі құрайды. Түркілердің ұлттық танымы, ұлттық мәдениеті сол табиғат, жануар әлемімен тығыз байланыста қалыптасты. Қазақ және түркі тілдеріндегі зоонимдерге тән синонимдер, лексикалар, семантикалық құрылымдар мәдениеттегі әртүрлі мағыналық топтардың ғасырлар бойы қалыптасып, өзара тарап, ықпал етіп, бүгінгі күнге жетуіне әсер етті. Тіпті қазіргі адамдар табиғат, жан-жануар, тірт түлік мал, аң-құс әлемінен алыстап кеткенімен, ғасырлар бойығы зоонимдік лексикалық тіркестер, мақал-мәтелдер әлі де сақталуда. Біз сол арқылы адамды, оның қылығын, қоғамдық қатынасы танып білуге қызмет етуде.

Осылайша қазақ және түркі тілдеріндегі зоонимдерді, зооморфтық фразеологизмдерді зерттеу бағытында олардың әлі де өрісі кең, танымдық, семантикалық мәні мол екенін көріп отырмыз. Зоонимдер демек, бір жағынан туыстас тілдердің бір-бірін тануына ғана емес, халықтардың дүниетанымын, ой-өрісін, адамды бағалауын түсінуге де көмектеседі, сонымен қатар біз зоонимдер арқылы түркі тілдерінің сонау ежелгі дәуірден сабақтас, дүние түсінігі ортақ халықтар екенін көре аламыз. Осы жағынан зоонимдер қазақ және туыстас түркі тілдерін зерттеуде этнолингвистикалық танымдық маңызға ие болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
2. Раева А.Зооморфтық фразеологизмдердің мотивациялық негізіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер (қазақ және түркі тілдері бойынша). Шығыстану сериясы. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz>. №4 (99) 2021
3. Қайдар Ә.Халық даналығы. Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004,560 бет
- 4.Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ит түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: «Сөздік–Словарь», 2006. –376 б.
5. Искендерова Е.К.Эвфемизмы в каракалпакском языке связанные, с птицами Вестник науки и образования. № 24(78) 1.2019
6. Садыкова З.Р. Зоонимическая лексика татарского языка. Казань, 1994. -235 с.

7. Тохтагул Б.С. Этнолингвистический характер возрастных номинаций животных в тюркских языках: дисс. канд.филол.наук. – Туркестан, 2005. –125 с.

ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫН ДАЙЫНДАУ- ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кендрбаева Жібек Тимурқызы

Студент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. (Тараз қ. Казахстан)

Факультет: “Ұстаз” институты Кафедра: Әлем тілдері

Мамандық: 6B01707-Шетел тілдері мұғалімдерін даярлау

Топ: ШТ-22-15

Науатов Серикхан Кадирханович

П.Ф. МАГИСТРІ, аға оқытушы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Тараз қ. Казахстан

«Алғашқы әскери дайындық және ден тәрбиесі» кафедрасы.

Ең алдымен мен журналист дегеніміз кім екеніне тоқатылып өткім келіп тұр. Журналист мамандығы оңай мамандықтардың қатарынан емес. Кез келген адам бұл салада жұмыс жасай алмайды. Ол үшін өте дағдылы болу керек және көп жұмыс жасау керек. Алайда қиындығымен қатар бұл сала адамдарды өзінің қызықтылығымен, жан жақтылығымен, шығармашылығымен баурап алады.

[1]Журналист мамандығы қазіргі кезде де, өткен заманда да өз құндылығын жоғалтпаған мамандық және келешекте де бұл мамандық жойылып кетпейтін, өз күзiреттілігін ұстап тұратын, әрдайым сұранысқа ие болатын мамандық болып қалатынына сенімдімін. Неге екенін білесіздер ме? Себебі адамдар қай кезде болмасын, әрдайым ақпарат алмасып, әр жерден ақпараттар естіп отырады. Кез келген жаңалықтарды, маңызды мәліметтерді біз теледидардан, жаңалықтардан естiмiз, көреміз. Міне бұл жағдайда бізге журналисттердің көмегі керек. Журналисттер осы ақпараттардың барлығын адамдарға көгілдір экран артынан жеткізіп, баяндап береді және оны жәй ғана айтпай, сапалы әрі сауатты түрде жеткізеді. Себебі олар өз салаларының білікті мамандары.

Журналисттер тек қана баспасөздегі жылт етіп, жаңадан шыққан жаңалықтарды жазумен ғана шектеліп қоймайды. Бұл мамандықтың жалпы ауқымы өте кең әрі күрделі. Мысалға алатын болсақ, осы дүниенің түкпір түкпірінде болып жатқан жағымды әрі жағымсыз ақпараттарды, өз еліміздің әр өңірінде болып жатқан қызықты әрі маңызды хабарлардың барлығын, әлеуметтік – саяси ой толғауларды, мәдениет мен өркениет жаңалықтарын, тағыда басқа көптеген саларды, ауықымдарды қамтып, зерттеп өтетін сала түрі.[1]

Қазіргі таңда журналистика мамандығына оқуға түсіп, білім алып, алда жұмыс жасағысы келетін жастар өте көп. Оларға бұл сала өте қызықты болып көрінеді. Бірақ тек қана қызық үшін емес, бұл саланы шынайы жақсы көріп жастар керек. Бағана айтып өткенімдей, журналист болу оңай жұмыс емес және барлығының қолынан келе бермейді. Ол үшін көп оқу керек, әрдайым ізденісте болу керек, сонымен қатар ең маңызды нәрсе ол шынайылық, әділдік, бұл салада адамдардың шыншыл болуы маңызды дегім келеді. Әрдайым әділдікке, адалдыққа ұмтылу керек, шындыққа жақ болу керек.[2]

Әлем бойынша осы журналистика мамандығын әлеуметтану мамандығы деп айтса болады. Журналистика мамандығы әлем бойынша өте маңызды мамандықтардың бірі десем қателеспеген болар едім. Өйткені елімізде, жалпы әлемде елді, халықты, адамдарды таныстыру керек мыңдаған өзгерістер және ақпараттар пайда болады. Халыққа берілген ақпараттардың дұрыс не бұрыс екеніне осы журналисттер жауап береді. Олар алынған ақпаратты барынша сапалы, тиімді әрі дұрыс қылып жеткізуге міндетті. Осы журналистика мамандығын мен оқырмандар мен орындалып жатқан әрекеттердің арасындағы

тұрған байланыс деп айта аламын. Журналисттер халыққа жедел түрде ақпарат бере алуы керек. Бірақ тек қана жедел ақпарат беріп қана қоймай, ақпараттың барынша дұрыстығына анық қанығын жеткізіп алуы керек. Бұл мамандықтың майталмандары өз ойларын ашық жеткізіп, тұжырымдай алатын, алынған ақпаратты сапалы түрде халыққа жеткізе алатын адам болулары керек. [2]

[3]Журналистика бұл өте қызықты әрі пайдалы мамандық деп айтқым келеді. Журналисттерде үлкен, керемет мүмкіндік бар. Ол - саяхаттау. Журналисттер көптеген елдерден жұмыс барысы арқылы саяхат жасай алады. Журналисттер әр түрлі елдерде, әлемнің түкпір түкпірін болып жатқан жаңалықтарды хабарлайтын болған соң, олар жұмыс барысымен басқа елдерге барып, саяхат жасап, зерттеп, болып жатқан жаңалықтарды жеткізіп отырады. Сол себепті егерде білікті журналист болсақ, бізді де еліміздің шет елдегі тілшісі қылып, жіберуі әбден мүмкін.

Ол үшін не істек керек. Менің ойымша өті білімді әрі білікті маман болу керек, сөйлеу мәнері, дикция жақсы, адамдарға тыңдау жағымды болуы керек, жаза білу керек, шығармашыл бодып, әрдайым ізденісте болу керек, және ең маңыздысы менің ойымша ол – тіл білімі, яғни көптеген тілдерді меңгеру керек. Себебі, мысалға біз басқа мемлекетте жүргенде, біз сол елдің жаңалығын жеткізе алуымыз үшін, адамдарымен байланыса алу үшін, адамдарынан сұхбат ала алуымыз үшін тіл білімі өте маңызды. Журналисттерге қандай тілдерді білу маңызды? деген сұраққа жауап бере кететін болсам. Ең алдымен өз ана тілін жетік меңгеру. Ана тіліміз, яғни қазақ тілін білмесек біз ешқашан да журналист бола алмаймыз. Біз басқа елде жүрсек те, ана тілімізде сөйлеуіміз керек, себебі сол арқылы ғана біз өз елімізді, тілімізді дамытатын боламыз. Және де сонымен қатар ана тілімізде таза сөйлеудің тағы бір маңызы, ол еларнамыздағы көрсетілім дей аламын. Бізді еларнамыздан көрсететін болғандықтан, ана тідімізде сөйлей алу міндетті. Ал енді екінші маңызды білу керек тіл ол әрине де ағылшын тілі. Қазіргі таңда ағылшын тілін меңгеру өте маңызды. Қай елге барсақ та, ағылшын тілі керек болады. Себебі ағылшын тілі әлемдік деңгейдегі тіл. Басқа тілді білмесең де, бірақ ағылшын тілін білсең, далада қалмайсың десем қателеспес едім. Ағылшынша білетін адамдар әлемнің кез келген жерінде бар. Сол себепті де бұл өте маңызды. Ал енді үшінші білу керек тіл, ол орыс тілі. Орыс тілі дәл ағылшын тілі секілді үлкен мәнге ие. Орыс тілі де әлемдік деңгейдегі тіл болғандықтан, көптеген елдерде қолданылады. Мысалға өзіміздің Қазақстан секілді. Біздің ана тіліміз қазақ тілі болса да, біз орыс тілін өте жиі қолданамыз. Орысша шамамен алғанда халықтың 80-90% ы біледі, түсінеді, және сөйлей алады. Көптеген сауда орындарында, орталықтарда, дүкендерде көбінесе орыс тілі қолданылады. Тура сол секілді басқа да көптеген елдерде орыс тілі үлкен мәнге ие. Осы үшін де орыс тілін журналисттердің жетік меңгергені дұрыс. Тіпті өзіміздің Қазақстан арналарында орысша да жаңалықтар жүргізіліп жатады, ол кезде де өте керек. Ал енді тағы бір меңгеру керек тіл, ол журналисттің барған мемлекетіне байланысты. Егерде журналистті мысалға алатын болсақ Францияға жіберетін болса, онда француз тілін білуі міндетті. Ол неге керек? Ол бағана айтып өткенімдей адамдармен байланыс үшін, ізденіс үшін. Сол себепті де тағы басқа тілдерді журналисттер меңгергені өздеріне өте пайдалы.

Қазіргі таңда журналист мамандығын дайындайтын мекемелер, білім беру орындары көбейіп кетті. Бұл әрине өте қуантарлық жағдай. Еліміздің жастарына деген үлкен мүмкіндіктер. Журналист болғысы келетін жастарға қазіргі таңда мүмкіндік өте көп деп айта аламын. Барлық керек жарақтар, аппараттар, мекемелер, орындар, білім берушілер өте көп. Бұл дегеніміз еліміздің жаңғырып, дамып, дамыған мемлекеттер қатарына қосылуына тағы бір қадам дей аламын. Алайда бұл қазіргі кезде, ал лсыған дейін біздің елімізде журналистика мамандығына оқытатын жалғыз оқу орны ол – Алматы қаласында орналасқан Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті еді. Тек жалғыз сонда журналистика мамандығына түскісі келетін жастар білім алуға бара алатын. Осыдан кейін ашылған ол – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті еді. Осы екі университетте ғана кезінде журналистика мамандығы бойынша білім алуға болатын. Сол жақтарға түсу үшін еліміздің

түкпір түкпіріндегі қаншама жастар ұмтылатын. Қаншама талапты жастар осы бар болғаны екі универ үшін таласқа түсетін. Ал басшылық барынша дұрыс таңдау жасап , жастарды іріктеп алып , оқуға түсіретін. Ал қазір болса журналистика мамандығының болашағы зор . Қаншама универлерде бұл мамандыққа білэм алып , жақсы маман болып шығуға болады. Тіпті мен айта аламын, қазіргі таңда журналистика мамандығына оқытатын университеттер саны тым көбейіп кетті деп . Оларын әрине саны көп , бірақ сапасы жағынан менің күмәнім бар . Бұрын, 90 жылдардың соңында тек қана Алматыдағы Әл Фараби атындағы университет кезінде өте сапалы білім берілетін. Ол жерде Темірбек Қожакеев , Зейнолла Қабдолов секілді өте тәжірибелі мамандар білім беретін. Содан соң Бас қаламыз Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы университет 2000 жылдардың басында ашылды. Ол жеде де өте сапалы білэм берілетін . Ал қазіргі таңда журналистиуа мамандығына білім беретін университеттер елөміздің түкпір түкпірінде бар , бұрындағыдай санаулы емес . Осындай оқу орындарын тәмәмдаған қаншама дарынды жастар бар . Олар қазір еліміздің әр жерінде жұмыс жасап , елімізге адал еңбек етуде. [3]

[4]Қазір 21 ші ғасыр , дамыған , цифрлық дәуір. Адамдар тек қана теледидар көріп отырмайды, одан бөлек қаншама әлеуметтік желілер бар . Айта берсе олардың саны көп . Ол желілерде тек қана жастар ғана емес , ересектер , орта жастағы кісілер, тіпті қарттар да отыра береді . Байқап қарасақ қазір қандвй жаңалық болсын , оқиға болсын осы әлеуметтік желілерде бірінші болып тарап кетеді. Мысалға бір жаман оқиға болып қалса, оны адамдар бірден видеоға, суретке түсіріп, улеуметтік желіге салып жібереді . Міне осылайша оны бүкіл халық көріп , хабардар болып, астына өз пікірлерін жазып, қырылып жатады. Міне осының барлығын, жаңалықтың баолығын журналисттер, репортарлар әлеуметтік желіні шарап , оқып , зерттеп , мәселенің онық қанығын шешіп, халыққа түсіндіруге тырысады. Ал бұрын бұндай әлеметтік желі деген болмайтын. Жаңалықты елдер газет, журналдардан, теледидардан естіп , білетін. Ал қазір мүлдем басқаша десем қателеспеген болар едім .

Тағы бір айтқым келетін нәрсе, және мені таң қалдыратын нәрсе ол еліміздегі журналистикарың екіге бөлінуі. Олар қазақша және орысша . Барлығымыз білетіндей , елімізде орыс тілде сөйлейтін адамдар саны басым болғандықтан, орыс тілінде де жаңалықтар көрсетіледі. Бәр таң қалдыратыны осы бөліну . Орыс тіліндегі журналистика мен қазақ тіліндегі журналистика екі бөлек әлем десек қателеспнген болар едім. Екеуі екі турлі әлемде өмір сүріп жатқан секілді. Екі жерде екі түолі мәселелер талқыланып жатады. Бұл менің ойымша дұрыс емес. Әрине бұл менің өз пікіпім. Ешкімге қарсы келмеймін.[4]

Ал енді қорытындылай келетін болсам . Мен осы журналистика саласының келешекте елімізде одан әрі дамып, шарықтау шегіне жететініне сенемін. Еліміз күннен күнге дамып келуде, еліміздің мумкіндіктері жоғарылауда. Сонымен қатар қазір елімізде қаншама дарынды, білімді, талантты жастар өсіп келуде. Олардың еліміздің журналистика саласындағы даңқын бүкіл әлемге көтеретініне , дамытатынына мен сенімдімін. Қаншама мүмкіндіктер ашылуда, оқу орындары, тәлімгерлер, керек жабдықтар , барлығы бар . Ынтасы бар жастардың мүмкіндігі зор дей аламын. Сол себепті де мен жастарға сенемін дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] massaget.kz сайты
- [2] bilim-all.kz сайты
- [3] el.kz сайты
- [4] stud.kz сайты

МАЗМҰНЫ

1 СЕКЦИЯ

С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Алғысөз	3
Асқарұлы А., С.Торайғыровтың поэзиясындағы патриоттық бағыт	4
Абдрахманова А., Асқақ арманды ақын	6
Ауезова Э.Ж., Сұлтанмахмұт Торайғыров «Айқап» журналындағы қызметі	8
Дюсенғалиева З.Т. Великий просветитель казахского народа начала XX века	13
Жақсыбергенова А.,С. Торайғыров шығармаларындағы әлеуметтік мәселелер	15
Жилкишиева С.Е., Великий просветитель казахского народа начала XX века	17
Зинелова Н., Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қазақ публицистикасына қосқан үлесі	19
Исмурзина Г. Б., Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт Торайғыров арасындағы рухани байланыс	21
Қабдолова А.Қ., С.Торайғыров шығармалары оқу-білімге үндейді	23
Қалим Ж.Е. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың философиялық көзқарастары	26
Мажитова Л.Қ., С.Торайғыровтың татар ақыны Ғ.Тоқаймен үндестігі	28
Медеу А., С. Торайғыров шығармашылығының бүгінгі таңдағы маңыздылығы	31
Мұрат А. Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармасындағы әйел теңсіздігі мәселесі	37
Наурызбаева Г., Мақсотова Қ., Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығындағы дін мәселесі	40
Нұрлыбаева О., Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының зерттелуі және бүгінгі күнмен сабақтастығы	43
Нұрсұлтанова Г.Ж., Ұлтына ұл болу – Ұлылық	50
Орда Е.К., Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлең туындыларындағы ұлт және тіл мәселесі	52
Сарсенова Г., Сұлтанмахмұт туралы пікірлер	54
Сәлімгерей Д.А., С.Торайғыров шығармашылығындағы әлеуметтік мәселелер	60
Сейтман А.К., Сұлтанмахмұт шығармаларындағы өмір шындығы	63
Смағұлова А.І., Сұлтанмахмұт лирикасының көркемдік ерекшелігі	67
Тургамбаева А.Т., Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірі және шығармашылығы	69
Фау Е.К., Литературное наследие С.Торайгырова	72
Шапошников Г., Султанмахмуд Торайгыров и его наследие	74
Шынғалиева А. С. Торайғыров шығармашылығындағы шындық шежіресі	77

II СЕКЦИЯ

ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Айдашева А.Т., Компаративтік фразеологиялық бірліктердің жіктемелік белгілері	80
Аралбаева А.Қ., М.Серғалиевтің стилистика жайлы зерттеулерінен	83
Айтенова А.Т., Образовательные платформы на занятиях русского языка	85
Балмағамбетов И., Тәлімгер Теңдік тағылымы	87
Белолипская Г.С., Подготовка медиаспециалистов в условиях полиэтнического региона	91
Ботаева Н.А., Сөздердің мағыналық құрамындағы уақыт семасының семантикалық құрылымы	94

Білдебекова Ә.Т., Қазақ телевизиясындағы медиа-мәдениет және этика мәселелері	98
Ерікова А.Е., Терминжасамдағы семантикалық дериваттардың рөлі	101
Жалгасова Д., Құлекенова З., Іскерлік журналистиканың Қазақстандағы дамуы	104
Жұмабаева А.Қ., Қалым Ж., Фейк ақпараттардың таралуы және оның қоғамға әсері	106
Керимкулова А.К., Лепті сөйлемдердің жасалу ерекшеліктері	113
Косанова А.Ш., Первые казахские издания о музыке	116
Құрманхан Б.Қ., Журналистика және тіл мәселесі	119
Муталиева Ж.К., Күн, Ай, Жұлдыз ұғымдарының этномәдени мәні	122
Муталиева Л.К., Қазіргі жастар поэзиясындағы азаматтық ұстаным	126
Оңалбек А.А., Науатов С.К., Журналистика – мәртебелі мамандық	129
Орынбасарова Т.Е., Қазақ баспасөзінің батыс өңірде қалыптасуы	133
Раухан Е.Т., Жарнама мәтіндерін аударудағы тиімді әдістер	135
Сәлімгереева Г.С., Тілшілердің міндеті һәм мәнісі туралы	138
Сүндетұлы Қ., Теңдік Жауыров- журналистер тәлімгері	142
Тұрдыбай А.С., О.Бөкей өмірі мен шығармашылығының зерттелу барысы	144
Усембаева Э.Е., Сын есімдердің семантикалық мағынасын топтастыру	149
Утебаева Ж.Е., «Ақ» - «қара» антонимдік бірліктердің оппозиция әдісі негізінде жіктелуі	153
Якубова Г., Қатысымдық тілдесім тоналдылығының коннотаттық-прагматикалық ерекшеліктері	158
Рахым А.Т. Түркі тілдеріндегі зоонимдердің этнолингвистикалық сабақтастығы	166
Кендрбаева Ж.Т., Науатов С.К., Журналист мамандығын дайындау-өзектілігі мен ерекшеліктері	171
МАЗМҰНЫ	175

**«СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ - ЖУРНАЛИСТ, ПУБЛИЦИСТ, ҒАЛЫМ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
МАТЕРИАЛОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ «СУЛТАНМАХМУТ ТОРАЙГЫРОВ – ЖУРНАЛИСТ,
ПУБЛИЦИСТ, УЧЕНЫЙ»**

“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 169 б.т.
Таралымы 100 дана



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.

Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Батыров Ғалымжан
Түптеген: Жамбылов Маркс